Жоңғар Алатау (Жетісу Алатау) таулы аймағы тау аралық бассейндермен бөлінген мұздықтары бар ендікке бағытталған тау жоталарынан тұрады. Мұздану ауданы шамамен 1000 км² құрайды. 2000м және одан жоғары биіктіктегі қар жамылғысы қазаннан қарашаға дейін қалыптаса бастайды және наурыздан сәуірге дейін ериді [11].

Қаратал өзені - көлемі мен су құрамы бойынша Жетісу облысындағы екінші үлкен өзен. Ол Орталық Жоңғар Алатауы жотасының солтүстік-батыс беткейлерінен бастау алады. Оның сулары Тронова мұздық кешенінен бастау алады. Бұл өзеннің құрамында басым иондар бикарбонат және кальций иондары. Талдықорған қаласының су сапасының деңгейі ластанған деп сипатталады [12].

Қаратал өзенін «Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» пәнінде қолданудың тиімділігін тексеру мақсатында эксперименттік әдіс ретінде сауалнама дайындалды. Сауалнама жалпы 10 сұрақты қамтыған болатын:

1 Сіз өзіңіздің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігіңізді қалай бағалайсыз? (1-5 ұпай бойынша)

2 Сіз оқу процесінде өлкелік компоненттерді (Қаратал өзені) мониторинг ретінде талдап қарастырдыңыздар ма?

3 Егер талдап қарастырсаңыз, білсеңіз, ақпарат көзі қандай немесе қай сабақта?

4 Қаратал өзенін объект ретінде пайдалана отырып «Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» пәнінде оқытуды қалар ма едіңіз?

5 Қаратал өзенін зерттеу барысында алған дағдылар болашақта Сізге көмектеседі деп ойлайсыз ба?

6 Осы күнге дейін нақты дереккөздермен жұмыс болды ма?

7 Қалай ойлайсыз, Сіз нақты ақпарат көздерін меңгеруге арналған зерттеу жұмыстарын өз бетіңізбен орындай аласыз ба?

8 Биолог-студенттердің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін өлкелік компоненттерге зерттеу жүргізу арқылы дамыту тиімді деп санайсыз ба?

9 «Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» пәнінде өлкелік компоненттерді (Қаратал өзені) пайдалануда не қызықтырады?

10 Қаратал өзеніне эксперимент жүргізу негізінде ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігіңіз қалай дамиды деп ойлайсыз?

6B01508-Биология, 6B01505-Биология(IP) бағдарламаларының студенттері арасында ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыруда Қаратал өзенін қолдану тиімділігін білу үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама Google Forms платформасында онлайн форматында жүзеге асырылды.

Нәтижелерді жинау барысы: сауалнамадан өтетін топқа арнайы сілтеме жіберіліп, Google Forms платформасына оңай әрі тез қол жеткізуге мүмкіндік берілді. Сауалнама анонимді түрде өткізілді және жауаптар құпия түрде сақталды.

Алынған деректер талданып, статистикалық түрде жүйеленіп нәтижелері шығарылды. Жалпы сауалнама қатысқан студенттер саны -117. Оның ішінде ер бала-31, қыз бала-86.

Келесі бөлімдерде сауалнама нәтижелерін талдай отырып, болашақ биология пәні мұғалімдерін маман ретінде дайындауда өлкелік компоненттерді (Қаратал өзені) қолдана отырып ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін дамытудың артықшылығы көрсетіледі.

Нәтижелер мен талқылау

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігі – бұл ЖОО ұсынатын білім беру процесін ұтымды қолданып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алу дайындығы. ЖОО-да ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру процесі ойластырылған, мақсатты, бірнеше жылға есептелген


ұжымдық ынтымақтастық жүйесінде жұмыс істейтін, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстардың әртүрлі формаларын біріктіретін жүйе болуы керек.

Студенттердің өзін-өзі дамытуға, шығармашылық жетілдіруге және өз ойларын тәуелсіз түрде көрсете алу деңгейімен бағаланады. Бұл сатыда студент пен оқытушы арасындағы бірлескен, нәтижеге бағытталған жұмысты айқындауға болады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей сауалнамаға қатысқан 6B01508-Биология, 6B01505-Биология(IP) білім беру бағдарламасының 117 студенттері өздерінің ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін 1-5 ұпайлық деңгейде бағалап отыр.

1-кесте – Студенттердің сауалнама нәтижелері

Сіз өзіңіздің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігіңізді қалай бағалайсыз? (1-5 ұпай бойынша)	1	2	3	4	5
Зерттеу жұмысына дейін	6,3 %	12,5 %	25 %	18,7 %	37,5 %
Зерттеу жұмысынан кейін	0	0	12,5%	32,5%	55%

Зерттеуге жұмысына қатысқанға дейін студенттердің көпшілігі өз құзыреттіліктерін 3 ұпай деңгейінде – 25 %, 4 ұпай деңгейінде – 18,7 % және 5 ұпай деңгейінде – 37,5 % бағалады. Төмен ұпайды (1 және 2 ұпай) сәйкесінше 6,3% және 12,5% құрады. Зерттеу жұмысы жүргізілгеннен кейін пайыздық көрсеткіштің жоғары ұпайларға қарай көтерілгені байқалды: өз құзыреттіліктерін 5 ұпай деңгейінде бағалаған студенттердің үлесі 55 % дейін, 4 балл деңгейінде – 32,5 % дейін, 3 балл деңгейінде-12,5 % дейін өсті, бұл ретте 1 және 2 ұпаймен бағалау көрініс таппады. Осылайша, сауалнама нәтижелері зерттеу қызметінің студенттердің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігіне деген сенімін қалыптастыруға оң әсерін көрсетеді: зерттеуге қатысқаннан кейін жоғары өзін-өзі бағалаудың жоғарлауы байқалды(Сур.1).



1-сурет – Студенттердің өзін-өзінің зерттеушілік құзыреттілігін бағалау туралы сауалнама нәтижелері

Сауалнаманың 2–8 сұрақтарының зерттеу жұмысына дейінгі және кейінгі сауалнама нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

2-кесте – Студенттердің сауалнаманың №2-8 сұрақтары бойынша нәтижелері

Сұрақтар №	2	3	4	5	6	7	8
Зерттеу жұмысына дейін	Иә -0 Жоқ-100 %	Қарастырды-0 Қарастырмады-100 %	Иә-46 % Жоқ-54 %	Иә-63 % Жоқ -37 %	Иә-38 % Жоқ-62 %	Иә-12 % Жоқ -88 %	Иә-28 % Жоқ-72 %
Зерттеу жұмысынан кейін	Иә-100 % Жоқ-0	Қарастырды-100 % Қарастырмады - 0	Иә-91 % Жоқ-9 %	Иә-93 % Жоқ-7 %	Иә-87 % Жоқ -13 %	Иә-89 % Жоқ 11%	Иә-84 % Жоқ -16 %

Зерттеу жұмыстарын жүргізгенге дейін және кейін №2-8 сұрақтар бойынша студенттердің сауалнамасының нәтижелері келтірілген. Деректер зерттеу тақырыбының тиісті аспектілері туралы хабардар болу және қарастыру көрсеткіштеріндегі айтарлықтай оң өзгерістерді көрсетеді. Егер жұмысты орындағанға дейін студенттердің көпшілігі белгіленген сұрақтарды қарастырмаса («жоқ») жауаптарының үлесі 37 % -дан 100 % -ға дейін ауытқып отырса), зерттеуден кейін «Иә» жауаптарының үлесі 84 %-100 %-ға дейін өсуі байқалды. Осылайша, кесте студенттердің өлкелік компонент Қаратал өзенін объект ретінде білім беру үрдісінде қолдана отырып, ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға оң ықпалын көрсетеді.



2-сурет – Студенттердің сауалнаманың № 2–8 сұрақтар жауабының нәтижелері

Сауалнамадағы ««Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» пәнінде өлкелік компоненттерді (Қаратал өзені) пайдалануда не қызықтырады?» сұрағында студенттердің зерттеуге дейін және кейінгі нәтижелерінде динамика байқалды.

Бастапқы нәтижеде болашақ биология пәні мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік жауабы – 40 %, ақпаратты өңдеп/түсіндіруге мүмкіндік жауабы – 15 %, қоршаған ортаның биологиялық мониторингін жүргізе алуы жауаптарындағы пайыздық көрсеткіш жауабы – 45 % деңгейін көрсетті. Алайда, зерттеуден кейін бұл студенттердің 100 % аталған құзыреттіліктердің барлығы дамығанын көрсетті. Мұндай нәтижелер өлкелік компоненттерді зерттеу үдерісіне енгізу болашақ мамандардың кәсіби дайындық сапасын арттыруда жоғары тиімділікке ие екенін дәлелдейді.

Қаратал өзенін зерттеу барысында алған құзыреттіліктер болашақта студенттерге ықпалын тигізу туралы сұрақ жауапқа 117 студенттің 57,5 % ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін дамытандығына сенімді болса, қалған 42,5 % студент күмәнмен қараған. Оның себебі нақты дереккөздермен жұмыстың болмағынымен немесе ақпарат көздерімен нақты статистикалық өңдеуді өз бетінше жасай алмайтындығы анықталды. Қаратал өзеніне ғылыми-зерттеу жұмысын жасаған соң және оны білім беру үдерісіне енгізген кейін жоғарыда аталған құзыреттілік 95% артады деп санады. Биология білім беру бағдарламасындағы студенттердің құзыреттілігін осындай жұмыстармен дамыту артықшығылын анықтау барысында 100% білім алушы оң бағалайтындығы анықталды.

Сауалнама нәтижесінде 6B01508 – Биология, 6B01505 – Биология білім беру бағдарламасы бойынша «Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» пәніне енгізуді оңтайлы деп санадық. «Теориялық-эксперименталды зерттеулерді талдау және қорытындыларды қалыптастыру» сабақ тақырыбы аясында Қаратал өзеніне ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сабақ мақсаты: теориялық-эксперименталды зерттеулерді талдау әдістерін үйренеді; деректерді өңдеу негізінде ақпараттық құзыреттілік қалыптасады; эксперимент жүргізе алу және зерттеу нәтижелерін қорытындылау нәтижесінде ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігі дамиды.

Практикалық сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталады. Студенттермен сабақтың мақсаты мен жоспарын түсіндіру және алдыңғы сабақ материалдары бойынша қысқаша сұрақ-жауап (өткен материалмен байланыс) орын алды. Келесі теориялық бөлімде жалпы өлкелік компоненттер ретінде ақпарат қалыптастыру мақсатында және қазіргі уақытта өзекті әдіс «CLIL» (Content and Language Integrated Learning) – технологиясын қолдана отырып ақпарат ұсынылды (Сур.6). Студенттер берілген ағылшын тіліндегі мәтінді оқып қазақ тіліне аударады және термин сөздермен жұмыс жүргізіледі. Бұл арқылы өздерінің тілдік құзыреттілігін дамытады. Нәтижесінде теориялық және эксперименталды зерттеулердің айырмашылығы атап өтілді.

- The Karatal River is located on the northwestern slope of the Zhetysu Alatau range. The length is 390 km, the basin area is 19.1 thousand km². It is formed at the confluence of three rivers called Tekelinka, Chazhaya and Kora. The water in Karatal is clean, the bottom is mostly rocky, stacked with the products of the destruction of the mountains. The ode to the river is actively used for irrigation of agricultural land and other economic needs. A cascade of small hydroelectric power plants has also been built on the river. Pelicans, several species of ducks, herons and other bird species live in the delta and in the water area of the river, which emphasizes its ecological importance.

3-сурет – CLIL әдісіне арналған өлкелік компонент туралы мәтін

Теориялық бөлімнен кейін эксперименталды бөлім қамтылды. Ол үшін Талдықорған қаласында орналасқан Қаратал өзенінен микробиологиялық зерттеулерге, хлоридтер, сульфаттар, құрғақ қалдық, ОХТ (Оттегінің химиялық тұтынуы), аммиак, нитриттер, рН, тұздылығын өлшеу үшін сынама алынған болатын (Сур.7).



4-сурет – Қаратал өзенінен су сынамаларын жинау орны, Талдықорған қаласы, Қазақстан

Сабақ барысында студенттер ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған құрал-жабдықтармен және жұмыс істеу ережелермен таныстырылды.

Студенттер рН метр-мен жұмыс істеу барысында электродтан қорғаныс қақпағын және рН метр экранынан қорғаныс пленкасын алды. Электродты тазартылған сумен шайылды және сүзгі қағазымен сүртілді. ON/OFF (Қосу/Өшіру) түймесін басу арқылы рН метрін қосылды. Құрылғыны сынамаға енгізу барысында арнайы белгіге дейін терең емес батырылды. Ерітіндіні электродпен ақырын араластырдық және көрсеткіштердің тұрақтануын күтті (шамамен 30 секундтар). Өлшеу аяқталғаннан кейін электродты таза сумен шайдық және құрылғыны өшірдік. Нәтижелер төменде кестеге берілген (Сур.8).


Қаратал өзенін зерттеу үшін келесіде TDS және EC Solemer құрылғысымен жұмыс жасалды (Сур.9) Студенттерге төмендегі құрылғымен жұмыс жасау ережелері ескертілді:

1. Электродты құрғақ және таза ұстау.
2. Өрқашан қорғаныс қақпағын жабу.

3. Құрылғыны 3 см-ден артық суға батырмау.
4. Ұзақ жұмыс үзілістері кезінде құрылғыны батареясыз сақтау
5. Құрылғыны NaCl ерітіндісімен калибрлеу. Барлық зерттеулерден кейін нәтижелер біріктіріліп бір кестеге жиналды (кесте-1).



5-сурет – pH метр



6-сурет – TDS және EC Solemer

3-кесте – Қаратал өзенінің қауіпсіздік көрсеткіштерінің гигиеналық нормасы

Көрсеткіштердің атауы	Өлшеу бірлігі	Нормативтік көрсеткіштер	Анықталған концентрация	Тексеру әдісіне қолданылған НҚ
ЛКП	индекс	5000 индекс	Табылған жоқ	ҚР СТ 3468-2019
Колифаг	1000,0дм	100,0 мл	Табылған жоқ	№26 20.02.2023 жыл №138 24.11.2022 жыл
Г е л ь м е н т жұмыртқасы	25л	Жоқтығы	Табылған жоқ	МН 27.12.2005ж
Өлшенген заттар мг/дм3		0,25-0,75 артық аспайды	0,3	СТ РК 2.629-2019
pH		6,5-8,5 шегіне аспайды	7,6	ГОСТ 26449.1-85, п4
ОХТ, мг02/дм3		15-30	18,3	СТ РК 1322-2005
Құрғақ қалдық мг/дм3		1000 аспауы тиіс	275	ГОСТ18164-72
Жалпы темір		0,3	0	ГОСТ4011-72
Хлоридтер		350 аспауы тиіс	9,8	ГОСТ 4245-72

Сульфаттар мг/дм3	500 аспауы тиіс	41,2	ГОСТ 4389-72
Аммиактың мг/дм3	2,0	0,05	ГОСТ 33045-2014
Нитриттердің мг/дм3	3,3	0,009	ГОСТ 33045-2014
Нитраттардың мг/дм3	45,0	2,7	ГОСТ 33045-2014

Алынған нәтижелер бойынша студенттер кестедегі нормативтік көрсеткіштер мен анықталған мәндерді инновациялық білім беру әдістер арқылы салыстырды. Пайда болған айырмашылықтарды анықтау барысында студенттердің қызығушылығын арттыруға «Джигсо» әдісі орын алды. Сонымен қатар, зерттеу барысында туындаған сұрақтарға талдау мақсатында бірлескен оқыту әдісі жүргізілді. Бұл әдістің мақсаты студенттер оқыта отырып оқыту болып табылады. Осы әдісті пайдалануда, студенттер «Wordwall» платформасы арқылы екі топқа бөлінеді. Студенттер кестедегі деректер негізінде сабақ үстінде шағын дәріс дайындады, берілген кестелерді талдап, гипотезаларды ұсынды.

Ғылыми-зерттеу жұмысын қорытындылауда алынған барлық мәліметтерді айқындады және практика жүзінде алынған білімді теориялық біліммен байланыстырды.

Қорытынды

Жоғарғы оқы орындарында студенттердің кәсіби құзыреттілігінің дамуы ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігі деңгейінің артуымен тікелей байланысты. Осы құзыреттілікті қалыптастыру кезеңінде біздің ғылыми-зерттеу жұмысымызға алып отырған объектіміз Қаратал өзеніне зерттеу жұмысын жүргізуде 6В01508-Биология, 6В01505-Биология білім беру бағдарламаларының студенттері маңызды теориялық білім алып, практикалық білім мен біліктіліктерін арттырды. Осының нәтижесінде студенттерде төмендегідей құзыреттілік пайда болды:

Ғылыми-зерттеушілік құзыреттілік – ғылыми – зерттеу жұмысы барысында алынған мәліметтерді өңдеу, оларды ғылыми негізде түсіндіру және зертханалық құрал-жабдықтармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындай алу, алынған деректерге сүйене отырып дұрыс шешімдер шығару.

Ақпараттық құзыреттілік – кестелер мен диаграммаларды жасау және түсіндіру.

Коммуникативтік құзыреттілік – пікір алмасу, топпен жұмыс жасау, ақпаратты түсінікті жеткізу. Бұл құзыреттіліктер студенттердің теориялық білімін тереңдетіп, практикалық дағдыларын жетілдіруге көмектесті.

Жоғарыда аталған практикалық сабақта қолданылған зерттеу жұмыстарын жүргізу мен нәтижелерді талдау әдістерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті және студенттерге

деректерді жинауға, өңдеуге және шешім қабылдауға үйретті. Сонымен қатар, студенттерінің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігі жетілдірілді, болашақ биология мұғалімдерінің ғылыми-зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар анықталды және олардың тиімділігін эксперимент жүзінде анықталды. Практикалық жұмыс сыни ойлауды, гипотезаларды тұжырымдау және ғылыми негізделген қорытындылар жасау қабілетін нығайтты. Су экожүйелерін бақылауға қатысу студенттердің қоршаған ортаны зерттеуге пәнаралық көзқарасын дамытады, сонымен қатар олардың табиғи ресурстарды сақтау жауапкершілігін арттырады. Жұмыс барысында болашақ мамандар биологиялық бақылаудың, статистикалық талдаудың және ғылыми коммуникацияның заманауи әдістерін игерді, бұл олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Осылайша, өлкелік компоненттерге (Қаратал өзені) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу студенттерді одан әрі ғылыми және кәсіби қызметке дайындай отырып, олардың ғылыми – зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Малова, М. М.** Формирование научно-исследовательских навыков у студентов вузов для достижения карьерного роста [Текст] // Проблемы современного педагогического образования. – 2023. – № 81-2. – С. 429–432.

2 **Kutsak, L. V.** Definiitsia poniattia «kompetentnist» ta «kompetentsiia» u naukovykh doslidzhenniakh [The definition of the concepts “competence” and “competency” – in reseaech studies] [Text] //Modern information technologies and innovative techniques on training specialists: methods, theory, experience, challenges: collection of scientific works. – 2010. – P. 344–348.

3 **Шестак, В. П., Шестак, Н. В.** Формирование научно-исследовательской компетентности и «академическое письмо» [Текст] // Высшее образование в России. – 2011. – №12. – С. 115–119.

4 **Тагиров, В. К.** Формирование научно-исследовательской компетентности студента в образовательном процессе военного вуза [Текст] // – Оренбург. – 2009. – С.183–193.

5 **Ковешникова, Н. А.** Сущность и определение понятия научно-исследовательской компетентности будущих бакалавров дизайна [Текст] // Образование и общество. – 2017. – № 5–6. – С. 29–33.

6 **Short, E. C.** Gleanings and possibilities // Short E. C. (Ed.). Competence : inquiries into its meaning and acquisition in educational settings [Текст] // – Lanham: University Press of America. – 1984. – P. 161–180.

7 **Шендерей, П. Э., Шендерей, Е. Э., Романова, И. Н.** Некоторые теоретические аспекты развития исследовательской компетенции студентов высших учебных заведений [Текст] // Экономика, статистика и информатика. – 2014. – № 6. – С. 15–21.

8 **Шляпина, В. Г.** Формирование научно-исследовательской компетенции в условиях бакалавриата [Текст] // Проблемы и перспективы развития образования в России. – 2011. – № 12. – С. 231–236.

9 **Абдильдаулы, А., Мукашева, Д. М., Бахтаулолова, А. С., Дауренбекова, Ш. Ж., Тлеубай, С. Т.** Formation of research competencies of future biology teachers through field training practice [Text] // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия : Педагогические науки. – 2024. – № 82(2). – С. 144–155.

10 **Черкасов, П. А.** Природный режим эволюции массы горных ледников Казахстана и возможности управлять им в период устойчивой деградации [Текст] // Гидрометеорология и экология. – 2001. – № 3–4. – С. 80–96.

11 **Janiga, M., Ponesz, A., Hrabovská, D., Zahradníková, A.** Differences in the synergic accumulation of toxic elements in pelagic and benthic fish from glacier-fed rivers of the Dzungarian Alatau [Text] // Ekológia. – 2023. – Vol. 42. – No. 4. – P. 310–318.

12 **Вилесов, Е. Н.** Современные тенденции изменения размеров оледенения и ледникового стока в бассейне реки Каратал, Западная Джунгария [Текст] // Гидрометеорология и экология. – 2006. – № 3. – С. 80–92.

References

1 **Malova, M. M.** Formirovanie nauchno-issledovatel'skix navy`kov u studentov vuzov dlya dostizheniya kar`ernogo rosta [Formation of research skills among university students to achieve career growth] [Text]. // Problemy` sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya. – 2023. – № 81–2. – P. 429–432. [In Russian].

2 **Kutsak, L. V.** Definiitsia poniattia «kompetentnist» ta «kompetentsiia» u naukovykh doslidzhenniakh [The definition of the concepts «competence» and “competency” in reseaech studies] [Text] //Modern information technologies and innovative techniques on training specialists: methods, theory, experience, challenges : collection of scientific works. – 2010. – T. 26. – P. 344–348. [In English].

3 **Shestak, V. P., Shestak, N. V.** Formirovanie nauchno-issledovatel'skoj kompetentnosti i «akademicheskoe pis`mo» [Formation of research competence and «academic writing»] [Text] // Vy`sшее образование v Rossii. – 2011. – № 12. – P. 115–119. [In Russian].

4 **Tagirov, V. K.** Formirovanie nauchno-issledovatel'skoj kompetentnosti studenta v obrazovatel'nom processe voennogo vuza [Text] // – Orenburg. – 2009. – P.183-193. [In Russian].

5 **Koveshnikova, N. A.** Sushhnost' i opredelenie ponyatiya nauchno-issledovatel'skoj kompetentnosti budushhix bakalavrov dizajna [The essence and definition of the concept of scientific and research competence of future bachelors of Design] [Text] // Obrazovanie i obshhestvo. – 2017. – № 5–6. – P. 29–33. [In Russian].

6 **Short, E. C.** Gleanings and possibilities // Short E. C. (Ed.). Competence: inquiries into its meaning and acquisition in educational settings [Text] // – Lanham: University Press of America, 1984. – P. 161–180. [In English].

7 **Shenderej, P. E., Shenderej, E. E., Romanova, I. N.** Nekotory'e teoreticheskie aspekty' razvitiya issledovatel'skoj kompetencii studentov vy'sshix uchebny'x zavedenij [Some theoretical aspects of the development of research competence of university students] [Text] // E'konomika, statistika i informatika. – 2014. – № 6. – P. 15–21. [In Russian].

8 **Shlyapina, V. G.** Formirovanie nauchno-issledovatel'skoj kompetencii v usloviyax bakalavriata [Formation of research competence in bachelor's degree conditions] [Text] // Problemy' i perspektivy' razvitiya obrazovaniya v Rossii. – 2011. – № 12. – P. 231–236. [In Russian].

9 **Abdil'dauly, A., Mukasheva, D. M., Baxtaulolova, A. S., Daurenbekova, Sh. Zh., Tleubaj, S. T.** Formation of research competencies of future biology teachers through field training practice [Text] // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki. – 2024. – № 82(2). – P. 144–155. [In English].

10 **Cherkasov, P. A.** Prirodny'j rezhim e'volucii massy' gorny'x lednikov Kazaxstana i vozmozhnosti upravlyat' im v period ustojchivoj degradacii [The natural regime of evolution of the mass of mountain glaciers in Kazakhstan and the ability to manage it during a period of sustained degradation] [Text] // Gidrometeorologiya i e'kologiya. – 2001. – № 3–4. – P. 80–96. [In Russian].

11 **Janiga, M., Ponesz, A., Hrabovská, D., Zahradníková, A.** Differences in the synergic accumulation of toxic elements in pelagic and benthic fish from glacier-fed rivers of the Dzungarian Alatau [Text] // Ekologiya. – 2023. – Vol. 42. – No. 4. – P. 310–318. [In English].

12 **Vilesov, E. N.** Sovremennyy'e tendencii izmeneniya razmerov oledeneniya i lednikovogo stoka v bassejne reki Karatal, Zapadnaya Dzhungariya [Current trends in glaciation and glacial runoff in the Karatal River Basin, Western Dzungaria] [Text] // Gidrometeorologiya i e'kologiya. – 2006. – № 3. – P. 80–92. [In Russian].

03.04.25 ж. баспаға түсті.

09.02.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Б. Акылбекова¹, * Д. М. Мукашева², Б. К. Оксикбаев³*

^{1,2,3}Жетысуский университет имени Илияса Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Поступило в редакцию 03.04.25.

Поступило с исправлениями 09.02.26.

Принято в печать 18.02.26.

РАЗВИТИЕ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ В ДИСЦИПЛИНЕ «ОРГАНИЗАЦИЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ»

Развитие общества предъявляет новые требования к профессиональной подготовке студентов высших учебных заведений. В современный период особое внимание уделяется развитию профессиональной компетентности выпускников, рассматриваемой как совокупность необходимых знаний и компетенций, обеспечивающих эффективное выполнение образовательных функций и гармоничное развитие студентов в соответствии с требованиями времени. В рамках дисциплины «Организация научно-исследовательской работы» было проведено анкетирование с целью оценки и развития научно-исследовательской компетентности студентов. По результатам опроса было отмечено значение выбора реки Каратал, берущей начало в ледниках Жоңғар Алатауы (Жетысу Алатауы), в качестве объекта исследования. В качестве важного показателя профессиональной компетентности студентов высших учебных заведений были определены следующие условия эффективного формирования научно-исследовательской компетентности: формирование исследовательской компетентности на основе изучения регионального компонента (реки Каратал) в рамках дисциплины «Организация научно-исследовательской работы» в условиях университетской базы; развитие информационной компетентности на основе статистической обработки результатов и данных научного исследования. Цель исследования — развитие научно-исследовательской компетентности студентов посредством регионального компонента и интеграция этого направления в

учебный процесс. В ходе работы были решены следующие задачи: дана дефиниция понятия «исследовательская компетентность», определены уровни сформированности компетентности студентов до и после исследования, выявлены биоэкологические показатели реки Қаратал. Результаты исследования показали, что данная работа способствует улучшению образовательного процесса и оказывает положительное влияние на эффективное формирование и развитие профессиональной компетентности будущих учителей биологии, что подтверждается динамикой средних показателей экспериментальной группы. В связи с этим в нашем исследовании были использованы студенты образовательных программ 6B01508-Биология и 6B01505-Биология(IP) Жетысуского университета имени И. Жансугурова.

Ключевые слова: научно-исследовательская компетенция, река Каратал, будущий учитель биологии, биологический эксперимент, ледники.

*A. Akylbekova¹, *D. Mukasheva², B. Oxikbayev³*
^{1,2,3}Zhetysu University named after I. Zhansugurov,
 Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.
 Received 03.04.25.
 Received in revised form 09.02.26.
 Accepted for publication 18.02.26.

DEVELOPMENT OF STUDENTS' SCIENTIFIC-RESEARCH COMPETENCES IN THE DISCIPLINE «ORGANIZATION OF SCIENTIFIC RESEARCH WORK»

The development of society imposes new requirements on the professional training of students in higher education institutions. In the modern context, special attention is given to the development of graduates' professional competence, which is understood as a set of essential knowledge and skills that ensure the effective performance of educational functions and the harmonious development of students in accordance with contemporary demands. Within the discipline "Organization of Scientific Research Work", a survey was conducted to assess and enhance students' research competence. The survey results highlighted the significance of selecting the Karatal River—originating from the glaciers of the Zhungar Alatau (Zhetysu Alatau)—as the research object. The following conditions

were identified as essential for the effective formation of research competence, which constitutes an important component of students' professional competence: the development of research competence through the study of a regional component (the Karatal River) within the discipline "Organization of Scientific Research Work" at the university site, and the formation of information competence through the statistical processing of research results and data. The aim of the study is to enhance students' research competence by integrating a regional component into the educational process. The study addressed the following tasks: defining the concept of research competence, determining students' levels of competence before and after the research activities, and identifying the bioecological indicators of the Karatal River. The results demonstrated that this work contributes to improving the educational process and positively influences the effective development of professional competence among future biology teachers, as evidenced by the dynamics of the average indicators in the experimental group. In this regard, the study involved students of the educational programs 6B01508—Biology and 6B01505—Biology (IP) at Zhetysu University named after I. Zhansugurov.

Keywords: scientific and research competence, Karatal River, future biology teacher, biological experiment, glaciers.

<https://doi.org/10.48081/BGQF1835>

А. С. Зайтжанова¹, Б. Д. Сыдыхов²

^{1,2}SDU University,

Қазақстан Республикасы, Қаскелең қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5674-8225>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3404-2914>

*e-mail: araizaitzhanova@gmail.com

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада математиканы қашықтан оқыту кезінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі - қашықтан білім беру рөлінің артуына және математикалық білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастыру қажеттілігіне байланысты. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылықтарының дамуына әсер ететін факторларды анықтау және оқу процесін жетілдірудің тиімді әдістерін ұсыну. Зерттеуде қашықтан оқыту және функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға байланысты ғылыми әдістемелік әдебиеттерге шолу жасалынды. Нәтижелер бойынша интерактивті әдістерді, цифрлық құралдарды және жобалық әрекеттерді қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал етуі мүмкін екенін пайымдадық. Оқыту кезеңдеріне, оның ішінде эмпирикалық материалды, математикалық деректерді логикалық ұйымдастыруға және қолданбалы мазмұнды есептерді шешуге басты назар аударылады. Зерттеуде математиканы оқытуда функционалдық іс-әрекетті, оның ішінде қашықтықтан оқыту жағдайында ұйымдастыру тәсілдерін талдау ерекше орын алады. Сондай-ақ теориялық материалды қабылдауда кездесетін кедергілерді жоюда оқушыларда дербестік пен өзін-өзі реттеуді дамыту қажеттілігі анықталды. Оқушыларға математиканы оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықты дамытуда, кері

байланыс, тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды пайдалану қажеттілігін ескере отырып, оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Кілтті сөздер: математиканы оқыту үдерісі, функционалдық сауаттылық, қашықтан оқыту, цифрлық технологиялар, мотивация,

Кіріспе

Қашықтан оқыту білім беру ресурстары мен құралдарына кең қол жетімділікті қамтамасыз ете отырып, сонымен қатар ол оқушылардан дербестіктің жоғары деңгейін, цифрлық сауаттылықты және өздерінің оқу әрекетін ұйымдастыру қабілетін талап етеді. Мұның барлығы математикалық білімді күнделікті өмірде қолдануды, есептерді шешуді, сыни тұрғыдан ойлауды және ақпаратты өңдеуді қамтитын функционалдық сауаттылықтың табысты дамуына тікелей байланысты. Математиканы қашықтан оқытуда функционалдық сауаттылықты дамытудың маңыздылығы оқушыларға пәнді меңгеруге көмектесу ғана емес, сонымен қатар оларды цифрлық қоғамдағы табысты өмірге дайындау болып табылады. Заманауи технологияларды пайдалана отырып, математикалық білімдерін нақты мәселелерді шешу үшін қолдана алатын оқушылар экономика мен еңбек нарығындағы өзгерістерге жақсы бейімделеді.

Бұл мақала математика пәнінен қашықтан оқыту кезінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдарын талдауға бағытталған. Зерттеу барысында оқытудың интерактивті әдістері, цифрлық құралдарды пайдалану, жобалық тапсырмалар мен тәжірибеге бағытталған тәсілдер қарастырылды. Жұмыстың негізгі мақсаты – функционалдық сауаттылықтың жақсы дамуына әсер ететін факторларды анықтау және қашықтан оқыту жағдайында оқу процесін оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Оқу процесінде қашықтан оқыту технологияларын қолданудың тиімділігі тиісті математика сабағын әзірлеу кезінде қойылған педагогикалық мақсаттармен қамтамасыз етіледі. Оқу процесіндегі ең тиімді тәсіл оқушы мен мұғалімнің ақпарат алмасуы, оқушының танымдық белсенділігінің жетілуі мүмкін болатын білім беру ортасын құру құралы болып табылады, сондықтан қашықтан оқыту технологияларды пайдалана отырып, оқыту үдерісінің дидактикалық ерекшеліктері мен психологиялық аспектілерін ескеру маңызды болып табылады [1].

Сонымен бірге қазіргі заманғы зерттеулерде цифрлық технологияларды пайдалана отырып, білім берудің әдістемелік аспектілерін дамыту мақсатында педагогика, психология, математика, информатика сияқты ғылымдарды біріктіру, сонымен қатар, психология мен педагогиканың байланысы бұл

интеграцияда ең маңызды болып табылады. Өйткені психологиялық-педагогикалық мәселелердің дамуындағы цифрлық технологиялардың жалпы даму қарқынынан артта қалуы ақпараттық технологиялардың потенциалы мен қашықтан білім берудің нақты мүмкіндіктері арасындағы алшақтықтың себептерінің бірі болып табылады [2].

Дәстүрлі оқу процесі, ең алдымен, оқушылардың теориялық және практикалық білім алуға бағытталған. Ал пәннен жоғары білім (мета білім) оқушыларға жүйелі түрде берілмейді, сондықтан білім беру процесінде оқушылардың теориялық және практикалық білімді өз бетінше меңгеру және оны одан әрі жетілдіруге басты назар аудару керек [3].

Білім беру жүйесіндегі оқу процесінің маңызды психологиялық-педагогикалық құрамдас бөлігі оқушылардың мотивациясының жоғары деңгейін және оқуға жеке-дара сараланған көзқарасты қамтамасыз ету болып табылады.

Оқу іс-әрекетінің құрылымындағы мотивацияның рөлі мен орны белгілі психологтардың (Л. С. Выготский, В. В. Давыдов, А. Н. Леонтьев, И. Я. Лернер, А. К. Маркова, И. П. Подласый, С. Л. Рубинштейн, В. Д. Шадриков, Д. Б. Эльконин, И. С. Якиманская, т.б.), бірқатар зерттеулерінде көрсетілген. Олардың негізінде оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда мотивациялық фактордың толық ескерілуін болжауға болады. Білім алушыға білім беру мәселелерін шешу жолын таңдауда белгілі бір еркіндік, оның жеке өзін-өзі белсендіру және тұлғалық өсуі жағдайларына мүмкіндік жасайды; оқушының белсенділігін дамытуға ықпал етеді, оқу міндеттерін шешуден қанағаттану сезімін сезінуге көмектеседі.

А. Қ. Маркова оқудағы мотивацияның екі үлкен тобын ажыратады – когнитивтік (кең танымдық, оқу-танымдық, өзін-өзі тәрбиелеу мотивациясы) және әлеуметтік (кең және тар немесе позициялық, әлеуметтік ынтымақтастық мотивациясы). Оқыту мотивациясының әрбір тобы мазмұндық және динамикалық сипаттамаларға ие, сонымен қатар оқу әрекетіндегі басқа да бірқатар қажеттіліктермен үйлеседі. Сонымен қатар, оқушының оқу іс-әрекетінің ерекше мотивациясының ішінде қызығушылық, мадақтауға ұмтылу, сәтсіздіктен қорқу және сәтсіздік үшін жазалау және т.б. [4].

Оқыту процесінде анықтаушы факторды басқа мүмкін болатын мотивациялардан айырмашылығы, тиімді және толық оқу әрекетін қамтамасыз ете алатын оқу-танымдық қызығушылықты атқарады, ал когнитивтік қызығушылық психологиялық категория ретінде танымдық қажеттіліктердің көріну нысаны болып табылады, жеке тұлғаның іс-әрекеттің мақсаттарын түсіну және сол арқылы оқудың табысты болуына ықпал етуін қамтамасыз етеді [4].

Г. В. Репкина және Е. В. Заика еңбектерінде оқуға қызығушылықтарын сипаттайтын оқу әрекетінің құрамдас бөліктерінің қалыптасу деңгейлері анықталып, сапалы сипатталады: оқу-танымдық қызығушылық, мақсат қою, тәрбиелік іс-әрекет, бақылау және бағалау әрекеттері [5].

Мектеп оқушыларының пәндік математикалық мотивациясын қалыптастыру мәселелері бірқатар ғылыми еңбектерде қарастырылған (В. А. Гусев, М. А. Родионов, Г. И. Саранцев, И. М. Смирнова, т.б.). Бұл еңбектерде, атап айтқанда, математиканы оқу кезінде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі зерттелетін мазмұнға және мотивациялық сфераның құрамына сәйкес болуы керектігі көрсетілген.

Оқу-тәрбие процесінің сипаттамалар кешенінде, оң мотивациялық атмосфераны құруға ықпал ету математиканы оқуда оқу үдерісіне қатысушылардың мінез-құлқының импровизациялық стилі сияқты ерекшеліктер көрсетіледі; оқушыға бағдарлану, құндылық пайымдауларды барынша қолдану, мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы, оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылық бағыттылығы, меңгерілетін тақырыптың маңыздылығын көрсету, мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту өзекті болып табылады.

Қашықтан оқытудың жоғарыда аталған дидактикалық ерекшеліктері математиканы оқу кезінде жағымды мотивациялық атмосфераны құруға ықпал ететін оқу процесінің бірқатар сипаттамаларына сәйкес келетінін атап өтуге болады, атап айтқанда: оқытылатын сабақтың мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтау меңгерілетін оқу мазмұнының маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді; оқу іс-әрекетін өзін-өзі бақылауға арналған қазіргі заманғы цифрлық технология мүмкіндіктері оқушының өз біліміндегі олқылықтарды жоюға мотивациялық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді; бір немесе бірнеше оқушының диагностикалық тапсырмалардың күрделілік деңгейін және оқу қызметінің нәтижелерін бағалауға арналған тест нысанын таңдау, құндылық пайымдауларын барынша азайтуға мүмкіндік береді; Қашықтан оқыту ортасының коммуникативті ерекшеліктері (оқушылардың бір-бірімен және оқытушымен электронды пошта арқылы байланысы, онлайн пікірталас және т.б.) мұғалім мен оқушының ғана емес, сонымен қатар оқушылардың арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ету үшін оқу үдерісіне белсенді қатысуы керек. Бұл интерактивті тапсырмаларды пайдалануды, жобалық әрекеттерді және өз бетінше оқуды қамтиды. Өз бетінше шешім қабылдауды, сұрақ қоюды және материалды сыни талдауды

ынталандыру керек. Күрделі ұғымдарды графиктер, диаграммалар және анимациялар арқылы визуализациялау тереңірек білім алуға ықпал етеді және оқушылардың ынтасын арттырады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жүйелі тәсіл негізінде жүзеге асуы керек: қарапайым тапсырмалардан күрделірек тапсырмаларға, материалды біртіндеп күрделендіріп отыру. Топтық тапсырмалар мен талқылаулар арқылы оқу процесіне ынтымақтастық элементтерін енгізу тереңірек білім алуға ықпал етеді. Жобалар мен математикалық есептер бойынша бірлесіп жұмыс істеу команда ретінде қарым-қатынас пен есептерді шешу дағдыларын дамытады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қашықтан оқыту және функционалдық сауаттылықты дамытудағы дидактикалық ерекшеліктер туралы ғылыми жұмыстарға шолу жасалынып, деректер жинақталды. Теориялық талдау, эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылып, практикалық ұсыныстар жасалынды. Теориялық талдауда педагогикалық және психологиялық әдебиеттер қарастырылды. Эмпирикалық талдауда оқушылардың қашықтан оқытудағы қиындықтары талқыланды.

Қашықтан оқытуда функционалдық сауаттылықты тиімді дамыту әртүрлі дидактикалық негіздерді, материалдар мен әдістерді біріктіруді талап етеді. Функционалдық сауаттылық тек пәнді білу емес, осы білімді өмірде қолдана білу екенін ескере кеткен жөн.

Нәтижелер мен талқылау

Е. С. Полаттың зерттеуінде қашықтан оқыту біз үшін сырттай оқыту формасының модификациясы емес, білім берудің жаңа түрі, атап айтқанда жаңа нысаны болып табылатындығы жазылған [6].

Қашықтан оқыту – оқушыларға негізгі немесе оқылатын материалды жеткізуді, олардың оқу процесінде оқытушылармен интерактивті әрекеттесуін қамтамасыз ететін, оқушыларға материалды меңгеру бойынша өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ олардың білімін бағалау мен бағалауды қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар кешені [7].

Қашықтан оқыту – жаңа компонент, компьютерлік телекоммуникация құралдарының көмегімен қажетті білім алу жүйелері, білім алушы мен оқу жүйесі арасындағы диалогтық байланысты қамтамасыз ететін, оқу процесіне тән барлық компоненттерді қамтиды.

С. Қаппасова және тағы басқаларының зерттеуінде жалпы және математикалық дағдылар контекстінде функционалдық сауаттылықты анықтау тәсілдері талданады. Функционалдық сауаттылық анықтамасының бұл қоғамдық ғылымдардың теориялық негіздеріне тән, бірыңғай түсіндірмесі жоқ екені анықталды [8]. Бұл термин халықаралық құжаттар

мен нормативтік құжаттарда ұйымдар мен заманауи адамның қажеттіліктерін түсінуге, технологияның дамуы мен жаһандану процестерін жеделдетуде қолданылады. Математика бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – оқытудың жаңа әдістемесін, оқу бағдарламаларын өзгерту арқылы сабақ құруды, материалдар мен мұғалімдердің оқуға деген көзқарасын өзгерту, жаңа оқытуды құруды қамтитын күрделі процесс.

А. Г. Шабанова [9], қашықтан оқыту – бұл өз бетінше білім алу принципіне негізделген және ақпараттық-телекоммуникациялық құралдардың көмегімен мұғалім мен оқушылар арасындағы интерактивті өзара әрекеттестіктің мақсатты үдерісінде көрініс табатын оқу процесін ұйымдастырудың заманауи түрі. Технологиялар арқылы оқушыларды оқытылатын материалдың қажетті көлемімен қамтамасыз ету, сонымен бірге қашықтан білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады. Неліктен біз, біз бұл анықтаманы қабылдай алмаймыз, бұл; оқушы мен оқушының бір-бірімен тікелей байланысының жоқтығын көрсетпейтіндігі және өзара әрекеттесу мен интерактивтіліктің синонимдер екендігі, сондықтан «интерактивті өзара әрекеттесу» болып табылады. Бұл көзқарасқа мысал ретінде келесі анықтаманы келтіруге болады. Қашықтан оқыту – оқытудың сапалы жаңа технологиясын білдіретін дербес компьютерлерді, электронды оқулықтарды және телекоммуникацияларды пайдалануға негізделген білім беруді ұйымдастырудың жаңа формасы [10], бірақ ол сонымен қатар «білім беру» термині арқылы оқытуды анықтайды және оқу субъектілерінің бір-бірімен тікелей байланысының жоқтығын көрсетпейді, бұл қашықтан оқытудың маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады.

Қашықтан оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту үшін дидактика мына принциптерді ескеруі керек (1-кесте):

1-кесте

Бейімделу принципі	• оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дайындық деңгейіне және танымдық қызығушылықтарына сәйкес келетін тапсырмаларды ұсыну.
Практикалық бағыттылық принципі	• тапсырмалар нақты өмірлік жағдаяттарға бағытталған, бұл оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалануға мүмкіндік береді.
Мотивация принципі	• оқуға деген қызығушылықты ояту үшін интерактивті элементтерді, ойын және жоба әдістерін қолдану.
Дербестік және өзін-өзі бақылау принцип	• қашықтан оқытуда оқушылар өзінің оқу іс-әрекетін жоспарлап, бақылай білуі керек

Қашықтан оқыту – ақпараттық-білім беру ортасы ретінде әрекет етеді; мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас құралы, білім беру процесінің барлық қатысушыларына қашықтан оқыту ресурстарына қол жетімділікті ұйымдастыруға және оқу құралдары ретінде әртүрлі мультимедиялық материалдарды пайдалануға мүмкіндік беретін мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар үшін біртұтас жұмыс кеңістігін қамтамасыз ету; ақпараттық және білім беру компоненттері; оқыту орталары белгілі бір топтағы оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес немесе олардың жеке оқу траекторияларына сәйкес оқытудың «бейімделуін» қамтамасыз етуі керек.

Бірқатар зерттеушілер қашықтан оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін келесі дидактикалық ерекшеліктерді ескеру қажеттігін атап көрсетеді [10]:

– оқытудың нәтижелілігі оқытылатын сабақтың мақсаты мен міндеттерін нақты анықтаумен тікелей байланысты, оқушы оқуға ұсынылатын оқу бағдарламасының мақсатын және оның жеке білім беру жүйесіндегі орнын нақты түсінуі керек;

– материалды гипермәтіндік көрсету арқылы қашықтан оқылатын дәрісті әзірлеу кезінде адамның жеке ерекшеліктерін ескеру қажет;

– ақпаратты қабылдаудың психологиялық заңдылықтарын ескеру қажет. Біз оқушылардың ойлауының жас ерекшеліктерін де, ақпаратты беру формасын да ескереміз. Мысалы, қашықтан оқыту кезінде ақпарат алудың көрнекі арнасы басым түрде пайдаланылады, мультимедиялық технологияларды қолдану оны сөйлеу түрінде ұсынылған материалмен толықтыруға мүмкіндік береді, бұл презентацияның тиімділігін арттырады;

– оқушының өзін-өзі бақылауы оқуды ынталандыру құралы ретінде қолданылуы мүмкін және қолданылуы керек;

– қашықтан оқытудың тиімділігі оқу процесінің барлық қатысушылары арасындағы қарым-қатынас арқылы артады;

Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, қашықтан оқытуда осы ортаның коммуникативтік ерекшеліктерін ескеру қажет, яғни оқушылар бір-бірімен және мұғаліммен электронды пошта, онлайн пікірталас, цифрлық білім беру ресурстары және т.б. құралдар арқылы қарым-қатынас жасайды.

Сонымен қатар, қашықтан оқыту процесінде мұғалім мен оқушының тұлға аралық байланысын орнатуға, ақпараттық желілерде және педагогикалық этикада оқушының жеке мотивациясының деңгейін арттыруға, топ ішінде келіспеушіліктердің туындауына, этикет нормалары мен ережелерін сақтауға байланысты психологиялық мәселелер туындауы мүмкін.

Қашықтан оқыту технологияларын қолданудың тағы бір маңызды дидактикалық аспектісін атап өту қажет. Қазіргі жағдайда ақпаратты жалпылау, жүйелеу, жинақтау сияқты тұлғалық қасиеттер қажет болған кезде, білім берудің дәстүрлі парадигмалары тиімсіз болып қалады. Заманауи адамға қажетті қасиеттерді қалыптастыру үшін тұлғаны жаңа білімді алу және шығару құралымен қамтамасыз ететін оқу процесін құрудың мета-танымдық тәсілі қажет. Математикадан жоғары оқу орнына дейінгі дайындық жүйесінде қашықтан оқыту технологияларын қолдану әдістемесін жасау кезінде тек оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің құрылымы мен мазмұнына ғана тоқталу жеткіліксіз, сонымен қатар бірқатар мәселелерді шешу қажет. Маңызды мәселелердің қатарында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

– мектеп оқушыларын жоғары оқу орнына дейінгі оқыту жүйесінде қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, математиканы оқу кезінде оң мотивациялық атмосфераны құруға ықпал ететін оқу үдерісінің сипаттамаларының жиынтығы негізінде математикалық пәндік мотивацияны қалыптастыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

– мектеп оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып (соның ішінде қашықтан оқыту курсы жасау кезінде), болашаққа жұмыс жасау, мектеп оқушыларының өзін-өзі диагностикалау дағдыларын дамыту, оқытылатын мазмұнның маңыздылығын көрсету;

– оқу үшін қолайлы психологиялық ахуал жасау, оқушыларға оқытудың әртүрлі формаларын біріктіретін білім беру жолын таңдауға көмек көрсету – күндізгі, аралас, толық қашықтықтан оқытуға дейін;

– білім беру үшін қолайлы жағдайлар жасау, яғни оқытушының оқу үдерісін үйлестіру және түзету арқылы қашықтықтан оқыту ресурсымен

өзара әрекеттесу негізінде оқушыға білімді белсенді және өз бетінше алу мүмкіндігін беру;

– білім беру мақсатында оқушылардың бір-бірімен және мұғаліммен желілік байланыс үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Әртүрлі зерттеушілер қарастыратын математиканы оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықтың құрылымы математикалық білімді тану және қолдану процесінің көп аспектілі және көп сатылы сипатын көрсетеді. Функционалдық сауаттылықтың әртүрлі модельдері оның негізгі аспектілерін сипаттаудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады, бірақ олардың барлығы нақты объектілерді бақылаудан бастап математикалық модельдерді құруға және оларды практикалық қолдануға дейін дәйекті түрде әкелетін бірнеше маңызды кезеңдерді қамтитынын айтуға болады.


Нақты жағдайларда оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуды математикалық сипаттау эмпирикалық материалды жинақтаумен және оны алғашқы жүйелеумен байланысты болады. Бұған бақылау, тәжірибе, аналогия және жалпылау сияқты әдістер жатады. Бұл әдістер нақты объектілер мен процестерді математикалық контекстке аударуға көмектеседі.

Математикалық материалды логикалық ұйымдастыру функционалдық сауаттылықты дамытудың келесі кезеңі болып табылады. Бұл үдеріс жергілікті (шектеулі) немесе ғаламдық (жан-жақты) болуы мүмкін және оны құру заңдылықтарды анықтаумен және математикалық мәліметтерді логикалық құрылымдаумен байланысты.

Оқушылардың математикадан функционалдық сауаттылықтарын дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың соңғы кезеңі болып табылады, мұнда цифрлық технологиялар қашықтан оқытуда математикалық және пәнаралық есептерді шешу үшін қолданылады. Бұл математикалық әрекеттің практикалық мәнін көрсететін маңызды сәт. Авторлар бұл бағыттың жеңілдетілгенін атап көрсетеді, өйткені математикалық ойлау мен белсенділіктің нақты процестері әлдеқайда күрделі және көп деңгейлі.

Қашықтан оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту әдістеріне мыналар жатқызуға болады (2-кесте):

2-кесте



Бейімделу, мотивация және практикалық бағыттылық сияқты дидактикалық негіздер қашықтан оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Бейімделу мұғалімдерге оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қарқынын ескеруге мүмкіндік береді, бұл әсіресе қашықтан оқытуда маңызды, мұнда әрбір оқушыға назар аудару қиын болуы мүмкін. Практикалық фокус оқушыларға білімді шынайы өмірде қалай қолдануға болатынын жақсырақ түсінуге көмектеседі, бұл оқуды мазмұнды қылады және ынталандырады. Дербестік пен өзін-өзі бақылау қашықтан оқыту үшін қажетті дағдылар, бұлар функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігіне айналады, өйткені олар оқушыларды уақыт пен тапсырмаларды басқаруға үйретеді.

Қашықтан оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мұғалімдер мен білім беру мекемелеріне жаңа тәсілдер мен икемділік табуы талап ететін мәселе. Сонымен қатар, бұл заманауи талаптар мен технологияларды ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жетілдіру мүмкіндігі болып табылады.

Қорытынды

Математикадан қашықтан оқыту кезінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған зерттеу бұл бағытты табысты дамыту үшін кешенді және жүйелі тәсілді қажет ететіндігін көрсетті. Жұмыс барысында функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін және кедергі келтіретін негізгі факторлар анықталып, оқу тәжірибесінде тиімді қолдануға болатын әдістер мен стратегиялар ұсынылды.

Әртүрлі зерттеушілер қарастыратын функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы іс-әрекеттің құрылымы математикалық таным мен оқу процесінің көп сатылылығын атап көрсетеді. Тандалған модельге қарамастан, математикалық іс-әрекет нақты объектілер мен құбылыстарды бақылау мен талдаудан, оларды индуктивті және эмпирикалық әдістерді қолдану арқылы басталады, содан кейін математикалық ережені құруға және оны практикалық есептерді шешуге қолдануға көшеді. Оқу-математикалық іс-әрекеттер оқушылардың математикадағы дағдыларын дамытуға, теорияларды логикалық ұйымдастыруға және қолдануға бағытталған. Қашықтан оқыту жағдайында цифрлық құралдар мен оқу ресурстарын біріктіруге ерекше назар аударылады, бұл кезеңдерді тиімді қолдау үшін алдын ала дайындалу керек.

Математиканы оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту іс-әрекеттің әртүрлі модельдері оның эмпирикалық және теориялық құрамдас бөліктерін қамтиды. Оқытудағы заманауи тәсілдер осы қызметтің ерекшеліктерін ескеріп, процеске бақылау мен талдау элементтерін де, гипотезаны тұжырымдауды, олардың ақиқаттығын тексеруді және теорияларды құруды қамтуы керек.

Білім беру ортасында математикалық әрекетті ұйымдастыру оқушыларға функционалдық сауаттылықтың нақты фрагменттерін де, анағұрлым ғылыми, пәнаралық есептерді де қолдану үшін жағдай жасауды талап етеді.

Математикадан қашықтан оқыту кезінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру көптеген факторларды, соның ішінде әдістемелік, техникалық және психологиялық аспектілерді ескеруді талап етеді. Болашақ зерттеулер цифрлық білім беру орталарында тиімдірек оқытуға және функционалдық сауаттылықты дамытуға көмектесетін жаңа әдістер мен құралдарды әзірлеуге және сынауға бағытталатын болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Журавлева, О. Б.** Дистанционное обучение: Концепция, содержание, управление. Учебное пособие [Текст] / О. Б. Журавлева, Б. И. Крук. – 2001. – 86 с.
- 2 **Загвязинский, В. И.** Методология и методика педагогических исследований. [Текст] / Тюмень : Изд-во Тюменского университета, 1976.
- 3 **Блауберг, И. В., Садовский, В. Н., Юдин, Э. Г.** Системный подход: предпосылки, проблемы, трудности. [Текст]. – М. : Знание, 1969. – 48 с.
- 4 **Маркова, А. К.** Формирование мотивации учения : книга для учителя. [Текст] / А. К. Маркова, Т. А. Матис, А. Б. Орлов. – М. : Просвещение, 1990. – 192 с.

5 **Репкина, Г. В., Заика, Е. В.** Оценка уровня сформированности компонентов учебной деятельности. Тексты и методические материалы. [Текст] / Ред.-сост. Г. В. Бурменская. – М. : УМК «Психология», 2003.

6 **Полат, Е. С., Бухаркина, М. Ю., Моисеева, М. В.** Теория и практика дистанционного обучения: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. [Текст]. – И. Академия, 2004, – 416 с.

7 **Макаров, И. М., Кинелов, В. И.** Образование XXI- век.: Информационные; и коммуникационные технологии. [Текст]. – Ш. : Наука, 1999. – 190 с.

8 **Kappassova, S, Abylkassymova, A, Zhadyrayeva, L, Tuyakov, Y.** Methodological aspects of the development of functional literacy of schoolchildren in mathematics. [Текст]. – Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. – 2024. – (55). – P. 2372–2382. – <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.237bu2>

9 **Шабанов, А. Г.** Моделирование процесса дистанционного обучения в системе непрерывного образования. [Текст] / Автореф...докт. пед. наук. Барнаул, 2004. – 41 с.

10 **Евреинев, Э. В., Каймин, В. А.** Информатика и дистанционное образование. [Текст]. – М. : «ВАК», 1998. – 337 с.

11 **Хуторской, А. В.** Современная дидактика : Учебник для вузов. [Текст]. Питер, 2001. – 544 с.

References

- 1 **Zhuravleva, O. B.** Distancionnoe obuchenie: Konceptsiya, sodержanie, upravlenie. Uchebnoe posobie. [Text] [Distance learning: concept, content, management. Tutorial.] / O. B. Zhuravleva, B. I. Kruk, 2001. – 86 p.
- 2 **Zagvyazinskij, V. I.** Metodologiya i metodika pedagogicheskix issledovaniy. [Text] [Methodology and methods of pedagogical research]. – Tyumen` : Izd-vo Tyumenskogo universiteta, 1976.
- 3 **Blauberg, I. V., Sadovskij, V. N., Yudin, E. G.** Sistemy`j podhod: predposyl`ki, problemy`, trudnosti. [Text] [Systems approach: prerequisites, problems, difficulties]. – Moscow : Znanie, 1969. – 48 p.
- 4 **Markova, A. K.** Formirovanie motivacii ucheniya: kniga dlya uchitelya. [Text] [Formation of motivation for learning: a book for a teacher] / A. K. Markova, T. A. Matis, A. B. Orlov. – Moscow : Prosveshhenie, 1990. – 192 p.
- 5 **Repkina, G.V., Zaika, E.V.** Ocenka urovnya sformirovannosti komponentov uchebnoj deyatel`nosti. Teksty` i metodicheskie materialy`. [Text] [Assessment of the level of formation of components of educational activity.

Texts and methodological materials] / Red.-sost. G. V. Burmenskaya. – Moscow : UMK «Psixologiya», 2003.

6 **Polat, E. S., Buxarkina, M. Yu., Moiseeva, M. V.** Teoriya i praktika distancionogo obuchenie: Ucheb. posobie dlya stud.vy`ssh.ped.ucheb.zavedenij. [Text] [Theory and practice of distance learning: Textbook for students of higher pedagogical educational institutions]. – I. Akademiya, 2004. – 416 p.

7 **Makarov, I. M., Kinelov, V. I.** Obrazovanie XXI- vek. Informacionny`e; i kommunikacionny`e texnologii. [Text] [Education XXI-century: Information and communication technologies]. – Sh. : Nauka, 1999. – 190 p.

8 **Kappassova, S, Abylkassymova, A, Zhadyrayeva, L, Tuyakov, Y.** Methodological aspects of the development of functional literacy of schoolchildren in mathematics. [Text]. – Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. – 20247 – (55)7 – P. 2372–2382. – <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.237bu2>

9 **Shabanov, A. G.** Modelirovanie processa distancionnogo obucheniya v sisteme neprery`vnogo obrazovaniya. [Text] [Modeling the process of distance learning in the system of continuous education]. – Avtoref...dokt. ped. nauk. Barnaul, 2004. – 41 p.

10 **Evreinov, E` . V., Kajmin, V. A.** Informatika i distancionnoe obrazovanie. [Text] [Computer Science and Distance Education]. – Moscow : «ВАК», 1998. – 337 p.

11 **Xutorskoj, A. B.** Sovremennaya didaktika: Uchebnik dlya vuzov. [Text] [Modern Didactics: Textbook for Universities]. – Piter, 2001.– 544 p.

20.02.25 ж. баспаға түсті.

20.02.25 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

A. S. Zaitzhanova¹, B. D. Sydykhov²

^{1,2}SDU University,

Республика Казахстан, г. Қаскелен.

Поступило в редакцию 20.02.25.

Поступило с исправлениями 20.02.25.

Принято в печать 18.02.26.

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ДИСТАНЦИОННОМ ОБУЧЕНИИ

В данной статье рассматривается процесс развития функциональной грамотности учащихся при дистанционном обучении математике. Актуальность исследования обусловлена возрастающей ролью дистанционного образования и необходимостью формирования навыков применения математических знаний в реальных жизненных ситуациях. Цель исследования – выявить факторы, влияющие на успешное развитие функциональной грамотности, и предложить эффективные методы совершенствования процесса обучения. В ходе исследования был сделан обзор литературы по дидактическим основам дистанционного обучения и формирования функциональной грамотности. По результатам мы считаем, что использование интерактивных методов, цифровых инструментов и проектной деятельности может способствовать повышению функциональной грамотности студентов. Особое внимание уделяется этапам обучения, включая математизацию эмпирического материала, логическую организацию математических данных и применение теорий для решения проблем. В исследованиях особое место занимает анализ учебно-математической деятельности, в том числе методов организации дистанционного обучения. Также были выявлены трудности в восприятии теоретического материала и необходимость развития у учеников самостоятельности и саморегуляции. В заключении представлены рекомендации по совершенствованию процесса обучения с учетом цифровой грамотности, необходимости обратной связи и использования практико-ориентированных заданий.

Ключевые слова: математика, функциональная грамотность, дистанционное обучение, цифровые технологии, мотивация.

A. S. Zaitzhanova¹, B. D. Sydykhov²

^{1,2}SDU University,

Republic of Kazakhstan, Kaskelen.

Received 20.02.25.

Received in revised form 20.02.25.

Accepted for publication 18.02.26.

DIDACTIC FOUNDATIONS FOR THE FORMATION OF FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS DURING DISTANCE LEARNING

This article examines the process of developing students' functional literacy during distance learning in mathematics. The relevance of the study is due to the growing role of distance education and the need to develop skills in applying mathematical knowledge in real life experience. The purpose of the study is to identify factors influencing the successful development of functional literacy and to propose effective methods for improving the learning process. The study included a review of the literature on the psychological and pedagogical foundations of distance learning and the formation of functional literacy. Based on the findings, we believe that the use of interactive methods, digital tools, and project-based activities can help improve students' functional literacy. Particular attention is paid to the stages of learning, including mathematization of empirical material, logical organization of mathematical data, and application of theories to solve problems. In research, a special place is occupied by the analysis of educational and mathematical activities, including methods of organizing distance learning. Difficulties in perceiving theoretical material and the need for students to develop independence and self-regulation were also identified. In conclusion, recommendations are presented for improving the learning process taking into account digital literacy, the need for feedback and the use of practice-oriented tasks.

Keywords: mathematics, functional literacy, distance learning, digital technologies, motivation.

FTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.48081/BGQF1836>

***Г. Б. Илиясова¹, А. К. Искакова², Л. У. Жадраева³**

^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³Абай атындағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3113-228X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7061-8349>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8587-8562>

*e-mail: gulyaim2008@gmail.com

МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ: ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ПІКІРЛЕРІ

Бұл зерттеу білім беруді цифрландыру жағдайында Қазақстан Республикасының педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық анализ курсының оқытудың қазіргі жағдайын студенттер мен оқытушылардың осы курсты оқыту аспектілері туралы пікірлерін зерделеу негізінде анықтауға бағытталған. Осы мақсатта қатысушылардың әр тобы үшін екі түрлі сауалнама әзірленді. Зерттеу нәтижесінде алынған сапалы деректер тақырыптық талдау арқылы, ал сандық деректер дискриптивті анализ арқылы талданды. Бұл талдаудың нәтижелері цифрлық технологияларды математикалық анализ курсына кіріктіру мәселесі айтарлықтай дамытуды қажет ететінін көрсетті. Оқытушылар мен студенттер сонымен қатар цифрлық технологияның аталған курс мазмұнына кіріктірілуіне қатыссыз, курсты оңтайлы оқыту мен меңгерудің кейбір қиындықтары мен кедергілерін көрсетті. Студенттердің курсты оқу кезіндегі математикалық дайындық деңгейлерінің әртүрлілігі және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіз дамуы, қазақ тіліндегі оқу материалдарының, соның ішінде цифрлық білім беру ресурстарының жеткіліксіздігі, оқытушылардың цифрлық технологияларды қолдану деңгейін көтеру қажеттілігі және осыдан шығатын оқытуды ұйымдастыру әдістерін жетілдіру қажеттілігі сияқты

мәселелер білім алушылардың математикалық анализ курсының оқу нәтижелеріне ұтымды жетуде маңызды кедергілер болатындығы анықталды.

Кілтті сөздер: математикалық анализ курсы, оқытушылардың пікірлері, студенттердің пікірлері, оқытуды ұйымдастыру, оқыту проблемалары, меңгеру проблемалары, цифрлық технологиялар.

Кіріспе

Математикалық анализ – бұл педагогикалық университеттің бірінші курсына оқытыла бастайтын негізгі курс және ол математика мұғалімдерін даярлау үшін білім беру бағдарламасының көптеген басқа пәндерінің пререквизиті болып табылады. Бұл курсты оқыту сапасы, біріншіден, осы курсқа постреквизит ретінде қарастырылатын пәндерді білім алушылардың меңгеруінің табыстылығына әсер етеді, екіншіден, курс мазмұны мектеп математика курсымен тығыз байланысты болғандықтан, бүгінгі күнгі студенттердің болашақта мектепте оқушыларға математиканы меңгерте алу сапасына ықпалын тигізеді.

Жоғары оқу орнындағы математикалық анализ курсы мен мектеп математика курсына қарастырылатын математикалық объектілер мен құрылымдардың арасында елеулі сәйкестік бар [1]. Жеке тұлғаның математиканың нақты мазмұнын терең түсінуін және математикалық практикамен айналысу қабілетін нығайтатын тереңдетілген математика мазмұны мен мектеп математикасы арасындағы байланыстарды орнату мен түсіну болашақ мұғалімдердің математикалық білімінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [2;3].

Алайда, жоғары оқу орындарында студенттерді білім алудың алғашқы жылдарында математикалық анализ курсы бойынша дайындау шашыраңқы, бұл негізінен жоғары сынып оқушыларын әртүрлі орта білім беру мекемелерінде әртүрлі «балама» бағдарламалар мен оқулықтарды пайдалана отырып оқытумен байланысты [4]. Мұндай вариативтілік білім беру деңгейлері арасындағы оқыту мазмұнының, бағдарламалары мен әдістерінің сәйкес келмеуіне әкеп соғады және соның салдарынан жоғары оқу орнында математика пәндерін оқытудағы сабақтастық мәселесінің күрделенуіне әкеледі [5;6]. Нәтижесінде студенттер және соның ішінде мектепте жақсы көрсеткіш көрсеткен білім алушылар, жоғары оқу орындарында математикалық пәндерді меңгеруде күтпеген қиындықтарға кездеседі [7].

Математикалық анализ курсына оқытудың әртүрлі мәселелері осы уақытқа дейін ғалым-әдіскерлердің назарын аударып келді. Цифрлық технологиялардың дамуы осы бағыттағы жаңа зерттеулердің жүргізілуіне

үлкен серпін берді. Өйткені олар математика сабақтарына енгізілгеннен бері математикалық білім беруде біртіндеп тенденцияға айналды [8]. Дегенмен цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне тез кірігу қажеттілігі туындап отырғанымен, бұл өзгерістердің қарқыны тұрақты болып қалуда. Соңғы зерттеулер оқытушылардың, әсіресе университет деңгейінде, өздерінің оқыту тәжірибелерін дамыту үшін, цифрлық білім беру технологияларын жеткілікті түрде пайдаланбау тенденцияларының сақталуын көрсетуде [9] және оның бір себебі ретінде оқытушылардың өздерінің кәсіби кедергілері атап көрсетіледі [10]. Оқытушылар мен студенттер, цифрлық технологияларды қолдануға байланысты қоғамның барлық салаларында туындап отырған жылдам өзгерістерге тиімді ілесу алулары үшін олардың дайындығы заман талаптарына толықтай сай болуы керек [11].

Оқытушылардың пікірлері мен сенімдерін білім мен нақты оқыту арасындағы көпір деп тұжырымдауға болады [12]. Оқытушылардың математикалық анализді қалай оқыту керек деген сенімдері олардың осы курсты оқыту әдістемесіне, оны ұйымдастыру әдістеріне айтарлықтай әсер етеді [13;14]. Осы тұрғыда математикалық анализ курсының оқытушылары мен студенттерінің математикалық анализ курсына оқыту мәселелері мен оқыту процесіне цифрлық технологияларды кіріктіру туралы білімдері мен ойларын анықтау курсты оқытуды әртүрлі көзқарастарды ескере отырып ұйымдастыруда маңызды мәселе болып табылады. Алайда осы мәселені зерттеуге бағытталған отандық жұмыстар көп емес.

Жоғарыдағы келтірілген мәлімет осы зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Қарастырылып отырған зерттеудің мақсаты – математикалық анализ курсына ұйымдастыру және оқыту туралы осы курстың оқытушылары мен студенттерінің көзқарастарын анықтау болып табылады.

Бұл зерттеу келесі негізгі зерттеу сұрағына жауапты анықтауға бағытталды:

Қазақстан Республикасының педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық анализ курсына оқытудың қазіргі жағдайы туралы оқытушылар мен студенттердің пікірлері қандай? (пайдаланылған оқу материалдары, қолданылатын оқыту әдістері, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, пайдаланылатын цифрлық құралдар, студенттердің осы курсты оқуға дайындық деңгейі бойынша).

Осы негізгі зерттеу сұрағына жауап беру үшін келесі қосымша сұрақтарға жауаптар қарастырылды:

– Қазіргі кезде педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық анализ курсына ұйымдастыру мен оқытуға қатысты оқытушылардың пікірлері мен ұсыныстары қандай?

– Педагогикалық жоғары оқу орнында математикалық анализ курсын меңгеріп жатқан студенттердің курсты ұйымдастыру бойынша пікірлері, қиындықтары мен қажеттіліктері қандай?

Материалдар мен әдістері

Зерттеуге қатысушылар. Оқытушыларға арналған сауалнамаға Қазақстан республикасында математика мұғалімдерін дайындайтын 9 жоғары оқу орнында математикалық анализ курсын жүргізетін жалпы 27 профессор-оқытушысы қатысты.

Студенттерге арналған сауалнамаға Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің В009-Математика мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша математикалық анализ курсын меңгеріп жатқан 2-курстың 122 студенті және 3-курстың 35 студенті қатысты.

Зерттеу құралдары. Зерттеу жұмысын жүргізу үшін аралас әдіс таңдап алынды. Зерттеудің негізгі сұрағына жауап ретінде қарастырылатын екі қосымша сұраққа жауап алу үшін оқытушылар мен студенттерге екі түрлі жартылай құрылымдалған сауалнамалар қолданылды. Сауалнамада қарастырылған жабық сұрақтарда келтірілген нұсқаларда 1 – өте төмен, 2 – төмен, 3 – орташа, 4 – жоғары, 5 – өте жоғары деп белгіленді. Құрылымдалмаған деректерді өңдеу үшін сапалық әдіс – тақырыптық талдау әдісі қолданылды, құрылымдалған сұрақтарды талдау үшін дискриптивті анализ қолданылды.

Оқытушыларға арналған сауалнама жалпы 15 сұрақты қамтитын екі бөлімнен тұрды. Сауалнаманың I-бөліміне оқытушылардың математикалық анализ курсын оқытуды ұйымдастыру мәселелерін, қолданылатын оқу-әдістемелік құралдар, оқыту әдістері, студенттердің математикалық анализ курсына дайындық деңгейлері, студенттердің өз бетімен жұмыс жасау қабілеттері, жалпы курсқа оқытудағы оқытушылардың негізгі қиындықтарын анықтауды мақсат ететін 9 сұрақ кірді. Сауалнаманың II-бөлімі оқытушылардың курсқа оқыту кезінде қолданатын цифрлық технологиялары, оларды қолдану мақсаттары мен жағдайлары, қолдану жиіліктері туралы пікірлерін анықтауға бағытталған 6 сұрақты қамтыды.

Студенттерге арналған сауалнама бір бөлімнен тұрды және студенттер курсты меңгеру үшін қолданатын ақпарат көздерін, курс пәндеріне бөлетін уақыт көлемін, қолданатын цифрлық құралдар түрлерін, курсты меңгерудегі қиындықтарын, курстың маңыздылығы туралы ойларын, курсты ұйымдастыру әдістері мен оқыту әдістері туралы пікірлерін анықтауға бағытталған 12 сұрақты қамтыды.

Сауалнаманың сұрақтарына жауап беру-бермеу мәселесі бойынша оқытушылар мен студенттерде толық еркіндік болды, яғни сауалнамаларға қатысушылар белгілі бір себептермен жауап бергісі келмеген сұрақтарын жауапсыз қалдыруларына мүмкіндіктері болды.

Нәтижелер және талқылау

Оқытушылардан алынған сауалнама нәтижесі. Болашақ математика пәні мұғалімдерін математикалық анализ курсына оқыту кезінде олардың педагогикалық дайындық бағытын оқытушылар қалай ескеретіндігін анықтауға бағытталған ашық сұрақ қойылды. Респонденттердің жауаптары мәселенің әртүрлі қырларын қамтыды және келесі тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді:

1 Курсты оқыту барысында курстың мектептің математика курсымен байланысына назар аударылады.

2 Студенттердің курс мазмұнын терең меңгерулеріне назар аударылады.

3 Студенттердің курс бойынша процедуралық дағдыларының дамуына екіпін қойылады.

4 Дипломдық жұмыс тақырыптары мектеп математика курсымен байланыстырылады.

5 Курсты оқыту барысында оқытудың белсенді әдістері қолданылады.

Курсқа оқытудың маңыздың тұсы пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі болып табылады. Сондықтан осы сұрақты сауалнамаға енгізуді дұрыс деп санадық. Нәтижесінде математикалық анализ курсын оқыту процесінде респонденттер әртүрлі оқулықтар мен оқу құралдарын қолданатыны анықталды. Дегенмен қазақ және орыс тіліндегі кейбір оқулықтардың басқаларына қарағанда жиі таңдалатындығы назар аудартады. Мысалы респонденттер курс бойынша негізгі оқулық ретінде Г. М. Фихтенгольцтің «Основы математического анализа», О. А. Жәутіковтің «Математикалық анализ курсы», Х. И. Ибрашев пен Ш. Т. Еркеғұловтың «Математикалық анализ курсы», Н. Темірғалиевтің «Математикалық анализ» және Л. Д. Кудрявцевтің «Курс математического анализа» оқулықтарын жиі таңдайтындары анықталды.

Математикалық анализ курсы бойынша қолданылатын есептер жинақтарына келетін болсақ, мұнда респонденттердің басым көпшілігі (77,8 %) оқыту барысында Б. П. Демидовичтің жоғары оқу орындарының физикалық және механика-математикалық мамандықтарына арналған «Сборник задач и упражнений по математическому анализу» есептер жинағын қолданатыны анықталды. 14 респондент (52 %) Г. Н. Берманның техникалық университеттерге арналған «Сборник задач по курсу математического анализа» есептер жинағын таңдайтынын көрсетсе,

6 респондент (22,2 %) Л. Д. Кудрявцевтің «Курс математического анализа» есептер жинағын, 5 респондент (18,5 %) А. П. Рябушконың үш бөлімнен тұратын техникалық университеттерге арналған «Сборник индивидуальных заданий по высшей математике» есептер жинағын қолданамыз деп көрсетті.

5 респондент (19 %) математикалық анализ курсының оқыту үшін Н. Я. Виленкин, К. А. Бохан, И. А. Марон және т.б. педагогикалық университеттердің физика-математика факультеттерінде сырттай оқытын студенттеріне арналған «Задачник по курсу математического анализа» оқу құралын, Жекеленген университеттердің респонденттері сауалнамаға қатысқан жоғары оқу орындары көлемінде кең қолданыста жоқ қазақ тілінде дайындалған есептер жинақтарын қолданатындықтарын көрсетті.

Оқытушылардың педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін математикалық анализ курсына оқытуда дәріс және практикалық сабақтарды өткізу барысында қандай оқыту әдістерін қолданатындарын анықтауға бағытталған жабық сұрақ қойылды. Респонденттердің бірнеше жауап таңдауларына мүмкіндік болды. Нәтижесінде сауалнамаға қатысқан 27 респонденттің 25-і (92,6 %) дәстүрлі дәріс оқуды жөн көретіні анықталды, сонымен қатар 10 респондент (37%) проблемалық дәрісті де қатар қолданамыз деп көрсетті. Практикалық сабақтарды дәстүрлі әдіспен өтуді 15 респондент (55,6 %) таңдаса, ал проблемалық әдіс пен жобалық оқытуды қолдануды сәйкесінше 8 (29,6 %) респондент іске асыратындықтары анықталды.

Кез келген курсты оқытудағы маңызды мәселелердің бірі студенттердің өздігінен меңгеруіне берілетін материал көлемін анықтау болып табылады. Сауалнамаға қатысқан 27 респонденттің 10-ы теориялық материалдың 25–30 %-н студенттердің өздігінен меңгеруіне қалдырамын десе, 6 респондент мұндай материалдың көлемі 35–40 % қамтитындығын көрсетті. 15–20 % және 5–10 % таңдаған респонденттер саны сәйкесінше 6 және 5 респондентті құрады. Ал процедуралық білім, дағдыларға келер болсақ, мұнда жағдай басқаша көрініс алды. 10 респондент практикалық дағды мен біліктерді дамыту тапсырмаларының 35–40 % өздігінен орындауларына жібереміз десе, тек 3 респондент сәйкес материалдың 5–10 % аудиториядан тыс орындалатындығын көрсетті. 15–20 % және 25–30 %-ды сәйкесінше 8 және 6 респондент таңдады.


Жоғары оқу орындарында студенттердің өз бетімен жұмыс жасай алу қабілеттерінің төмендігі де олардың курс бойынша оқу нәтижелеріне табысты жетулеріне кедергі болады. Осы мәселе бойынша респонденттердің пікірлерін қарастыратын болсақ, бірінші курс студенттерінің математикалық анализ курсы бойынша өздігінен жұмыс жасауларына дайындық деңгейін 4 (14,8 %) респондент өте төмен, 8 (29,6 %) респондент төмен, 9 (33,3 %)

орташа, 4 (14,8 %) жоғары және 2 (7,4 %) респондент өте жоғары деп бағалады. Яғни, жалпы алғанда, сауалнамаға қатысқан респонденттердің пікірінше, төменгі курс студенттерінің өздігінен жұмыс жасауға дайындық деңгейі әртүрлі болып келетіндігі, бірақ негізінен өте жоғары емес екендігі туралы тұжырым жасауға болады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық анализ курсының оқытудағы проблемаларға байланысты қойылған сұраққа респонденттер студенттердің курсты меңгерулеріне байланысты бірқатар когнитивті және психологиялық мәселелерді: «Студенттердің мектеп математика курсы бойынша білім деңгейлерінің төмен», «Студенттердің курсты меңгеру ынталары төмен», Білім алушылардың өз бетімен материалды игеру дағдылары төмен» атап көрсетті. Алайда өзекті мәселелер студенттердің білімді меңгеру қабілеттерінің төмендігімен ғана шектелмейтіні де анық. Респонденттердің пікіріне сүйенсек, курсты ұйымдастыруға қатысты да бірқатар мәселелер айқындалады: «Курсты оқытуға бөлінетін кредиттер көлемі аз», «Курс бойынша педагогикалық мамандықтарға арналған қазақ тіліндегі заманауи оқулықтар мен есеп жинақтары аз», «Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын бақылау қиын», «Классикалық курсты оқытуда технологияларды қолдану қиын».

Сауалнамада көңіл аударылған екінші мәселе – оқытушылардың цифрлық құралдарды оқыту процесінде қолдануға көзқарастарын анықтау болды. Математикалық анализ курсының оқыту процесінде цифрлық құралдарды қолдану мәселесі бойынша мамандандырылған математикалық программаларды респонденттердің қолдану көрсеткіші төмен екендігі байқалды. Жалпы Geogebra сынды динамикалық математика жүйелерін және WolframAlpha сияқты сұрақ жауап жүйелерін сауалнамаға қатысушылардың тек 11 %-ға жуығы ғана жиі қолданатыны белгілі болды. Компьютерлік математика жүйелерін және смартфондағы сәйкес математикалық қосымшаларды қолдану үлесі де аса жоғары емес екендігі анықталды. (Сурет 1.)

Респонденттердің жауаптары білім беру сайттары мен youtube.com платформасындағы ресурстарды қолдану жағдайы математикалық программаларды қолдану жағдайына қарағанда жақсырақ екендігін көрсетті. Бұл әсіресе респонденттердің математикалық анализ курсының оқыту мақсатында youtube.com видеохостингін қолдану көрсеткішінен анық көрінеді. Сауалнамаға қатысқан 12 (44,4 %) респондент аталған ресурсты жиі қолданатындығын көрсетсе, тағы 8 (29,6 %) респондент оны үнемі назарда ұстайтындығы белгілі болды. (1-сурет)



1-сурет – Оқытушылардың курсты оқыту үшін мамандандырылған компьютерлік бағдарламаларды және цифрлық ресурстарды қолдану жиілігі

Жалпы цифрлық және коммуникациялық технологияларды дәріске арналған оқу материалын дайындау үшін қолданамыз деп 8 (29,6 %) респондент; практикалық сабақтарды ұйымдастыру үшін және студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру үшін қолданамыз деп сәйкесінше 2 (7,4 %) және 5 (18,5 %) респондент көрсетті. Сонымен қатар, 7 (25,9 %) респондент цифрлық және коммуникациялық технологияларды оқу процесінің кез келген уақытында қолданатындықтары анықталды, ал тағы 5 (18,5 %) респонденттің оқу процесін цифрлық және коммуникациялық технологияларсыз ұйымдастыруды жөн көретіндіктері белгілі болды.

Респонденттердің технологияларды математикалық ұғымдарды ұсыну және түсіндіру үшін, сонымен қатар математикалық идеяларды зерттеуге түрткі болу үшін қолдану көрсеткіштері де жоғары емес екендігі анықталды: бұл тарапта сауалнамаға қатысқан респонденттердің сәйкес 33,3 % (9 респонент) және 29,6 % (8 респондент) бұл мақсатта технологияларды мүлдем қолданбайтындықтары көрінді. Мұнымен салыстырғанда

респонденттердің күрделі немесе көп уақытты талап ететін есептеулерді жүргізу үшін технологияларды қолдану көрсеткіші жоғарырақ десек болады. Бірақ соның өзінде 6 (22,2 %) респонденттің ғана осы мақсатта технологияларды жиі қолданатындықтары және 10 (37 %) респондент оларды назарда ұстайтындықтары белгілі болды. Өз пәнін оқыту барысында студенттердің цифрлық технологияларды қолдану дағдыларының дамуына көңіл аударатын оқытушылар үлесі де жоғары болмады, тек 13 (48 %) респондент қана осы мәселеге назар аударатындарын көрсетті.

19 респондент (70,4 %) математикалық анализ курсын оқыту үдерісінде цифрлық технологияларды студенттер мен оқытушылар қатар қолданатынын көрсетті. 5 респондент (18,5 %) студенттердің қолдануына жіберсе, 3 респондент (11,1 %) негізінен өздері қолданатындарын көрсетті.

Оқытушылардың математикалық анализ курсын оқыту барысында цифрлық технологияларды жиі қолданбау себебіне қатысты ашық сұраққа берілген респонденттердің жауаптары, өзекті мәселелерді анықтайтын төрт тақырыпқа біріктірілді:

1 Аудиториялардың цифрлық құрылғылармен жеткілікті түрде жабдықталмауы;


2 Цифрлық технологияларды қолданудан гөрі дәстүрлі құралдарды қолданудың студенттер үшін тиімділігі;

3 Курсқа бөлінетін уақыттың цифрлық технологияларды қолдануға жеткіліксіздігі;

4 Цифрлық білім беру ресурстарын жасауға көп уақыттың жұмсалуды.

Студенттерден алынған сауалнама нәтижесі

«Сабаққа дайындалу үшін қандай білім көздерін пайдаланасыз?» деген сұраққа студенттердің 73 %-ке (115 студент) жуығы университеттің ақпарат жүйесіне жүктелген дәріс конспекттері мен өз конспекттері қолданатындығын; 50,3 %-ті (79 студент) оқытушының силлабуста ұсынған әдебиеттер тізімін қолданатындығын, 35 %-ті (55 студент) силлабуста көрсетілген электронды ресурстарды, 53,5 %-ке (84 студент) жуығы youtube.com каналын, 41,4 %-ті (65 студент) басқа интернет ресурстарын қолданатындықтарын көрсетті. (2-сурет)



2-сурет – Студенттердің математикалық анализ курсы менгеру үшін қолданатын ресурстары


Сауалнамаға қатысушы студенттердің 49 %-ті пән силлабусында көрсетілген тақырыпқа көп жағдайда алдын ала дайындалып барамыз десе, 32,5 %-ті бұл әрекетті орындауға кейде ғана көңіл аударатындықтарын көрсетті, сонымен қатар 18,4 % білім алушының келесі сабақта өтілетін дәріс материалына алдын ала көңіл аудармайтындықтары анықталды.

Сауалнамаға қатысқан жоғары оқу орындарында математикалық анализ курсына кіретін пәндердің әрқайсысына шамамен 5–6 кредит жоспарланады, яғни студенттер курсты меңгеруде өзіндік жұмыстарына аптасына шамамен 6–7 сағат жұмсаулары керек. Алайда сауалнамаға қатысқан студенттердің тек 9 %-ті ғана математикалық анализ курсы бойынша өздігінен орындайтын жұмысқа (СӨЖ, СОӨЖ) аптасына жоспарланған академиялық сағаттарды толық қамтитындықтары анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың 41 %-ті өз бетімен жұмыс жасауға 3–4 сағат жұмсайтындықтарын және 24 %-ке жуығы 1–2 сағат қана арнайтындықтарын көрсетті.

«Математикалық анализ курсы менгеруде мамандандырылған программаларды қолдану жиілігіңізді бағалаңыз» деген ұсынысқа студенттердің таңдауы 8-суретте көрсетілгендей болды (мұнда 1-ші таңдау ешқашан, 2 – сирек, 3 – кейде, 4 – жиі, 5 – үнемі нұсқаларын білдіреді). Бұл сұрақтың әрбір пункті бойынша шамамен 139-152 студент жауап берді.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің мамандандырылған программаларды қолдану жиілігі жоғары емес екендігі анықталды. Бірақ смартфондағы қосымша программаларды қолдану жиілігінің көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғары екені анық, мұнда сұраққа

жауап берген студенттердің 58%-ке жуығы аталған қосымшаларды жиі қолданатындықтарын көрсетті. (3-сурет)



3-сурет – Студенттердің цифрлық және коммуникациялық технологияларды қолдану жиілігі

«Математикалық анализ курсына оқыту барысында оқытушының қандай әдістерді қолданғанын қалайсыз?» деген ашық сұраққа респонденттердің берген жауаптары нақты болмады, дегенмен келесі тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді:

- 1 Дәріс абақтарында теориялық материалды ұсыну әдістері өзгертілсе;
- 2 Есеп шығару бойынша практикалық дағдыларды меңгерту әдістері түрлендірілсе;
- 3 Курсты оқытуды ұйымдастыру үшін белсенді әдістер жиірек қолданылса;
- 4 Курс бойынша білім деңгейімізді өзіміз тексеріп, қадағалай алатындай оқыту құралдары ұсынылса.

Студенттерден математикалық анализ курсы бойынша меңгерген білім мен дағдылардың мұғалімнің болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін маңыздылығын бағалау сұралды. Сауалнама нәтижесі студенттердің 47,7%-ті математикалық анализ курсының олардың болашақ кәсіби әрекеттері үшін өте маңызды деп көрсетті. Сонымен қатар, студенттердің 33,5%-ті аталған курстың маңыздылығын жоғары бағаласа, 12%-ке жуығы курстың құндылығы шектеулі деп есептейтіндіктерін және тағы 7%-ке жуық студент курстың математика мұғалімінің сапалы қызмет атқаруы үшін қажеттілігі жоқ деген жалған ойда екендігін байқауға болады.

Сонымен қатар, сауалнамада студенттерге курсты меңгеру барысында туындайтын қиындықтарын анықтау мақсатында ашық сұрақ қойылды. Студенттердің берген жауаптары келесі тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді:

1 Математикалық тілде ұсынылған теориялық материалды түсіну мен меңгерудің қиындығы.

2 Мектеп математика курсы бойынша студенттердің өздерінің білімдерінің төмендігі Қазақ тіліндегі оқулықтар мен Интернет ресурстарында қазақша оқу материалдарының жеткіліксіздігі.

3 Математикалық анализ курсы бойынша аудиториялық сабақтардың аздығы.

Оқытушылар мен студенттерден алынған сауалнама нәтижесін талқылау

Оқытушылардан алынған сауалнама нәтижесі математикалық анализ курсының оқыту барысында студенттердің кәсіби бағытын ескеру мәселесі республикамызда әлі де толық шешімін таппағандығын көрсетеді. Себебі, сауалнамаға қатысқан оқытушы-респонденттердің үштен біріне жуығы осы мәселені оқыту процесінде қалай ескеретінін түсінікті сипаттап, анық жауап беруге қиналған болса, 3 респондент оқыту барысында студенттердің математикалық анализ курсының мазмұнын меңгеруін ғана басшылыққа алатындығын көрсетті, тағы 2 респондент болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби бағыты курсты оқыту процесінде емес, олардың дипломдық жұмыс жазған кездерінде назарға алынатынын алға тартты. Жалпы алғанда, респонденттердің пікірлеріне сүйенсек, математикалық анализ курсының оқыту процесінде студенттердің кәсіби бағытын ескеру мәселесіне оқытушылар әртүрлі көзқараста екендіктерін байқауға болады.

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесіне келер болсақ, сауалнамаға қатысқан оқытушылар оқыту процесінде қазақ және орыс тіліндегі оқулықтарды және негізінен орыс тіліндегі есептер жинақтарын қолданатындықтары назар аудартады. Дегенмен сауалнамаға қатысқан студенттер қазақ тіліндегі оқулықтар мен цифрлық ресурстардың жеткіліксіздігін үлкен мәселе деп көрсеткендіктен бұл көңіл аударарлық жағдай екендігін атап өту керек. Білім беру процесінде оқытушының қандай тілдегі оқу материалдарын қолданатындығы да маңызды болып табылады, өйткені ана тілінде білім алған студенттердің оқу нәтижелері жоғарылайтындығы белгілі [15]. Сондықтан қазіргі уақытта қазақ тіліндегі білім беру ресурстарын көбейту мәселесі әлі де өзекті мәселелердің бірі екендігі анықталды.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыс үлесіне қатысты сауалнамаға қатысқан оқытушылардың ойы бір жерден шықпады. Бұл жағдай бір жағынан әр жоғары оқу орнында математикалық анализ курсының меңгеруге жоспарланатын кредит көлемінің әртүрлілігімен түсіндірілсе, екінші жағынан оқытушылардың пәнді оқытуды ұйымдастыруға деген көзқарасымен де байланысты болуы мүмкін. Теориялық материалдың 35-40%-тін студенттердің өздігінен меңгерулеріне жіберудің бір себебі ретінде youtube.com платформасында математикалық анализ курсына қатысты ұсынылатын, қазақ тілінде болмаса да, басқа тілдегі видео материалдардың болуын және оқытушылар мен студенттердің аталған материалдарды кеңінен қолдануын қарастыруға болады.

Математикалық анализ курсының оқытушылары курсты оқытудағы негізгі проблемалардың бірі ретінде студенттердің мектеп математика курсы бойынша білім деңгейлерінің төмендігін (48% оқытушы) көрсетті. Оқытушы-респонденттердің пікірінше, назар аудартатын тағы бір маңызды жағдай – курсқа бөлінетін кредит санының аздығы (22,2% оқытушы). Яғни оқытушылар үшін математикалық анализ курсы бойынша пән мазмұнын жоспарланған уақыт көлемінде толық қамту күрделі мәселе екендігі байқалады. Бұл қиындықтың туындауының себебін бір жағынан, кейбір жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын жасау барысында құрастырушылардың аталған курсқа рәсіммен де жеткілікті кредит бөлінуіне көңіл аудармайтындықтарымен, екінші жағынан, қалыптасқан жағдайда аталған курсқа оқытуды ұйымдастыру әдістемесін жетілдіру қажеттілігінің туындап отырғандығымен түсіндіреміз.

Тағы бір маңызды мәселе – студенттердің өз бетімен жұмыс жасай алу қабілеттерін ескеру. Кредиттік технология бойынша студенттердің өз бетімен меңгерулеріне жіберілетін кредиттің үлесі пәнге жалпы бөлінетін кредиттің екіден үшін құрайды. Ал сауалнама нәтижесі оқытушылардың студенттердің өз бетімен жұмыс жасай алу қабілеттерін негізінен аса жоғары бағаламайтындықтарын көрсетті, атап айтқанда, білім алушылардың осы қабілетін 44,4% оқытушы-респондент төмен бағалады. Демек студенттердің өз бетімен жұмыс жасай алу қабілеттері де курсты меңгерудегі қиындықтардың бірі деп қарастыруға болады.

Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың басым көпшілігі арнайы математикалық программалар мен цифрлық құралдарды толыққанды қолданбайтындықтары анықталды және оның себебін респонденттер көп жағдайда дәстүрлі әдістердің заманауи тәсілдерге қарағанда тиімді екендігін алға тартып түсіндірді. Бұл аталған курсқа оқытуды цифрлық құралдар, соның ішінде арнайы математикалық бағдарламалар арқылы жасалған

ресурстарды қолданып ұйымдастыру әдістемесін жетілдіру керек екендігін көрсетеді.

Студенттердің сауалнамада келтірген қиындықтары кейбір пунктер бойынша оқытушылардың математикалық анализ курсына оқытуда жоғарыда көрсеткен мәселелерімен ұштасатындығын байқауға болады. Алайда студенттердің өзіндік жұмыстарын орындауға байланысты берген жауаптары назар аудартады. Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, өзіндік жұмысқа жоспарланған сағат көлемін студенттердің жартысынан артығы толыққанды орындап жатқан жоқ. Оның үстіне математикалық анализ курсына меңгеріп жатқан студенттердің белгілі бір үлесі аталған курстың олардың болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі маңыздылығын түсіне бермейтіндігі байқалды. Бұл тарапта оқытушылардың математикалық анализ курсының маңыздылығын көрсету арқылы студенттердің өзіндік жұмыстарын орындау ынталарын жоғарылату мәселесіне көңіл аударулары қажет екендігі түсінікті. Сонымен қатар аудиториялық сабақтар мен студенттердің өзіндік жұмыс мазмұнын және оны ұйымдастыру жолдарын қайта қарастыру арқылы білім алушылардың мектептен бар білімін аталған курсты меңгеру барысында оңтайлы жолдармен қолдануларына жағдай жасау мәселесіне көңіл аудару керек екендігі анықталды.

Сауалнама нәтижесі университеттің автоматтандырылған мәліметтер базасына жүктелетін, курс оқытушысының тарапынан ұсынылатын білім беру ресурстарының студенттер үшін маңызы жоғары екендігін көрсетті. Осы жағдайда Интернет желісіндегі қосымша ақпарат көлемінің күннен күнге ұлғаюына қарамастан, студенттер негізгінен оқытушының ұсынатын ресурстарын басшылыққа алатыны анық көрінді.

Оқытушы-респонденттер өз пәндерінде youtube.com платформасындағы материалдарды қолданатындарын көрсетеді, дегенмен бұл ресурстағы математикалық анализ курсына қатысты мемлекеттік тілде ұсынылатын сапалы материалдың көлеміне көңіл толмайды. Студенттердің пікіріне сүйенсек, қазақ тіліндегі оқулықтар мен Интернет желісінде қазақ тілінде ұсынылатын ақпараттың аздығы да білім алушылардың оқытушының ұсынатын материалымен шектелуіне себепкер болатындығын көрсетеді. Бұл дәрісте қамтылмаған қосымша материалды оқыту тілінен өзге тілдегі ресурстардан зерделеуге тапсырма алған кейбір білім алушылар үшін курсты меңгеруде қиындық туғызатыны күмән келтірмейді. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан оқытушылардың пікіріне сүйеніп, төменгі курс білім алушыларының өздігінен жұмыс жасауға дайындық деңгейінің негізінен төмен немесе орташа екендігін ескерсек, оқыту тілінен өзге тілдегі материалдарды математикалық анализ сынды базалық курстарды оқыту барысында негізгі ресурстардың бірі

ретінде қолдану мәселені тиімді шешу жолы емес екендігі түсінікті болады. Бұл мәселені шешу үшін математикалық анализ курсының оқытушылары студенттердің аудиториядан тыс уақытта да сапалы білім ала алулары үшін өздері де қажетті цифрлық білім беру ресурстарын, әдістемелік құралдарды даярлау жұмысына белсенді түрде ат салысу қажеттілігі туындайды. Яғни мемлекеттік тіліміздегі цифрлық білім беру ресурстарын арттыру мәселесі қазіргі таңда өзекті болып табылатындығы күмән тудырмайды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша ақпаратты жинау, талдау мен бағалау кезінде математикалық анализ курсына оқытуға қатысты келесі мәселелер:

- математикалық анализ курсына педагогикалық жоғары оқу орындарында оқыту барысында мамандықтың ерекшеліктерін ескеру жолдарын қарастыру;
- білім деңгейлері бір-бірінен едәуір ерекшеленетін студенттердің курсты жоспар бойынша толық меңгеріп, оқыту нәтижелеріне жетулері үшін, курсқа бөлінген кредит көлемін ескере отырып, оны ұйымдастыру әдістемесін жетілдіру;
- цифрлық технологияларды қолдану жағдайына байланысты курстың мазмұнын қайта құрылымдап, оқыту әдістемесін қайта қарастыру;
- өз бетімен жұмыс жасау дағдылары төмен студенттердің курс бойынша өзіндік жұмыстарын, студенттерді ынталандыратындай әдіс-тәсілдермен, ұтымды ұйымдастыру жолдарын іздестіру;
- оқытушылардың курсты оқыту барысында цифрлық технологиялар мен құралдарды қолдану ынталарын жоғарылату;
- курс бойынша қазақ тіліндегі оқу әдістемелік қамтамасыз ету құралдарының, соның ішінде цифрлық құралдарды қолдану арқылы цифрлық білім беру ресурстарының көлемін ұлғайту қажеттіліктері бар екендігі анықталды.

Сонымен қатар, студенттерге математикалық анализ курсы пәндерінің олардың болашақ кәсіби қызметінде маңыздылығы туралы түсініктерінің қалыптасуына, пәнді меңгеруге деген ынталары мен қызығушылықтарының артуына жағдай жасалуы керек деп есептейміз.

Аталған мақалада келтірілген тұжырымдар математикалық анализ курсының оқу нәтижелерін қайта қарастыруда және оны оқытуды ұйымдастыру жолдарын таңдауда пән оқытушыларына пайдалы ақпарат ретінде және математикалық пәндерді жоғары оқу орындарында оқыту бойынша зерттеулердің аумағын кеңейтуге өз үлесін қосады деген үміттеміз. Қарастырылған зерттеу нәтижелері оқытушылар мен студенттердің көзқарастарын негізге ала отырып, математикалық анализ курсына оқытудың

кейбір мәселелерін айқындауға көмектесті. Дегенмен осы жұмыста келтірілген әрбір мәселе әрбір жоғары оқу орны контекстінде жеке сапалы зерттеулерді жүргізуді қажет етеді. Сондықтан осы бағыттағы зерттеу жұмыстары әрі қарай жалғасын табуы керек деп есептейміз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Weber, K. Mejía-Ramos, J. P., Fukawa-Connelly, T., Wasserman, N.** Connecting the learning of advanced mathematics with the teaching of secondary mathematics: Inverse functions, domain restrictions, and the arcsine function // *The Journal of Mathematical Behavior*. – 2020. – Vol. 57. – P. 1-21. – <https://doi.org/10.1016/j.jmathb.2019.100752>

2 **Baldinger, E. E.** Learning Mathematical Practices to Connect Abstract Algebra to High School Algebra // *Connecting Abstract Algebra to Secondary Mathematics, for Secondary Mathematics*. – 2018. – P. 211–239. – https://doi.org/10.1007/978-3-319-99214-3_11

3 **Yan, X., Marmur, O., Zazkis, R.** Advanced Mathematics for Secondary School Teachers: Mathematicians' Perspective // *International Journal of Science and Mathematical Education*. – 2022. – Vol. 20. – №3. – P. 553–573. – <https://doi.org/10.1007/s10763-020-10146-x>

4 **Абылкасымова, А. Е., Жумагулова, З. А.** О некоторых аспектах содержания математического образования в школе и педвузе // *Наука и школа*. – 2016. – Т. 1. – С. 157–161.

5 **Umirkhanov, A., Abylkassymova, A., Tuyakov, Y., Zhadraveva, L., Ardabayeva, A.** Continuity in Teaching the Course Algebra and the Beginning of Analysis: Adaptation of Students to New Conditions // *Qubahan Academic Journal*. – 2024. – Vol. 4. – №3. – P. 796–808. – <https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a1050>

6 **Илиясова, Г. Б.** Реализация преемственности в обучении курсу математического анализа в школе и педагогическом вузе // *Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Педагогические науки»*. – 2020. – Т. 65. – №1. – С. 274–280. – <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.50>

7 **Zazkis, R., Leikin, R.** Advanced Mathematical Knowledge in Teaching Practice: Perceptions of Secondary Mathematics Teachers // *Math Think Learn*. – 2010. – Vol. 12. – №4. – P. 263–281. – <https://doi.org/10.1080/10986061003786349>

8 **Borba, M. C.** The future of mathematics education since COVID-19: humans-with-media or humans-with-non-living-things // *Educational Studies in Mathematics*. – 2021. – Vol. 108. – № 1–2. P. 385–400. – <https://doi.org/10.1007/s10649-021-10043-2>

9 **Konvisar, A. A., Bezhina, V. V., Mukanov, M. R.** Digital education in Kazakhstani teacher training system // *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology series*. – 2024. – Vol. 146. – №1. – P. 283–292.

10 **Mercader, C., Gairin, J.** University teachers' perception of barriers to the use of digital technologies: the importance of the academic discipline // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 2020. – Vol. 17. – №1. – P. 1-14. – <https://doi.org/10.1186/s41239-020-0182-x>

11 **Temel, H., Gur, H.** Opinions of elementary mathematics teacher candidates on the use of digital technologies in mathematics education // *Journal of Educational Technology and Online Learning*. – 2022. – Vol. 5. – №4. – P. 864–889.

12 **Felbrich, A., Kaiser, G., Schmotz, C.** The cultural dimension of beliefs: an investigation of future primary teachers' epistemological beliefs concerning the nature of mathematics in 15 countries // *ZDM – Mathematics Education*. – 2014. – Vol. 44. – №3. – P. 355–366. – https://doi.org/10.1007/978-94-007-6437-8_10

13 **Eichler, A., Erens, R.** Teachers' beliefs towards teaching calculus // *ZDM - International Journal on Mathematics Education*. – 2014. – Vol. 46. – № 4. – P. 647–659. – <https://doi.org/10.1007/s11858-014-0606-y>

14 **Wang, Y., Qin, K., Luo, C., Yang, T., Xin, T.** Profiles of Chinese mathematics teachers' teaching beliefs and their effects on students' achievement // *ZDM – Mathematics Education*. – 2022. – Vol. 54. – №3. – P. 709–720. – <https://doi.org/10.1007/s11858-022-01353-7>

15 **Rassool, N.** The Political Economy of English Language and Development: English vs. National and Local Languages in Developing Countries // *English and Development: Multilingual Matters*. – 2013. – P. 45–67.

References

1 **Weber, K. Mejía-Ramos, J. P., Fukawa-Connelly, T., Wasserman, N.** Connecting the learning of advanced mathematics with the teaching of secondary mathematics: Inverse functions, domain restrictions, and the arcsine function // *The Journal of Mathematical Behavior*. – 2020. – Vol. 57. – P. 1–21. – <https://doi.org/10.1016/j.jmathb.2019.100752>

2 **Baldinger, E. E.** Learning Mathematical Practices to Connect Abstract Algebra to High School Algebra // *Connecting Abstract Algebra to Secondary Mathematics, for Secondary Mathematics*. – 2018. – P. 211–239. – https://doi.org/10.1007/978-3-319-99214-3_11

3 **Yan, X., Marmur, O., Zazkis, R.** Advanced Mathematics for Secondary School Teachers : Mathematicians' Perspective // *International Journal of Science*

and Mathematical Education. – 2022. – Vol. 20. – №3. – P. 553–573. – <https://doi.org/10.1007/s10763-020-10146-x>

4 **Abylkassymova, A. E., Zhumagulova, Z. A.** O nekotoryh aspektah sodержaniya matematicheskogo obrazovaniya v shkole i pedvuze [On some aspects of the content of mathematical education in schools and pedagogical universities] // Science and School. – 2016. – Vol. 1. – P. 157–161.

5 **Umiralkhanov, A., Abylkassymova, A., Tuyakov, Y., Zhadrayeva, L., Ardabayeva, A.** Continuity in Teaching the Course Algebra and the Beginning of Analysis: Adaptation of Students to New Conditions // Qubahan Academic Journal. – 2024. – Vol. 4. – №3. – P. 796–808. – <https://doi.org/10.48161/qaj.v4n3a1050>

6 **Ilijassova, G. B.** Realizacija preemstvennosti v obuchenii kursu matematicheskogo analiza v shkole i pedagogicheskom vuze [Implementation of continuity in teaching the course of mathematical analysis in school and pedagogical university] // Bulletin of Abai KazNPU. Series of Pedagogical Sciences. – 2020. – Vol. 65. – №1. P. 274–280. – <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.50>

7 **Zazkis, R., Leikin, R.** Advanced Mathematical Knowledge in Teaching Practice: Perceptions of Secondary Mathematics Teachers // Math Think Learn. – 2010. – Vol. 12. – №4. – P. 263–281. – <https://doi.org/10.1080/10986061003786349>

8 **Borba, M. C.** The future of mathematics education since COVID-19: humans-with-media or humans-with-non-living-things // Educational Studies in Mathematics. – 2021. – Vol. 108. – № 1–2. P. 385–400. – <https://doi.org/10.1007/s10649-021-10043-2>

9 **Konvisar, A. A., Bezhina, V. V., Mukanov, M. R.** Digital education in Kazakhstanian teacher training system // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology series. – 2024. – Vol. 146. – № 1. – P. 283–292.

10 **Mercader, C., Gairin, J.** University teachers' perception of barriers to the use of digital technologies: the importance of the academic discipline // International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 2020. – Vol. 17. – №1. – P. 1–14. – <https://doi.org/10.1186/s41239-020-0182-x>

11 **Temel, H., Gur, H.** Opinions of elementary mathematics teacher candidates on the use of digital technologies in mathematics education // Journal of Educational Technology and Online Learning. – 2022. – Vol. 5. – №4. – P. 864–889.

12 **Felbrich, A., Kaiser, G., Schmotz, C.** The cultural dimension of beliefs: an investigation of future primary teachers' epistemological beliefs concerning the nature of mathematics in 15 countries // ZDM - Mathematics Education. – 2014. – Vol. 44. – №3. – P. 355–366. – https://doi.org/10.1007/978-94-007-6437-8_10

13 **Eichler, A., Erens, R.** Teachers' beliefs towards teaching calculus // ZDM - International Journal on Mathematics Education. – 2014. – Vol. 46. – №4. – P. 647–659. – <https://doi.org/10.1007/s11858-014-0606-y>

14 **Wang, Y., Qin, K., Luo, C., Yang, T., Xin, T.** Profiles of Chinese mathematics teachers' teaching beliefs and their effects on students' achievement // ZDM – Mathematics Education. – 2022. – Vol. 54. – №3. – P. 709–720. – <https://doi.org/10.1007/s11858-022-01353-7>

15 **Rassool, N.** The Political Economy of English Language and Development: English vs. National and Local Languages in Developing Countries // English and Development : Multilingual Matters. – 2013. – P. 45–67.

02.07.25 ж. баспаға түсті.

02.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Б. Илиясова¹, А. К. Искакова², Л. У. Жадраева³

^{1,2}Қазақский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Қазақский национальный педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 02.07.25.

Поступило с исправлениями 02.07.25.

Принято в печать 18.02.26.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ОБУЧЕНИЯ КУРСУ МАТЕМАТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА: МНЕНИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ И СТУДЕНТОВ

Это исследование было направлено на определение текущего состояния обучения курсу математического анализа в педагогических вузах Республики Казахстан в условиях цифровизации образования на основе изучения мнений студентов и преподавателей относительно аспектов обучения данному курсу. Для этой цели были разработаны две различные анкеты для каждой группы участников. Качественные данные были проанализированы посредством тематического анализа, а количественные данные с помощью статистического анализа. Результаты этого анализа показали, что процесс интеграции цифровых технологий в курс математического анализа требует существенного развития. Преподаватели и студенты

Біздің зерттеуіміз келесі гипотезаны дәлелдеуге бағытталған: қолданбалы сипаттағы есептерді қамтитын математикадағы стандартты емес есептерді, логикамен зерттеуге бағытталған есептерді шешу кезінде, орта мектеп оқушыларының зерттеу дағдылары қалыптасады.

2 кезеңде жүргізілген зерттеуде, 2022–2024 жылдар кезеңінде, жалпы алғанда, С. Рахимова атындағы жалпы орта мектеп, Шымкент қаласының №99 және №47 мектеп-гимназиялары, тоғызыншы сынып оқушылары арасынан, математиканы оқуда ерекше қабілеттерін және таным қажеттілігін көрсететін оқушылардан іріктеме (N=105) алынды.

2 кезеңнің нәтижелері, біздің зерттеуіміз, математикалық есептерді шешу мен оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру арасындағы оң байланысты көрсетті.

(іріктеме 51 дарынды оқушыны құрады). Гипотеза t-критерийімен дәлелденді. Мақалада осы зерттеудің шектеулері және болашақ зерттеулердің одан әрі бағыттары талқыланады.

Кілтті сөздер: зерттеу дағдылары, дарынды оқушылар, математикалық есептер, зерттеу, орта білім.

*Т. Мырзабек¹, Г. Зһетпісбайева²,
Р. Дуісебаева³, Ш. Алтынбек⁴

¹Auezov University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent;

²Zhanibekov University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent;

^{3,4}Auezov University,
Republic of Kazakhstan, Shymkent.

Received 12.02.25.

Received in revised form 12.11.25.

Accepted for publication 18.02.26.

FORMATION OF INQUIRY SKILLS OF STUDENTS WITH A HIGH LEVEL OF MATHEMATICAL KNOWLEDGE IN SECONDARY SCHOOL

The modern purpose of school education and general methodological approaches to the system of general secondary education are undergoing changes, especially with regard to the principles on which educational processes should be based. Relevant questions such as: do young people graduate from school with the scientific knowledge they need to make informed decisions in the modern world? Therefore, there is a contradiction between the need of society for a person with research skills and the insufficient formation of such skills in a secondary school student, which confirms the relevance of this topic and the need for its scientific research.

Our current research is aimed at exploring the hypothesis: solving non-standard problems in mathematics, including applied problems, logic, and research, forms the research skills of secondary school students.

As part of the study conducted in 2 stages, in the period 2022-2024, a sample (N=105) was used, which included ninth-graders from S. Rakhimov Secondary School, secondary schools No. 99 and No. 47 in Shymkent, showing outstanding abilities in teaching mathematics and the need for cognition. The results of the 2nd stage of our study, the sample of which was 51 gifted students, show a positive relationship between solving mathematical problems and the formation of students' research skills. The hypothesis is confirmed by the Student's t-test. The limitations of the study and the further directions of future research are discussed.

Keywords: research skills, gifted students, mathematical problems, research, secondary education.

FTAMP 14.25.07

<https://doi.org/10.48081/BGQF1841>

***Ы. А. Нәби¹, Ә. Ә. Төлбаев², Ө. Ш. Ібішев³**

¹Alikhan Bokeikhan University,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

²С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7247-4577>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5667-9208>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-3794-3949>

*e-mail: inabi@yandex.ru

«ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ» ПӘНІ МАЗМҰНЫН ҚАЙТАДАН ҚҰРУ

Талдау көрсеткендей, қолданыста бар пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы еліміздің орта білім беру саласындағы білім мазмұнына қойылытан талаптарға жауап бермейді. Мәселен, ол ел Президентінің тапсырмаларына, жоғары білім беру гранттарының көлемінің өсуіне қарай пән мазмұнының политехникалық бағытталуын қамтамасыз етпейді. Сондықтан мақалада «Графика және жобалау» пәні мазмұнын қайтадан құруды теориялық және эксперименттік зерттеулер тұрғысынан дәйектеу мәселесі шешілді. Ол үшін мынадай болжам тұжырымдалды: егер пән бойынша оқытудың мақсаты мен мазмұнының ғылыми негіздемесі әзірленсе, онда жоғары білім берудің белгіленген басымдықтары басшылыққа алынады, өйткені пән бойынша оқытудың мақсаттары мен мазмұны орта мектепте оқытудың мақсаттарына сәйкес келетін болады.

Әдіснамалық көзқарастарды қолдану арқасында зерттеудің ғылыми маңыздылығы артты, атап айтқанда динамикалық көзқарас пәннің даму ретроспективасын ашып беруге, іс-әрекеттік көзқарас инженерлік іс-әрекеттің сипаттамасын ескеруге мүмкіншілік берді. Пән материалының сатылап күрделенуі қағидатын басшылыққа алғанда пән мазмұнының моделі шырышықтар түрінде бейнеленді.

Эксперимент нәтижесі оқушылардың 57%-ы статикалық кеңістікті көз алдына елестету қабілетін иеленетінін, ал олардың 28%-ы оқуды жоғары оқу орнында оқуын жалғастыру үшін өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандықтарын қалайтынын көрсетті.

Алынған нәтижелер алға қойған болжамның дәлелденгенін көрсетті.

Кілтті сөздер: оқыту мазмұны, үлгілік оқу бағдарламасы, графика және жобалау, сызу, шиыршық қағидатымен күрделену, графикалық моделдеу, техникалық моделдеу

Кіріспе

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында орта білім беруде «21 ғасырдағы білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім беру мазмұнын жетілдіру қажет» екені атап өтілді [1]. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жалпы орта білім берудің базалық мазмұны білім алушыларды жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу мен дербестігін мақсатты дамыту үшін білім алушылардың академиялық дайындығын кіріктіру негізінде айқындалады» деп көрсетілген [2]. Демек, білім берудің осы деңгейдегі мақсаттарының бірі білім алушылардың ЖОО-да білім алуды жалғастыруға академиялық дайындығын қамтамасыз ету ретінде айқындалады. Осыған байланысты туындайтын сұрақ: «білім алушылар академиялық дайындықтың қандай түрін таңдай алады?». Әрине, орта білім беру жүйесінде аталған дайындықтың тек екі бағытының болуы көп таңдау жасата алмайды, бірақ елдің жоғары білім беру жүйесі басымдығы бұл сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл басымдық нақты белгіленген: 1) Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік тапсырыстың 65 %-ы машина жасау, көлік, энергетика, IT, құрылыс және инженерияны қоса алғанда, техникалық мамандықтарға бағытталған. 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 70 %-ға дейін, ал мемлекеттік тапсырыс көлемі 100 %-ға дейін өседі [3]; 2) 2024-2025 оқу жылына техникалық мамандықтарға жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында 19344 грант бөлінді, ол гранттардың жалпы санының 30 %-ын құрайды [4].

Орта мектеп тек екі бағыт бойынша оқытады, сондықтан оқу мазмұны білім алушыларды жоғары білім беру ұйымдарына түсу үшін экономиканың неғұрлым кең кәсіптеріне дайындау керек. Жоғарыда айтылғанды ескере

отырып, бұл кәсіптердің маңыздыларының ішінде техникалық мамандықтар болу керек. Біздің зерттеуімізше, болашақ өнеркәсіптік немесе құрылыс маман боламын деген оқушы саны тек 28%-ды құрайды (1-кесте). Оның себептерінің бірі – мектепте пропедевтикалық графикалық даярлаудың кемшіліктері. Сондықтан техникалық мамандықтарды математикалық қабілеттері бар талапкерлер таңдайтынын және тиісті оқыту нәтижесінде техникалық дайындалған түлектер техникалық бейіндегі міндеттерді жақсы орындайтынын ескере отырып, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқытудың мақсаты мен мазмұнын техника мен технология саласындағы құзыреттілікті қалыптастыруға бағыттау заңды болады.

Бірақ, егер біз үлгілік оқу бағдарламасының «Графика және жобалау» оқу пәніне арналған бөліміне тікелей жүгінетін болсақ, онда ол «графикалық кескіндер теориясының негіздерін зерттеуге және геометриялық-графикалық модельдеу әдістерін игеруге, студенттердің жобалық шығармашылық қызметін дамытуға, олардың графикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған» деп оқимыз [5]. Біздің ойымызша, бұл тұжырымдамадан студенттің университетке түсуі үшін нақты нәтиже қалыптастыру керек екендігі көрінбейді, өйткені жай «негіздерді зерттеу» жеткіліксіз, ал даму қолда бар нәрсеге негізделуі керек және де графикалық мәдениет – өте күрделі ұғым екенін ұмытпау керек, оны мектеп қабырғасында қалыптастыру мүмкін емес.

Сонымен, біздің зерттеу пәніміз белгілі бір оқу саласындағы білім беру мақсаттары мен мазмұнының бірлігі – графикалық даярлау болып табылады. Қолданыстағы ресми құжатта пән мақсаты дұрыс тұжырымдалмаған соң пән мазмұны да қайтадан қарастыруды талап етеді. Сондықтан біз мынадай болжамды дәлелдеуді жоспарлаймыз: егер пән бойынша оқытудың мақсаты мен мазмұнының ғылыми негіздемесі әзірленсе, онда жоғары білім берудің белгіленген басымдықтары басшылыққа алынады, өйткені пән бойынша оқытудың мақсаттары мен мазмұны орта мектепте оқытудың мақсаттарына сәйкес келетін болады.

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеудің бастапқы материалдары М. М. Хасенов, Ы. А. Нәби, Ә. Ә. Төлбаев, Ә. Ш. Ібішевтердің еңбектері, Ж. М. Есмұханның сызу бойынша оқулықтары, Министрліктің нормативтік құжаттары және т. б., яғни тиісті әдебиетті зерделеу болды. Сонымен қатар, инженерлерді кәсіби даярлауға, оның ішінде оларды графикалық даярлауға арналған қазақстандық ғалымдардың (А. М. Абдыров, Ж. Ж. Есмұханова, Ж. Ж. Жанабаев, Ә. Ш. Ібішев, А. К. Құсайынов, Т. К. Мұсалымов, Ы. А. Нәби, Б. Н. Нұрмаханов, Ә. П. Сейтешев, С. Смайылов, Ә. Ә. Төлбаев, Г. Г. Шапрова және т. б.) еңбектерін талдау университеттерде студенттердің графикалық даярлауының төмендігінің

себептерінің бірі олардың орта мектептегі сызу бойынша пропедевтикалық дайындығының әлсіздігі екенін көрсетті.

Зерттеуіміздің әдіснамалық негіздері дәлелді болу үшін әдіснамалық көзқарастарды іріктеуді өткіздік, атап айтқанда динамикалық және іс-әрекеттік көзқарастарды қарастырдық.

Динамикалық көзқарас қолданғанда зерттеу объектісі диалектикалық дамуда, себеп-салдарлық байланыстарда және бағыныштылықта қарастырылады, ретроспективті талдау және перспективалық талдау (болжам) жүргізіледі. «Сызу» пәнін оқытудың ретроспективасы оның өнеркәсіптік революция дәуірінде енгізілгенін көрсетеді, дегенмен проекциялау әдістері мен перспектива одан бұрын қолданылған, атап айтқанда «Математикалық трактаттарда» әл Фараби 100-ден астам геометриялық есеп келтіреді, олардың сызбаларын береді, оларды шешу жолдарын көрсетеді; орта ғасырлардағы еуропалық ғалымдар кескіндер теориясының негізін қалаушылар болып саналады; Ы. Алтынсарин өзі әзірлеген оқу жоспарына осы пәнді енгізді, бұған дәлел ретінде оның бір хатынан үзінді келтірейік: «... орыс тілі мен грамматикасы, география және сызу сияқты өздігінен оқытылатын пәндерге қарамастан ...» [6, 134-б.]. Содан бері пән совет өкіметі кезінде де, қазір де оқу жоспарларынан алынып тасталмады, бірақ оның мақсаттары мен мазмұны мезгіл-мезгіл реформаларға ұшырады. Сызу курсы оқушыларда бейнелі, логикалық және кеңістіктік ойлауды дамытуға ықпал етті, дәлдікті, байқағыштықты, табандылықты қалыптастырды. Осыған қарамастан, Ресейде курс 1989 жылы тоқтатылды, бірақ қазіргі уақытта ол біртіндеп мектеп жоспарларына қайта оралуда. «Графика және жобалау» жаңа форматтағы сызу пәні рөлін қайта қарау орта мектепте оқу сапасын жоғарылатуға жақсы мүмкіндік ашады.

Іс-әрекеттік көзқарас оқыту теориясының негізгі әдіснамалық құрамдас бөлігі болып табылады. Кеңестік педагогика ғылымында бұл көзқарастың мәні мен қағидаттары түбегейлі түзілген (мұны жүзеге асырған ғалымдардың есімдері белгілі). Бұл көзқараста екі ереже маңызды: іс-әрекетте оқытудың негізгі нәтижелері – тұлғалық, мета-пәндік және пәндік, сондықтан ол қалыптасады; оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін деңгейлер бойынша үнемі күрделене түсетін іс-әрекетті ұйымдастыру қажет, олар мыналар: қайта өндіру, ішінара іздеу, зерттеу (шығармашылық). Білім алушыларды болашақ іс-әрекетке даярлау үшін «Графика және жобалау» оқу пәні мазмұнына техникалық бағыт беру іс-әрекеттік көзқарасты іске асыру болып табылады. Бұған дәлел көп, тек екі мысал келтірейік: 1) «Инженердің кәсіби даярлығының негізін құрайтын заманауи техникалық білім беру жаратылыстану-ғылыми және математикалық білімді табыс

стуге бағытталған. <...> инновациялық инженерлік іс-әрекет – бұл жаңа техника мен технологияларды әзірлеу және құру, оның негізінде барған сайын күрделенетін ғылыми-техникалық міндеттерді шешу жатыр» [7]; 2) «Инженерия біздің әлемдегі мәселелерді шешу үшін математика мен жаратылыстану ғылымдарын қолданады. Инженерия технологиялық дамыған әлемді құру үшін қажет және оны жасайтын адамдар инженерлер деп аталады. Инженерлердің жұмысы – нәрселердің қалай жұмыс істейтінін талдау және өнертабыстар мен ғылыми жаңалықтардың жаңа қолданыстарын табу» [8].

Өз тарапымыздан бұған қосатынымыз: «<...> пән тұлғалық шығармашылық қасиеттерді дамытады, политехникалық даярлықты қамтамасыз етеді, жобалау-құрылымдау іс-әрекеті негіздерімен таныстырады» [9].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бұл жөнінде ресми ұстанымы мынадай: «Пәннің мақсаты бойынша «оқушылардың статикалық және динамикалық кеңістікті көз алдына елестету қабілетін шиыршықты күрделендіру қағидаты бойынша дамыту» деп мақсат қойылыпты. Бұл мақсатта көрсетілген «статикалық және динамикалық кеңістік» ұғымы 10-11-сынып білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай емес». Бұл пайымдаудың дұрыс еместігі теорияда да, практикада да совет және қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген. Мысалы, М. М. Хасенов Кеңес Одағы кезінде сызу сабақтарында ойлау іс-әрекетін белсендіру бойынша өзі әзірлеген есептердің тиімділігін дәлелдеді [10]; Ә.Ә.Төлбаев оқушылар мен 1-курс студенттерінің графикалық тапсырмаларды орындау кезінде ойлау процестері туралы эксперименттік деректер алды [11]. Дегенмен, біз қазіргі жағдайларды ескере отырып, эксперимент жүргіздік.

«Эксперимент (тәжірибе) – бұл зерттеуші жасанды жағдайлар жасау немесе тиісті қасиеттерді анықтауда қажетті табиғи жағдайларды пайдалану жолымен оған белсенді және мақсатты әсер ететін объектіні зерттеу әдісі» [12]. Автор эксперимент жүргізлетін 3 жағдайды бөліп шығарып отыр, біз олардың біреуін, яғни теориялық құрылыстардың дұрыстығын тексеру кезіндегісін, таңдаймыз.

Теориялық құрылымдар педагогикалық зерттеулерде моделдеу нысаны ретінде кең қолданылады. Оның себебі – модел белгілі бір зерттеу нысанының құрылымы, қызметі туралы шамамен, шектеулі түсінік білдіреді [13]. Біз моделдеуді пән бойынша оқытудың мақсаты мен мазмұнының ғылыми негіздемесін түзу үшін, яғни болжамның дұрыстығын дәлелдеу үшін, пайдаланамыз.

Нәтижелер және талқылау

Экспериментке 5 облыс пен Астана қаласының 10-шы сынып оқушылары қатысты (саны 370-тен асады). Біздің зерттеуіміз арнайы түзілген тапсырмалар көмегімен жүргізілді (1-сурет). Балалардан сызудың барлық ережелерін сақтау талап етілмеді, олар көріністерді сызбаның қай жерінде салса да, дұрыс болса болды деп есептелді.

Құрметті оқушы! Қоса беріліп отырған тапсырмаларды орындап берудің және саған қатысты цифралдың астын сызып берудің сұраймыз: 4 - мектебің қалалық; 5 - сен ұл баласың; 6 - сен өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандығына оқуға түсуді қалайсың

Уважаемый ученик! Просим выполнить прилагаемые задания, а также подчеркнуть цифры, относящиеся к тебе: 4 - твоя школа городская; 5 - ты мальчик; 6 - ты хочешь поступить на промышленную или строительную специальность


1. Аксонометриялық проекция мен берілген үстіңгі көрініс бойынша бас және сол жақ көріністерді салу керек (көріністердің шектері салынған)

По аксонометрической проекции и заданному виду сверху начертить главный вид и вид слева (границы видов начерчены)

2. Модельдің вертикаль бөлігін оның

горизонталь бөлігінің үстіне шаршылы және дөңгелек тесіктер осьтеріне біріктіре, ойша орналастырып, алынған модельдің көріністерін салу керек

Мысленно наложить вертикальную часть модели на горизонтальную часть так, чтобы оси квадратного и круглого отверстий совпали, начертить виды полученной модели



1-сурет – Тапсырмалар

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушылардың 57%-ы статикалық кеңістікті көз алдына елестету қабілетін иеленетінін көрсетті (1-кесте). Әрине, динамикалық кеңістікті көз алдына елестету қабілеті бұған қарағанда төмен екені заңды, сондықтан осы қасиетті дамыту керек, ал ол үшін математикалық және жалпы STEM пәндердің маңызы зор.

1-кесте – Тапсырмаларды орындау нәтижелері



1-тапсырманы орындау нәтижелері		
1 балл алғандар (%)		
Барлығы	Оның ішінде ұл балалар	Оның ішінде өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандығын таңдағандар
43	39	14
2 балл алғандар (%)		

Барлығы	Оның ішінде ұл балалар	Оның ішінде өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандығын таңдағандар
34	48	33
3 пен 4 балл алғандар (%)		
Барлығы	Оның ішінде ұл балалар	Оның ішінде өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандығын таңдағандар
28	58	48
100		28
2-тапсырманы орындау нәтижелері		
1 балл алғандар (%)		
Барлығы	Оның ішінде ұл балалар	Оның ішінде өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандығын таңдағандар
78	43	25
2 балл алғандар (%)		
Барлығы	Оның ішінде ұл балалар	Оның ішінде өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандығын таңдағандар
11	59	37
3 пен 4 балл алғандар (%)		
Барлығы	Оның ішінде ұл балалар	Оның ішінде өнеркәсіптік немесе құрылыс мамандығын таңдағандар
11	55	43
100		28

Кестеден аңғарылатын тағы бір жәйт – ол ұл балалар мен қыз балалар көрсеткіштері арасындағы айтарлықтай айырмашылықтың жоқтығы. Мұны анықтау мынадан шықты: «Графика және жобалау» оқулығына жазылған сараптамалардың біреуінде оқулықта ұлдар мен қыздарға арналған, қала немесе ауыл балаларына арналған бөлек-бөлек тапсырмалар жоқ деп жазылған болатын.

Оқушылардың жауаптарын бағалау үшін көрсеткіштер тағайындалды (2-кесте).

2-кесте – Бағалау көрсеткіштері

1-тапсырма		
балл	сипаттама	4-ке бағаланған тапсырма
5	Тапсырма дұрыс орындалған	
4	2 көрініс салынған, бірақ проекциялық байланыс сақталмаған	
3	1 қатесіз көрініс салынған	
2	1 көрініс салынған, бірақ қате бар	
1	Тапсырма орындалмаған	
2-тапсырма		
балл	сипаттама	4-ке бағаланған тапсырма
5	Тапсырма дұрыс орындалған	
4	2 көрініс салынған, бірақ проекциялық байланыс сақталмаған	
3	1 қатесіз көрініс салынған	
2	1 көрініс салынған, бірақ қате бар, мысалы шаршы салынған, дене бөлігі жоқ	
1	Тапсырма орындалмаған	

Жаңартылған білім беруге қойылатын талаптардың бірі – шиыршық қағидаты бойынша сыныптан сыныпқа оқу материалының да, оқу іс-әрекетінің де күрделенуі. Біздің ойымызша, материалдың күрделенуі келесі белгілерге сәйкес болуы керек: немесе зерттеу нысанының күрделенуі, немесе ақыл-ой әрекетінің күрделенуі, немесе өнімділіктің жоғарылауы. Олай болса, «Графика және жобалау» курсына 10-шы және 11-ші сыныптардағы тақырыптар бір-бірін қайталамауы керек, ал күрделену келесідей атқарылуы керек: 1) зерттеу нысанының – алдымен геометриялық пішіндер, содан кейін геометриялық денелер, содан кейін бұйымдар; 2) ақыл-ой әрекетінің күрделенуі статикалық кеңістікті көз алдына елестетуден динамикалық кеңістікті көз алдына елестетуге дейін; 3) өнімділіктің жоғарылауы – компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқасында. Жоғарыда айтылғанға сәйкес, бұл үдерістер бірінің артынан бірі емес, қатарлас өту керек.


Оқу материалының күрделенуі қағидаты белгілі ғалымдар Н. Н. Нұрахметов, Ж. Жадрин және басқалар еңбектерінде дәйектелген.

Мысалы, С. Д. Мұқанованың айтуынша, «Научные основы определения состава и набора учебных предметов» атты мақалада М. Ж. Жадрин білім беру мазмұнын реттеуге 2 әдісті тұжырымдады: 1) пәндік қағидат, 2) нысандық қағидат [14].

Түйсікке жүгінсек, компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқасында өнімділіктің жоғарылауы анық болып көрінеді. Дегенмен, бізде эксперименттік дәлелдер бар. 2006–2009 жылдары Қазақ ұлттық аграрлық университетінде хронометраж әдісімен мынадай эксперимент жүргізілді: сызба геометрия және инженерлік графика пәні бойынша тапсырмаларды орындау үшін студенттер қанша уақыт жұмсайтыны анықталды. Эксперимент нәтижелерін тек «проекциялау сызуы» бөлімі үшін келтірейік (2-сурет), олар [15] мақаласындағы кестенің үзіндісінен алынды. Неге тек осы бөлім және неге осы мақалаға сілтеме жасаймыз? Жауап: дәл осы бөлімде берілген тапсырмаларды 2017 жылы Компас 3D компьютерлік бағдарламасын қолданып Қаржы академиясы студенттері орындады, ал нәтижелер аталған мақалада жарияланды (3-сурет).

Тапсырма тақырыбы	Тапсырма есебінің аталуы	Жұмыс түрлеріне жұмсалған уақыт мөлшері (мин)					
		Есеп шартымен танысу, әдібиет оқу	Есепті жаттығу қағазына шығару	Кеңес алу	Есепті сызба қағазына сызу	Тексергеннен кейін жетілдіру	Сызбаны рәсімдеу
Сызбалардағы кескіндер	Аксонометрия	12,72	48,74	6,2	79,91	7,73	22,07
	Жай тілік	11,91	40,58	5,72	67,54	7,58	19,99
	Жегілікті тілік	8,41	42,19	6,16	67,12	6,8	20,57
	Сынық тілік	13,76	60,8,	7,67	98,7	8,75	20,46
	Сатылы тілік	12,71	56,78	8,04	96,01	7,84	18,67
Барлығы		59,22	249,12	33,80	409,28	38,41	101,75

2-сурет – 2006–2009 ж. эксперимент нәтижелері



3-сурет – 2017 ж. эксперимент нәтижелері

Екі суреттегі сандарды салыстырсақ, тапсырмаларды орындау үшін студенттер компьютерді қолданғанда әртүрлі орындау кезеңдеріне байланысты 6...11 есе аз уақыт жұмсайтынын көреміз. Болашақта Компас 3D бағдарламасын қолдануға болады, себебі сызба салу ережелері біздің елемімізде мемлекет аралық стандарттар бекіткен ережелерге сәйкес келеді.


Жоғарыда айтылғанның негізінде пән мазмұнының моделі 4-суретте көрсетілгендей бейнеленеді.



4-сурет – Пән мазмұнының моделі

Енді суретке түсіндіру келтірейік. Тұтас сызықпен «дәстүрлі» сызу пәнінің мазмұны көрсетілген. Бұл пәнде сызбалар кәдімгі сызу құралдарымен жасалады. Үзілме сызықпен компьютерлік графикалық редакторлармен меңгерілетін тақырыптар көрсетілген. Геометриялық моделдеу, 2D және 3D моделдеу түсінікті болу керек, ал техникалық моделдеу деген не? Техникалық (немесе параметрлік) моделдеу – бұл техникалық сипаттағы 3D нысандарды (тістегеріштер, төлкелер, бекітпелер және басқа тетікбөлшектер) құру. Моделдеудің бұл түрінде оны қолданыстағы механизмдерде одан әрі пайдалануға байланысты моделдеу нысанының белгілі бір ерекшелігі ескеріледі [16]. Біздің ойымызша, егер осы анықтамаға сүйенсек, 11-сынып оқушыларына күрделі моделдеуді үйретпей, техникада жиі кездесетін тетікбөлшектердің моделдерін салуды үйрету жеткілікті. Құрылымдау графикасы проекциялық сызуға (2D және 3D моделдеуге) қарағанда күрделі үдеріс, себебі мұнда кескінді немесе зат пішінін түрлендіруді жасау керек, ал ол үшін динамикалық кеңістікті көз алдына елестету қабілеті керек (суретте үшінші шиыршық оны күрделетпеу мақсатында сызылған жоқ).

Оқу материалының шиыршық қағидатымен күрделенуін былай көрсетуге болады: геометриялық фигурадан (шеңбер) геометриялық денеге (цилиндр), кейін геометриялық модель (цилиндр мен призма), одан соң бұйым (ось), ал ось кейбір біріктіру бірлігіне құрамдас бөлік болып кіреді (5-сурет).



5-сурет – Оқу материалының шиыршық қағидатымен күрделенуі мысалы

Қорытынды

«Графика және жобалау» оқу пәні оқушылардың көрнекі-бейнелі, кеңістіктік, қисындық, абстрактілі ойлау қабілеттерін және олардың эстетикалық талғамын одан әрі дамытуды жалғастырады.

Пән мазмұнын түзу кезінде мыналар ескерілді:

1) пәнді оқытудың мақсатына қол жеткізу кескіндерді орындау арқылы ақпаратты визуалдаудың графикалық тәсілдері мен құралдарын игеру арқылы және техникалық сызбалар мен оқу жобалауын орындау дағдылары негізінде жүзеге асады;

2) пән мазмұнын шиыршық қағидатына сүйене отырып қайтадан құру еліміздің орта білім беру саласындағы білім мазмұнына қойылатын талаптарға жауап береді, оның политехникалық бағытталуын қамтамасыз етеді;

3) сауалнама нәтижелері бойынша ұсынылғын пән мазмұны осы пәннен сабақ беретін мұғалімдердің қолдауын тапты.

Жалпы алғанда мақалада тұжырымдалған болжам дәйектелді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. [Мәтін] – [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz>.

2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348

бұйрығы. [Мәтін]. – [Электронды қор]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>.

3 Служба центральных коммуникаций при Президенте Республики Казахстан [Текст] – [Электронный ресурс]. – URL: <https://ertistv.kz/ru/news/33202>.

4 Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 118 бұйрығы. [Мәтін]. – [Электронды қор]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G24HN000118>.

5 10–11 сыныптарға арналған «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 129-қосымша) [Мәтін]. – [Электронды қор]. – URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>.

6 **Алтынсарин, И.** Наставление заведующему актюбинским двухклассным училищем по методике преподавания / В сб.: Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К. Б. Жарикбаев, С. К. Калиев [Текст]. – Алматы : Рауан. – 1995. – 512 с.

7 **Гурье, Л.** Методологическая подготовка в технологическом университете [Текст] // Высшее образование в России. – 2004. – № 2. – С. 66.

8 Engineering Activities and Lessons [Text] – [Электронды қор]. – URL: <https://www.elevators.com/engineering-activities-and-lessons/>.

9 **Нәби, Ы.** «Графика және жобалау». – Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп. – 140-б. [Мәтін]. – URL: [Электронды қор]. – <https://okulyk.kz>.

10 **Хасенов, М. М.** Методика обучения учащихся способам мысленного преобразования предметов по изображениям [Текст]: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Хасенов Марат Мажитович. – Алматы, 1993. – 22 с.

11 **Төлбаев, Ә. Ә.** Білім беру жүйесінде графикалық даярлықты сатылап жүзеге асыру. Монография: [Мәтін]. – Астана, С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ. 2023. – 128 б.

12 **Абдигалиева, Т. Б.** Ғылыми зерттеулердің әдістемесі: Оқу құралы. – [Мәтін]. – Алматы : АТУ РББ, 2019. – 137 б.

13 Философский энциклопедический словарь / ред.-сост. Е. Ф. Губский и др. – [Текст]. – М. : ИНФРА-М, 2009. – 569 с.

14 **Муканова, С. Д.** Макпал Жадрина: гражданин, ученый, педагог [Текст] // Білімді ел. 03.02.2021.

15 Инжиниринговый центр адаптивных технологий. [Текст]. – [Электронный ресурс]. – URL: [https:// rt-ecat.ru/tehnicheskoe-modelirovanie](https://rt-ecat.ru/tehnicheskoe-modelirovanie)

16 **Nabi, Y., Ibishev, U.** Methodology for Determining the Laboriousness of Assignments by Graphic Disciplines [Text] // Sumerianz Journal of Education, Linguistics and Literature. – 2018. – Vol. 1, No. 2. – P. 61–67.

References

1 Qazaqstan Respwblıkasında mektepke deyingi, orta, texnikalıq jáne käsıptik bilim berwdi damıtwdıń 2023–2029 jıldarǵa arnalǵan tujırmdamasın bekitw twralı.- Qazaqstan Respwblıkası Úkimetiniń 2023 jılǵı 28 nawrıздаǵı № 249 qawlısı. URL [https:// www.adilet.zan.kz > kaz](https://www.adilet.zan.kz/kaz) [Concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education of the Republic of Kazakhstan for 2023 – 2029. Approved by Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 249. [Elektronnyy resurs] – URL: [https:// adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249).

2 Mektepke deyingi tárbiye men oqıtwdıń, bastawısh, negizgi orta, jalpı orta, texnikalıq jáne käsıptik, orta bilimnen keyingi bilim berwdiń memlekettik jalpıǵa mindetti standarttarın bekitw twralı. - Qazaqstan Respwblıkası Oqw-aǵartw mınıstriniń 2022 jılǵı 3 tamızdaǵı № 348 buyırǵı. [State compulsory standard of general secondary education. Appendix 4 to the order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348] [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>.

3 Sluzhba tsentral'nykh kommunikatsiy pri Prezidente Respubliki Kazakhstan [Central Communications Service under the President of the Republic of Kazakhstan] [Text]. – URL: <https://ertistv.kz/ru/news/33202>.

4 Respwblıkalıq byudjetten qarjılandırılattın bilim berw uyımdarında joǵarı nemese joǵarı oqw ornınan keyingi bilimi bar kadrlardı dayarlawǵa arnalǵan memlekettik bilim berw tapsırısın bekitw twralı. Qazaqstan Respwblıkası Ǵılım jáne joǵarı bilim mınıstriniń 2024 jılǵı 18 nawrıздаǵı № 118 buyırǵı. [On approval of the state educational order for the training of personnel with higher or postgraduate education in educational organizations financed from the republican budget .Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated March 18, 2024 No. 118.]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/G24HN000118>.

5 10–11 sınıptarǵa arnalǵan «Grafika jáne jobalaw» oqw pāni boyınsha úlgilik oqw baǵdarlaması (Qazaqstan Respwblıkası Bilim Mınıstriniń 2022 jılǵı 16 qırkúyektegi № 399 buyırǵına 129-qosımsha) [Model curriculum for the academic subject “Graphics and Design” for grades 10-11 of general secondary

education. Appendix 129 to the order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated September 16, 2022 No. 399].

6 **Alty`nsarin, I.** Nastavlenie zaveduyushhemu aktyubinskim dvuxklassny`m uchilishhem po metodike prepodavaniya / V sb.: Antologiya pedagogicheskoy my`sli Kazaxstana / Sost. K.B.Zharikbaev, S.K.Kaliev. – Almaty` [Instruction to the head of the Aktobe two-grade school on teaching methods/ In the collection: Anthology of pedagogical thought of Kazakhstan / Comp. K. B. Zharikbaev, S.K.Kaliev] [Text]. – Алматы : Rauan. – 1995. – 512 s.

7 **Gurje, L.** Metodologicheskaya podgotovka v texnologicheskom universitete. Vy`sshee obrazovanie v Rossii. № 2, 2004. S.66 [Methodological training at a technological university] [Text] // Higher education in Russia. – 2004. – No. 2. – P.66

8 Engineering Activities and Lessons [Text] – <https://www.elevators.com/engineering-activities-and-lessons/>.

9 **Nābi, Y`.** «Grafika jáne jobalaw». – Jalpı bilim beretin mekteptiń 11-sınıbına arnalǵan oqwlıq. –Almaty: Mektep. – 140-b. –[https:// okulyk.kz](https://okulyk.kz) [“Graphics and design”. –Textbook for the 11th grade of a comprehensive school] [Text]. – Almaty : School. – P. 140.

10 **Xasenov, M. M.** Metodika obucheniya uchashhixsya sposobam my`slenogo preobrazovaniya predmetov po izobrazheniyam [Text]: avtoref. dis. ... kand. ped. nauk. – Almaty`, 1993. – 22 p. [Methods of teaching students how to mentally transform objects from images [Text]: author’s abstract. dis. ... Candidate of Pedagogical Sciences / Hasenov Marat]. – Almaty. – 1993. – 22 p.

11 **Tōlbaev, Ā. Ā.** Bilim berw júyesinde grafikalıq dayarlıqtı satılap júzege asırw. Monografiya: [Sales and implementation of graphic training in the educational system. Monograph:] [Text]. – KazATZU named after S. Seifullin. – Astana. –2023. –128 p.

12 **Abdigaliev, T. B.** Ǵılımı zerttewlerdiń ādistemesi: Oqw quralı [Methodics of scientific research: a manual] [Text]: Almaty: ATU RBB. – 2019. – 137 b.

13 Filosofskij énciklopedičeskij slovar' / red.-sost. E.F. Gubskij i dr. [Philosophical encyclopedic dictionary / ed.-comp. E.F. Gubsky et al.] [Text]. – Moscow : INFRA-M., 2009. – 569 s.

14 **Mukanova, S. D.** Makpal Zhadrina: grazhdanin, ucheny`j, pedagog // Bilimdi el. 03.02.2021 [Mukanova S.D. Makpal Zhadrina: citizen, scientist, teacher] [Text] // Bilimdi el. 03.02.2021.

15 Inzhiringovy`j centr adaptivny`x texnologij [Adaptive Technology Engineering Center] [Text]. – URL: <https://rt-ecat.ru/tehnicheskoe-modelirovanie>.

16 **Nabi, Y., Ibishev, U.** Methodology for Determining the Laboriousness of Assignments by Graphic Disciplines [Text] // Sumerianz Journal of Education, Linguistics and Literature. – 2018. – Vol. 1, No. 2, pp.61–67.

02.04.25 ж. баспаға түсті.

02.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Ы. А. Нәби¹, Ә. Ә.Төлбаев², У. Ш. Ибішев³*

¹Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей;

²Казахский агротехнический исследовательский

университет имени С. Сейфуллина,

Республика Казахстан, г. Астана;

³Казахский национальный аграрный исследовательский университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 02.04.25.

Поступило с исправлениями 02.04.25.

Принято в печать 18.02.26.

ПЕРЕСТРОЙКА СОДЕРЖАНИЯ ПРЕДМЕТА «ГРАФИКА И ПРОЕКТИРОВАНИЕ»

Как показал анализ, действующая типовая учебная программа по предмету не отвечает требованиям, предъявляемым к содержанию образования в сфере среднего образования страны. Так, он не обеспечивает политехническую направленность содержания дисциплины в связи с поручениями Президента страны и тенденцией роста объема грантов высшего образования. Поэтому в статье решена проблема обоснования перестройки содержания предмета «Графика и проектирование» с позиций теоретических и экспериментальных исследований. Для этого сформулировано следующая гипотеза: если будет разработано научное обоснование цели и содержания обучения по предмету, то они будут отвечать установленным приоритетам высшего образования, поскольку цели и содержание обучения по предмету будут соответствовать целям обучения в средней школе.

Благодаря использованию методологических подходов возросла научная значимость исследования, в частности динамический подход позволил раскрыть ретроспективу развития дисциплины, деятельностный подход позволил учесть характеристику инженерной деятельности. Руководствуясь принципом поэтапного усложнения материала предмета, модель содержания дисциплины изображена в виде спиралей. Результат эксперимента показал, что 57% учащихся обладают статическими пространственными представлениями, а 28 % из них предпочитают поступить на промышленные или строительные специальности, чтобы продолжить обучение в вузе.

Полученные результаты показали, что выдвинутая гипотеза доказана.

Ключевые слова: содержание обучения, типовая учебная программа, графика и проектирование, черчение, усложнение по принципу спирали, графическое моделирование, техническое моделирование.

**Y. A. Nabi¹, A. A. Tolbaev², U. S. Ibishev³*

¹Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey;

²Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin,

Republic of Kazakhstan, Astana;

³Kazakh National Agrarian Research University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 02.04.25.

Received in revised form 02.04.25.

Accepted for publication 18.02.26.

RESTRUCTURING THE CONTENT OF THE SUBJECT “GRAPHICS AND DESIGN”

As the analysis showed, the current standard curriculum for the subject does not meet the requirements for the content of education in the field of secondary education in the country. Thus, it does not provide a polytechnic orientation of the content of the discipline in connection with the instructions of the President of the country and the trend of growth in the volume of grants of higher education. Therefore, the article solves the problem of substantiating the restructuring of the content of the subject “Graphics and design” from the standpoint of theoretical and experimental

research. For this purpose, the following hypothesis is formulated: if a scientific justification for the purpose and content of teaching in the subject is developed, then they will meet the established priorities of higher education, since the goals and content of teaching in the subject will correspond to the goals of teaching in secondary school.

Due to the use of methodological approaches, the scientific significance of the research has increased, in particular, the dynamic approach has allowed to reveal a retrospective of the development of the discipline, the activity approach has allowed to take into account the characteristics of engineering activities. Guided by the principle of gradual complication of the subject material, the model of the discipline content is depicted in the form of spirals. The result of the experiment showed that 57% of students have static spatial representations, and 28% of them prefer to enroll in industrial or construction specialties in order to continue their studies at a higher school.

The results showed that the proposed hypothesis has been proven.

Keywords: teaching content, type curriculum, graphics and design, drawing, spiral-based complication, graphical modeling, technical modeling.

МРНТИ 14.07.09

<https://doi.org/10.48081/BGQF1842>

***М. С. Оразалина¹, Г. З. Бейсембаева²**

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-1192-2862>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4024-6470>

*e-mail: suess@bk.ru

К ВОПРОСУ О ФОРМИРОВАНИИ ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

В статье рассматривается диагностический этап формирования лексикографической компетенции студентов, изучающих иностранный язык. Исследование направлено на определение уровня владения словарными ресурсами, выявление основных трудностей при их использовании и анализ факторов, влияющих на эффективность работы со словарями. Для достижения этой цели проведено анкетирование 518 студентов бакалавриата и магистратуры гуманитарных факультетов различных вузов. Анализ собранных данных позволил выявить различия в стратегии использования словарей на разных этапах обучения, установить распространённые затруднения и определить степень сформированности навыков критического анализа словарных статей. Обнаружено, что у студентов наблюдаются разрозненные знания о типах словарей, а также недостаточная способность к оценке и сопоставлению определений из разных источников. Это подтверждает необходимость целенаправленного обучения методике работы со словарными ресурсами. На основе проведённого исследования предложены методические рекомендации, ориентированные на интеграцию словарных практик в образовательный процесс, использование цифровых технологий для формирования лексикографической компетенции и внедрение инновационных подходов к обучению. Результаты исследования могут быть использованы при модернизации учебных программ, разработке специализированных курсов и создании интерактивных

учебных материалов, направленных на развитие навыков работы со словарями у студентов языковых специальностей.

Ключевые слова: лексикографическая компетенция, словари, анкетирование, методика преподавания, педагогические стратегии, профессиональная подготовка.

Введение

Компетенция, происходящая от латинского *competentia* («соответствие, пригодность»), представляет собой интеграцию знаний, навыков и умений, позволяющих индивиду эффективно выполнять задачи в определенной сфере деятельности. В контексте профессиональной деятельности компетенция определяется как способность специалиста решать специфические задачи, опираясь на соответствующие знания и опыт. Лексикографическая компетенция, являясь специализированным аспектом общей компетенции, подразумевает умение эффективно использовать разнообразные словарные ресурсы для решения познавательных коммуникативных и учебных задач. Она включает способность выбирать подходящий тип словаря в зависимости от конкретной задачи, умение ориентироваться в структуре словарной статьи, а также навыки извлечения и интерпретации необходимой информации. Черняк В.Д. отмечает, что лексикографическая компетенция является важной составляющей профессиональной подготовки специалистов, особенно в области филологии [1, с. 600].

Формирование лексикографической компетенции у студентов, изучающих иностранный язык, предполагает систематическую работу по развитию навыков использования словарей. В современном образовательном пространстве, где значительное место занимают электронные и онлайн-ресурсы, особую значимость приобретает способность осознанно и эффективно применять различные типы лексикографических ресурсов для решения языковых задач. Реализация данной работы может включать выполнение студентами учебно-исследовательских заданий, направленных на развитие соответствующих умений, таких как составление лексикографического портрета слова, анализ фрагментов текста с опорой на различные словари, а также редактирование текстов с использованием словарных данных. Использование указанных средств способствует не только формированию лексикографической компетенции, но и повышению общего уровня языковой культуры студентов.

Актуальность исследования обусловлена следующими ключевыми факторами. В современном мире словари и энциклопедии занимают особое место, отражая синтагматические и парадигматические аспекты языка

культуры. Массовое внимание к этим ресурсам подчеркивает их значимость в познавательной деятельности. Однако эффективное использование различных типов словарей требует специальных навыков, что актуализирует необходимость формирования лексикографической компетенции у студентов.

Исследования, в том числе международные, показывают, что многие студенты испытывают трудности при работе со словарями, особенно в контексте изучения иностранных языков. Это связано с недостаточным умением выбирать подходящий словарь, ориентироваться в его структуре и извлекать необходимую информацию [2; 3; 4]. Таким образом, диагностика и последующее развитие этих навыков становятся необходимыми для повышения эффективности обучения. Актуальность исследования подтверждается рядом научных работ. В работе В.Д. Черняк подчеркивается, что выбор соответствующего словаря для решения конкретных коммуникативно-познавательных задач требует особых навыков, что делает формирование лексикографической компетенции неотъемлемой частью профессиональной подготовки специалистов [5, с. 7]. Никитина Т.Г. отмечает, что умение эффективно использовать словари является ключевым для решения профессиональных задач и организации работы учащихся со словарями разных типов [6, с. 139]. Давыдова Ю. Г. анализирует лингводидактический потенциал англоязычных корпусов и предлагает разнообразные задания, способствующие углублению знаний в области семантики и прагматики лексических единиц для формирования лексикографической компетенции [7, с. 110].

В рамках данной статьи нами дается ряд методических рекомендаций, направленных на диагностику и формирование лексикографической компетенции у студентов, изучающих иностранный язык. Ключевым инструментом для достижения этой цели выступает метод анкетирования, который позволяет выявить текущий уровень навыков и предпочтений студентов в использовании различных типов словарей. Результат полученных данных позволяет определить существующие пробелы и потребности в области лексикографической подготовки обучающихся. На основе результатов анкетирования нами разработаны целенаправленные методические подходы, способствующие эффективному формированию лексикографической компетенции, что, в свою очередь, безусловно, повысит общую языковую подготовку студентов.

Методы и материалы

Основным методом для сбора эмпирических данных выступает анкетирование, которое представляет собой метод педагогического

исследования, заключающийся в опосредованном общении между исследователем и респондентом посредством специально разработанных опросников — анкет. Данный метод позволяет получить вербальную информацию, не всегда доступную через другие методы, и обеспечивает возможность количественной обработки данных. Целью анкетирования является выявление текущего уровня навыков и предпочтений студентов в использовании различных типов словарей при изучении иностранного языка. Структура анкеты включает открытые и закрытые вопросы, предполагающие выбор из предложенных вариантов и самостоятельные ответы. Анкетирование проводится как в письменной форме, так и посредством Google Forms, что минимизирует влияние исследователя на ответы респондентов и способствует повышению объективности получаемых данных. Онлайн-формат расширяет географические границы исследования, позволяя привлекать участников из различных регионов без значительных временных и финансовых затрат. Кроме того, использование электронных анкет обеспечивает автоматизацию сбора и обработки данных, повышая точность и оперативность анализа результатов. Собранные данные подвергаются статистической обработке для выявления общих тенденций и особенностей в использовании словарных ресурсов студентами. Полученные результаты служат основой для разработки методических рекомендаций по формированию лексикографической компетенции.

Таким образом, метод анкетирования в нашем исследовании позволяет получить достоверную и репрезентативную информацию о навыках и предпочтениях студентов в использовании словарей, что является необходимым этапом для разработки эффективных педагогических подходов, направленных на повышение их лексикографической компетенции.

Результаты и обсуждение

Для всестороннего изучения аспектов лексикографической компетенции в исследовании приняли участие студенты и магистранты филологических факультетов ряда ведущих университетов, включая студентов Евразийского гуманитарного Института, Университета Искусств, Евразийского Национального университета им Л.Н. Гумилева, активно изучающие иностранные языки. С целью оценки уровня лексикографической компетентности учащихся была разработана анкета, состоящая из 16 вопросов и содержащая следующие направления: осознание необходимости использования словарей; предпочтения в выборе типов словарей; знание структуры и особенностей различных словарей; критический анализ и оценка словарных определений; навыки работы со словарной статьёй; навыки самостоятельного лексикографирования; практические навыки применения

словарей в будущем; навыки, способствующие эффективному овладению иностранного языка.

Респондентами явились 518 участников, а именно бакалавры 1–4 курсов, магистранты 1–2 курсов филологических/гуманитарных факультетов указанных вузов. Равномерное распределение респондентов по курсам, позволило обеспечить репрезентативность данных и снизить возможные статистические искажения. Обработка данных проводилась с применением метода приведения количественных данных к процентному соотношению. Для обеспечения корректного сравнения результатов между уровнями подготовки, общее количество анкетироваемых на каждом курсе принималось за 100%, а затем распределение ответов переводилось в процентные значения. Такой метод широко применяется в социологических и образовательных исследованиях, поскольку позволяет унифицировать данные, обеспечивая возможность объективного сравнения групп разной численности. Использование процентного распределения вместо абсолютных значений позволило визуализировать динамику формирования лексикографической компетенции студентов, облегчая интерпретацию результатов. Таким образом, были получены объективные результаты, отражающие реальные тенденции использования словарей студентами разных уровней обучения.

Ниже представлены ключевые вопросы анкеты, анализ полученных ответов и соответствующие графические данные, что позволяет глубже понять текущий уровень лексикографической компетенции студентов и определить направления для ее совершенствования.

Вопросы анкеты:

1) «Как часто вы обращаетесь к словарям при изучении иностранного языка?»

Анализ полученных результатов выявил, что наиболее высокий процент обращения к словарям отмечается у студентов 1–2 курсов (80 % и 78 % соответственно), особенно при выполнении домашних заданий и переводе текстов. Это связано с ограниченным словарным запасом и необходимостью точного понимания новых слов и выражений. Студенты 3–4 курсов бакалавриата обращаются к словарям при работе с специализированной литературой или при подготовке научных работ, где требуется глубокое понимание терминологии, таким образом использование словарей становится более выборочным (регулярное использование 65 % и 62 %). Результаты ответов магистрантов показали, что они реже используют словари в повседневной учебной деятельности, полагаясь на ранее накопленные знания (40 % и 38 % соответственно). Однако при проведении исследований или

написании научных статей обращение к специализированным словарям и справочникам становится необходимым. В силу постоянно меняющегося лексического состава языка необходимость в обращении к словарям будет безусловно возрастать.

На рисунке 1 представлено графическое отображение результатов.




Рисунок 1 – Частота использования словарей

2) «Какие виды словарей вы используете чаще всего (бумажные, электронные, онлайн-словари)?»

Анализ данных (рисунок 2) демонстрирует увеличение предпочтений студентов в использовании словарей по мере академического роста. Студенты 1–2 курсов преимущественно используют онлайн-словари и мобильные приложения (Promt, Multitran.ru, Lingvo) из-за их удобства и скорости (80 % и 78 % соответственно). Бумажные словари востребованы лишь в 2–4 % случаев, главным образом при детальном изучении лексических тем. На 3–4 курсах сохраняется высокая популярность онлайн-ресурсов (76 % и 56 %), однако возрастает осознание их ограничений (недостаточная точность, отсутствие контекста). Электронные словари (multitran.ru, reverso.net Lingvo, Longman Dictionary) становятся предпочтительными за счет более точных дефиниций, а бумажные издания используются преимущественно в академической деятельности (написание курсовых и научных работ). Магистранты отдают приоритет специализированным электронным словарям и корпусным базам данных (Oxford Dictionary,

Cambridge Dictionary, терминологические словари). Бумажные словари применяются фрагментарно, главным образом при анализе классических текстов и терминологии.

Таким образом, с повышением уровня языковой подготовки наблюдается сдвиг от онлайн-ресурсов общего пользования к специализированным лексикографическим источникам, отражающий формирование лексикографической компетенции.



Рисунок 2 – Использование типов словарей

При выявлении предпочтения в выборе типа словарей (двуязычные или одноязычные) студенты на младших курсах предпочитают использовать двуязычные онлайн-словари. Это объясняется тем, что они еще не обладают достаточными навыками для работы с оригинальными определениями. К старшим курсам увеличивается доля одноязычных словарей, поскольку они позволяют лучше понимать смысл слов в контексте. Магистранты делают акцент на специализированные электронные и академические словари, так как их деятельность связана с научными исследованиями.

3) «Насколько легко вам находить необходимую информацию в словарной статье?»

Анализ ответов показал, что основная часть студентов 1–2 курсов частично понимает структуру словарной статьи, но испытывает сложности при поиске грамматических характеристик слов. Некоторым студентам трудно ориентироваться в словарных статьях, особенно в академических изданиях (43 % и 32 % соответственно). Большинство студентов 3-4 курсов

заявляет, что средне справляется с поиском информации в словарной статье (46 % и 50 % соответственно). Небольшая группа уже легко находит нужные сведения (30 % и 39 %), но при этом некоторые все еще сталкиваются с проблемами при интерпретации примеров и стилистических помет (19 % и 11 %). Практически все магистранты (1–2 курсы) отмечают, что легко находят нужную информацию в словарях (57 % и 69 % соответственно), так как их уровень владения языком и опыт работы с академическими ресурсами выше. Лишь небольшая часть студентов (5 %) признает, что средне ориентируется в сложных специализированных словарях. На рисунке 3 графическое отображение результатов.



Рисунок 3 – Работа со словарной статьей

4) «Понимаете ли вы сокращения и условные обозначения, используемые в словарях?»

Анализ данных показал, что студенты 1–2 курсов испытывают значительные трудности в интерпретации сокращений (52 % и 40 % соответственно) из-за отсутствия опыта работы со словарями. Частичное понимание стилистических и грамматических помет наблюдается у отдельных респондентов, что подтверждает необходимость включения специализированных занятий по лексикографической подготовке на ранних этапах обучения. Студенты 3–4 курсов демонстрируют улучшенные навыки работы со словарными сокращениями, однако затруднения при использовании специализированных и академических словарей сохраняются. Это указывает на важность постепенного усложнения заданий и введения в учебный процесс более сложных словарных источников. Магистранты в большинстве случаев уверенно работают с сокращениями, что обусловлено их активным использованием научной литературы. Однако 9 % испытывают затруднения при интерпретации редких или устаревших помет, что

подчеркивает значимость целенаправленного обучения терминологическим и профессиональным словарям. На рисунке 4 графическое отображение полученных результатов.



Рисунок 4 – Понимание сокращений и условных обозначений в словарях

5) «Знакомы ли вы с различными типами словарей?»

Анализ данных показал, что уровень знакомства со словарями возрастает с курсом обучения. Студенты 1 курса в большинстве не ориентируются в типах словарей: лишь 8 % хорошо знакомы, 50 % слышали о них, но не используют, а 17 % вовсе не знакомы, что указывает на недостаточную интеграцию работы со словарями в учебный процесс. На 2–3 курсах наблюдается повышение осведомленности: к 3 курсу 30 % студентов уверенно используют словари, а число тех, кто их не применяет, снижается. Студенты 4 курса демонстрируют высокий уровень владения словарными ресурсами: 44 % уверенно работают с различными словарями, а лишь 10 % не применяют их на практике, что подтверждает их актуальность в образовательном процессе. Количество магистрантов систематически использующие различные словари составляет 67 %. Ко второму курсу магистратуры показатель по категории «частично знакомы со словарями» сокращается до 25 %. Практически не осталось студентов, не знающих о существовании различных типов словарей. Таким образом, сформированность лексикографической компетенции прогрессивно увеличивается, что подтверждает необходимость ее целенаправленного развития в учебной деятельности.

На рисунке 5 графическое отображение результатов анкетного опроса.




Рисунок 5 – Результаты анкетирования по работе с различными типами словарей

б) «Сталкивались ли вы с противоречивыми определениями в различных словарях?»

Анализ полученных результатов показал, что восприятие противоречий в определениях словарей значительно изменяется в процессе обучения. На младших курсах (1–2 курс) большинство студентов не замечает различий в определениях (22–30 %) или не задумывалось об этом (8 % – 5 %), а 51 % первокурсников и 37 % второкурсников используют только один словарь, что исключает возможность сравнения. Лишь 4–9 % студентов сталкивались с противоречиями, что свидетельствует о низком уровне критического осмысления языковых источников. На старших курсах (3–4 курс) наблюдается рост осознания расхождений: к 3 курсу 23 % студентов уже замечают различия, к 4 курсу этот показатель достигает 28 %. Количество студентов, использующих только один словарь, сокращается до 8 %. В магистратуре (1–2 курс) критическое отношение к словарным данным сформировано наиболее явно: более 60 % магистрантов регулярно сталкиваются с расхождениями, при этом число студентов, не замечающих различия, падает до 15–16 %. Практически никто не использует только один словарь (5 %). На рисунке 7 графическое отображение результатов.



Рисунок 7 – Результаты анкетирования о наличии противоречий в различных словарях

Результаты исследования имеют непосредственное прикладное значение для совершенствования образовательного процесса. В первую очередь, выявленные проблемные зоны (например, непонимание сокращений в словарях, предпочтение машинных переводчиков взамен качественных словарей, затруднения с выбором нужного словаря под задачу) служат ориентиром для создания учебно-методических материалов. На основе результатов анкетирования можно разработать следующие специальные пособия и рекомендации для студентов:

- методические материалы по работе с толковыми словарями английского и немецкого языков для студентов 1–2 курсов с ограниченным словарным запасом;

- рекомендации по использованию специализированных лексикографических источников, направленные на формирование лексикографической компетенции и развитие практических навыков обращения с толковыми словарями;

- методические указания по работе со словарными статьями, учитывающие выявленные трудности при интерпретации грамматических помет и условных обозначений, а также слабую ориентированность студентов младших курсов в структуре словарной статьи;

- рекомендации по расширению словарного запаса посредством систематической работы с тематическими лексическими блоками, чтения художественной литературы и использования бумажных словарей,

обеспечивающих более точные дефиниции и контекстные примеры по сравнению с многими online-словарями;

– пошаговые руководства по анализу словарных статей с разъяснением наиболее распространенных условных обозначений и сокращений, что особенно важно в связи с тем, что значительная часть первокурсников испытывает затруднения при их понимании. Подобные руководства могут быть представлены в формате памяток или интерактивных электронных справочников;

– онлайн-ресурс или учебный модуль по лексикографической грамотности, включающий тренировочные задания (поиск слов, выбор подходящего словаря, сопоставление толковых и переводных определений и др.) и дополнительные формы самоконтроля, такие как мини-игры и тестовые упражнения.

Результаты исследования можно учесть при модернизации образовательных программ. Например, в курсы иностранного языка интегрировать элементы работы со словарями: включать задания, требующие обращение к словарю, оценивать, как правильность перевода слова, так и умение студента самостоятельно найти нужную информацию (примеры употребления, сочетаемость и т.д.) в лексикографическом источнике. В рабочих программах необходимо выделить отдельный модуль, посвященный лексикографии, встроить соответствующие компетенции в результаты обучения дисциплины.

Данное исследование подтверждает необходимость повышения таких нововведений, так как даже после школы у многих студентов сохраняются пробелы в словарной грамотности, и вузовская программа должна целенаправленно их восполнять. Кроме того, цифровые инструменты должны занять прочное место в учебном процессе. Использование национальных и международных языковых корпусов представляет огромный потенциал для углубленного изучения лексики. Так, Ю.Г. Давыдова демонстрирует, что работа с англоязычными корпусами через специально разработанные задания позволяет студентам глубже понять семантические и прагматические характеристики слов, развивая, тем самым и лексикографическую компетенцию [8]. В практическом плане на основе этих идей можно создавать электронные учебные комплексы, где задания по работе со словарями дополняются задачами на поиск слов в корпусе, сравнение контекстов употребления, выявление частотности и стилистической окраски слов. Тем самым, результаты исследования ложатся в основу конкретных инициатив – от создания новых учебных материалов и цифровых словарных продуктов до пересмотра содержания дисциплин, направленных на

повышение эффективности обучения иностранным языкам. Полученные результаты соотносятся с выводами ранее проведенных работ в области обучения словарной грамотности. В частности, В.Д. Черняк подчеркивает, что выбор адекватного типа словаря под конкретную коммуникативно-познавательную задачу требует специальных навыков, а потому формирование лексикографической компетенции должно рассматриваться как важная часть профессиональной подготовки специалиста-филолога [5]. Наше исследование подтвердило этот тезис: значительная часть студентов без подготовки затруднялась в выборе словарных источников и не обладала упомянутыми «специальными навыками», что согласуется с позицией В.Д. Черняк. Левушкина О. Н. отмечала ключевую роль умения эффективно использовать словари для организации работы учащихся и достижения образовательных целей – данное утверждение находит отражение и в наших данных (многие респонденты указали на отсутствие опыта самостоятельной словарной работы, что препятствует полноценному усвоению материала) [9, с. 10]. Таким образом, наш диагностический этап дополняет предшествующие исследования, предоставляя эмпирические подтверждения выявленных ими проблем.

Следует отметить и совпадение выявленных тенденций с наблюдениями зарубежных исследователей. К примеру, уже упоминавшееся исследование Nasrin Altuwairesh показывает похожую картину предпочтений: студенты скорее воспользуются электронным переводчиком или приложением, чем традиционным словарем [10]. Общим является и вывод о необходимости обучать студентов более критично относиться к выбору источника: автоматизированный перевод может быть быстрым, но не гарантирует точности и глубины понимания. В нашем опросе старшекурсники сами указали на ограниченность онлайн-словарей и начали переходить к более надежным источникам, что соответствует данным литературы. С другой стороны, не все аспекты ранее освещались достаточно подробно. Например, навыки понимания словарных сокращений или умение составлять собственные словарные статьи (как элемент исследовательской работы) упоминаются редко. Наше исследование привносит новые детали в общую картину: выявив конкретные затруднения студентов, мы тем самым наметили узкие места, которым прежние работы уделяли меньше внимания. Это позволяет сформулировать новые гипотезы – например, о том, что даже при общей цифровой грамотности студентам необходимы специальные занятия для освоения метаязыка словаря (сокращений, условных обозначений, системы отсылок внутри статьи). В целом, сравнение с другими исследованиями подтверждает надежность наших результатов

и их теоретическую обоснованность, а выявленные отличия указывают направления, требующие дальнейшего изучения.

Выводы

Результаты проведенного исследования позволяют сформулировать следующие результаты. Анкетирование выявило, что недостаточный уровень лексикографической компетенции характерен прежде всего для студентов младших курсов, которое обусловлено ограниченностью их словарного запаса и недостаточным опытом обращения к специализированным источникам. По мере продвижения по образовательной траектории наблюдается устойчивый рост лексикографической грамотности: студенты старших курсов и магистранты демонстрируют более высокие показатели владения словарными ресурсами и чаще используют профессиональные лексикографические инструменты.

Зафиксирована отчетливая тенденция перехода от онлайн-ресурсов общего назначения к специализированным одноязычным и двуязычным словарям. Студенты старших курсов существенно увеличивают долю использования одноязычных словарей, поскольку они обеспечивают более глубокое понимание семантических и функциональных характеристик слова. Полученные результаты показывают, что студенты младших курсов лишь частично ориентируются в структуре словарной статьи и испытывают затруднения при поиске грамматических характеристик. На уровне 3–4 курсов примерно половина обучающихся справляется с поиском необходимой информации, тогда как среди магистрантов этот показатель достигает 69 %. Уровень знакомства с типологией словарей также растет от курса к курсу: с 25 % на младших курсах до 56–67 % на старших и 72 % в магистратуре.

На основании этих данных представляется целесообразным сформулировать следующие рекомендации:

- систематически включать в учебный процесс работу с различными типами словарей, включая электронные, двуязычные и одноязычные для расширения лексического запаса и развития навыков поиска информации;
- уделять особое внимание освоению структуры словарной статьи и интерпретации словарных помет, которая поможет ознакомить студентов с грамматическими, стилистическими, социолингвистическими и культурными маркерами;
- формировать навыки сравнения толкований на разных языках с акцентом на различия в значениях и культурной обусловленности лексических единиц, а также активно использовать иллюстрированные

материалы, расширяющие контекст и обеспечивающие более глубокое понимание семантики.

Таким образом, предложенный комплекс мер ориентирован на целенаправленное формирование лексикографической компетенции как совокупности знаний и умений, необходимых для осознанного и эффективного использования словарных источников в учебной и профессиональной деятельности. Разработка специализированного тренажера и реализация модульной структуры заданий обеспечивают системное освоение способов работы с лексикографическими ресурсами, способствуют расширению словарного запаса и развитию навыков точной интерпретации лексического значения слова. В результате лексикографическая компетенция формируется как устойчивая составляющая языковой подготовки обучающихся, обеспечивающая повышение качества работы с текстом и эффективности решения языковых задач на различных этапах обучения.

Список использованных источников

- 1 **Черняк, В. Д.** Современная лексикография как инструмент формирования лингвистически компетентной личности [Текст] // Проблемы истории, филологии и культуры. – 2011. – № 3. – С. 598–605.
- 2 **Al-Momani, Doaa** The Use of Bilingual Dictionaries by Foreign Language Learners [Text]. // Journal of Literature, Languages and Linguistics. – 2019. – Vol. 55. – С. 68-71. – <https://doi.org/10.7176/JLLL/55-09>
- 3 **Ayşegül Takkaç** Tuglar Dictionary Use of Undergraduate Students in Foreign Language Departments in Turkey at Present [Text]. // Universal Journal of Educational Research. – 2017. – 5 (12B). – P. 51–57. – <https://doi.org/10.13189/ujer.2017.051406>
- 4 **Tri Wintolo Apoko.** Investigating English Vocabulary Difficulties and Its Learning Strategies of Lower Secondary School Students [Text]. // Journal of Languages and Language Teaching. – 2023. – 11(3). – P.489 – <https://doi.org/10.33394/jollt.v11i3.8404>
- 5 **Черняк, В. Д.** Формирование лексикографической компетенции студента-филолога в контексте новейших направлений современной лексикографии [Текст]. // Ученые записки Новгородского государственного университета. – 2020. – № 1 (26). – С. 5
- 6 **Никитина, Т. Г.** Лексикографическая компетенция учителя русского языка как иностранного и возможности ее формирования на материале художественного текста [Текст]. // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2014. – № 2 (32): в 2-х ч. Ч. II. – С. 139–141.

7 **Давыдова, Ю. Г.** Совершенствование лексической компетенции студентов на основе работы с языковыми корпусами материала [Текст]. // Ученые записки Санкт-Петербургского университета технологий управления и экономики. – 2022. – Т. 23. – № 2. – С. 108–115.

8 **Давыдова, Ю. Г.** Формирование лингвопрагматической компетенции студентов вузов на практических занятиях по иностранному языку [Текст]. // Теория и методика обучения и воспитания. – 2021. – Том 6. – Вып. 1. – <https://doi.org/10.30853/ped210010>

9 **Левушкина, О. Н.** Словарный урок как основы формирования культуры с использованием словарей в процессе обучения английскому языку [Текст]. // Наш язык. – 2021. – Том 82. – Вып. 5. – С. 7–14. – <https://doi.org/10.30515/0131-6141-2021-82-5-7-14>

10 Altuwairesh, Nasrin Successful Translation Students' Use of Dictionaries [Text]. // International Journal of English Linguistics. – 2024. – Vol. 12, Iss: 2. – P. 25–25. – <https://doi.org/10.5539/ijel.v12n2p25>

11 **Kurebayeva, G. A.** Conditions for successful integration of traditional and e-learning in language education // Bulletin of Toraighyrov University Philology series. – 2024. – № 3. – С. 210–219. – <https://doi.org/10.48081/WZEV9926>

References

1 **Chernyak, V. D.** Sovremennaya leksikografiya kak instrument formirovaniya lingvisticheski kompetentnoy lichnosti [Modern Lexicography as a Tool for the Formation of a Linguistically Competent Personality]. // Problems of History, Philology, and Culture – 2011. – No. 3. – P. 598–605.

2 **Al-Momani, Doaa.** The Use of Bilingual Dictionaries by Foreign Language Learners. Journal of Literature, Languages and Linguistics – 2019. – Vol. 55. – P. 68-71. – <https://doi.org/10.7176/JLLL/55-09>

3 Ayşegül Takkaç Tulgar. Dictionary Use of Undergraduate Students in Foreign Language Departments in Turkey at Present. Universal Journal of Educational Research – 2017. – Vol. 5(12B). – P. 51–57. – <https://doi.org/10.13189/ujer.2017.051406>

4 **Tri Wintolo Apoko.** Investigating English Vocabulary Difficulties and Its Learning Strategies of Lower Secondary School Students. Journal of Languages and Language Teaching – 2023. – Vol. 11(3). – P. 489. – <https://doi.org/10.33394/jollt.v11i3.8404>

5 **Chernyak, V. D.** Formirovanie leksikograficheskoy kompetentsii studenta-filologa v kontekste noveishikh napravleniy sovremennoy leksikografii [Formation of the Lexicographic Competence of a Philology Student in the Context of the

Latest Trends in Modern Lexicography]. Uchenye zapiski Novgorodskogo gosudarstvennogo universiteta – 2020. – No. 1(26). – P. 5.

6 **Nikitina, T. G.** Leksikograficheskaya kompetentsiya uchitelya russkogo yazyka kak inostrannogo i vozmozhnosti ee formirovaniya na materiale khudozhestvennogo teksta [Lexicographic Competence of a Russian Language Teacher as a Foreign Language and the Possibilities of Its Formation Based on Fictional Texts]. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki – 2014. – No. 2(32), Part II. – P. 139–141.

7 **Davydova, Yu. G.** Sovershenstvovanie leksicheskoy kompetentsii studentov na osnove raboty s yazykovymi korpusami [Improvement of Students' Lexical Competence Based on Working with Language Corpora]. Uchenye zapiski Sankt-Peterburgskogo universiteta tekhnologiy upravleniya i ekonomiki – 2022. – Vol. 23. – No. 2. – P. 108–115.

8 **Davydova, Yu. G.** Formirovanie lingvopragmaticheskoy kompetentsii studentov vuzov na prakticheskikh zanyatiyakh po inostrannomu yazyku [Formation of Linguopragmatic Competence of University Students in Practical Foreign Language Classes]. Teoriya i metodika obucheniya i vospitaniya – 2021. – Vol. 6, Issue 1. – <https://doi.org/10.30853/ped210010>

9 **Levushkina, O. N.** Slovarnyy urok kak osnovy formirovaniya kultury s ispolzovaniem slovarey v protsesse obucheniya angliyskomu yazyku [The Dictionary Lesson as the Basis for the Formation of Culture Using Dictionaries in the Process of Learning English]. Nash yazyk – 2021. – Vol. 82, Issue 5. – P. 7–14. – <https://doi.org/10.30515/0131-6141-2021-82-5-7-14>

10 Altuwairesh, Nasrin. Successful Translation Students' Use of Dictionaries. International Journal of English Linguistics – 2024. – Vol. 12, Issue 2. – P. 25–25. – <https://doi.org/10.5539/ijel.v12n2p25>

11 **Kurebayeva, G. A.** Conditions for Successful Integration of Traditional and E-learning in Language Education. Bulletin of Toraighyrov University Philology Series – 2024. – No. 3. – P. 210–219. – <https://doi.org/10.48081/WZEV9926>

Поступило в редакцию 17.03.25.

Поступило с исправлениями 03.02.26.

Принято в печать 18.02.26.

*М. С. Оразалина¹, Г. З. Бейсембаева²

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

17.03.25. ж. баспаға түсті.

03.02.26. ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26. ж. басып шығаруға қабылданды.

ШЕТ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

Мақалада шет тілін оқитын студенттердің лексикографиялық құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикалық кезеңі қарастырылады. Зерттеу лексикалық ресурстарды меңгеру деңгейін анықтауға, оларды пайдаланудағы негізгі қиындықтарды анықтауға және сөздіктердің тиімділігіне әсер ететін факторларды талдауға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін түрлі жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің 518 бакалавриат және магистратура студенттеріне сауалнама жүргізілді. Жиналған деректерді талдау оқытудың әртүрлі кезеңдерінде сөздіктерді пайдалану стратегиясындағы айырмашылықтарды анықтауға, жалпы қиындықтарды анықтауға және сөздік мақалаларды сыни талдау дағдыларының қалыптасу дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Студенттердің сөздік түрлері туралы әртүрлі білімдері, сондай-ақ әртүрлі көздерден алынған анықтамаларды бағалау және салыстыру қабілетінің жеткіліксіздігі анықталды.

Бұл сөздік ресурстармен жұмыс істеу әдістемесін мақсатты оқыту қажеттілігін растайды. Зерттеу нәтижелері оқу бағдарламаларын жаңғырту, мамандандырылған курстарды әзірлеу және тіл мамандықтары студенттерінің сөздіктермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған интерактивті оқу материалдарын жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Кілтті сөздер: лексикографиялық құзыреттілік, сөздіктер, сауалнама, оқыту әдістемесі, педагогикалық стратегиялар, кәсіби дайындық.

*M. S. Orazalina¹, G. Z. Beysembaeva²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana

Received 17.03.25.

Received in revised form 03.02.26.

Accepted for publication 18.02.26.

ON THE ISSUE OF FORMING STUDENTS' LEXICOGRAPHIC COMPETENCE IN THE PROCESS OF FOREIGN LANGUAGE LEARNING

The article considers the diagnostic stage of formation of lexicographic competence of students studying foreign language. The study is aimed at determining the level of proficiency in vocabulary resources, identifying the main difficulties in their use and analyzing factors that affect the efficiency of working with dictionaries. To achieve this goal, 518 students of bachelor's and master's degrees of philological faculties of various universities were interviewed. Analysis of the collected data allowed identifying differences in strategies of using dictionaries at different stages of learning establishing common difficulties and determining the degree of formation of critical analysis skills of dictionary articles. It was found that the students have a fragmented knowledge about types of dictionaries, as well as insufficient ability to assess and compare definitions from different sources.

Thus, it is confirmed the need of targeted training in how to work with dictionary resources. Based on the conducted research, methodological recommendations, oriented to the integration of vocabulary practices into the educational process, use of digital technologies to form lexical competence and introduction of innovative approaches to learning are offered. The results of the study can be used in modernization of educational programs, developing specialized courses and creating interactive training materials aimed at developing the skills of students of language specialties to work with dictionaries.

Keywords: lexicographic competence, dictionaries, questionnaires, teaching methodology, pedagogical strategies, professional training.

<https://doi.org/10.48081/BGQF1843>

***В. Б. Рыстыгулова¹, Б. Б. Құдайберген²,
Ж. К. Сыдыкова³, Ш. Е. Жусипбекова⁴, С. С. Байзакова⁵**

¹Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

^{2,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁵Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Қазақстан Республикасы, Арқалық қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3883-5612>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-4341-2080>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4146-6539>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0859-4494>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0050-1364>

*e-mail: RystygulovaV@gmail.com

«ЭЛЕКТР ЖӘНЕ МАГНЕТИЗМ» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Физиканың «Электр және магнетизм» бөлімі оқушылар үшін концептуалдық күрделілігімен ерекшеленеді, бірақ деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы бұл мәселелерді жеңуге болады. Ж.А. Қараевтың әдістемесі бойынша, материалды 4 кезеңде (репродуктивтік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық) беру оқушылардың білімін тереңдетіп, электромагниттік құбылыстарды түсінуін жеңілдетеді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл тәсіл оқу мотивациясын арттырып, үлгерімді жақсартады, сонымен қатар визуалдық үлгілер мен практикалық тапсырмалар арқылы материалды қабылдауды тиімді етеді. Деңгейлеп оқыту әдісі тек қана теориялық білім берумен шектелмей, оқушылардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді, бұл келешекте кванттық физика сияқты күрделі тақырыптарды меңгеруге негіз болады. Осылайша, бұл технология физиканы оқытудың тиімділігін

арттырудың маңызды құралы болып табылады. Мақалада «Электр және магнетизм» бөлімінің мазмұндық ерекшеліктері талданып, виртуалды физика құралдары мен компьютерлік ойындар арқылы тақырыпты визуалды және практикалық түрде меңгерту жолдары сипатталып, деңгейлік тапсырмалар құрастырылған. Зерттеу нәтижелері Стьюденттің *t*-критерийі арқылы өңделіп, эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арқылы оқушылардың білім деңгейінің артқандығы дәлелденген. Статистикалық гипотезаның *H1*: «Эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасында ілгерілеушілік бар» деген тұжырымы қабылданды. Осы гипотезаның дәлелдемесін визуализациялау үшін эксперименттің басы мен соңындағы оқушылардың орташа білім деңгейі мен әрбір оқушының үлгерім нәтижесіне баған диаграммасы (гистограмма) тұрғызылып, талданған.

Кілтті сөздер: деңгейлеп оқыту технологиясы, электр және магнетизм, виртуалды физика құралдары, Стьюденттің *t*-критерийі, білім деңгейінің мониторингі, статистикалық гипотеза

Кіріспе

Физиканың күрделі пән екені туралы пікірлер көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылған. Көптеген оқушылар физика пәнін түсіну қиын деп санайды, әсіресе «Электр және магнетизм» бөлімі концептуалды күрделілігімен ерекшеленеді. Бұл бөлімде оқушылардың негізгі қиындықтары: негізгі идеяларды меңгеру, ұғымдарды түсіну және олардың арасындағы байланысты талдау жатады. Бұл бөлім көптеген теориялық және практикалық ұғымдарды қамтып, оқушылардан логикалық ойлауды, күрделі заңдар мен формулаларды меңгеруді талап етеді. Осы бөлімде деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану оқушылардың үлгерімін жақсартуға, танымдық белсенділігін арттыруға және оқу мотивациясын күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Электр және магнетизм» бөлімі «Атомдық және кванттық физикаға» өтуге негіз дайындайды, себебі электр және магнит өрістері элементар бөлшектердің қозғалысына тікелей әсер етеді. Осы тараудағы заңдар электрондық құрылғылардың, электромагниттік толқындардың және оптикалық құбылыстардың физикалық табиғатын түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан, «Электр және магнетизм» бөлімін оқытудың тиімділігін арттыру үшін деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану өзекті болып табылады.

Қазақ ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан Ж. А. Қараев – деңгейлеп оқыту технологиясының негізін қалаушылардың бірі. Оның

әдістемесі оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі деңгейде білім беру әдістерін ұйымдастыруға бағытталған. Ж.А. Қараев өзінің «Деңгейлеп оқыту технологиясы негіздері» атты оқулығында деңгейлеп оқыту барысында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруды, олардың қабілеттеріне сай тапсырмалар беруді және өз бетімен білім алуға бағыттау мүмкіндіктерін қарастырған [1].

Деңгейлеп оқыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру. Бұл әдісті қолдану барысында бір сыныпта оқитын, бір оқулықты пайдаланатын оқушыларға түрлі деңгейдегі талаптар қойылады. Оқытудың негізгі базалық деңгейі мемлекеттік стандарттар негізінде анықталған, ал осы базалық деңгейге сүйене отырып, тереңдетілген деңгейлер қалыптастырылады. Көпшілік ойлағандай, деңгейлеп оқыту оқушыларды қабілеттеріне қарай сыныптарға бөлу емес. Керісінше, бұл әдіс бір сынып ішінде әртүрлі қабілеттері бар оқушыларды бірлесіп оқытуға бағытталатыны көрсетілген [2].

Деңгейлеп оқыту технологиясының басты ерекшелігі-оқушының әзірлену жүйесінің қалыптасуы. Демек, бірінші орында мұғалім емес, оқушы тұрады. Оқушының өз бетімен білім алудағы белсенділігіне назар аударылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының жемісі - оқушыны күштеп оқытудан аулақ болатын, өз бетімен оқытуына, ешкімнің көмегісіз өз бетінше ойланып шешім қабылдауға дағдыландыруы [3].

Dantic M., Fluraon A. өз зерттеулерінде PhET модельдеу әдісінің мектептегі «Электр және магнетизм» бөлімін оқытудағы тиімділігін талдаған. Модельдеу тәсілі дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда, оқушылардың қызығушылығын арттырып, өзіндік зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететінін атап өтеді. Бұл тәсіл оқушылардың білімін нақтылауға, визуализация арқылы күрделі құбылыстарды оңай қабылдауға мүмкіндік береді [4]. Rendon J., Doloretos N., Capilitan L. & et al. зерттеулерінде «Электр және магнетизмді» оқытуда дәстүрлі әдістерге қарағанда баламалы оқыту тәсілдері, мысалы, пікірталастар мен практикалық сабақтар тиімдірек болып табылған. Бұл тәсілдер оқушылардың материалды жақсырақ түсінуіне және меңгеруіне ықпал еткендігі жазылған [5]. Р. Т. Абдримовтың диссертациясында жоғары сынып оқушыларына физика курсындағы «Электр және магнетизмді» бейінді оқытудың бағыттары мен маңыздылығы айқындалған. «Электр және магнетизм» бөлімінің пәнішілік және ЖОО-мен сабақтастығы, физиканы бейінді оқытудың оқу-әдістемелік жүйесі және оның компоненттері, білім мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыру әдістері мен формаларын анықтайтын дидактикалық және әдістемелік принциптері көрсетілген [6].

Материалдар мен әдістері

«Деңгейлеп оқыту технологиясы негіздері» атты оқулығында Ж.А. Қараев деңгейлеп оқыту технологиясының 4 деңгейін көрсеткен [1]:

Бірінші деңгей – «үйренушілік» (Репродуктивтік). Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады. Берілген есептер мен тапсырмалар өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады.

Екінші деңгей – «алгоритмдік». Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары, іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар ұлттық негізде құрылған, көбінесе танымдық және үйренушілік мәні бар тапсырмалар, мысалы, сөзтізбектер, ребустар, ойлауға арналған тапсырмалар беріледі.

Үшінші деңгей – «эвристикалық». Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс - тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

Төртінші деңгей – «шығармашылық». Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады. Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл – ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса баға біліміне қарай қойылады.

Әдістемелік маңыздылығын екі жақты қарастырып бөліп көрсетуге болады:

1. Оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, оқу материалын игеруді жеңілдету. Деңгейлеп оқыту технологиясы әр оқушының білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл олардың қызығушылығын арттырып, жеке оқу траекториясын қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Қиын тақырыптарды түсіндіруде кезең-кезеңмен меңгеруге жағдай жасау. Физикалық құбылыстарды бірден қабылдау қиын болуы мүмкін, сондықтан материалды қарапайымнан күрделіге қарай беру маңызды

«Электр және магнетизм» бөлімінің мазмұндық ерекшеліктеріне тоқталайық. «Электр және магнетизм» бөлімінің негізгі мазмұны – электромагниттік өрістің қасиеттері мен оның зарядталған денелермен өзара әрекеттесуін сипаттау. Электродинамикада зарядталған денелер арасындағы электрлік және магниттік өзара әрекеттесуі қарастырылады. Электромагниттік өрістің әсерінен болатын кез келген өзара әрекеттесулер электродинамика қарастыратын мәселелер болып табылады [7].

«Электр және магнетизм» бөлімнің негізгі ұғымдары төмендегідей:

1. Электр заряды: Заттың электрлік қасиетін сипаттайтын физикалық шама. Оң (+) және теріс (–) зарядтар болады. Негізгі тасымалдаушылар: электрондар, протондар, иондар.

2. Электр өрісі: Электр зарядтарының айналасында электр өрісі пайда болады. Кернеулік (E) – электр өрісінің күштік сипаттамасы. Потенциал (φ) – зарядтың өрістегі энергиясының өлшемі.


3. Электр тогы: Электр зарядтарының бағытталған қозғалысы.

4. Магнит өрісі: Токтың немесе магниттелген дененің айналасында пайда болатын өріс. Магнит индукциясы (B) – өрістің күштік сипаттамасы.

5. Электромагниттік индукция: Айнымалы магнит өрісінде өткізгіште электр тогының пайда болуы.


6. Электромагниттік толқындар: Айнымалы электр және магнит өрістерінің кеңістікте таралуы [8].

1-суретте «Электр және магнетизм» бөлімінің негізгі ұғымдары көрнекі түрде көрсетілген. Әрбір ұғымға қатысты «Электр және магнетизм» бөлімдерінің оқытылатын заңдары айқындалған.




1-сурет – «Электр және магнетизм» бөлімінің негізгі ұғымдары

«Электр және магнетизм» бөлімін оқытуда деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану әдістемесі. Виртуалды физика (немесе онлайн физика) – білім беру жүйесіндегі жаңа бірегей бағыт. Жасыратыны жоқ, 90% ақпарат біздің миымызға оптикалық нерв арқылы келеді. Адамның өзі көрмейінше, ол белгілі бір физикалық құбылыстардың табиғатын нақты түсіне алмайтыны таңқаларлық емес. Сондықтан оқу процесі міндетті түрде көрнекі материалдармен қамтамасыз етілуі керек. Мысал ретінде зарядтардың өзара әсерлесуі қалай жүзеге асатынын виртуалды демонстрациялық жұмыстар <https://www.vascak.cz/physicsanimations.php?l=ru> сайты арқылы түсіндіріп көрсетуге болады. Сайтта орындалатын тапсырмалардан үзінді көрсетілген, яғни 2-ші және 3-ші суреттерде аттас зарядтардың бір-бірін тебуі мен әр аттас зарядтардың бір-бірін тартуы бейнеленген.



а) б)
2-сурет – Атқас зарядтардың бір-бірін тебуі



3-сурет – Әр атқас зарядтардың бір-бірін тартуы

Сабақтың тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – оқушыларға деңгейлік тапсырма беру. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындалады.

Үлгерімі төмен оқушыларға 1 деңгей бойынша төмендегідей тапсырма беріп, заряд ұғымы туралы түсінік қалыптастыруға болады.

Есеп-1. Заряды $q_1 = 2\text{Кл}$ су тамшысы заряды $q_2 = 4\text{нКл}$ су тамшысымен бірікті. Пайда болған тамшының заряды қандай?

<p><i>Берілгені:</i> $q_1 = 2\text{нКл} = 2 \times 10^{-9}\text{Кл}$ $q_2 = -4\text{нКл} = -4 \times 10^{-9}\text{Кл}$ $q = ?$</p>	<p><i>Шешуі:</i> $q = q_1 + q_2$ $q = 2 \times 10^{-9}\text{Кл} + (-4 \times 10^{-9}\text{Кл}) = -2 \times 10^{-9}\text{Кл} = -2\text{нКл}$</p>
--	---

Жауабы: $q = -2\text{нКл}$

Бұл есепте екі зарядты су тамшылары біріктіріліп, пайда болған зарядты табу керек. Электр зарядының сақталу заңы формуласы қолданылады. Оқушыға зарядтардың таңбаларын дұрыс анықтау маңызды. Бірінші заряд оң, ал екінші заряд теріс болғандықтан, оларды қосқанда зарядтардың таңбаларын ескеру керек.


Есеп-2. Заряды 10мкКл өткізгіштердің арасындағы потенциалдар айырмасы 5В . Жүйенің сыйымдылығы неге тең?

<p><i>Берілгені:</i> $q = 10\text{мкКл} = 10 \times 10^{-6}\text{Кл}$ $\Delta\varphi = 5\text{В}$ $C = ?$</p>	<p><i>Шешуі:</i> $C = \frac{q}{\Delta\varphi}$ $C = \frac{10 \times 10^{-6}\text{Кл}}{5\text{В}} = 2 \times 10^{-6}\text{Ф} = 2\text{мкФ}$</p>
---	--

Жауабы: $C = 2\text{мкФ}$

Бұл есепте өткізгіштің заряды мен сол өткізгіштің арасындағы потенциалдар айырмасы белгілі, жүйенің сыйымдылығын табу керек. Бұл жерде оқушы конденсатор сыйымдылығының негізгі формуласын қолданады. Формула бойынша шешу кезінде оқушылар физикалық шамалардың өлшем бірліктерінің алдында тұрған көбейткіштеріне мән беруі тиіс [9, с. 27].

«Электр және магнетизм» бөлімін сабақ барысында оқушыларға түсінікті әрі қызықты етіп жеткізу үшін, компьютерлік ойындарды ұйымдастырып көрсетуге де болады. Мысал ретінде, «<https://wordwall.net>» платформасында заряд ұғымына байланысты оқушыларға 10 сұрақтан құрылған «Бос ұяшық» ойынын ойнатуға болады (<https://wordwall.net/resource/89131278>). Оқушылар бос ұяшықты толтыра отырып заряд ұғымына қатысты өз білімдерін шындайды. «Бос ұяшық» ойынын 4-сурет көруге болады:



4-сурет – Заряд ұғымына байланысты құрылған «Бос ұяшық» ойыны

Нәтижелер мен талқылаулар

Деңгейлеп оқытудың тиімділігін бағалау және зерттеу нәтижелері. Ілгерішілікті бағалау тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийі арқылы жүзеге асырылады. Сонымен, Стьюденттің t-критерийі арқылы эксперименттік топтың эксперимент басы мен соңындағы нәтижелерін салыстыра отырып, оқушылардың білім деңгейінің жоғарылағанын не өзгеріссіз не болмаса төмендегенін көруге болады [10].

Алматы қаласы, №133 мектеп-гимназиясы 8-сынып оқушыларына ғылыми зерттеу жұмысы бойынша эксперимент жүргізілді. Эксперименттік топтың эксперимент басы мен соңында тест алынады. Нәтижелері 1-кестеге енгізілді.

1-кесте – Эксперимент басы мен соңындағы тест нәтижелері

№	Оқушылардың реттік нөмері	X_1 max, 15	X_2 maz, 15	$d_i = X_1 - X_2$	M_d	$d_i - M_d$	$(d_i - M_d)^2$
1	n_1	10	13	3	1,26	1,74	3,0276
2	n_2	13	14	1		-0,26	0,0676
3	n_3	8	10	2		0,74	0,5476
4	n_4	13	12	1		-0,26	0,0676
5	n_5	7	8	1		-0,26	0,0676
6	n_6	11	14	3		1,74	3,0276
7	n_7	8	7	-1		-2,26	5,1076
8	n_8	10	11	1		-0,26	0,0676
9	n_9	9	12	3		1,74	3,0276
10	n_{10}	11	12	1		-0,26	0,0676
11	n_{11}	13	14	1		-0,26	0,0676
12	n_{12}	11	11	0		-1,26	1,5876
13	n_{13}	12	13	1		-0,26	0,0676
14	n_{14}	9	9	0		-1,26	1,5876
15	n_{15}	10	12	2		0,74	0,5476
Жалпы:				19			18,9108

Мұндағы: X_1 – бастапқы көрсеткіштері, X_2 – соңғы көрсеткіштері, d_i – еркіндік дәрежесі, M_d – дербес мәндер айырмаларының арифметикалық ортасы.

Еркіндік дәрежесінің санын анықтайық: $df = n - 1 = 15 - 1 = 14$ Дербес мәндер айырмаларының арифметикалық ортасын есептейік:

$$M_d = \frac{\sum d_i}{n} = \frac{19}{15} = 1,26.$$

Айырмалар мәндерінің стандарт ауытқуы:

$$\sigma_d = \sqrt{\frac{\sum (d_i - M_d)^2}{n-1}} = \sqrt{\frac{18,9108}{15-1}} = \sqrt{1,35077} = 1,162.$$

Эмпирикалық мәнді төмендегі формула арқылы есептейік:


$$t = \left| \frac{M_d \sqrt{n}}{\sigma_d} \right| = \left| \frac{1,26 \sqrt{15}}{1,162} \right| = 4,19889.$$

4) Стьюденттің t-критерийінің кестесінен df бағанынан 14-ді алып, оған $p = 0,05$ және $p = 0,01$ мәнділік деңгейлеріне сәйкес келетін кризистік мәндер ретінде аламыз,


$$t_{xp} = \begin{cases} 2,15 & \text{егер } p \leq 0,05 \\ 2,98 & \text{егер } p \leq 0,01 \end{cases}$$

5) Мәнділік осіне $t_{xp} = 2,15$ ($p \leq 0,05$), $t_{xp} = 2,98$ ($p \leq 0,01$) сандарының мәндерін орналастырып, мәнділік аймақтарын анықтаймыз.

6) Мәнділік осінен $t = 4,19889$ санының орнын табамыз.



Қорыта келгенде, **4,19889** саны мәнділік аймағында жататындығы анықталды. Статистикалық гипотезалар тұжырымы бойынша, H_1 гипотезаны қабылдаймын. H_1 : «Эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасында ілгерілеушілік бар». Осы гипотезаның дәлелдемесін оқушылардың орташа білім деңгейіне баған диаграммасын (гистограмма) тұрғызу арқылы көрсетейік. Диаграммадағы түстер мен жазбалар деңгейлеп оқыту технологиясын қолданғаннан кейін ұпайлардың өскенін анық көруге көмектеседі (5-сурет).



5-сурет – Экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі оқушылардың орташа білім деңгейі


Эксперименттің басы мен соңындағы әрбір оқушының үлгерім нәтижесін 6-суреттегі гистограммадан көруге болады. Бұл баған түріндегі график педагогикалық эксперимент жүргізілгенге дейін және одан кейін 15 оқушының тестілеу нәтижелерін айқын көрсетеді.

Жасыл түсті баған (сол жақта) эксперимент басталғанға дейін дұрыс орындалған тест тапсырмаларының санын көрсетеді.

Қызыл түсі баған (оң жақта) эксперимент аяқталғаннан кейін дұрыс орындалған тест тапсырмаларының нәтижелерін көрсетеді.

Салыстырмалы талдау жасайық: Оқушылардың көпшілігінде білім деңгейінің өсуі байқалады, бұл эксперименттен кейін дұрыс орындалған тапсырмалар санының артуымен көрінеді. Мысалы, №1 оқушы нәтижені 10-ан 13-ке дейін, ал №6 оқушы 11-ден 14-ке дейін арттырды, ал кейбір оқушылар (мысалы, №4 және №7) жеке ерекшеліктерге немесе сыртқы факторларға байланысты болуы мүмкін прогрестің аздап төмендеуін немесе жоқтығын көрсетті.

Қорытындылай келе, график енгізілген деңгейлеп оқыту технологиясының тиімділігін растайды, өйткені қатысушылардың көпшілігінде үлгерімнің оң динамикасы бар.



6-сурет – Эксперименттің басы мен соңындағы әрбір оқушының үлгерім нәтижесі

Қорытынды

«Электр және магнетизм» бөлімін оқытуда деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану үшін тақырыптарды қиындық деңгейіне қарай жіктеу маңызды. Бұл оқушылардың материалды жүйелі түрде меңгеруіне, оқыту процесін дараландыруға, теория мен практиканы үйлестіруге көмектеседі. Деңгейлеп оқыту – заманауи педагогикадағы тиімді тәсілдердің бірі. Деңгейлеп оқыту технологиясының маңызы оқушылардың білім деңгейіне сәйкес оқытуды ұйымдастырып, олардың интеллектуалды дамуын, зерттеу қабілетін, өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл әдіс инклюзивті оқытуда, талантты балалармен жұмыста және үлгерімі төмен оқушыларды қолдауда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қараев, Ж. А.** Деңгейлеп оқыту технологиясы негіздері. Оқу құралы. – Алматы : Республикалық баспа, 2001. – 215б.

2 **Байменова, А. А., Соловей, Т. Ю.** Опыт применения технологии индивидуализации и уровневой дифференциации в современном образовании [Text] // Научно-методический журнал «Педагогическая наука и практика». – Костанай, 2019. – № 2(24). – С. 45-49. [Электронный ресурс]. – URL: https://elibrary.ru/title_about_new.asp?id=67322

3 **Торжанова, Т.** Деңгейлеп оқыту әдісі – қазіргі заман талабы [Text] // Университеттің 55 жылдығына арналған «Сәкен тағылымы – 8» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2012. – Б. 40–41.

4 **Dantic, M., Fluraon, A.** PhET interactive simulation approach in teaching electricity and magnetism among science teacher education students [Text] // Journal of Science and Education (JSE). – Vol. 2, – № 2. – 2022. – <https://doi.org/10.56003/jse.v2i2.101>

5 **Rendon, J., Doloretos, N., Capilitan, L. et al.** Alternative Teaching Methods in Electricity and Magnetism [Text] // International Journal of Multidisciplinary: Applied Business and Education Research. – Vol. 3, – № 8. – 2022. – <https://doi.org/10.11594/ijmaber.03.08.23>

6 **Абдраимов, Р. Т.** Жоғары сынып оқушыларына физика курсындағы электр және магнетизмді бейінді оқытудың әдістемесі. «6D011000 – Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған диссертациясы. – Алматы, 2023. – 200 б.

7 **Кронгарт, Б., Насохова, Ш. Р.** Физика: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған арналған оқулық. – Алматы: Мектеп баспасы, 2018. – 233 б. – URL: <https://okulyk.kz/fizika/313/>

8 **Кронгарт, Б. А., Қазақбаева, Д. М., Имамбеков, О., Кыстаубаев, Т.** Физика: Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныпқа арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Мектеп баспасы, 2019. – 201 б. – URL: <https://okulyk.kz/fizika/504/>

9 **Латышенко, К. П.** Технические измерения и приборы: учебник для вузов. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2020. – 250 с. ISBN 978-5-9916-9543-5. – <http://library.atu.kz/files/155836/26/>

10 **Қосанов, Б. М.** Педагогикалық эксперимент нәтижелерін өңдеудің математикалық әдістері: оқу құралы. – Алматы : Лантар Трейд баспасы, 2021. – 216 б. ISBN 978-601-7659-26-4. [Электронный ресурс]. – URL: http://lib.kaznpu.kz/jirbis2/components/com_irbis/pdf_view/?839814

References

1 **Karaev, Zh. A.** Dengeilep okytu tekhnologiyasy negizderi: oku kuraly [Fundamentals of level learning technology : textbook] [Text] – Almaty: Republican publishing house, 2001. – 215 p.

2 **Baymenova, A. A., Solovey, T. Yu.** Opyt primeneniya tekhnologii individualizacii i urovnevoi differenciacii v sovremennom obrazovanii [The experience of using technology of individualization and level differentiation in modern education] [Text] // Scientific and methodological journal «Pedagogical Science and Practice». – Kostanay, 2019. – № 2(24). – P. 45–49. [Electronic resource]. – URL: https://elibrary.ru/title_about_new.asp?id=67322

3 **Torzhanova, T.** Dengeilep okytu adisi – kazirgi zaman talaby [The method of level learning is a modern requirement] [Text] // Materials of the Republican scientific and theoretical conference «Saken’s lessons – 8», dedicated to the 55th anniversary of the University. – Astana, 2012. – P. 40–41.

4 **Dantic, M., Fluraon, A.** PhET interactive simulation approach in teaching electricity and magnetism among science teacher education students [Text] // Journal of Science and Education (JSE). Vol. 2, № 2. – 2022. – <https://doi.org/10.56003/jse.v2i2.101>

5 **Rendon, J., Doloretos, N., Capilitan, L. et al.** Alternative Teaching Methods in Electricity and Magnetism [Text] // International Journal of Multidisciplinary: Applied Business and Education Research. Vol. 3, № 8. – 2022. – <https://doi.org/10.11594/ijmaber.03.08.23>

6 **Abdraimov, R. T.** Zhogary synyp okushylaryna fizika kursyndagy ehlekr zhəne magnetizmdi beiindi okytudyn adistemesi. «6D011000 – Fizika» mamandygy boynsha filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu ushin usyngan dissertaciyasy [Methodology of specialized training of electricity and magnetism in the course of physics for high school students. Dissertation submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) in the specialty «6D011000 – Physics»] [Text] – Almaty, 2023. – 200 p.

7 **Krongart, B., Nasokhova, Sh. R.** Fizika: Zhalpy bilim беретin mekteptin 8-synybyna arналған арналған okulyk [Physics: a textbook for the 8th grade of a comprehensive school] [Text]. – Almaty: School publishing house, 2018. – 233 p. – URL: <https://okulyk.kz/fizika/313/>

8 **Krongart, B. A., Kazakbaeva, D. M., Imambekov, O., Kystaubayev, T.** Fizika : Zhalpy bilim беретin zharatylystanu-matematika bagytyndagy 10-synypka arналған okulyk. 2-bolim [Physics: textbook for the 10th grade of general education in the direction of Natural Science and mathematics. Part 2] [Text] – Almaty:

School publishing house, 2019. – 201 p. – [Electronic resource]. – URL: <https://okulyk.kz/fizika/504/>

9 **Latyshenko, K. P.** Tekhnicheskie izmereniya i pribory [Technical measurements and devices: textbook for universities] – 2nd ed., ispr. and add. – Moscow : Yurayt Publishing House, 2020. – 250 p. ISBN 978-5-9916-9543-5 (book 1). [Electronic resource]. – <http://library.atu.kz/files/155836/26/>

10 **Kosanov, B. M.** Pedagogikalyk ehksperiment natizhelerin ondeudin matematikalyk adisteri: oku kuraly [Mathematical methods of processing the results of a pedagogical experiment: a manual] [Text] – Almaty : Lantar trade publishing house, 2021. – 216 p. – ISBN 978-601-7659-26-4. – URL: http://lib.kaznpu.kz/jirbis2/components/com_irbis/pdf_view/?839814

08.04.25 ж. баспаға түсті.

08.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**V. B. Rystygulova*¹, *B. B. Kudaibergen*², *Zh. K. Sydykova*³,
*Sh. E. Zhusipbekova*⁴, *S. S. Baizakova*⁵

¹Қазақ университеті технология және бизнесінің атындағы университеті, Республика Қазақстан, г. Астана;

^{2,3}Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің атындағы университеті, Республика Қазақстан, г. Алматы;

⁴Қазақ ұлттық медициналық университетінің атындағы университеті, Республика Қазақстан, г. Алматы;

⁵Арқалық педагогикалық институтының атындағы институты, Республика Қазақстан, г. Арқалық.

Поступило в редакцию 08.04.25.

Поступило с исправлениями 08.04.25.

Принято в печать 18.02.26.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ УРОВНЕВОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ РАЗДЕЛУ «ЭЛЕКТРИЧЕСТВО И МАГНЕТИЗМ»

Раздел физики «электричество и магнетизм» отличается концептуальной сложностью для учащихся, но с помощью технологии многоуровневого обучения эти проблемы можно преодолеть. По методике Ж. А. Караева, передача материала

The survey also identified key areas for professional development. Teachers highlighted the importance of exploring innovative tools, such as peer and self-assessment techniques, to address persistent challenges like time constraints and feedback accuracy. By equipping educators with strategies to implement these methods effectively, professional development programs can enhance both the quality and efficiency of assessment practices.

In conclusion, the survey results underscore the importance of embracing diverse and adaptive assessment methods in English language education. Personalized and collaborative approaches are essential for meeting the evolving demands of the educational landscape, enabling educators to foster academic achievement while supporting the holistic development of their students. By integrating these strategies into everyday practice, schools can create a more inclusive, motivating, and effective learning environment.

References

- 1 Ministry of Education of Kazakhstan. Competency-Based Learning and Assessment in Schools. Official Report. 2023.
- 2 Назарбаев Интеллектуальные школы «Новые подходы к оцениванию учебных достижений» [Electronic resource]. – Access mode : obuchenie.sadukz.com/?news=153.
- 3 Education Endowment Foundation. Using Formative Assessment to Raise Standards. EEF Report, 2021.
- 4 Black, P., Wiliam, D. Inside the Black Box : Raising Standards Through Classroom Assessment. Phi Delta Kappa International, 1998. – P. 45.

5 OECD. Inclusive Assessment Practices in Kazakhstan's Multilingual Schools. OECD Review. 2023.

6 General Criteria for Assessing Student Achievements [Electronic resource]. – Access mode : <http://ru.wikipedia.org/w/> (accessed 20.11.2024).

7 **Marzano, R. J.** The Art and Science of Teaching: A Comprehensive Framework for Effective Instruction. Association for Supervision & Curriculum Development, 2007. – P. 127.

8 O'Farrel, C. Enhancing student learning through assessment. Dublin : Ireland, Dublin Institute of Technology, 2002. – P. 3–29.

9 **Шакирова, А. А., Буркитова, О. И.** Дудкина. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство. – Bishkek : Bilim, 2012.

10 **Hattie, J.** Visible Learning : A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. Routledge, 2009. – P. 46.

11 **Федотова, Н.** Виды оценивания // Первое сентября, Английский язык. – 2015. – No. 24.

References

1 Ministry of Education of Kazakhstan. Competency-Based Learning and Assessment in Schools. Official Report. 2023.

2 Nazarbayev Intellectual Schools. Novye podkhody k ocenivaniyu uchebnykh dostizhenii [New approaches to student achievement assessment] [Electronic resource]. – Access mode : obuchenie.sadukz.com/?news=153.

3 Education Endowment Foundation. Using Formative Assessment to Raise Standards. EEF Report, 2021.

4 **Black, P., Wiliam, D.** Inside the Black Box : Raising Standards Through Classroom Assessment. Phi Delta Kappa International, 1998. – P. 45.

5 OECD. Inclusive Assessment Practices in Kazakhstan's Multilingual Schools. OECD Review. 2023.

6 General Criteria for Assessing Student Achievements [Electronic resource]. – Access mode : <http://ru.wikipedia.org/w/> (accessed 20.11.2024).

7 **Marzano, R. J.** The Art and Science of Teaching : A Comprehensive Framework for Effective Instruction. Association for Supervision & Curriculum Development, 2007. – P. 127.

8 O'Farrel, C. Enhancing student learning through assessment. Dublin : Ireland, Dublin Institute of Technology, 2002. – P. 3–29.

9 **Shakirova, A. A., Burkitova, O. I., Dudkina, O. I.** Ocenivanie uchebnykh dostizhenii uchashchikhся : Metodicheskoe rukovodstvo [Assessment of students' academic achievements : Methodological guide]. Bishkek : Bilim, 2012. – 80 p.

10 **Hattie, J.** Visible Learning : A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. Routledge, 2009. – P. 46.

11 **Fedotova, N.** Vidy ocenivaniya [Types of assessment] // Pervoe sentyabrya, Angliiskii yazyk. – 2015. – No. 24.

Received 06.02.25.

Received in revised form 19.11.25.

Accepted for publication 18.02.26.

*Б. Қ. Әбіл¹, Д. М. Абдрашева²

^{1,2}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

06.02.25 ж. баспаға түсті.

19.11.25 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУ КЕЗІНДЕГІ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ БАҒАЛАУ

Мақалада ағылшын тілін оқытудағы жеке және топтық бағалау зерттеледі, олардың көптілі білім беру мен қазіргі стандарттар контекстіндегі өзектілігі атап өтіледі. Салыстырмалы талдауды, бақылауларды және сапа көрсеткіштерін пайдалана отырып, зерттеу авторлары О'Фаррелдің әділеттілік, сенімділік және жеткіліктілік принциптерін басшылыққа ала отырып, дәстүрлі бағалауды жеке және бірлескен тәсілдермен салыстырады.

Негізгі тұжырымдар әртүрлі бағалау әдістерінің артықшылықтарын көрсетеді. Жеке бағалау жеке кері байланысты ұсына отырып, оқушылардың күші және әлсіз жақтарын анықтайды, ал топтық бағалау презентация, бірлескен мәтін жазу және жобалық тапсырмалар сияқты іс-шаралар арқылы қарым-қатынасты, топтық жұмысты және сыни ойлауды дамытады. Өзін-өзі бағалау және әріптестердің бағалауы сияқты инновациялық әдістер белсенділік пен белсенді қатысуды одан әрі нығайтады.

Мақалада дәстүрлі тәсілдерді жаһандану жағдайында мотивацияны арттыратын, нәтижелерді жақсартатын және қажетті өмірлік дағдыларды дамытатын динамикалық, оқушыға бағытталған әдістермен ауыстыру ұсынылады.

Кілтті сөздер: тілдік білім, жеке бағалау, топтық бағалау, ағылшын тілін үйрену, білім беруді бағалау, бірлескен оқыту, жеке кері байланыс.

*Б. К. Абил¹, Д. М. Абдрашева²

^{1,2}Қызылординский университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда

Поступило в редакцию 06.02.25.

Поступило с исправлениями 19.11.25.

Принято в печать 18.02.26.

ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ И ГРУППОВЫЕ ОЦЕНКИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

В статье исследуются индивидуальные и групповые оценки в обучении английскому языку, подчеркивается их актуальность в контексте многоязычного образования и современных стандартов. Используя сравнительный анализ, наблюдения и качественные показатели, авторы исследования сравнивают традиционную оценку с индивидуальными и совместными подходами, руководствуясь принципами справедливости, надежности и достаточности ОуФаррелла.

Ключевые выводы подчеркивают преимущества различных методов оценки. Индивидуальная оценка выявляет сильные и слабые стороны учащихся, предлагая индивидуальную обратную связь, в то время как групповая оценка развивает коммуникацию, командную работу и критическое мышление с помощью таких мероприятий, как презентации, совместное написание текстов и проектные задания. Инновационные методы, такие как самооценка и оценка со стороны коллег, еще больше укрепляют вовлеченность и активное участие.

В статье предлагается заменить традиционные подходы динамичными, ориентированными на учащихся методами, которые повышают мотивацию, улучшают результаты и развивают необходимые жизненные навыки в условиях глобализации.

Ключевые слова: языковое образование, индивидуальная оценка, групповая оценка, изучение английского языка, оценка образования, совместное обучение, персонализированная обратная связь.

FTAMP 14.35.19

<https://doi.org/10.48081/XKJT5386>

*М. Б. Амирканов¹, А. М. Кудайбергенова², Ю. Гелишли³

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

³Гази университеті, Түркия Республикасы, Анкара қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5449-9658>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9551-3073>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2816-3621>

e-mail: make_210774@mail.ru

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘЛЕУЕТІН ӨЗЕКТЕНДІРУДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мақалада жоғары білім беру жүйесінің жаһандануы жағдайында шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіру мәселесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін айқындайтын жеке-психологиялық компоненттерді анықтау, олардың құрылымдық өзара байланысын талдау және жоғары оқу орны жағдайында ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысуды ынталандыратын психологиялық-педагогикалық шарттарды ғылыми тұрғыдан негіздеу. Зерттеудің нысаны ретінде жоғары оқу орнына дейінгі дайындық бөлімінде білім алатын шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің ерекшеліктері қарастырылады.

Сондай-ақ, мақалада зерттеушілік әлеуетті көпқұрылымды тұлғалық феномен ретінде негіздеп, оның мотивациялық, танымдық, эмоциялық-еріктік, коммуникативтік және рефлексивтік компоненттері құрылымдық тұрғыдан сипатталады. Зерттеу барысында когнитивтік қабілеттердің даму деңгейі, ішкі оқу-зерттеу мотивациясы, креативті ойлау, өзін-өзі реттеу және коммуникативтік құзыреттер шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін қалыптастыратын жетекші тұлғалық детерминанттар ретінде айқындалды.

Эмпирикалық зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде білім алатын шетелдік студенттер арасында жүргізілді. Алынған

нәтижелер зерттеушілік әлеуеттің қалыптасу деңгейі ішкі мотивацияның дамуымен, мәдени-білім беру ортасына бейімделу ерекшеліктерімен және тұлғалық-кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталған саналы ұмтылыспен тығыз байланысты екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысуын арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Ұсынылған қорытындылар мен практикалық ұсыныстар шетелдік студенттердің зерттеушілік қызығушылығын дамытуға, шығармашылық әлеуетін ашуға және зерттеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жоғары білім беру практикасы үшін теориялық және қолданбалы маңызға ие.

Кілтті сөздер: шетелдік студент, зерттеу әлеуеті, тұлғалық алғышарттар, мотивация, бейімделу, зерттеу іс-әрекеті, педагогикалық қолдау, когнитивтік қабілеттер.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесінде шетелдік студенттердің санының артуы білім беру үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына жаңа талаптар қояды. Университеттердің интернационалдануы шетелдік студенттердің академиялық бейімделуімен қатар, олардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне тартылуын өзекті мәселеге айналдырды. Зерттеу іс-әрекеті шетелдік студенттердің кәсіби қалыптасуының, академиялық интеграцияның және тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуеті ғылыми ізденіске дайындықты, танымдық белсенділікті, зерттеу әрекетіне қызығушылық пен шығармашылық мүмкіндіктерді қамтитын күрделі тұлғалық құрылым ретінде сипатталады. Алайда мәдени, тілдік және психологиялық ерекшеліктер олардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне белсенді қатысуына кедергі келтіруі мүмкін. Осыған байланысты зерттеушілік әлеуетті өзектендірудің тұлғалық алғышарттарын айқындау ғылыми және практикалық маңызға ие.

Зерттеушілік әлеуеттің қалыптасуы мотивация, дербестік, жауапкершілік, өзіндік сенімділік, мәдени бейімделу деңгейі және рефлексиялық қабілеттер сияқты тұлғалық факторлармен тығыз байланысты. Қазақстандық жоғары оқу орындарындағы тәжірибе шетелдік студенттердің зерттеу іс-әрекетіне тартылу деңгейінің әрқелкі екенін және бұл үдерісте тілдік, мотивациялық және бейімделу сипатындағы қиындықтардың бар екенін көрсетеді. Осыған орай, шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендірудің тұлғалық

алғышарттарын ғылыми тұрғыдан зерделеу жоғары білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.


Материалдар мен әдістері

Зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде, атап айтқанда шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы мен ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында білім алып жатқан шетелдік студенттердің қатысуымен жүргізілді. Зерттеу 2025 жылдың ақпан – сәуір айлары аралығында өткізілді және оған 17–20 жас аралығындағы 124 шетелдік студент ерікті түрде қатысты. Зерттеуге қатысқан респонденттердің 62-і – шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында, ал қалған 62-і – ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында оқыды. Респонденттердің ұлттық құрамы көпмәдени білім беру кеңістігін айқын көрсетеді: Қытай Халық Республикасынан – 78 студент, Түркиядан – 15 студент, Корея Республикасынан – 10 студент, Жапониядан – 8 студент және Моңғолиядан – 13 студент қатысты. Мұндай іріктеу шетелдік студенттердің зерттеу іс-әрекетіне қатысу ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда талдауға мүмкіндік берді. Зерттеудің негізгі мақсаты – шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіруге ықпал ететін тұлғалық алғышарттарды анықтау. Эмпирикалық деректерді жинау үшін Google Forms платформасы негізінде әзірленген авторлық сауалнама қолданылды. Сауалнама студенттердің зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығын, танымдық белсенділігін, оқу-ғылыми мотивациясын, өзіндік сенімділігін, жауапкершілік деңгейін және ғылыми ізденіске дайындығын бағалауға бағытталды. Барлық этикалық талаптар сақталып, қатысушылардың ерікті келісімі қамтамасыз етілді, ал алынған деректер ғылыми мақсатта құпия түрде пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетінің қалыптасу деңгейі мен оны айқындайтын тұлғалық-психологиялық және педагогикалық факторлардың өзара байланысын айқындады. Алынған эмпирикалық деректер эксперимент және бақылау топтары арасындағы мәнді айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Эксперимент тобында студенттердің 43,8 %-ы ғылыми-зерттеу жұмысына тұрақты қызығушылық танытса, 35,1 %-ы зерттеу іс-әрекетіне ситуативті түрде қатысатынын, ал 21,1 %-ы зерттеу жұмысына қатысуға дайындық деңгейінің төмен екенін көрсетті. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер сәйкесінше 38,4 %, 34,3 % және 27,3 % болды. Салыстырмалы талдау эксперимент тобында ғылыми-зерттеу қызметіне тұрақты қызығушылық танытатын студенттердің үлесі жоғары, ал зерттеу жұмысына дайындық деңгейі төмен студенттердің үлесі бақылау

тобында басым екенін көрсетті. Бұл деректер эксперименттік ықпалдың студенттердің зерттеу белсенділігін арттыруға оң әсер еткенін (1 суретте) дәлелдейді.




1-сурет 1 – Шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу деңгейлері

Алынған нәтижелер шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуеті біркелкі қалыптаспайтынын және оның дамуы тұлғалық-психологиялық факторларға тәуелді екенін көрсетті. Өзіндік ғылыми тиімділік деңгейі жоғары студенттер ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне белсенді әрі тұрақты қатысады, бұл А. Бандураның (Bandura A.) өзіндік тиімділік теориясының негізгі қағидаларымен сәйкес келеді [1]. Керісінше, тиімділігі төмен немесе орташа студенттердің зерттеу іс-әрекетіне селқос қатысуы, олардың әлеуетін толық іске асыруына кедергі келтіреді. Осыған байланысты зерттеушілік әлеуетті дамытуда өзіндік тиімділікті арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңыздылығы негізделді.

Сонымен қатар ішкі мотивацияны талдау эксперимент және бақылау топтары арасында мәнді айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Эксперимент тобында студенттердің басым бөлігінде 41,5 %-ында ішкі мотивацияның жоғары деңгейі, 37,2 %-ында орташа деңгейі анықталса, 21,3 %-ында мотивацияның төмен деңгейі тіркелді. Бұл зерттеу барысында

енгізілген психологиялық-педагогикалық интервенциялардың студенттердің зерттеу мотивациясын арттырудағы тиімділігін дәлелдейді. Бақылау тобында ішкі мотивацияның жоғары деңгейі 35,9 %-ды, орташа деңгейі 35,4 %-ды, ал төмен деңгейі 28,7 %-ды құрады. Салыстырмалы талдау барысында (2-суретте) эксперимент тобында жоғары және орташа мотивация деңгейіндегі студенттердің үлесі басым екенін және төмен мотивация көрсеткішінің азайғанын көрсетті, бұл интервенциялық бағдарламаның тиімділігін растайды.




2-сурет – Эксперимент және бақылау топтарындағы ішкі мотивация деңгейлерінің салыстырмалы талдауы

Сапалық талдау нәтижелері ішкі мотивациясы жоғары студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне белсенді әрі дербес қатысатынын көрсетті. Олар ғылыми жобаларға ерікті түрде тартылып, ақпаратты өздігінен іздеуге және зерттеу үдерісіне саналы қатысуға дайын екендігін білдіреді. Бұл деректер зерттеушілік әлеуеттің дамуы сыртқы талаптардан гөрі ішкі мотивациямен тығыз байланысты екенін айқындайды. Алынған нәтижелер өзін-өзі анықтау теориясының Э. Деси мен Р. Райанның (Deci E.L., & Ryan R.M.) [2;3] негізгі қағидаларымен үйлеседі, яғни студенттердің зерттеушілік әлеуеті автономдылық, құзыреттілік және әлеуеттік қатыстылық қажеттіліктері қанағаттандырылған жағдайда тиімді дамиды. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері ішкі мотивацияны дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендірудегі маңызды шарт екенін және жоғары оқу ғылыми-зерттеу

іс-әрекетін ұйымдастыруда интегративті тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік негізделгенін көрсетеді.

Шетелдік студенттердің өзіндік ғылыми тиімділік деңгейін бағалау эксперимент және бақылау топтары арасында айқын айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Эксперимент тобында респонденттердің 38,2 %-ы ғылыми-зерттеу қабілеттеріне толық сенімді екенін білдірсе, 40,1 %-ында орташа сенімділік деңгейі, ал 21,7 %-ында төмен деңгейі анықталды. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер сәйкесінше 32,8 %, 38,9 % және 28,3 % олды. Салыстырмалы талдау эксперимент тобында өзіндік тиімділіктің жоғары және орташа деңгейлерінің жиынтық үлесі басым екенін және төмен деңгей көрсеткішінің едәуір азайғанын (3 суретте) көрсетті.




3-сурет – Өзіндік ғылыми тиімділік деңгейлерін айқындау нәтижелері

Алынған нәтижелер шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін толық іске асыруына кедергі келтіретін тұлғалық-психологиялық тосқауылдардың бар екенін айқындады. Бұл тосқауылдар, негізінен, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға қажетті өзін-өзі реттеу дағдыларының жеткіліксіз дамуымен байланысты. Зерттеу деректері өзін-өзі реттейтін оқу теориясының Б. Дж. Циммерманның (B. Zimmerman,) [4], сондай-ақ П.П.Пинтрич пен Э. В. Де Грооттың (P. Pintrich, E. De Groot) [5] негізгі қағидаларымен үйлеседі. Аталған теорияларға сәйкес, зерттеу іс-әрекетінің табыстылығы мақсат қою, жоспарлау, рефлексия және метатанымдық бақылау дағдыларының дамуымен айқындалады. Эмпирикалық

деректер өзіндік ғылыми тиімділігі төмен студенттерде бұл дағдылардың жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Жалпы нәтижелер өзін-өзі реттейтін оқу стратегияларын дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдаудың шетелдік студенттердің зерттеу әлеуетін өзектендірудегі шешуші рөлін дәлелдейді.

Студенттердің ғылыми ортаға психологиялық бейімделуін бағалау эксперимент және бақылау топтары арасында айқын айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Эксперимент тобында студенттердің 48,1 %-ы жоғары деңгейде бейімделген, 34,6 %-ы бейімделу үдерісінде, ал 17,3 %-ы қиындықтар сезінетіні анықталды. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 40,7 %, 33,2 % және 21,6 % болды. Салыстырмалы талдау эксперимент тобында жоғары және қалыптасу үстіндегі бейімделудің басым екенін, ал бейімделу қиындықтарының азайғанын көрсетті. Жалпы нәтижелер ғылыми ортаға бейімделудің біркелкі еместігін және оған тілдік пен мәдени факторлардың елеулі ықпал ететінін (4-сурет) айқындады.




4-сурет – Эксперимент және бақылау топтарының ғылыми ортаға психологиялық бейімделу деңгейлерін салыстырмалы талдау

Аталған деректер академиялық және әлеуметтік интеграция теорияларымен М. С. Андраде (Andrade M.S.) [6], мен С. Маргинсонның (Marginson S.) [7] тұжырымдарымен сәйкес келеді және студенттің

университеттік ғылыми ортаға кірігуі оның зерттеу белсенділігі мен академиялық табыстылығының маңызды алғышарты екенін дәлелдейді.

Педагогикалық қолдауды бағалау нәтижелері оқытушылардың ғылыми-әдістемелік және психологиялық қолдауы зерттеушілік әлеуетті дамытудың сыртқы шарты екенін көрсетті. Эксперимент тобында респонденттердің 51,2 %-ы педагогикалық қолдауды жеткілікті деп бағаласа, 32,8%-ы оны ішінара сезінетінін, 16,0 %-ы қолдаудың жеткіліксіз екенін көрсетті. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 44,0 %, 31,8 % және 24,2 % болды. Салыстырмалы талдау эксперимент тобында педагогикалық қолдаудың жоғары деңгейі басым екенін және оның жеткіліксіздігі төмендегенін (5 сурет) айқындады.



5-сурет. Эксперименттік және бақылау топтарындағы педагогикалық қолдау деңгейлерін салыстырмалы талдау

Алынған деректер студенттердің зерттеу белсенділігін қолдаудың тиімділігі оқытушы мен студент арасындағы академиялық өзара әрекеттесу сапасына және ғылыми жетекшілік деңгейіне тікелей тәуелді екенін көрсетті. Бұл сыртқы педагогикалық тетіктердің – ғылыми жетекшілік, әдістемелік қолдау және психологиялық қолайлы ғылыми ортаның маңыздылығын дәлелдейді. Эмпирикалық нәтижелер Т. В. Черникова, И. К. Аманова және Н. А. Кудушеваның тұжырымдармен үйлеседі, онда педагогикалық қолдау студенттердің өзіндік ғылыми тиімділігін арттыратын маңызды

психологиялық ресурс ретінде қарастырылады [8]. Зерттеу көрсеткендей шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуеті көпфакторлы сипатқа ие және тұлғалық-психологиялық алғышарттар мен педагогикалық жағдайлардың өзара ықпалы арқылы қалыптасады. Ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу белсенділігі студенттердің тұлғалық ерекшеліктері, ішкі мотивациясы және әлеуметтік-мәдени бейімделу деңгейімен тығыз байланысты. Бұл тұжырымдар отандық және шетелдік зерттеушілердің теориялық қағидаларымен толық сәйкес келеді. Патрик Х., Райан А. М. және Пинтрич П. Р. (Patrick H., Ryan A. M., & Pintrich P. R.) зерттеушілік әлеуетті оқу мотивациясы мен өзін-өзі реттеу үдерістерімен байланыстырады [9], ал К. М. Нағымжанова және әріптестері академиялық жетістік пен өзін-өзі басқару деңгейінің өзара тәуелділігін дәлелдейді [10]. М. И. Соколова студенттердің өзіндік ғылыми тиімділігі мен академиялық табыстылығы арасындағы байланысты эмпирикалық тұрғыда көрсетеді [11]. Сонымен қатар, алынған нәтижелер Л. С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясымен [12], Дж. Дьюи [13] мен Дж. Брунердің (Bruner, J.) тәжірибеге және проблемалық оқытуға негізделген тұжырымдарымен [14], Э. Л. Деси мен Р. М. Райанның (Deci E. L., Eghrari H., Patrick B. C., & Leone D. R.) өзіндік детерминация теориясымен [15;16] үндеседі. Ішкі мотивациясы жоғары студенттер ғылыми тапсырмаларды орындауда тұрақтылық танытады. Шетелдік студенттердің әлеуметтік-мәдени бейімделуі мен зерттеу белсенділігінің өзара байланысы Дж. У. Берридің (Berry J. W.) мәдени бейімделу модельдерімен сәйкес келеді [17]. Отандық ғалым Н. Қ. Тоқсанбаеваның [18] бірлескен іс-әрекет пен өзара қарым-қатынасты жүйелі ұйымдастыру қағидалары зерттеу нәтижелерімен үйлеседі. Зерттеу нәтижелері педагогикалық қолдауды студенттің тұлғалық дамуын, өзіндік ғылыми тиімділігін және академиялық дербестігін қамтамасыз ететін тұтас психологиялық-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіру үдерісінің көпқырлы әрі тұлғалық-психологиялық сипатқа ие екенін көрсетті. Ғылыми-зерттеу белсенділігі деңгейі студенттердің ішкі мотивациясына, когнитивтік қызығушылығына, өзіндік ғылыми тиімділігіне және әлеуметтік-мәдени бейімделуіне тікелей тәуелді екені анықталды. Алынған деректер шетелдік студенттердің тұлғалық дамуы мен ғылыми ізденіске қатысу белсенділігі арасындағы өзара байланысты айқындап, өзіндік сенім мен мақсатқа бағытталудың зерттеушілік әлеуеттің тұрақты қалыптасуындағы жетекші ролін дәлелдеді. Осыған байланысты шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамыту тұлғалық өсу, кәсіби өзін-өзі тану және мәдениетаралық өзара әрекеттестікпен сабақтас

кешенді үдеріс ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері негізінде психологиялық бейімдеу бағдарламаларын жетілдіру, зерттеу мотивациясын ынталандыру, тұлғалық-бағдарлы оқыту әдістерін енгізу, мәдениаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту және ғылыми жетекшілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру қажеттігі айқындалды.

Аталған ұсынымдарды жоғары оқу орындарының білім беру тәжірибесіне жүйелі енгізу шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін тиімді дамытуға, олардың тұлғалық және кәсіби қалыптасуын қолдауға және жоғары білім беру жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Bandura, A.** Self-efficacy: The exercise of control. [Мәтін]. – New York : Freeman, – 1997. – 604 p.

2 **Deci, E. L., Ryan, R. M.** The «what» and «why» of goal pursuits: Human needs and the self-determination of behavior [Мәтін] // *Psychological Inquiry*. – 2000. – Vol. 11, № 4. – P. 227–268. – https://doi.org/10.1207/S15327965PLI1104_01 (қаралған күні: 15.01.2025)

3 **Ryan, R. M., Deci, E. L.** Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. [Мәтін] // *American Psychologist*. – 2000 Vol. 55, № 1. – P. 68–78. – <https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68> (қаралған күні: 27.02.2025)

4 **Zimmerman, B. J.** Self-regulated learning and academic achievement: An overview. [Мәтін] // *Educational Psychologist*. – 2010. – Vol. 25, № 1. – P. 3–17. – https://doi.org/10.1207/s15326985ep2501_2 (қаралған күні: 13.03.2025)

5 **Pintrich, P. R., De Groot, E. V.** Motivational and self-regulated learning components of classroom academic performance. [Мәтін] // *Journal of Educational Psychology*. – 1990. – Vol. 82, № 1. – P. 33–40. – <https://doi.org/10.1037/0022-0663.82.1.33> (қаралған күні: 11.06.2025)

6 **Andrade, M. S.** International students in english-speaking universities: Adjustment factors. [Мәтін] // *Journal of Research in International Education*. – 2006. – Vol. 5. – P. 131-154. – <https://doi.org/10.1177/1475240906065589> (қаралған күні: 07.05.2025)

7 **Marginson, S.** Student self-formation in international education. [Мәтін] // *Journal of Studies in International Education*. – 2013. – Vol. 18, № 1. – P. 6–22. – <https://doi.org/10.1177/1028315313513036> (қаралған күні: 23.04.2025)

8 **Черникова, Т. В., Аманова, И. К., Кудушева, Н. А.** Анализ эмпирических результатов исследования особенностей личностной

самоэффективности современных студентов [Мәтін] // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология*. – 2022. – № 71(2). – <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.22> (қаралған күні: 09.08.2025)

9 **Patrick, H., Ryan, A. M., Pintrich, P. R.** The differential impact of extrinsic and mastery goal orientations on males' and females' self-regulated learning. [Мәтін] // *Learning and Individual Differences*. – 1999. – Vol. 11. – № 2. – P. 153–171. – [https://doi.org/10.1016/S1041-6080\(00\)80003-5](https://doi.org/10.1016/S1041-6080(00)80003-5) (қаралған күні: 07.06.2025)

10 **Нагымжанова, К. М., Жәніс, Ә. Қ., Сабирова, Р. Ш., Капбасова, Г. Б., Садыкова, А. К.** Студенттердің академиялық жетістігі және self management: эмпирикалық талдау [Мәтін] // *Psychology and Cognitive Sciences*. – 2025. – № 3(152). – 182–192 бб. – <https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-152-3-182-192> (қаралған күні: 18.03.2025)

11 **Соколова, М. И.** Самоэффективность и академическая успешность студентов: эмпирическое исследование [Мәтін] // *Психологическая наука и образование*. – 2014. – №19(1). – С. 105–113.

12 **Выготский, Л. С.** Мышление и речь [Мәтін]. – М. : Педагогика, 1996. – С. 80–87.

13 **Дж.Дьюи.** Демократия и образование. [Мәтін] – М. : Педагогика, 2000. – 384 с.

14 **Bruner, J.** The Process of Education. Cambridge, [Мәтін]. – MA : Harvard University Press, 1960. – 128 p.

15 **Deci, E. L., Eghrari, H., Patrick, B. C., Leone, D. R.** Facilitating internalization: The self-determination theory perspective. [Мәтін] // *Journal of Personality*. – 1994. – Vol. 62. – P 119–142.

16 **Ryan, R. M., Deci, E. L.** Self-determination theory: Basic psychological needs in motivation, development, and wellness. [Мәтін] – New York : Guilford Press, 2017. – 756 p.

17 **Berry, J. W.** Acculturation and adaptation of international students. [Мәтін] // *Applied Psychology*. – 1997. – Vol. 46 №1. – P. 5–34.

18 **Тоқсанбаева, Н. Қ.** Қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетті жүйелендірудің негізгі факторы. 2-басылым. [Мәтін] – Алматы : Қазақ университеті, 2025. – 116–182 б.

References

1 **Bandura, A.** Self-efficacy: The exercise of control. [Text]. – New York : Freeman, – 1997. – 604 p.

2 **Deci, E. L., Ryan, R. M.** The «what» and «why» of goal pursuits: Human needs and the self-determination of behavior. [Text] // Psychological Inquiry. – 2000. – Vol. 11. – № 4. – P. 227–268. – https://doi.org/10.1207/S15327965PLI1104_01 (accessed: 15.01.2025).

3 **Ryan, R. M., Deci, E. L.** Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. [Text] // American Psychologist. – 2000. – Vol. 55. – № 1. – P. 68–78. – <https://doi.org/10.1037/0003-066X.55.1.68> (accessed: 27.02.2025)

4 **Zimmerman, B. J.** Self-regulated learning and academic achievement: An overview. [Text] // Educational Psychologist. – 2010. – Vol. 25. – № 1. – P. 3–17. – https://doi.org/10.1207/s15326985ep2501_2 (accessed: 13.03.2025)

5 **Pintrich, P. R., De Groot, E. V.** Motivational and self-regulated learning components of classroom academic performance. [Text] // Journal of Educational Psychology. – 1990. – Vol. 82. – № 1. – P. 33–40. – <https://doi.org/10.1037/0022-0663.82.1.33> (accessed: 11.06.2025).

6 **Andrade, M. S.** International students in english-speaking universities: Adjustment factors. [Text] // Journal of Research in International Education. – 2006. – Vol. 5. – P. 131–154. – <https://doi.org/10.1177/1475240906065589> (accessed: 07.05.2025)

7 **Marginson, S.** Student self-formation in international education. [Text] // Journal of Studies in International Education. – 2013. – Vol. 18. – № 1. – P. 6–22. – <https://doi.org/10.1177/1028315313513036> (accessed: 23.04.2025)

8 **Chernikova, T. V., Amanova, I. K., Kudusheva, N. A.** Analiz empiricheskikh rezul'tatov issledovaniya osobennostej lichnostnoj samoeffektivnosti sovremennykh studentov [Analysis of empirical results of a study on the characteristics of personal self-efficacy of modern students] [Text] // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psikhologiya. – 2022. – Vol. 71. – № 2. – <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.22> (accessed: 09.08.2025)

9 **Patrick, H., Ryan, A. M., Pintrich, P. R.** The differential impact of extrinsic and mastery goal orientations on males' and females' self-regulated learning. [Text] // Learning and Individual Differences. – 1999. – Vol. 11. – № 2. – P. 153–171. – [https://doi.org/10.1016/S1041-6080\(00\)80003-5](https://doi.org/10.1016/S1041-6080(00)80003-5) (accessed: 07.06.2025)

10 **Nagymzhanova, K. M., Zhenis, A. Q., Sabirova, R. Sh., Kapbasova, G. B., Sadykova, A. K.** Studentterdin akademiyaalyk zhetistigi zhane self-management: empiriyalyk taldau [Student academic achievement and self-management: an empirical analysis] [Text] // Psychology and Cognitive Sciences. – 2025. – № 3(152) – P. 182–192. – <https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-152-3-182-192> (accessed: 18.03.2025).

11 **Sokolova, M. I.** Samoeffektivnost' i akademicheskaya uspehnost' studentov: empiricheskoe issledovanie [Self-efficacy and academic success of students : An empirical study] [Text] // Psikhologicheskaya nauka i obrazovanie. – 2014. – Vol 19. – № 1. – P. 105–113.

12 **Vygotskij, L. S.** Myshlenie i rech' [Thinking and speech] [Text] – Moscow : Pedagogika, 1996. – P. 80–87 c.

13 **Dewey, J.** Demokratiya i obrazovanie [Democracy and Education]. [Text] – Moscow : Pedagogika, 2000. – 384 p.

14 **Bruner, J.** The Process of Education. Cambridge. [Text] – MA : Harvard University Press, 1960. – 128 p.

15 **Deci, E. L., Eghrari, H., Patrick, B. C., Leone D. R.** Facilitating internalization: The self-determination theory perspective. [Text] // Journal of Personality. – 1994. – Vol. 62. – P 119-142.

16 **Ryan, R. M., Deci, E. L.** Self-determination theory: Basic psychological needs in motivation, development, and wellness. [Text] – New York : Guilford Press, 2017. – 756 p.

17 **Berry, J. W.** Acculturation and adaptation of international students. [Text] // Applied Psychology. – 1997. – Vol. 46. – № 1. – P. 5–34.

18 **Toksanbaeva, N. Q.** Qarym-qatynas birlesken is-areketti zhuielenrudin negizgi faktory. – 2-bas [Communication is the key factor in systematizing joint actions. 2nd edition] [Text] – Almaty : Qazaq universiteti, 2025. – P. 116–182.

02.01.26 ж. баспаға түсті.

30.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

М. Б. Амирканов¹, А. М. Кудайбергенова², Ю. Гелишвили³

^{1,2}Қазақский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Университет Гази,

Турецкая Республика, г. Анкара.

Поступило в редакцию 02.01.26.

Поступило с исправлениями 30.01.26.

Принято в печать 18.02.26.

ЛИЧНОСТНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ АКТУАЛИЗАЦИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ

В статье с психолого-педагогических позиций рассматривается проблема актуализации исследовательского потенциала иностранных студентов в условиях глобализации системы высшего образования. Цель исследования заключается в выявлении индивидуально-психологических компонентов, определяющих исследовательский потенциал иностранных студентов, анализе их структурных взаимосвязей, а также в научном обосновании психолого-педагогических условий, стимулирующих участие студентов в научно-исследовательской деятельности в условиях высшего учебного заведения. Объектом исследования выступают особенности научно-исследовательской деятельности иностранных студентов, обучающихся на подготовительных отделениях до поступления в высшие учебные заведения.

В статье исследовательский потенциал обоснован как многокомпонентный личностный феномен, структурно включающий мотивационный, когнитивный, эмоционально-волевой, коммуникативный и рефлексивный компоненты. В ходе исследования уровень развития когнитивных способностей, внутренняя учебно-исследовательская мотивация, креативное мышление, саморегуляция и коммуникативные компетенции были определены как ведущие личностные детерминанты формирования исследовательского потенциала иностранных студентов.

Эмпирическое исследование было проведено среди иностранных студентов факультета довузовского образования Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Полученные результаты показали, что уровень сформированности исследовательского потенциала тесно связан с развитием внутренней мотивации, особенностями адаптации к культурно-образовательной среде, а также с осознанной направленностью на личностно-профессиональное саморазвитие. Результаты исследования позволяют научно обосновать систему психолого-педагогической поддержки, направленную на повышение участия иностранных студентов в научно-исследовательской деятельности. Представленные выводы и практические рекомендации имеют теоретическую и прикладную значимость для практики высшего

образования, ориентированной на развитие исследовательского интереса, раскрытие творческого потенциала и формирование исследовательской культуры иностранных студентов.

Ключевые слова: иностранный студент, исследовательский потенциал, личностные предпосылки, мотивация, адаптация, исследовательская деятельность, педагогическая поддержка, когнитивные способности.

M. B. Amirkanov¹, A. M. Kudaibergenova², Y. Gelishli³

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Gazi University,
Republic of Turkey, Ankara.

Received 02.01.26.

Received in revised form 30.01.26.

Accepted for publication 18.02.26.

PERSONAL PRECONDITIONS FOR THE ACTUALIZATION OF INTERNATIONAL STUDENTS' RESEARCH POTENTIAL

The article examines the problem of actualizing the research potential of international students in the context of the globalization of higher education from a psychological and pedagogical perspective. The purpose of the study is to identify the individual psychological components that determine the research potential of international students, to analyze their structural interrelationships, and to provide a scientific justification for the psychological and pedagogical conditions that stimulate students' participation in research activities within the higher education environment. The object of the study is the specific features of research activity among international students enrolled in pre-university preparatory programs. The article conceptualizes research potential as a multidimensional personal phenomenon and structurally characterizes its motivational, cognitive, emotional-volitional, communicative, and reflective components. The study identifies the level of cognitive abilities development, intrinsic learning and research motivation, creative thinking, self-regulation, and communicative competencies as the leading personal determinants shaping the research potential of international students.

The empirical research was conducted among international students of the Faculty of Pre-University Education at Al-Farabi Kazakh National

University. The findings demonstrate that the level of research potential development is closely associated with the growth of intrinsic motivation, the characteristics of adaptation to the cultural and educational environment, and a conscious orientation toward personal and professional self-development. The research results provide a scientific basis for the development of a psychological and pedagogical support system aimed at increasing international students' engagement in research activities. The proposed conclusions and practical recommendations have both theoretical and applied significance for higher education practice, contributing to the development of research interest, the creative potential, and the formation of research culture among international students.

Keywords: international student, research potential, personal prerequisites, motivation, adaptation, research activity, pedagogical support, cognitive abilities.

МРНТИ 14.25.01

<https://doi.org/10.48081/BGQF1853>**А. Х. Аренова¹, *А. Жунусбекова², Э. И. Калиева³**

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

³Каспийский университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, Республика Казахстан, г. Актау.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7133-7802>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7598-4081>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-3342-2553>

*e-mail: a.zhunusbekova@abaiuniversity.edu.kz

ГОТОВНОСТЬ ПЕДАГОГОВ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ К ЭТИЧЕСКОМУ ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

В данной статье анализируется проблема готовности педагогов к этическому использованию возможностей искусственного интеллекта в системе образования. Широкомасштабное внедрение искусственного интеллекта в систему образования обуславливает появление этических вызовов, касающихся вопросов конфиденциальности, справедливости, прозрачности алгоритмов и ответственного применения. Рассмотрение указанных аспектов приобретает особую значимость для педагогов, которые в свою очередь выступают посредниками между технологией и обучающимися.

Целью исследования является определение уровня готовности педагогов к этическому использованию искусственного интеллекта в системе среднего образования и выявление факторов (личностные, профессиональные, институциональные), влияющих на данную готовность. Эмпирическое исследование было проведено в 2025 году на базе 3-х школ г. Алматы (№ 120, № 25 и № 36). В опросе приняли участие 60 педагогов, из них 40 женщин и 20 мужчин со стажем работы от 1 до 25 лет. В целях сбора данных использовались анкетирование (25 утверждений по шкале Лайкерта), метод экспертной оценки (10 экспертов – методисты и завучи) и корреляционный анализ (SPSS/Excel). В ходе исследования было

установлено, что педагоги осознают важность этического применения искусственного интеллекта в системе образования, вместе с тем их методическая и институциональная готовность является недостаточной. Анализ позволил выделить следующие ключевые барьеры – это нехватка нормативных и методических материалов, отсутствие системной подготовки и ограниченные возможности для обмена опытом. В целях формирования этической культуры педагогов в области искусственного интеллекта рекомендуется разработка корпоративного кодекса этики искусственного интеллекта, внедрение модулей по этике искусственного интеллекта в программы подготовки и повышения квалификации педагогов. Внедрение предложенных мер обеспечит повышение качества образовательного процесса, укрепление доверия к цифровым инструментам и обеспечение ответственного внедрения искусственного интеллекта в педагогическую деятельность.

Ключевые слова: искусственный интеллект (ИИ), этика, среднее образование, педагог, готовность, цифровая компетентность, обучающиеся, профессиональная подготовка.

Введение

На сегодняшний день искусственный интеллект (ИИ) в мире, в том числе и в Казахстане получает активное развитие. В 2025 году в Республике Казахстан был принят Закон «Об искусственном интеллекте», который в свою очередь закрепляет законодательно, что искусственный интеллект – это технология в области информационно-коммуникационных систем, которая может воспроизводить или улучшать человеческие когнитивные способности для решения интеллектуальных задач [1]. Также была принята Концепция развития искусственного интеллекта на 2024–2029 годы, где главной задачей является создание целостной экосистемы искусственного интеллекта и трансформация страны из потребителя технологий в разработчика и экспортера продуктов искусственного интеллекта [2]. Одним из результатов можно отметить разработанную первую крупную языковую модель KAZ-LLM, которая способна создавать тексты на казахском, русском и английском языках. Использование данной модели способствует сохранению и развитию национального культурного наследия. Ведется работа над созданием Национальной платформы искусственного интеллекта (НАИП) и Национального центра искусственного интеллекта, которые будут поддерживать государственные структуры и научные исследования.

Стремительное развитие технологий искусственного интеллекта влияют не только на аспекты повседневной жизни, но и на систему образования. Благодаря мощным возможностям создания различного контента трансформируются традиционные модели обучения. В Послании Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 08 сентября 2025 года «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию» подчеркнул, что развитие компетенций в сфере ИИ следует начинать с уровня школьного образования. Для достижения указанной цели необходимо осуществить ряд инициатив – разработать образовательные программы и учебные материалы по основам искусственного интеллекта для обучающихся среднего образования, а также обеспечить подготовку педагогов, владеющими компетенциями в данной области [3]. В соответствии утвержденным Планом действий по реализации Концепции развития искусственного интеллекта на 2024–2029 годы, планируется включение модуля «Основы искусственного интеллекта» в учебные программы среднего образования. В период с 2026 года ежегодно будут разрабатываться цифровые учебники с поддержкой искусственного интеллекта (AI-embedded Digital Textbooks) [2]. Искусственный интеллект в системе среднего образования – это не замена педагога, а усиление его возможностей и более справедливое и качественное образование для всех обучающихся. Практическое использование инструментов искусственного интеллекта в системе среднего образования открывает для педагогов такие возможности как персонализация учебного материала под каждого обучающегося, автоматическая генерация заданий на подготовку занятий и повышение общей результативности работы. Вопреки тому, что внедрение искусственного интеллекта в систему образования открывает новые возможности как для педагогов, так и для обучающихся, текущие исследования в большинстве своем сосредоточены на применении и проблемах ИИ в целом, однако не достаточно исследованы проблемы готовности педагогов среднего образования использовать инструменты искусственного интеллекта и влияющие на это факторы. Проведенные исследования демонстрируют, что ключ к успешному использованию технологии искусственного интеллекта в обучении заключается в желании и согласии педагога использовать его [4]. Исходя из изложенного, изучение готовности педагогов среднего образования к использованию инструментов искусственного интеллекта и факторов, влияющих на нее, имеет важное значение не только для развития технологий ИИ, но также для развития педагогов среднего образования и разработки политики по внедрению ИИ в школьное обучение.

В последние годы наблюдается активизация вопросов, связанных с этическим применением искусственного интеллекта. Данный процесс был обусловлен стремительным появлением различных рамочных документов, методических рекомендаций и экспертных консультаций, разрабатываемым правительством, международными и локальными организациями, бизнесом и научным сообществом. В данный момент обсуждаются проблемы предвзятости, недостаточной прозрачности, подотчетности алгоритмов, в том числе риски злоупотребления прогностическими моделями при принятиях решений. Наряду с этим, внедрение технологий ИИ в систему образования сталкивается с вопросами конфиденциальности, открытости и справедливости. Их теоретическое осмысление и практическое решение являются обязательным условием для ответственного и равноправного использования современных образовательных технологий.

В этой связи особое значение приобретает анализ готовности педагогов к работе с инструментами ИИ при соблюдении этических норм ввиду того, что именно педагоги становятся ключевыми агентами внедрения образовательных технологий.

Целью исследования является определение уровня готовности педагогов к этическому использованию искусственного интеллекта в системе среднего образования и выявление факторов (личностные, профессиональные, институциональные), влияющие на данную готовность.

Задачи исследования:

1 Как педагоги трактуют этическое использование искусственного интеллекта в среднем образовании?

2 Какие факторы (личностные, профессиональные, институциональные) влияют на готовность педагогов использовать инструменты ИИ с соблюдением этических принципов?

Материалы и методы

В последние годы фиксируется повышенный интерес к инструментам искусственного интеллекта и его применение в образовательном процессе. Несмотря на то, что первые разработки в сфере искусственного интеллекта начались в 1942 году, этот термин был впервые предложен М. Мински и Дж. Маккартни в 1956 году в период Дартмутского летнего исследовательского проекта по искусственному интеллекту в Дартмутском колледже (г. Нью-Гемпшир). По сравнению с информационными технологиями, которые прежде всего помогают удобно и быстро осуществлять передачу знаний и информацию, образовательные технологии на базе искусственного интеллекта фокусируются на анализе и обработке информации в рамках

учебного процесса и разработке тактик и стратегий для повышения эффективности обучения [6].

На данный момент усиливается внимание к применению учебных инструментов искусственного интеллекта, учебных сред с опорой на технологии искусственного интеллекта, а также система оценивания и обратной связи на базе технологий искусственного интеллекта. Учебные инструменты, основанные на искусственном интеллекте, представляют педагогические решения для расширения возможностей образовательного процесса. Технологии обработки естественного языка, машинное обучение, анализ данных и виртуальные лаборатории, создают условия для персонализации обучения, вовлечения обучающихся и улучшая их академические результаты [7]. Учебные среды с применением технологий искусственного интеллекта создают более насыщенный и погруженный образовательный опыт. Они охватывают как виртуальные платформы, так и системы технологии AR (Augmented Reality), которые обеспечивают практико-ориентированные симуляции. Это обеспечивает углубленное понимание теоретического материала и развитию навыков командного решения задач [8]. Системы оценивания и обратной связи на основе искусственного интеллекта способствуют более быстрому и эффективному процессу контроля знаний, предоставляя обучающимся персонализированные комментарии, соответствующие критериям формативного и суммативного оценивания. Это, в свою очередь, обеспечивает обучающимся получение моментальной обратной связи, что положительно может повлиять на их образовательные результаты [9]. Внедрение вышеупомянутых инструментов искусственного интеллекта в систему среднего образования открывает перспективные возможности для улучшения педагогической практики, она не лишена сложностей, подлежащих решению. В этой связи способность педагогов выбирать и использовать инструменты искусственного интеллекта является интегральной частью успешной реализации преобразующего потенциала искусственного интеллекта в системе образования.

Проведенные исследования показали, что потенциал искусственного интеллекта в повышении качества обучения и преподавания, в то же время существует исследовательский пробел касательно готовности педагогов к внедрению технологий искусственного интеллекта в развивающихся странах. Исследования свидетельствуют о дефиците готовности педагогов к внедрению и использованию инноваций на базе искусственного интеллекта [10]. Несмотря на наличие отдельных педагогов, которые осознают ожидаемые преимущества инструментов искусственного интеллекта, недостаточный уровень готовности к использованию возможностей

искусственного интеллекта создает неравенство между технологическими достижениями и их практическим применением в сфере образования [11]. Исследования доказали, что высокий уровень грамотности в области искусственного интеллекта повышает уверенность педагогов к применению инструментов искусственного интеллекта [12]. Грамотность в области искусственного интеллекта определяется как базовый навык современного педагога, включающий знание технологий, этических аспектов и навыков работать с инструментами [13].

This research explored the impact of multimedia integration and AI-generated feedback on the clarity, depth, and overall quality of academic writing within online courses offered by the Learning Design and Leadership (LDL) program at the University of Illinois Urbana-Champaign (UIUC) through the CGScholar platform. In these courses, participants are required to complete writing tasks that incorporate at least seven multimedia elements, including videos, tables, infographics, and AI-generated images. Five selected writing projects were analyzed to examine the way these elements were used to support academic argumentation and develop content. Participants who successfully used multimedia in their works showed stronger cohesion between visual and written elements. This fact contributed to improved clarity and reader engagement. However, this study also identified challenges, including inconsistent formatting, inadequate contextualization of some multimedia as well as insufficient critical reflection in certain projects. These findings illustrate the importance of providing learners with detailed guidance on multimedia alignment with academic writing goals. This study also examined the supportive role of

CGScholar's AI Helper in the writing revision process. The AI-generated feedback suggested detailed recommendations to improve linguistic clarity, coherence as well as academic tone elements, especially critical for non-language majors completing complex academic English writing tasks. Participants who responded to AI feedback were better able to set their arguments, improve organization, and achieve greater depth in their final submissions. Overall, this research highlights the combined pedagogical potential of multimedia and AI-powered formative feedback to support academic literacy development, especially in digital learning environments. It positions CGScholar not only as a platform for promoting multimodal literacy, but also as an AI-supported writing assistant that can significantly benefit students outside of language-related disciplines. Future studies may build on these findings by exploring the long-term effects of AI-integrated writing tools on learner autonomy, writing confidence, and academic achievement.

Acknowledgements

This research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under the project "Artificial intelligence as an assistant in acquiring academic English by non-language major students: Randomized study" (AP25794537).

References

- 1 **Cope, B., Kalantzis, M.** Creating a different kind of learning management system: The CGScholar experiment // Promoting next-generation learning environments through CGScholar / Ed. by M. Montebello. – Hershey, PA: IGI Global, 2024. – P. 1–18. – <https://doi.org/10.4018/978-1-6684-5124-3.ch001>
- 2 **Babiker, M. E.** For effective use of multimedia in education, teachers must develop their own educational multimedia applications // Computers in Human Behavior. – 2015. – Vol. 49. – P. 110–115. – <https://doi.org/10.1016/j.chb.2015.01.001>
- 3 **Cope, B., Kalantzis, M., Searsmith, D.** Multimodal meaning: Technologies for knowledge representations // Computers and Education. – 2013. – Vol. 62. – P. 53–64. – <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2012.10.019>
- 4 **Vaughan, N.** Multimedia learning: A strategy to improve student engagement and understanding // Educational Technology Research and Development. – 2011. – Vol. 59, No. 6. – P. 869–887. – <https://doi.org/10.1007/s11423-011-9212-2>
- 5 **Castro, V. C.** Designing a 21st-century learning module with CGScholar: An example for Brazilian educators // Smart Learning Environments. – 2023. – Vol. 10, No. 2. – P. 45–59. – <https://doi.org/10.1186/s40561-023-00312-4>

- 6 **Nian, F., Bao, B.-K., Li, T., Xu, C.** Multi-Modal Knowledge Representation Learning via Webly-Supervised Relationships Mining // Proceedings of the 25th ACM International Conference on Multimedia (MM '17). – New York: Association for Computing Machinery, 2017. – P. 411–419. – <https://doi.org/10.1145/3123266.3123443>
- 7 **Akpen, C. N., Asaolu, S., Atobatele, S., et al.** Impact of online learning on student's performance and engagement: a systematic review // Discover Education. – 2024. – Vol. 3. – Article 205. – <https://doi.org/10.1007/s44217-024-00253-0>
- 8 **Tang, X., Zainal, S. R. B. M., Li, Q.** Multimedia use and its impact on the effectiveness of educators : a technology acceptance model perspective // Humanities and Social Sciences Communications. – 2023. – Vol. 10. – Article 923. – <https://doi.org/10.1057/s41599-023-02458-4>
- 9 **Chakraborty, M.** Impact of Multimedia on Learners' Engagement : An Experimental Study // International Journal of Educational Research and Technology. – 2019. – Vol. 9. – P. 196–206.
- 10 **Zacchi, V. J. Review of: Cope, B., Kalantzis, M.** Making Sense : Reference, Agency, and Structure in a Grammar of Multimodal Meaning; Kalantzis, M., Cope, B. Adding Sense : Context and Interest in a Grammar of Multimodal Meaning // DELTA : Documentação de Estudos em Linguística Teórica e Aplicada. – 2022. – Vol. 38. – <https://doi.org/10.1590/1678-460x202238256749>

References

- 1 **Cope, B., Kalantzis, M.** Creating a different kind of learning management system: The CGScholar experiment // Promoting next-generation learning environments through CGScholar / Ed. by M. Montebello. – Hershey, PA: IGI Global, 2024. – P. 1–18. – <https://doi.org/10.4018/978-1-6684-5124-3.ch001>
- 2 **Babiker, M. E.** For effective use of multimedia in education, teachers must develop their own educational multimedia applications // Computers in Human Behavior. – 2015. – Vol. 49. – P. 110–115. – <https://doi.org/10.1016/j.chb.2015.01.001>
- 3 **Cope, B., Kalantzis, M., Searsmith, D.** Multimodal meaning: Technologies for knowledge representations // Computers and Education. – 2013. – Vol. 62. – P. 53–64. – <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2012.10.019>
- 4 **Vaughan, N.** Multimedia learning: A strategy to improve student engagement and understanding // Educational Technology Research and Development. – 2011. – Vol. 59, No. 6. – P. 869–887. – <https://doi.org/10.1007/s11423-011-9212-2>

5 **Castro, V. C.** Designing a 21st-century learning module with CGScholar: An example for Brazilian educators // Smart Learning Environments. – 2023. – Vol. 10, No. 2. – P. 45–59. – <https://doi.org/10.1186/s40561-023-00312-4>

6 **Nian, F., Bao, B.-K., Li, T., Xu, C.** Multi-Modal Knowledge Representation Learning via Webly-Supervised Relationships Mining // Proceedings of the 25th ACM International Conference on Multimedia (MM '17). – New York: Association for Computing Machinery, 2017. – P. 411–419. – <https://doi.org/10.1145/3123266.3123443>

7 **Akpen, C. N., Asaolu, S., Atobatele, S., et al.** Impact of online learning on student's performance and engagement: a systematic review // Discover Education. – 2024. – Vol. 3. – Article 205. – <https://doi.org/10.1007/s44217-024-00253-0>

8 **Tang, X., Zainal, S. R. B. M., Li, Q.** Multimedia use and its impact on the effectiveness of educators: a technology acceptance model perspective // Humanities and Social Sciences Communications. – 2023. – Vol. 10. – Article 923. – <https://doi.org/10.1057/s41599-023-02458-4>

9 **Chakraborty, M.** Impact of Multimedia on Learners' Engagement: An Experimental Study // International Journal of Educational Research and Technology. – 2019. – Vol. 9. – P. 196–206.

10 **Zacchi, V. J. Review of: Cope, B., Kalantzis, M.** Making Sense: Reference, Agency, and Structure in a Grammar of Multimodal Meaning; Kalantzis, M., Cope, B. Adding Sense: Context and Interest in a Grammar of Multimodal Meaning // DELTA: Documentação de Estudos em Linguística Teórica e Aplicada. – 2022. – Vol. 38. – <https://doi.org/10.1590/1678-460x202238256749>

Received 19.06.25.

Received in revised form 17.02.26.

Accepted for publication 18.02.26.

P. C. Желдибаева

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған,
Урбана-Шампейндегі Иллинойс университетінің (UIUC),
АҚШ, Шампейн.

19.06.25 ж. баспаға түсті.

17.02.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

МУЛЬТИМЕДИА МЕН ЖИ КЕРІ БАЙЛАНЫСЫ АРҚЫЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ЖЕТІЛДІРУ: CGSCHOLAR ПЛАТФОРМАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАРДЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ

Бұл зерттеу Cgscholar (Common Ground Scholar) платформасы арқылы Урбана-Шампейндегі Иллинойс университетінің (UIUC) дизайн және көшбасшылықты оқыту бағдарламасы (LDL) ұсынатын онлайн курстар арқылы мультимедиялық интеграциясы мен ЖИ кері байланысының академиялық жазудың анықтығына, тереңдігіне және жалпы сапасына әсерін зерттейді. LDL ұсынатын онлайн курстар қатысушылардан жазбаша тапсырманы орындауды талап етеді және әрбір жоба негізгі компонент ретінде кемінде жеті мультимедиялық элементті қамтуы керек. EPOL 580 FA 24 қатысушылары қауымдастығының таңдалған бес жазбаша жобасына назар аудара отырып, біз бейнелер, кестелер, инфографика және кескіндер (соның ішінде жасанды интеллект арқылы жасалған) сияқты мультимедиялық элементтерді талдадық. Біз мультимедиялық элементтердің мәтіннің анықтығына, тереңдігіне және жалпы сапасына қалай ықпал ететінін зерттеу үшін кодтау жүйесін қолдана отырып, сапалы мазмұнды талдау жүргіздік. Бұған медианы пайдалану картасын жасау, олардың мәтіндегі рөлдерін санаттау және қайталанатын үлгілер мен тақырыптарды анықтау кірді. Зерттеу нәтижелері мультимедиялық интеграциясы мен ЖИ кері байланысы күрделі тұжырымдамаларды жеңілдету, дәлелдеу үшін көрнекі дәлелдер беру және оқырманның қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ету арқылы академиялық жазу сапасын жақсартатынын көрсетеді. Бұл зерттеу CGScholar-дың мультимодальды сауаттылықты дамытудағы, академиялық қатаңдықты арттырудағы және мультимедияны цифрлық оқыту ортасына енгізуді көздейтін оқытушылар мен оқу құралдарын құрастырушыларға құнды ақпарат берудегі әлеуетін көрсетеді.

Кілтпі сөздер: жасанды интеллект көмегімен жазу, мультимедианы біріктіру, академиялық жазу, тіл мамандығы емес студенттер, мультимодальды сауаттылық, CGScholar платформасы, білім беру технологиялары

Р. С. Желдибаева

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, Талдыкорган,
Университета Иллинойса в Урбана-Шампейн,
США, Шампейн.

Поступило в редакцию 19.06.25.

Поступило с исправлениями 17.02.26.

Принято в печать 18.02.26.

ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ АКАДЕМИЧЕСКОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПОМОЩЬЮ МУЛЬТИМЕДИА И ИИ-ОБРАТНОЙ СВЯЗИ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ПЛАТФОРМЕ CGSCHOLAR СРЕДИ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

Это исследование рассматривает совмещённое влияние интеграции мультимедиа и обратной связи, основанной на искусственном интеллекте (ИИ), на ясность, глубину и общее качество академических письменных работ, выполненных студентами неязыковых специальностей в рамках онлайн-курсов, предлагаемых программой Learning Design and Leadership (LDL) Университета Иллинойса в Урбана-Шампейн (UIUC) через платформу CGScholar (Common Ground Scholar). Онлайн-курсы LDL требуют от всех участников выполнения письменной работы, причём каждый проект должен содержать не менее семи мультимедийных элементов как ключевую составляющую. Мы сосредоточили внимание на пяти выбранных письменных проектах сообщества курса EPOI 580 FA 24, анализируя, как такие мультимедийные элементы, как видео, таблицы, инфографика и изображения (в том числе сгенерированные ИИ), влияли на качество письма. Мы использовали качественный контент-анализ с применением кодирования для изучения того, как мультимедиа способствуют ясности, глубине и вовлечённости в написании. Это включало картографирование мультимедийных элементов, категоризацию их роли в тексте, а также выявление закономерностей и тем. Наши выводы показывают, что интеграция мультимедиа и ИИ усиливает академическое письмо, облегчая восприятие сложных концепций, предоставляя визуальные доказательства аргументов и поддерживая интерес читателя. Ключевые слова: письмо с поддержкой ИИ, интеграция мультимедиа, академическое письмо, студенты неязыковых специальностей, мультимодальная грамотность, CGScholar, образовательные технологии.

FTAMP14.23.11

<https://doi.org/10.48081/BGQF1855>

***Г. К. Килыбаева¹, К. Ж. Атыманова², Р. К. Бекмагамбетова³**

^{1,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²С. Аманжолов атындағы ШҚУ,

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-8671-0121>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3788-5434>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9980-0988>

*e-mail: eraly.balym@mail.ru

ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДУЫҢ ҚҰРАЛЫ

Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу қазіргі кездегі педагогикалық теория мен практиканың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Өйткені келешек қоғамға өзінің мәселелерін ашуда шешуші рөл атқаратындығына мән беріліп, аталмыш ұғымдардың сипаттамалары нақтыланған. Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім стандарты мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы үшін жағдай жасауға, баланың оң әлеуметтенуіне, оның жан-жақты тұлғалық дамуына, мектеп жасына дейінгі кезеңге сәйкес іс-әрекетте ересектермен және құрдастарымен ынтымақтасу арқылы бастамашылдық, шығармашылық қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндіктер ашуға бағытталған. Зияткерлік-шығармашылық қабілеттер өзінің барлық нақты формаларында көрінетіндігі: өнертапқыштық, ғылыми, әдеби, көркемдік және т.б. қарастырылған. Зияткерлік мүмкіндігі көбінесе адамның қолында бар біліммен қамтамасыз етіледі, ол сәйкес қабілеттермен бекітіледі және адамның мақсаттылығымен ынталандырылады. Шығармашылықтың ең маңызды шарты – шығармашылық әрекеттің эмоционалды реңкін тудыратын белгілі бір тәжірибелердің болуы жайында айтылған. Мектепке дейінгі кезеңде баланың зияткерлік- шығармашылық

қабілетін дамытуда педагогикалық үдерісті, дамытушы ойындардың ұйымдастырудың тиімді түрлерін, формаларын анықтаудың қажеттігі туралы қарастырылған. Нәтижесінде дамытушы ойындар кешенін ұтымды жүзеге асыруда педагог кез келген балалар іс-әрекетіндегі өз позициясының екіжақтылығын есте сақтай отырып, олардың қызығушылығы, шығармашылығы, эмоционалдық көңіл-күйі, балалардың бір-бірімен қарым-қатынасының сипаты, сондай-ақ ойын әрекеттерінің сәттілігі мен ойын нәтижесіне жетуіне көңіл бөлінген.

Кілтті сөздер: зияткерлік, шығармашылық мүмкіндік, зияткерлік-шығармашылық ойын, дамытушы ойын, конвергентті ойлау, дивергентті ойлау.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда баланың танымдық, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін ерте жастан қалыптастыру қажеттілігі артып отыр. Әсіресе мектепке дейінгі кезең-баланың тұлғалық дамуының ең қарқынды, негіз қаланатын уақыты. Бұл кезеңде баланың ойлау, елестету, қиял, сөйлеу, есте сақтау сынды қабілеттері белсенді дамиды. Осы қабілеттердің жетілуінде дамытушы ойындардың маңызы зор.

Баланың танымдық дамуына әсер ететін әдістердің ішінде, ойын-ең табиғи әрі тиімді құрал. Бірақ, кез келген ойын емес, арнайы ұйымдастырылған, мақсатты дамытушы ойындар ғана зияткерлік және шығармашылық дамуға тікелей ықпал ете алады.

Балалық шақ – адам өміріндегі оның әрі қарайғы даму болашағын анықтайтын құнды кезең. Өмірдің осы салыстырмалы түрде қысқа кезеңінде қаланған іргетас баланың кейінгі бүкіл дамуы үшін үлкен маңызға ие. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, танымдық, шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді.

Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда әр-түрлі әдістер мен технологияларды қойып отыр [1]. Өйткені бала кіретін қоршаған әлем жыл сайын күрделірек тапсырмаларды қояды, оны шешу үшін көру, есту, сезіну жеткіліксіз, бірақ құбылыстар арасындағы байланыстарды, қарым-қатынастарды бөліп көрсету маңызды болып келеді.

Мектепке дейінгі кезең баланың санасы жеке бейнелермен, идеялармен толығып қана қоймайды, сонымен қатар қоршаған әлемді тұтас қабылдауы

және түсінуімен сипатталады. Жақсы интеллект балабақшадағы табысты білім алудың шешуші шарты болып табылады, сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік дағдыларын дамыту тәрбиешілер үшін маңызды міндеттердің бірі. Зияткерлік-шығармашылық даму проблемасы қазіргі балабақша үшін тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да өзекті болып табылады, өйткені қоғамға шығармашыл, дербес ойлайтын тұлғалар қажет екендігін естен шығармаған жөн. Мектепке дейінгі кезеңде меңгерілген дағдылар мектепте білім алуға және қабілеттерді дамыту үшін негіз болады [2].

Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін, шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау қызметінің артуына қажетті ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені, қоғамның алға қарыштап дамуы шығармашыл адамдарға байланысты [3].

Бала тұлғасын зияткер, әрі шығармашыл етіп тәрбиелеу мәселесінің әр түрлі аспектілері педагогика ғылымында қызу талқылануда.

Ал шығармашылық қабілеттер адамның шығармашылық шешімдер қабылдау, түбегейлі жаңа идеяларды түсіну, қабылдау және құру қабілеттері [4].

Қабілет дегеніміз, адам баласының белгілі бір іс-әрекетті, қызметті орындауға деген ішкі мүмкіндігі немесе жарамдылығы. Ол туа біткен және өмір бойы қалыптасатын қасиет болып табылады. Қабілет адамның білім, дағды, икемділік арқылы дамиды және оның жетістіктеріне әсер етеді. Қабілеттер іс-әрекеттің, соның ішінде шығармашылықтың тиімділігіне әсер ететін тұлғаның қасиеттері ретінде анықталады. Яғни жалпы қабілеттер зияткерлік және мотивациялық даму дәрежесі ретінде қарастырылады [5, 287–288-бб.]. Осыған байланысты ақыл («интеллект» терминінде қолданылады) ұғымына қысқаша тоқталатын болсақ, «интеллект» термині көбінесе белгілі бір салада табысқа жету үшін қажетті қабілеттер жиынтығын білдіреді [5, 255-б.]. В.Штерн интеллектті жаңа өмір жағдайларына бейімделудің белгілі бір жалпы қабілеті деп есептеді. Бейімделу әрекеті – объектінің психикалық баламасы бар іс-әрекет арқылы жүзеге асырылатын өмірлік маңызды міндетті шешу болып табылады. Д.Векслердің пікірінше, интеллект жалпыланған балалар шығармашылығы болып саналады. Баланың интеллектісі мен шығармашылық қабілеттерін дамытудың үйлесімді қабілеттерін дамыту сөйлеу әрекетінде, көркем шығарманы қабылдауда, оны талдауда, жаңғырту және шығармашылық идеяларды туғызуда және мәселелерді шешу барысында жүзеге асырылатындығын дәлелдеуге мүмкіндік береді [6, 91–93-бб.].

Ал, зияткерлік қабілет – белгілі бір мәселені шешудің сәттілігінің шарты болып табылатын жеке тұлғаның жеке қасиеті: сөздердің мағынасын ашу, берілген элементтерден кеңістіктік фигураны құру, сандар мен

геометриялық кескіндер қатарындағы заңдылықты анықтау, берілген объектіні пайдаланудың көптеген нұсқаларын ұсыну, проблемалық жағдайда қайшылықты табу, зерттеуде жаңа тәсілді тұжырымдау мүмкіндігі. Яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлғаның білімі мен қабілеттерінің жүйесі деп қорытынды жасауға болады [7]. Баланың зияткерлік-шығармашылық қабілеті оның әртүрлі іс-әрекетінде көрінеді, ал кез келген әрекетті бала репродуктивті және шығармашылық деңгейде де жүзеге асыра алады. Шығармашылықтың көріну дәрежесі, бір жағынан баланы өзінің шығармашылық мүмкіндіктерімен, екінші жағынан, оның өзіндік шығармашылық қабілетін дамытумен жүзеге асырудағы белсенділігінің деңгейімен анықталады. Демек, мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық қабілетін дамытудағы белсенділікті ынталандыру шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу процесінде дербес педагогикалық міндет ретінде әрекет ете алады.

Қиял-адам баласының санасында бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, жаңаша бейнелер, ойлар мен идеялар тудыратын психикалық үрдіс болып табылады. Қиял арқылы адам баласы шындықта болмаған немесе әлі жүзеге аспаған нәрселерді елестетіп, жаңалық ойлап таба алады. Ол шығармашылықтың, өнердің, ғылымның және күнделікті ойлаудың негізі болып табылады. Шығармашылықтың қайнар көздерін және оның психологиялық механизмдерін түсіну үшін шығармашылықты біртұтас процестің бір түрі ретінде қарастыру қажет, оны баланың жеке тұлғасын біртұтас және жүйелік тұлға ретінде түсінуге сүйенбей жүзеге асыру мүмкін емес. Голланд психологтары Bai, H., Leseman, P. P. M., Moerbeek, M., Kroesbergen, E. H., Mulder, H. зерттеулерінде шығармашылық – біртұтас тұлғаның феномені болғандықтан адамның жеке басының тұтас және жүйелі идеясы мәселесі психология үшін дәстүрлі болып табылады делінген [8]. Соған сәйкес, мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке идеяларын қолдау мақсатында осы зерттеулердегі дәстүрлі шығармашылық түсінігін негізге алдық.

З. А. Михайлова ережелі ойындарды топтастыра отырып, оларды ойнату мақсатына қарай: қисынды-математикалық, (ақыл-ойды дамыту: талдау, салыстыру, белгілері бойынша жалпылау, мақсаттың бағытында ойлау); дидактикалық (мақсаты: білім, білік, дағдыларды жетілдіру үшін жаттықтыру ойындары); дамытушы (ақыл ой белсенділігін, ойдың дербестігін, оқу тапсырмаларына деген шығармашылық қатынас, бастамашылдық) деп бөледі [9, 7–22-бб.].

Ойлануына тікелей әсер ететін ойындарды қолдану мақсатында дамытушы ойындарды таңдадық. Зияткерлік-шығармашылық қабілеттер-адам баласының, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін ашуға

бағытталған маңызды психологиялық, педагогикалық және нейроғылыми бағыттар болып табылады. Бұл ұғымдарды зерттеу баланың дамуын, оның жеке ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Балабақша сатысында әр баланың жеке қабілетін аша отырып, оны жан-жақты дамыту үшін, ең бірінші баланың жас ерекшелігіне сай даму ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызығушылығын ескеріп отыру қажет. Себебі мұндай қасиеттер мектеп жасына дейінгі баланы кейінгі мектеп қабырғасында, жоғарғы оқу орындарында кең көлемді білім ала білу қабілеттерінің алғы шарттарын қалыптастыратыны белгілі. Міне, соған сәйкес баланың жалпы дамуымен қоса, олардың таным қызығушылықтары мен белсенділіктерін, шығармашылық пен ойлау қабілеттерін дамытуда дамытушы ойындар ықпал ете алады [10]. Американдық психолог Эрик Берннің пікірінше баланы тәрбиелеудің бүкіл процесін қандай ойын ойнауға және оны қалай ойнауға үйрету болып келеді [11]. Соған сәйкес, балалармен ұйымдастырылған ойын іс-әрекеттері мәселелі жағдаяттарды туғыза отырып, жүзеге асырылады және ол балалардың ойын барысында қиялдарын дамытуға, шығармашылық қабілеттерінің белсенді болуына ықпалын тигізеді.

Материалдар мен әдістері

Зияткерлік-шығармашылық дамудың ең тиімді құралдары ретінде қарастырып отырған зерттеу мектеп жасына дейінгі әр баланың қызығушылығын арттыруда, ой-өрісін дамытуда жеке тұлға ретінде тәрбие беруде ойынның алатын орны ерекше екендігін дәлелдейді.

Аталған ерекшеліктер баланың зияткерлік-шығармашылық қабілетін шындейтыны сөзсіз. Дамытушы ойындар арқылы бала белгілі бір білім, білік, дағдыларға ие болып, ойын әрекеттерін меңгереді. Зерттеу нәтижелері «Дамытушы ойындар» атты жинаққа енгізілді [12].

Мысал ретінде ойындарды қарастырайық.

«Көңілді қысқыштар» ойыны.

Мақсаты. Балалардың қиял шығармашылықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Сөздің қорларын кеңейту.

Қажетті құралдар. Тақырыпқа байланысты суреттер.

Ойынның барысы. Тәрбиеші немесе жүргізуші балаларға бірнеше жұмбақтар жасырады. Жасырылған жұмбақтар шешімі бойынша балаларға суреттер таратылып, оның жетпей тұрған жерлерін қысқыштың көмегімен толықтыру ұсынылады. Суреттердің бірнеше бөліктерін де алып, ойынды құрделендіруге болады.

Тәрбиеші бір мезетте әрі педагог, әрі қатысушы болып табылады. Ол ойната отырып оқытады, бала ойнай отырып үйренеді. Әр ойын – баланың жан серігі. Ол баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның ақыл-ойын жетілдіріп, шығармашылығын оятады. Сондықтан ойын баланың өмірі, оның тіршілігі, жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің дамуының, оның тұтастай дамуының қайнар көзі болып отыр. Атап айтқанда мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес, баланы әлеуметтендіру нысаны ретінде әрекет етеді. Ойын ойын-сауық емес, балаларды шығармашылық әрекетке тартудың ерекше әдісі, олардың белсенділігін ынталандыру әдісі болып табылады.

Бала тұлғасының зияткерлік-шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған дамытушы ойындардың мектепалды даярлық тобы балаларына ұсынылатын бірнеше кезеңдеріне тоқталайық. Әрбір кезең тапсырмалары баланың зияткерлік-шығармашылық ерекшеліктерін дамыту міндеттерін дамытушы ойындардың түрлері арқылы шешуге бағытталады.

1-кезең – конвергентті ойлауды дамытуға ықпал ететін ойын тапсырмалар. Ойлаудың бұл түрі бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмаларда белсендіріледі және бұл жауапты, әдетте, шарттардың өзінен логикалық түрде шығаруға болады. Оларды шешуге белгілі бір ережелерді, алгоритмдерді және схемаларды қолдану арқылы қол жеткізіледі. Конвергентті ойлауға дәстүрлі білім беру бағдарламалары мен оларға арналған әдістемелік ұсыныстарға үлкен мән беріледі. Бұл кезеңнің тапсырмаларын орындау талдау, синтездеу, жалпылау, жіктеу, ұғымдарды анықтау және т.с.с дағдыларды меңгерулерін қажет етеді. Балаларға сюжеттік сурет жеке-жеке суреттер ұсынылады. Әрбір суреттің мүмкін болатын, сәйкес келетін орнын анықтау көзделеді. Мысалы, балықты қарастыратын болсақ, оның суда жүзетінін, сусыз өмір сүре алмайтындығын бәріміз білеміз. Ендеше балықтың орнын тауып көріңдерші. Қайда орналастырар едіңдер?

2 кезең – дивергентті ойлауды дамытатын ойын тапсырмалар.

Дивергентті мәселе онда қойылған бір сұраққа бірнеше немесе тіпті көптеген дұрыс жауаптар болуы мүмкін деп болжайды. Ойлаудың бұл түрі қиялмен ең тығыз байланысты және көптеген өзіндік және алуан түрлі идеялардың пайда болуының көзі болып саналады. Әрине, бұл ойлау түрі шығармашылыққа жатады. Дивергентті ойлау дарынды балаларға ең тән, олар мұндай тапсырмаларға өте қызығушылық танытады және оларды шешуде айтарлықтай табысқа тез жетеді. Дивергентті тапсырмаларды орындау барысында балалардың өзіндік ерекшелігі, икемділігі, ойлаудың өнімділігі, бірлесуге жеңілдігі, проблемаларды анықтауға және шешуге жоғары сезімталдық сияқты қасиеттер қалыптасады.

Енді дивергенттік бағытын қарастырып көрейік. Мысалы, балықты қайда орналастыруға болады? Балықты ағаштың үстіне. Не себепті деп ойлайсыңдар? Кептіріп қоюы мүмкін. Терезенің алдына отырғызуға болады. Неге? Себебі, ол аквариумдағы балық болуы мүмкін. Үйшіктің алдына да орналастыруға болады. Өйткені оны үй иесі иттің тамағы ретінде қоюы мүмкін т.б.

3 кезең - шығармашылық қиялдау әдістеріне негізделген дивергентті тапсырмалар. Қиял - бұл өткен тәжірибе элементтерін біріктіру арқылы бейнелерді, заттарды, жағдайларды жасаудың психикалық процесі болып табылады.

Дивергенттік тапсырмалар ойлаудың шығармашыл түрі ескере келе суретпен жұмысты алуға болады. Алынған сурет бойынша әңгімені мұқият тыңдап, қойылған сұрақтарға қажет сөздерді тауып жауап айту. Мысалы: мысық табиғатты тамашалап, сурет салыпты. Ол суретін болған соң, тағы немен толықтырсам деп ойланыпты. Суретті тағы немен толықтыруға болады?

«Суретті толықтыр» Яғни мектеп жасына дейінгі баланың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін дамытуда дивергенттік ойлауды дамытудың маңызы зор. Дивергенттік ойлауды мектепке дейінгі шақта дамытудың құралдарының бірі мәселе туғызушы сұрақтар, яғни дивергентті тапсырмалардың ерекшелігі, қойылған сұрақтың бір емес бірнеше дұрыс жауабы болады. Дивергентті тапсырмалар ойлаудың шығармашыл түріне жатады. Осындай тапсырмаларды орындау барысында балалардың бойында байланыстырып сөйлеу, өз ойларын еркін жеткізе білу және шығармашылық қабілеттері дамиды.

Балалардың зияткерлік-шығармашылық дамуы үшін қолданылатын технологиялар:

- ойын әдістері (рөлдік және сюжетті ойындар);
- релаксация әдістері;
- дамытушы ойындар (коммуникативтік дағдыларын дамытуға, танымдық белсенділікті дамытуға, логикалық ойлауды, әлеуметтік-эмоционалды дағдыны, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуға арналған);
- жеке тұлғаның өзін-өзі шығармашылықпен көрсетуге бағытталған тапсырмалар, әдістер мен тәсілдер, ертегі терапиясының әдістері, құм терапиясы, музыкалық терапия т.б.
- өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі жүзеге асыру механизмдерін қалыптастыруға бағытталған ойындар;
- рефлексия.

Мәселелі жағдаяттар қызықты проблемалық-танымдық ойын әрекеті ретінде құрылады, олар негізінен кіріктірілген, проблемалық, шығармашылық сипатта болады және балалардың белсенді дербес әрекетін қамтиды.

Дамытушы ойындар балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға, әрекеттің бір түрінен екіншісіне ауысуына, басқаларды тыңдау және есту, басқа көзқарастарды түсіну және қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан мектепке дейінгі баланың негізгі әрекет түрі ойын екенін ескере отырып, балаларды мектепке дейінгі кезеңнен бастап әртүрлі туындаған қиындықтарда жол таба білуге дағдыландыру маңызды болып табылады. Сондықтан да бұл ойындар кез келген әрекет сияқты құрылымға ие, яғни ол мақсатты, құралды, ойынның процесі мен нәтижесін қамтиды.

Нәтижелер мен талқылау

Ұтымды ұйымдастырылған дамытушы ойындар арқылы балалар тәжірибесі жинақталады және бірлескен іс-әрекет түрлері процесінде білімқұмарлықты дамыту, өзгелердің ойын тыңдап ести білу, іс-әрекет түрлерін, ойында және қарым-қатынаста серіктестерін өз бетінше таңдау жүзеге асады. Осылайша мектепке дейінгі білім берудегі басыңқы мәселе боп отырған баланың келешектегі жаңа білімді игеруіне қажетті тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру - олардың оқу әрекетіне деген әмбебап психологиялық алғы шарттарын қалыптастыруды яғни, білім беру стандарты белгілеген пәнді игеруге емес, тұлғалық нәтижелерге қол жеткізу ерекшелігін айқындайды. Сондықтан оқытудың әр түрлі формаларын қолдану балалардың қызығушылықтарын туғызып, олардың белсенділіктерін ынталандырып, балалардың шығармашылықпен белсенді түрде ұйымдастырылған іс-әрекетке енуіне итермелейтін дамытушы ойындар екендігі айқындалып отыр. Дамытушы ойындар баланың белсенділігін арттырудың ең бір тиімді жолы. Яғни, осындай жұмыс түрлері арқылы жеке тұлғаның дамуына туғызылатын мүмкіншіліктердің әртүрлілігі ұстанымы жүзеге асады. Сонымен қатар баланың алдағы уақыттарда ойындағысын еркін жеткізе білуге, әр түрлі жағдаяттардан шыға білулеріне және де кез-келген жерлерде өздерін таныта білулеріне ықпалын тигізеді.

Өскемен қаласындағы №106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайының 5–6 жастағы мектепалды тобына (23 бала) жүргізілген зерттеу барысында дамытушы ойындар жүйелі түрде қолданылды. Нәтижесінде балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейі анықталды. Зерттеу В. Кудрявцевтің «Қиялдың күші» атты әдістемелер кешені негізінде жүзеге асырылып, 1-кестеде шығармашылық қабілеттер көрсеткіштері көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері дамытушы ойындарды жүйелі түрде қолдану балалардың шығармашылық белсенділігін, ойлау дербестігін, қиялдау қабілетін және тілдік шығармашылықты едәуір арттыратынын көрсетті. Экспериментке дейін балалардың басым бөлігі шығармашылық тапсырмаларды орындауда сыртқы көмекті қажет етсе, зерттеу соңында бұл көрсеткіш төмендеді.

Сонымен қатар, балалардың еркін қиялдай білуі, сюжеттік ойынды өз бетінше құруы және вербалды (сөйлеу арқылы) шығармашылық танытуы айтарлықтай жақсарғаны байқалды. Салыстырмалы түрде, эксперименттен кейін жоғары деңгейге жеткен балалар саны 2 есеге артты (1-кестені қараңыз).

Кесте – Шығармашылық қабілеттерді анықтау нәтижесі

Деңгей	Заттар арасындағы шынайы байланыстарды ойлап таба білуі		Берілген суреттегі бастапқы біртұтастықты өзгерте білуі		Берілген тапсырма шартын өз бетімен өзгерте білуі	
	1-кесінді	2-кесінді	1-кесінді	2-кесінді	1-кесінді	2-кесінді
Жоғары	34 %	54 %	26 %	43 %	39 %	51 %
Орташа	54 %	39 %	45 %	45 %	42 %	35 %
Төмен	12 %	7 %	29 %	12 %	19 %	14 %

Бұл нәтижелер дамытушы ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуда тиімді құрал екенін дәлелдейді. Сондай-ақ, жүйелі әрі мақсатты қолданылған ойын әдістері балалардың танымдық белсенділігіне оң әсер ететіні байқалды. Барлық үш қабілет түрі бойынша жоғары деңгейдегі балалар саны едәуір артты (орта есеппен 16–17 % өсім).

Орташа деңгей тұрақты немесе аздап төмендеген – бұл сол топтағы балалардың жоғары деңгейге ауысқанын білдіреді.

Төмен деңгейдегі балалар үлесі барлық қабілет түрі бойынша азайған (орта есеппен 7–10 %), бұл дамытушы ойындардың тиімділігін дәлелдейді. Зерттеу барысында жүйелі түрде қолданылған дамытушы ойындар балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға нақты әрі оң әсер еткені байқалды. Әсіресе балалардың ойлау дербестігі, қиялды қайта құру және тапсырмаға шығармашылықпен қарау қабілеттері айтарлықтай жақсарған.

Зияткерлік қабілетті мектепке дайындықтың маңызды көрсеткіштерінің қатарында А. Савенковтың әдістемесіне сәйкес 5 түрлі ой операцияларының деңгейін анықтау арқылы баланың зияткерлік қабілетінің деңгейі (2-кесте – зияткерлік қабілетті анықтау нәтижесі) анықталды.

2-кесте – Зияткерлік қабілетті анықтау нәтижесі

Логикалық операция	Заңдылықты анықтау		Аналогия		Абстракция		Жалпылау		Ойша пайымдау	
	1-кесінді	2-кесінді	1-кесінді	2-кесінді	1-кесінді	2-кесінді	1-кесінді	2-кесінді	1-кесінді	2-кесінді
жоғары	23 %	42 %	21 %	42 %	30 %	49 %	45 %	61 %	29 %	45 %
орташа	45 %	49 %	48 %	41 %	35 %	40 %	35 %	30 %	36 %	42 %
төмен	32 %	9 %	31 %	17 %	35 %	11 %	20 %	9 %	35 %	13 %

Логикалық заңдылықты табу дағдысы айтарлықтай жақсарды, әсіресе төмен деңгейдегі балалар саны үш есеге қысқарғаны маңызды көрсеткіш. Аналогияны қолдану арқылы ой қорыту қабілеті айтарлықтай дамыды. Жоғары деңгейге жеткен балалар саны екі есе артқан. Абстрактілі ойлаудың дамуы айқын байқалады. Төмен деңгейдегілер саны үш есеге жуық азайған, бұл балалар нақты заттардан бөлек, жалпылама ұғымдармен жұмыс істеуді меңгере бастағанын көрсетеді. Балалар заттар мен құбылыстар арасындағы ортақ белгілерді ажыратып, жалпылау қабілетін едәуір жақсартқан. Балалардың ойлау әрекетін ішкі жоспармен ұйымдастырып, пайымдау қабілеті едәуір дамыған. Төмен деңгейдегі балалар саны үш есеге жуық азайғаны-бұл бағыттағы жұмыстың тиімділігін көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер дамытушы ойындардың балалардың логикалық ойлау, салыстыру, абстракция, жалпылау және ойша пайымдау секілді зияткерлік қабілеттерін дамытуда тиімді екендігін дәлелдейді. Әсіресе төмен деңгейдегі балалар санының күрт азаюы және жоғары деңгейге жеткендер санының тұрақты өсуі-жүргізілген жұмыстың сапалы болғанын көрсетеді.

Дамытушы ойындардың жүйелі мақсатты түрде жүзеге асуы ұтымды ұйымдастырылған ойын белсенді тұлғааралық әсер ету үшін тамаша мүмкіндіктер жасайды, өйткені ойын барысында серіктестерімен қарым-қатынас жасауда, ойын әлеуметтік және шығармашылық өзін-өзі көрсетудің өзіндік сынақ алаңы болып табылады. Дамытушы ойындар есте сақтауды, логикалық ойлауды, кеңістіктік қиялды дамытады, табандылықты, зейінділікті, мақсаттылықты, сондай-ақ белгісіздік жағдайында шешім қабылдау және олар үшін жауапты болу. Бұл ойындар жүйелі және стратегиялық ойлауға үйретеді, талдау қабілетін дамытады, ең бастысы балалар іштей әрекет жоспарын құра отырып саналы түрде әрекет етуге дағдыланады. Аталмыш ойындар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдылары, жалпы шығармашылық қабілеттерінің және зияткерлік мүмкіндіктерінің артуына ықпал етеді. Дамытушы ойындар кез келген әрекет сияқты құрылымға ие, яғни

ол мақсатты, құралды, ойын процесі мен нәтижесін қамти отырып жүзеге асуы тиіс. Сондықтан да осындай ойындар бала зияткерлік-шығармашылық қабілетін дамытуда маңызы зор.

Қорытынды

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда дамытушы ойындарды түрлі формада ұйымдастыру педагогтың шығармашылығын шындейтіні хақ.

Сондықтан кез-келген тәрбие мен дамудың басты мақсаты - баланы қоршаған әлемге және болып жатқан барлық жаңалыққа үнемі қызығушылық таныту үшін оның айналасындағы әлемнің қаншалықты алуан түрлі екенін үйрету және көрсету екенін түсіну маңызды. Егер біз баланы әлемге ашық көзбен қарауға үйрететін болсақ, онда оның зияткерлік-шығармашылық қабілетін дамытып, танымдық қызығушылықты арттырсақ, осылайша біз жан-жақты дамыған, үйлесімді, бақытты тұлғаға ие боламыз. Сол себепті балабақша сатысында педагог әр баланың жеке қабілетін аша отырып, оны жан-жақты дамыту үшін, ол ең бірінші баланың жас ерекшелігіне сай даму ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызығушылығын ескеріп отырғаны жөн. Сонда ғана педагог баланың дамуын дұрыс бағытта ұйымдастыра отырып, бала бойында қиындықтарды сезіну, өткірлік таныту, ойлампаздық, еркіндік, мақсаттылық, дербестік сияқты қасиеттерді қалыптастыра біледі. Ал, бұндай қасиеттердің бала бойына қалыптасуы бүгінгі күндегі білім беру жүйесінің талаптарының яғни біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Өйткені, мұндай қасиеттер мектеп жасына дейінгі баланы кейінгі мектеп қабырғасында, жоғарғы оқу орындарында кең көлемді білім ала білу қабілеттерінің алғы шарттарын қалыптастыратыны сөзсіз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы.

2 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Қазақстан Республикасы.

3 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген.

4 **Ahmadi, N., Besançon, M.** Creativity as a stepping stone towards developing other competencies in classrooms. *Education Research International*, 2, P. 1–9. 1357456. doi: <https://doi.org/10.1155/2017/1357456>.

5 **Жарықбаев, Қ. Б., Саңғылбаев, О. С.** Психология: Энциклопедиялық сөздік /Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 624 б.

6 **Белкина, В. Н.** Психология раннего и дошкольного детства. – М. : Юрайт, 2020. – 171 с.

7 **Lilly, F. R.** Creativity and cognitive development in adolescence. In *The Encyclopedia of Child and Adolescent Development*, 1–10. <https://doi.org/10.1002/9781119171492.wecad371>.

8 **Bai, H., Leseman, P. P., Moerbeek, M., Kroesbergen, E. H., Mulder, H.** Serial Order Effect in Divergent Thinking in Five – to Six-Year-Olds: Individual Differences as Related to Executive Functions. *J. Intell*, 9, 20. – <https://doi.org/10.3390/jintelligence9020020>.

9 Михайлова, З. А. Игровые задачи для дошкольников. – М. : Детство-Пресс, 2016. – 144 с.

10 **Казахбаева, Г. И., Момбиева, Г. А., Акимбаев, А. А.** Мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуына ойын іс-әрекетінің ықпалы //Педагогика және психология. – 2019. – № 2(39). – 64–70 б.

11 **Berne, E.** *Games People Play. The Psychology of Human Relationships.* Penguin, 2016. – 176 p.

12 **Атыманова, К. Ж., Каримова, Ж. К.** Дамытушы ойындар жинағы (5-6 жас). – Шымкент : Shuǵylakitap, 2019. – 68 б.

References

1 Мектепке деіngі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. [Standard curriculum of preschool education and training]. Order of the minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated October 14, 2022 No. 422. The Republic Of Kazakhstan.

2 «Bilim týraly» Qazaqstan Respyblikasynyń Zańy. [Law of the Republic of Kazakhstan «On education»]. Dated July 27, 2007 No. 319 (With changes and additions made on 01.01.2024) The Republic Of Kazakhstan.

3 Мектепке деіngі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. [State mandatory standard of preschool education and training]. Order of the Minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348. The Republic Of Kazakhstan.

4 **Ahmadi, N., Besançon, M.** Creativity as a stepping stone towards developing other competencies in classrooms. *Education Research International*, 2, 1–9. 1357456. <https://doi.org/10.1155/2017/1357456>

5 **Jaryqbaev, Q. B., Sañǵylbaev, O. S.** *Psihologiya: Ensiklopedialyq sózdık. [Psychology : an encyclopedic dictionary].* – Almaty : Kazakh encyclopedia, 2011. – 624 p.

6 **Belkina, V. N.** *Psihologiya rannego i doshkolnogo detstva. [Psychology of early and preschool childhood].* – Moscow : Yurait, 2020. – 171 p.

7 **Lilly, F. R.** Creativity and cognitive development in adolescence. In *The Encyclopedia of Child and Adolescent Development*, 1–10. – <https://doi.org/10.1002/9781119171492.wecad371>.

8 **Bai, H., Leseman, P. P., Moerbeek, M., Kroesbergen, E. H., Mulder, H.** Serial Order Effect in Divergent Thinking in Five - to Six-Year-Olds: Individual Differences as Related to Executive Functions. *J. Intell*, 9, 20. <https://doi.org/10.3390/jintelligence9020020>

9 **Mihajlova, Z. A.** *Igrovye zadachi dlya doshkolnikov. [Game tasks for preschoolers].* – Moscow : Childhood Press, 2016. – 144 p.

10 **Kazahbaeva, G. I., Mombieva, G. A., Akimbaev, A. A.** Мектепке деіngі жастағы балалардың психикалық дамуына ойын іс-әрекетінің ықпалы. [The influence of game activity on the mental development of children of preschool age]. //Pedagogy and psychology. – 2019. – № 2(39). – P. 64–70.

11 **Berne, E.** *Games People Play. The Psychology of Human Relationships.* – Penguin, 2016. – 176 p.

12 **Atymanova, K. J., Karimova, J. K.** *Damytyshy oıyндar jınaǵy (5-6 jas). [Collection of developing games (5–6 years old)].* – Shymkent : Shuǵylakitap, 2019. – 68 p.

22.10.24 ж. баспаға түсті.

06.02.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. К. Килыбаева¹, К. Ж. Атыманова², Р. К. Бекмагамбетова³

^{1,3}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

²Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

Поступило в редакцию 22.10.24.

Поступило с исправлениями 06.02.26.

Принято в печать 18.02.26.

РАЗВИВАЮЩИЕ ИГРЫ СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНО-ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Воспитание творческой личности выступает приоритетной задачей современной педагогической теории и практики. Государственный стандарт дошкольного образования нацелен на создание условий для всестороннего личностного развития, социализации личности дошкольника, раскрытия творческого потенциала, инициативности в совместной деятельности со сверстниками и взрослыми. В статье уточнен смысл понятий «интеллектуальный» и «творческий» в дошкольной педагогике и раскрыта их ведущая роль в рассмотрении проблем взаимодействия детей. Возможностью проявления интеллектуальных и творческих способностей в разнообразных конкретных формах: искусстве, науке, литературе и т.д. Интеллектуальные возможности обеспечиваются имеющимися знаниями, закрепляются способностями, стимулируются целенаправленностью. Важным условием творчества выступает наличие опыта, вызывающего эмоциональную окраску творческой деятельности. В развитии интеллектуального и творческого потенциала старших дошкольников необходимым условием являются выбор эффективных форм организации педагогического процесса развивающих игр. Соответственно, дается характеристика творческого потенциала одаренной личности через такие особенности мыслительной деятельности как гибкость, оригинальность, произвольность, эффективность и особый уровень творческого воображения определены виды деятельности направленные на развитие мотивационного, эмоционального, произвольного, рефлексивного, ценностного компонентов совместной деятельности детей. В качестве результата представлен опыт эффективной

реализации педагогами комплекса развивающих игр, где педагог сохраняя свою позицию организатора и наблюдателя, умело уделяет внимания эмоциональному настрою участников, характеру их взаимодействия, творческой направленности деятельности, созданию соревновательного духа у участников.

Ключевые слова: интеллектуальный, творческий потенциал, интеллектуальные и творческие способности, развивающая игра, конвергентное мышление, дивергентное мышление.

*G. K. Kilybaeva¹, K. Zh. Atymanova², R. K. Bekmagambetova³

^{1,3}Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Republic of Kazakhstan, Almaty;

²S. Amanzholov East Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.

Received 22.10.24.

Received in revised form 06.02.26.

Accepted for publication 18.02.26.

EFFECTIVE MEANS OF DEVELOPING INTELLECTUAL AND CREATIVE ABILITIES OF A CHILD IN THE PRESCHOOL PERIOD

Education of a creative personality speaks priority task modern pedagogical theory and practices. State standard of preschooler education aims at creation conditions for a comprehensive personal development, socialization personalities of preschooler, disclosure creative potential, and initiative in joint activities with peers and adults. The article clarifies the meaning concepts of «intellectual» and «creative» in preschool pedagogy and revealed their leading role in considering the problems of interaction between children. The possibility of displaying intellectual and creative abilities in various specific forms: art, science, literature, etc. Intellectual abilities are provided with available knowledge, fixed by abilities, stimulated by purpose fullness. An important condition for creativity speaks experience, calling emotional coloration creative activities. In the development of the intellectual and creative potential of older preschoolers, a necessary condition is the choice of effective forms of organizing the pedagogical process of educational games.

Accordingly, given characteristic capacity of intellectually gifted personality through such peculiarities of mental activity as flexibility, originality, arbitrariness, efficiency. As the result, was presented experience implementation teachers complex of educational games, where teacher keeping

its position as organizer and observer, skillfully pays attention to the emotional mood of the participants, their character interactions, creative focus activities, creation of competitive spirit participants.

Keywords: intellectual, creative potential, intellectual-creative game, intellectual and creative abilities, developing game, convergent thinking, divergent thinking.

SRSTI 14.33.05

<https://doi.org/10.48081/BGQF1856>

***D. Madibayeva¹, T. N. Zhundybayeva²,
Zh. Kalygulova³, K. Sholpankulova⁴**

^{1,3,4}Taraz University named after M. Kh. Dulaty,
Republic of Kazakhstan, Taraz, Republic of Kazakhstan

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-5859-8279>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9918-9805>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4942-7307>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-7803-9672>

*e-mail: dana8205@mail.ru

FORMING ADOLESCENTS' LEGAL CULTURE IN THE CONTEXT OF SCHOOL AND FAMILY: PEDAGOGICAL APPROACH

The article analyzes a topical issue in modern pedagogical science concerning the critical perception of adolescent culture. The role of legal education in the formation of an individual's legal culture is examined through a systematic approach. The importance of legal awareness and law-abiding behavior as structural components of legal culture is emphasized. The study defines the concept of legal education, identifies its key tasks, and determines the conditions conducive to its effective development. Legal education is structured around three main components: the cognitive component (legal knowledge, thinking, beliefs, and attitudes), the value-emotional component (legal values and orientations), and the practical-behavioral component (motivation, attitudes, and lawful behavior habits).

Based on these components, a pedagogical model is proposed, encompassing goals, objectives, methods, principles, tools, forms, criteria, and performance indicators. The model is designed to provide an integrated approach to the education of legal culture among adolescents.

Keywords: Kazakhstan, legal culture, civic duty, legal upbringing, active citizenship, legal education.

Introduction

Kazakhstan is at the stage of large-scale transformations, covering socio-economic, political and legal spheres, due to the desire to form a rule-of-law state with a developed civil society and a stable economic system. The achievement of these strategic goals presupposes a comprehensive legal modernization and improvement of legal literacy of the population in order to form a normative legal awareness and ensure lawful behavior [1].

The relevance of this study is underscored by the persistently low level of legal culture among contemporary adolescents. This is reflected in fragmented legal knowledge and underdeveloped legal orientations [2], raising critical concerns about the adequacy and effectiveness of current educational strategies in legal instruction. A major issue is the absence of a coherent, integrative approach specifically aimed at fostering legal culture in adolescents. The central objective of this research is to articulate a conceptual framework for legal culture, define its core components, and develop a pedagogical model designed to cultivate legal competence among youth. The empirical component of the study evaluates the effectiveness of this model through structured experimental procedures.

The practical significance of the study lies in its potential to inform evidence-based recommendations for integrating legal education into the broader curriculum. This approach is expected to enhance school students' legal awareness and promote democratic values. Legal education is positioned not merely as knowledge transfer but as a means to develop critical legal consciousness and active civic behavior. Participation in discussions on justice, democracy, and the rule of law constitutes a central part of the model, contributing to the formation of stable legal attitudes from an early age [3].

затруднения вызывали вопросы, связанные со стилистическим анализом музыкальных произведений (средний балл 4,2) и знанием исполнительских традиций различных национальных школ (средний балл 3,8). Студенты демонстрировали фрагментарные знания истории казахской музыки и практически не были знакомы с творчеством современных казахстанских композиторов. По исполнительскому критерию отмечался недостаточный уровень развития художественной выразительности (средний балл 4,9) и артистизма (средний балл 4,5), относительно удовлетворительном уровне технической подготовки (средний балл 6,1). Все это свидетельствует о традиционной для отечественного музыкального образования проблеме преобладания технических навыков над развитием интерпретационных способностей. По творческому критерию студенты испытывали значительные трудности в создании интерпретации произведений (средний балл 4,3) и самостоятельном формировании концертных программ (средний балл 3,9). Большинство студентов демонстрировали репродуктивный подход к исполнению, стремясь копировать интерпретации педагогов или известных исполнителей. По рефлексивно-аналитическому критерию небольшие проблемы были связаны со способностью к критической самооценке (средний балл 4,2) и умением планировать самостоятельную работу (средний балл 4,5). Студенты в основном полагались на указания педагога и не проявляли инициативы в организации собственного обучения.

После реализации экспериментальной программы в течение двух учебных лет (2022–2024 гг.) была проведена итоговая диагностика уровня сформированности профессиональных компетенций студентов. Результаты контрольного этапа представлены в таблице 4.

Таблица 4 – Результаты итоговой диагностики уровня сформированности профессиональных компетенций студентов (контрольный этап)

Критерий	ЭГ, n = 23, M±SD	ЭГ, n = 22, M±SD	t-критерий	p-value	Прирост ЭГ	Прирост КГ
2 Исполнительский критерий	8,13±1,41	6,45±1,26	4,772	<0,001	48,4	20,3
3 Творческий критерий	7,48±1,24	5,82±1,35	4,229	<0,001	54,9	17,6
4 Рефлексивно-аналитический критерий	7,65±1,15	6,09±1,29	4,254	<0,001	54,2	20,6
Интегральный показатель	7,79 ±0,98	6,15±5,130	5,130	<0,001	52,7	19,6

Примечания: <0,001 – различия статистически высоко значимы

Анализ результатов контрольного этапа показал статистически значимые различия между ЭГ и КГ по всем исследуемым критериям ($p < 0,001$). Студенты ЭГ продемонстрировали существенно более высокий уровень сформированности профессиональных компетенций по сравнению с КГ. Интегральный показатель в ЭГ составил 7,79 балла, что соответствует достаточному уровню и на 52,7 % повышает исходные значения. В КГ прирост составил лишь 19,6 %. Разница в приросте между группами составила 33,1 % пункта, что убедительно свидетельствует об эффективности разработанной методологической модели. Распределение студентов по уровням сформированности профессиональных компетенций представлено в таблице 5.

Таблица 5 – Распределение студентов по уровням сформированности профессиональных компетенций (контрольный этап, %)

Уровень	ЭГ (%)	КГ (%)
Низкий	0	9,1
Средний	13,0	54,5
Достаточный	52,2	31,8
Высокий	34,8	4,6

Полученные данные свидетельствуют о качественных изменениях в структуре уровней сформированности компетенций. В ЭГ полностью отсутствуют студенты с низким уровнем (на констатирующем этапе – 26,1 %), при этом 34,8 % студентов достигли высокого уровня (прирост 30,5), а 52,2 % – достаточного уровня (прирост 34,8). В КГ изменения были менее выраженными: доля студентов с низким уровнем сократилось незначительно (с 27,3 % до 9,1 %), высокого уровня достигли только 4,6 % студентов.

Статистический анализ с использованием критерия χ^2 подтвердил значимость различий в распределении студентов по уровням между группами ($\chi^2 = 18,74$; $df = 3$; $p < 0,001$).

Сравнительный анализ результатов по критериям представлен следующим образом: по когнитивному критерию, студенты ЭГ показали значительное улучшение по всем показателям когнитивного критерия. Средний балл по знанию стилистических особенностей различных эпох увеличился с 4,2 до 8,1 (прирост 92,9 %), по знанию исполнительских традиций национальных школ – с 3,8 до 7,6 (прирост 100 %). Особо следует отметить существенное расширение знаний студентов о казахской музыкальной культуре: если на констатирующем этапе средний балл составлял 3,2, то на контрольном этапе – 8,3 (прирост 159,4 %).

Качественный анализ показал, что студенты ЭГ демонстрируют системное понимание исторических процессов развития музыкального искусства, способны проводить сравнительный анализ различных исполнительских школ, свободно оперируют профессиональной терминологией. В письменных работах и устных ответах студентов ЭГ отмечалось использование междисциплинарных связей, интеграция знаний из различных музыкально-теоретических дисциплин. В КГ улучшение показателей было менее значительным и касалось в основном расширения фактологических знаний без формирования системного понимания материала.

Исполнительский критерий представил наиболее впечатляющие результаты, которые были достигнуты по показателям художественной выразительности (прирост в ЭГ с 4,9 до 8,5 баллов, +73,5 %) и артистизма (с 4,5 до 8,2 баллов, +82,2 %). Эксперты отмечали, что студенты ЭГ демонстрируют более убедительные, эмоционально насыщенные интерпретации, проявляют индивидуальность в исполнении. Технический уровень студентов ЭГ также существенно возрос (с 6,1 до 8,4 баллов, +37,7 %), что объясняется более осознанным подходом к работе над техническими трудностями в контексте художественных задач исполнения. В отличие от механического тренинга, характерного для традиционного подхода, студенты ЭГ научились связывать технические приемы с конкретными художественными задачами. Значительно улучшились показатели сценической культуры: студенты ЭГ продемонстрировали более уверенное поведение на сцене, умение управлять волнением, способность устанавливать контакт с аудиторией. В течение экспериментального периода студенты ЭГ провели в среднем 12 публичных выступлений (против 7 в КГ), что способствовало накоплению сценического опыта.

Творческий критерий показал наиболее значительные изменения, которые произошли в способности студентов к созданию индивидуальной интерпретации (прирост в ЭГ с 4,3 до 7,9 баллов, +83,7 %) и самостоятельному формированию концертных программ (с 3,9 до 7,5 баллов, +92,3 %). Анализ концертных программ, подготовленных студентами ЭГ, показал их разнообразие и продуманность: 87 % студентов создали тематические программы с оригинальной драматургией, 65 % включили произведения казахских композиторов, 43 % представили собственные обработки и аранжировки произведений. В КГ большинство студентов (82 %) формировали программы традиционным способом по указанию преподавателя, без явной концепции. Студенты ЭГ продемонстрировали более высокий уровень музыкальной памяти и способности к слуховому анализу, что объясняется с

использованием специальных развивающих технологий (работа с записями, сравнительный анализ интерпретаций, рефлексивные практики).

Рефлексивно-аналитический критерий показал, что существенное развитие получили навыки самоанализа и критической оценки (прирост в ЭГ с 4 до 7,8 баллов, + 85,7 %). Анализ дневников самоанализа студентов ЭГ показал прогрессирующее углубление рефлексии: если на начальном этапе записи носили преимущественно описательный характер, то к концу эксперимента студенты демонстрировали способность к критическому анализу собственного исполнения, выявлению проблемных зон и формулированию конкретных задач для дальнейшей работы. Умение планировать самостоятельную работу улучшилось с 4,5 до 7,9 баллов (+75,6 %). Студенты ЭГ научились составлять детальные планы работы над произведениями, рационально распределять время репетиций, использовать различные методы и приемы разучивания музыкального материала. Мотивация к профессиональному развитию в ЭГ возросла с 5,8 до 8,6 баллов (+48,3). Анкетирование показало, что 91 % студентов в ЭГ регулярно посещают концерты профессиональных музыкантов (против 45 % в КГ), 78 % самостоятельно изучают дополнительный репертуар (против 32 % в КГ), 65 % участвуют в мастер-классах приглашенных исполнителей (против 27 % в КГ).

Для выявления взаимосвязей между различными компонентами профессиональных компетенций был проведен корреляционный анализ с использованием коэффициента корреляции Пирсона. Результаты представлены в таблице 6.

Таблица 6 – Корреляционные связи между критериями сформированности профессиональных компетенций в ЭГ

Критерий	Когнитивный	Исполнительский	Творческий	Рефлексивно-аналитический
1 Когнитивный	1,000	0,687	0,724	0,651
2 Исполнительский	0,687	1,000	0,792	0,618
3 Творческий	0,724	0,792	1,000	0,743
4 Рефлексивно-аналитический	0,651	0,618	0,743	1,000

Примечание: $p < 0,01$; $p < 0,001$

Корреляционный анализ выявил статистически значимые положительные связи между всеми исследуемыми критериями. Наиболее сильная корреляция обнаружена между исполнительским и творческим критериями ($r = 0,792$; $p < 0,001$), что подтверждает непрерывную связь технического мастерства

и творческих способностей музыканта-исполнителя. Высокие корреляции между когнитивным и творческим критериями ($r = 0,724$; $p < 0,01$), а также между творческим и рефлексивно-аналитическим критериями ($r = 0,743$; $p < 0,01$) свидетельствует о том, что развитие музыкально-теоретических знаний и рефлексивных способностей является необходимым условием для творческого роста исполнителя.

В КГ корреляционные связи были более значительно слабее (средний коэффициент корреляции 0,384), что указывает на фрагментарность развития профессиональных компетенций при традиционном подходе к обучению.

Полученные результаты подтверждают эффективность разработанной методологической модели содержания музыкального образования студентов специальности «Исполнительское искусство». Повышение показателей ЭГ над КГ на 52,7% по интегральному критерию является статистически и практически значимым результатом, который может быть объяснен следующими факторами:

1 Интегративный характер содержания образования в экспериментальной программе способствовал формированию целостного профессионального мышления студентов. Взаимосвязь теоретических знаний, практических умений и творческих способностей, заложенная в структуре программы, позволила преодолеть традиционную разобщенность музыкально-теоретических и исполнительских дисциплин. Студенты научились применять теоретические знания для решения практических исполнительских задач, что подтверждается высокими корреляционными связями между когнитивным и исполнительским критериями.

2 Расширение репертуарного содержания за счет включения произведений казахских композиторов и традиционной музыки способствовало формированию национальной идентичности студентов и одновременно развитию их адаптивных способностей к освоению музыки различных стилей и культур, что согласуется с выводами казахстанских исследователей о важности поликультурного подхода в музыкальном образовании и дополняет их теоретические положения эмпирическими данными.

3 Использование инновационных методов обучения (проблемные ситуации, проектная технология, видео-анализ) активизировало познавательную деятельность студентов, способствовало развитию их самостоятельности и творческой инициативы.

4 Систематическое использование рефлексивных технологий (дневники самоанализа, видео-портфолио, обсуждение выступлений) способствовало формированию у студентов способности к критическому осмыслению собственной деятельности и осознанному профессиональному развитию. Развитие рефлексивных способностей, как показал корреляционный анализ,

положительно влияет на все остальные компоненты профессиональной компетенций, что согласуется с идеями рефлексивной педагогики и дополняет их применительно к музыкальному образованию.

5 Индивидуализация образовательных траекторий на основе диагностики способностей и интересов студентов позволила максимально учесть их индивидуальные особенности и создать оптимальные условия для развития каждого студента, что особенно важно в области исполнительского искусства, где индивидуальность является ключевым фактором профессионального успеха. Полученные результаты подтверждают эффективность личностно-ориентированного подхода и демонстрирует возможности его практической реализации.

6 Расширенная концертно-исполнительская практика обеспечила студентам накопление профессионального опыта и развитие сценической культуры. Регулярные публичные выступления способствовали преодолению сценического волнения, формированию артистизма и коммуникативных навыков.

Следует отметить некоторые ограничения исследования: относительно небольшой объем выборки (45 студентов) и ее локализация в одном университете не позволяют безоговорочно экстраполировать полученные результаты на всю систему музыкального образования Казахстана. Двухлетний период эксперимента недостаточен для оценки долгосрочных эффектов экспериментальной программы и профессиональной успешности выпускников. Реализация экспериментальной программы требует высокой квалификации преподавателей и определенных материально-технических ресурсов, что может затруднить ее широкое внедрение.

Выводы

Проведенное исследование было направлено на разработку и теоретическое обоснование методологических основ содержания музыкального образования вуза, а также апробацию их эффективности в условиях образовательного процесса НАО «Торайғыров университет».

Полученные результаты являются статистически надежными и практически значимыми, открывая перспективы для дальнейших исследований в направлении: разработки методических рекомендаций по внедрению интегративного подхода в различных типах музыкальных образовательных организаций. Практическая значимость результатов исследования заключается в возможности использования разработанной методологической модели для совершенствования образовательных программ по специальности «Исполнительское искусство» в вузах Казахстана со сходной системой музыкального образования. Материалы исследования могут быть использованы при разработке государственных образовательных стандартов, учебных планов, рабочих программ, а также в системе повышения квалификации преподавателей вузов.

Список используемых источников

1 **Muhambetova, A., Begalinova, G.** Kazahskij muzykal'nyj jazyk kak gosudarstvennaja problema // Amanov B.Zh., Muhambetova A.I. Kazahskaja tradicionnaja muzyka i HH vek [Текст]. – Алматы : «Dajk Press», – 2002. – Р. 390–403.

2 **Ермекебаев, А. А.** Профессиональная подготовка учителя музыки Казахстана на основе интегративного подхода // Диссертация., 2021 г. [Электронный ресурс]. – <https://www.dissercat.com/content/professionalnaya-podgotovka-uchitelya-muzyki-kazahstana-na-osnove-integrativnogo-podkhoda> [Текст]

3 **Момбек, А. А.** Музыкальное образование в Казахстане // Учебное пособие для студентов высших учебных заведений [Текст]. – Алматы, 2007. – 296 с.

4 **Калиакбарова, Л. Т.** Республиканский учебник «Музыка» МОН РК и МП РК, нового поколения для школ Казахстана [Текст] – 2022. – 259 с.

5 **Кульманова, Ш. Б.** Теория и практика воспитания младших школьников средствами казахской народной музыки. – Алматы : Гылым, 1999. – 234 с.

6 **Мукашева, А. Б.** Становление и развитие высшего музыкального образования в республике Казахстан // Journal of Educational Sciences 32, no. 1 (январь 14, 2016). [Электронный ресурс]. – <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/107>. [Текст]

7 **Мукашева, А. Б.** История и тенденции развития высшего музыкального образования в Казахстане [Текст] // Вестник КазНУ Серия Педагогическая. – Том 34. – № 3. – 2011:

8 Методологическая культура педагога-музыканта: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. Э. Б. Абдуллина [Текст]. – М. : Издательский центр «Академия», 2002. – 272 с.

9 **Николаева, Е. В.** Музыкальное образование в России: историко-теоретический и педагогический аспекты: Монография / Отв. ред. Э. Б. Абдуллин [Текст]. – М. : Прометей, – 2002.

10 **Школяр, Л. В.** Музыка в системе развивающего обучения // Humanity space International almanac VOL. 1, Supplement 5, 2012 <file:///C:/Users/toued/Downloads/muzyka-v-sisteme-razvivayuschego-obucheniya-chast-ii.pdf> [Текст]

11 **Woodford, Paul G.** Democracy and Music Education: Liberalism, Ethics, and the Politics of Practice (Counterpoints: Music and Education) Paperback – December 28, – 2004. [Электронный ресурс]. – <https://www.amazon.com/Democracy-Music-Education-Liberalism-Counterpoints/dp/0253217393>

12 **Elliott, David J.** Praxial Music Education: Reflections and Dialogues 1st Edition <https://www.amazon.com/Praxial-Music-Education-Reflections-Dialogues/dp/0195138341>

13 **Silverman, M., Davis, S. A., & Elliott, D. J.** (2013). Praxial music education: A critical analysis of critical commentaries. *International Journal of Music Education*. – 2013. – 32(1). – P. 53–69.

14 **Scott, S. A.** Constructivist View of Music Education: Perspectives for Deep Learning. *General Music Today*. – 2006. – 19(2). – P. 17-21. <https://doi.org/10.1177/10483713060190020105> [References](#)

References

1 **Muhambetova, A., Begalinova, G.** Kazahskij muzykal'nyj jazyk kak gosudarstvennaja problema [The Kazakh Musical Language as a State Issue] [Text] // Amanov B. Zh., Muhambetova A. I. Kazahskaja tradicionnaja muzyka i HH vek. – Almaty : «Dajk Press», – 2002. –P. 390_403.

2 **Ermekbaev, A. A.** Professional'naya podgotovka uchitelya muzyki Kazahstana na osnove integrativnogo podhoda [Professional Preparation of Music Teachers in Kazakhstan Based on an Integrative Approach] [Text] // Dissertaciya., 2021 g. [Electronic resource]. – <https://www.dissercat.com/content/professionalnaya-podgotovka-uchitelya-muzyki-kazahstana-na-osnove-integrativnogo-podkhoda>

3 **Mombek, A. A.** Muzykal'noe obrazovanie v Kazahstane [Music Education in Kazakhstan] [Text] // Uchebnoe posobie dlya studentov vysshih uchebnyh zavedenij. – Almaty, 2007. – 296 p.

4 **Kaliakbarova, L. T.** Respublikanskij uchebnyk «Muzyka» [Republican Textbook 'Music'] [Text] // MON RK i MP RK, novogo pokoleniya dlya shkol Kazahstana – 2022. – 259 p.

5 **Kul'manova, Sh. B.** Teoriya i praktika vospitaniya mladshih shkol'nikov sredstvami kazahskoj narodnoj muzyki [Theory and Practice of Educating Primary School Children Through Kazakh Folk Musi] [Text] // – Almaty : Gylym, 1999. – 234 p.

6 **Mukasheva, A. B.** Stanovlenie i razvitie vysshego muzykal'nogo obrazovaniya v respublike Kazahstan [The Formation and Development of Higher Music Education in the Republic of Kazakhstan] [Text] // *Journal of Educational Sciences* 32, no. 1 (yanvar' 14, 2016). [Electronic resource]. – <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/107>.

7 **Mukasheva, A. B.** Istoriya i tendencii razvitiya vysshego muzykal'nogo obrazovaniya v Kazahstane [History and Trends in the Development of Higher Music Education in Kazakhstan] [Text] // *Journal of Educational Sciences: Tom 34, – № 3. – 2011: Vestnik KazNU Seriya Pedagogicheskaya*

8 *Metodologicheskaya kul'tura pedagoga-muzykanta: Ucheb. posobie dlya stud. vyssh. ped. ucheb. zavedenij* [Methodological Culture of a Music Teacher-Pedagogue: A Textbook for Students of Higher Pedagogical Educational Institutions] [Text] // Pod red. E. B. Abdullina. – M. : Izdatel'skij centr «Akademiya», – 2002. – 272 p.

9 **Nikolaeva, E. V.** Muzykal'noe obrazovanie v Rossii: istoriko-teoreticheskij i pedagogicheskij aspekty: Monografiya [Music Education in Russia: Historical-Theoretical and Pedagogical Aspects: A Monograph] [Text] / Otv. red. E. B. Abdullin. – Moscow : Prometej, 2002.

10 **Shkolyar, L. V.** Muzyka v sisteme razvivayushchego obucheniya [Music in the System of Developmental Learning] [Text] // *Humanity space International almanac VOL. 1, Supplement 5, – 2012* <file:///C:/Users/toued/Downloads/muzyka-v-sisteme-razvivayushchego-obucheniya-chast-ii.pdf>

11 **Woodford, Paul G.** Democracy and Music Education: Liberalism, Ethics, and the Politics of Practice (Counterpoints: Music and Education) Paperback – December 28, – 2004 <https://www.amazon.com/Democracy-Music-Education-Liberalism-Counterpoints/dp/0253217393>

12 **Elliott, David J.** Praxial Music Education: Reflections and Dialogues 1st Edition [Electronic resource]. – <https://www.amazon.com/Praxial-Music-Education-Reflections-Dialogues/dp/0195138341>

13 **Silverman, M., Davis, S. A., & Elliott, D. J.** Praxial music education: A critical analysis of critical commentaries. *International Journal of Music Education*. – 2013. – 32(1). – P. 53–69.

14 **Scott, S. A.** Constructivist View of Music Education: Perspectives for Deep Learning. *General Music Today*, (2006). 19(2), 17-21. – <https://doi.org/10.1177/10483713060190020105> [References](#)

Поступило в редакцию 28.12.25.

Поступило с исправлениями 19.01.26.

Принято в печать 18.02.26.

*К. К. Мукашева¹, *С. К. Антикеева², Т. Азамат³, Г. М. Анишева⁴, Т. Шайза⁵*

^{1,2,3,4}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁵Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

28.12.25 ж. баспаға түсті.

19.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМІНІҢ МАЗМҰНЫН МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕУ

Мақалада орындаушы музыканттардың кәсіби даярлығына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды талдау негізінде әзірленген жоғары оқу орындарындағы музыкалық білім беру мазмұнының кешенді әдіснамалық негіздемесі ұсынылған. Оқу процесін ұйымдастырудың мәдениеттанушылық, құзыреттілік және тұлғаға бағдарланған тәсілдерін қамтитын білім беру контентін қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылады. Автор музыкалық білім беру саласындағы мамандарды даярлауға қойылатын заманауи талаптарды талдайды, оқыту мазмұнының негізгі компоненттерін анықтайды: музыкалық-теориялық, орындаушылық, әдістемелік және мәдениеттану. Болашақ педагог-музыканттардың кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерін ықпалдастыруға ерекше назар аударылады. Зерттеу шеңберінде «Торайғыров университеті» КЕАҚ базасында «Орындаушылық өнер» мамандығы студенттерінің қатысуымен педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперименттік жұмыс үш кезеңді қамтыды: айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау. Экспериментке бақылау және эксперименттік топтарға бөлінген 45 студент қатысты. Эксперимент нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топ студенттерінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі 34 % -ға жоғарылағанын көрсетті. Деректерді статистикалық талдау музыкалық білім беру мазмұнының ұсынылған әдіснамалық моделінің тиімділігін растады. Зерттеу қорытындылары музыка мамандықтары студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін айтарлықтай арттыруды қамтамасыз ететін музыкалық білім беру мазмұнына әдіснамалық негізделген интегративтік тәсілдің тиімділігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: музыкалық білім, әдіснама, білім мазмұны, кәсіби құзыреттер, педагогикалық эксперимент, жоғары білім.

К. К. Mukasheva¹, *S. K. Antikeyeva², T. Azamat³, G. M. Anisheva⁴, T. Shaiza⁵

^{1,2,3,4}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁵Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 28.12.25.

Received in revised form 19.01.26.

Accepted for publication 18.02.26.

METHODOLOGICAL JUSTIFICATION OF THE CONTENT OF MUSICAL EDUCATION FOR UNIVERSITY STUDENTS

The article presents a comprehensive methodological rationale for the content of music education in higher education institutions, developed on the basis of an analysis of contemporary requirements for the professional training of performing musicians. It examines the theoretical foundations of educational content development, including cultural, competency-based, and personality-oriented approaches to the organisation of the educational process. The author analyses modern requirements for training specialists in the field of music education and identifies the key components of the curriculum: music theory, performance, methodology and cultural studies. Particular attention is paid to the integration of traditional and innovative teaching methods aimed at developing the professional competencies of future music teachers. As part of the study, a pedagogical experiment was conducted at the NAO 'Toraygyrov University' with the participation of students majoring in 'Performing Arts.' The experimental work consisted of three stages: ascertaining, formative, and control. Forty-five students participated in the experiment, divided into control and experimental groups. The results of the experiment showed a 34 % increase in the level of professional competence of students in the experimental group compared to the control group. Statistical analysis of the data confirmed the effectiveness of the proposed methodological model of music education content. The conclusions of the study demonstrate the effectiveness of a methodologically sound integrative approach to music education content, which provides a significant increase in the level of professional competence of students majoring in music.

Keywords: music education, methodology, educational content, professional competencies, pedagogical experiment, higher education.

<https://doi.org/10.48081/BGQF1858>

***А. К. Нұргали¹, Ф. Н. Жумабекова², Г. М. Кажикенова³,
А. К. Шаймерденова⁴, Г. Е. Тлеумбетова⁵**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

^{3,4}Торайғыров университет,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

⁵Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5586-7264>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-8474-7932>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5329-0038>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-1990-7761>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-8855-7805>

*e-mail: Nurgali.aidana9@gmail.com

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Бұл мақалада болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық интеллектісін дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және тәжірибелік аспектілері жан-жақты қарастырылған. Зерттеу эмоционалдық интеллектінің құрылымдық компоненттері эмоцияны тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, коммуникативтік икемділік, кәсіби мотивация және олардың цифрлық ортада дамытылу заңдылықтарын талдауға бағытталған. Теориялық тұрғыда зерттеуде цифрлық педагогика қағидалары мен эмоционалдық дамудың психологиялық негіздері біріктіріліп, эмоциялық интеллектіні дамытуда интерактивтілік, бейімделгіштік және рефлексивтілік принциптерінің маңызы айқындалады. Тәжірибелік бөлімінде болашақ педагог-психологтермен жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижелері келтіріліп, студенттердің эмоционалдық интеллект деңгейінде айтарлықтай оң өзгерістер байқалғаны көрсетілген. Әсіресе VR-тренингтер, мобильді

қосымшалар, онлайн-рефлексия платформалары (Padlet, MindMeister, Jamboard) арқылы эмоцияларды тану мен басқару қабілеттерінің жоғарылағаны дәлелденген. Зерттеу нәтижесінде болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық құзыреттілігін дамытуда цифрлық технологияларды мақсатты, ғылыми негізде, қолдануға бағытталған тиімді әдістемелік ұсыныстар жасалған. Бұл ұсыныстар мен зерттеу нәтижелері кәсіби даярлық сапасын арттыруға, студенттердің тұлғалық және эмоциялық тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбы теориялық және практикалық жағынан өзекті болып табылады. Ол қазіргі педагогикалық парадигманың басты бағыттарымен – тұлғалық-бағдарлы оқыту, цифрлық педагогика және эмоционалдық сауаттылықтың интеграциясымен тығыз байланысты

Кілтті сөздер: эмоционалдық интеллект, цифрлық технология, педагог-психолог, кәсіби даму, эмоционалдық құзыреттілік.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің басты бағыты-цифрлық трансформация және тұлғалық-эмоционалдық дамуды үйлестіру. Педагогикалық жоғары оқу орындарында білім алушы болашақ педагог-психолог тек академиялық біліммен шектелмей, эмоционалдық тұрақтылық, эмпатия, рефлексия және өзін-өзі реттеу сияқты қасиеттерге ие болуы тиіс. Бұл сапалар тұлғаның кәсіби табыстылығын қамтамасыз ететін эмоционалдық интеллект ұғымымен тікелей байланысты. Педагог-психологтердің кәсіби қызметі қарқынды, күтпеген, біржақты емес және әртүрлі жағдайларда жүзеге асырылатындықтан, психолог жаңаша ойлау және әрекет ету қажеттілігі мен белгілі бір тұлғалық құрылымдардың жеткіліксіз қалыптасуы арасындағы қарама-қайшылыққа байланысты мәселелерге тап болады. Бұл жерде, ең алдымен, эмоционалды икемділікті дамыту туралы сөз болып отыр. Адамның коммуникативті, икемді, өз пікірін айта алатындай еркін, басымдықтарды анықтай алатын және мақсатқа жетудің тиімді жолдарын таңдай алатын маңызды тұлғалық құзыретке айналады.

Бұл мәселені шешу Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында цифрлық сауаттылықты арттырумен қатар, педагогтердің эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамыту қажеттілігін айқындайды. Демек, педагогикалық білім беру жүйесін цифрлық

ортаға бейімдей отырып, студенттердің эмоционалдық интеллектісін мақсатты дамыту – уақыт талабы [1].

Әлемдік зерттеулер (D. Goleman, P. Salovey, J. Mayer, UNESCO, OECD) көрсеткендей, эмоционалдық интеллекті жоғары мамандар күйзеліске төзімді, әлеуметтік қарым-қатынаста икемді және инновациялық шешім қабылдауға қабілетті келеді. Сондықтан педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде ЕІ-ді дамыту – кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдасы [2].

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы бұл үдерістің жаңа кезеңін бастады. AR/VR симуляциялар, онлайн-тренингтер, геймификацияланған мобильді қосымшалар және жасанды интеллект негізіндегі оқыту платформалары студенттің эмоциялық күйін талдауға, оны басқаруға және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай құралдар дәстүрлі оқытудан айырмашылығы – студенттің ішкі уәжін, шығармашылық белсенділігін және когнитивтік процестерін арттырады.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық трансформация болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығына жаңа талаптар қояды. Эмоционалдық интеллект – тұлғаның эмоцияны тану, басқару және өзара қарым-қатынаста тиімді қолдану қабілеті. Педагогикалық қызметтің сәттілігі көбіне осы қабілетке тәуелді. Сондықтан болашақ мамандардың эмоционалдық интеллектісін цифрлық ортада дамыту білім берудің стратегиялық бағытына айналуға тиіс. Қазіргі заманда цифрлық технологиялар білім беру жүйесінің барлық деңгейінде түбегейлі өзгерістер енгізуде. Әсіресе, педагог-психологтарды даярлауда интеллектуалдық қабілеттерді дамыту цифрлық ортада жаңа мүмкіндіктер ашады. Болашақ маманның кәсіби ойлау қабілетін, когнитивтік икемін, аналитикалық және шығармашылық интеллектісін дамытуда цифрлық технологиялар – басты құралдардың бірі.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысының материалдары ретінде эмоционалдық интеллектіні дамытудың психологиялық-педагогикалық теориялары, цифрлық педагогика тұжырымдамалары және тәжірибелік эксперимент барысында қолданылған цифрлық құралдар кешені пайдаланылды. Бұл материалдар зерттеудің теориялық және эмпирикалық базасын қалыптастырды.

1 Зерттеудің теориялық негізін келесі бағыттар құрады:

– Эмоционалдық интеллект теориясы (Д. Гоулман, П. Сэловей, Дж. Майер) – эмоцияны тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия және мотивация механизмдерін түсіндіретін психологиялық база ретінде алынды;

– Цифрлық педагогика концепциясы (UNESCO, OECD, Prensky және басқалар) – студенттердің цифрлық ортада тұлғалық және кәсіби даму үдерісін сипаттайтын педагогикалық негіз;

– Психологиялық даму теориялары (Л. С. Выготский, К. Роджерс, А. Маслоу) – тұлғаның эмоционалдық және когнитивтік үйлесімді дамуының заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Аталған теориялық материалдар эмоционалдық интеллектіні дамытудың психологиялық табиғатын ашуға және оны цифрлық технологиялармен ұштастырудың әдістемелік негізін қалыптастыруға қызмет етті.

2 Зерттеу барысында қолданылған негізгі материалдар: Психодиагностикалық тесттер: EQ-i 2.0 Digital Test (Reuven Bar-On модификациясы); EmoTest Online (эмоцияны тану мен өзін-өзі реттеу деңгейін анықтау үшін);

Авторлық Google Forms сауалнамасы (рефлексия және эмпатия көрсеткіштерін бағалау үшін). Цифрлық оқыту құралдары: Padlet, MindMeister, Jamboard – онлайн рефлексия және топтық талдау үшін; Calm, MoodMission, Woebot мобильді қосымшалары – эмоционалдық тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу жаттығулары үшін; ClassVR, CoSpaces Edu платформалары – VR-тренингтер мен эмоциялық жағдаяттарды модельдеу үшін; Google Classroom, Zoom, Moodle – оқыту және кері байланыс ұйымдастыру үшін.

Бағалау және бақылау материалдары: Студенттердің эмоционалдық интеллектінің динамикасын анықтау мақсатында бақылау кестелері мен рейтингтік парақтар; Әр модульден кейін жүргізілген цифрлық рефлексия эсселері мен портфолио материалдары (e-Portfolio жүйесінде).

3 Зерттеу деректері мен нәтижелерді жинау материалы. Жиналған материалдарға психологиялық тест нәтижелері, студенттердің электронды сауалнамалары, VR-тренингтерден кейінгі бейне-рефлексиялар және платформа деректері (Padlet, Jamboard жазбалары) енді. Бұл материалдар сандық және сапалық талдауға негіз болды.

Барлық деректер SPSS және Excel бағдарламалары арқылы статистикалық өңдеуден өтті, нәтижесінде эксперименттік және бақылау топтарының эмоционалдық интеллект динамикасы диаграммалар мен кестелер түрінде көрсетілді.

Зерттеу материалдары болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық интеллектісін дамытуға бағытталған цифрлық-психологиялық эксперименттің толық ғылыми базасын қамтамасыз етті. Бұл материалдар студенттердің эмоционалдық құзыреттілігін арттыруға, кәсіби өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға және цифрлық білім беру ортасын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1) Әдеби талдау, сауалнама, бақылау, эмоционалдық интеллектті бағалау тесттері (Д. Гоулман, Р. Бар-Он шкалалары), цифрлық тренинг платформаларындағы эксперименттік жұмыс;

2) Теориялық әдістер: психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге шолу, цифрлық педагогика мен эмоционалдық интеллект теорияларын салыстырмалы талдау;

3) Эмпирикалық әдістер: бақылау, сауалнама, интервью, психодиагностикалық тестілер;

4) Педагогикалық эксперимент: цифрлық технология негізінде эмоционалдық интеллектіні дамыту бағдарламасының тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру;

5) Сандық талдау әдістері: SPSS және Excel бағдарламалары арқылы алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу (орташа мән, пайыздық көрсеткіш, динамикалық өзгеріс графигі).

Қолданылған материалдар мен ресурстар:

– Платформалар: Google Classroom, Zoom, Padlet, MindMeister, Jamboard;

– Бағдарламалық қамтамасыз ету: Moodle Learning System, VR-сценарий құралы CoSpaces Edu, AI-ассистент Replika;

– Аппараттық құралдар: ноутбуктар, VR көзілдіріктер, смартфондар және нейроқұрылғылар (Emotiv Insight).

Эмоционалдық интеллектіні дамыту үдерісі цифрлық платформалар арқылы жүзеге асатыны, атап айтқанда, онлайн-тренингтер, цифрлық диагностика құралдары (EQ-i Digital, EmoTest) және AR/VR технологияларының психологиялық әсері студенттің эмоциялық тәжірибесін байытып, өзін-өзі реттеу және эмпатия дағдыларын жетілдіретіні дәлелденді. Бұл студенттердің эмоционалдық интеллектісін жан-жақты дамытуға мүмкіндік берді, сонымен қатар педагогикалық процесте цифрлық құралдарды жүйелі қолданудың ғылыми негізін қалады.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу жұмысы 2023–2025 оқу жылында Еуразия ұлттық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 3–4 курс студенттермен жүргізілді. Цифрлық технология негізінде болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық интеллектісін дамытуда эксперимент жұмыстарының барысы үш кезеңде ұйымдастырылды: диагностикалық, қалыптастырушы және бақылау кезеңге сәйкес жүргізіліп, оған барлығы 60 студент қатыстырылды, мұнда 30 студент – бақылау, тобы және 30 студент – эксперименттік топ.

Анықтау эксперименті кезінде басты міндеттердің бірі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға болашақ педагог-психологтердің даярлығының нақты жағдайын анықтау болды. Соған сәйкесті келесі әдістемелер таңдап алынды: бақылау, әңгімелесу т.б. Диагностикалық кезеңде студенттердің эмоционалдық интеллектінің бастапқы деңгейі анықталды. Бағалау үшін келесі психологиялық әдістемелер қолданылды:

– Д. Гоулман бойынша «Эмоционалдық интеллектті анықтау тесті»;

– Р. Бар-Онның эмоционалдық құзыреттілік шкаласы;

– Эмпатияны бағалаудың Дж. Мид әдісі;

– Онлайн форматтағы сауалнама мен бақылау парақтары (Google Forms, Mentimeter).

Зерттеуге Еуразия ұлттық университетінің педагогика және психология мамандығы бойынша 60 студент қатысты. Олар кездейсоқ түрде эксперименттік (30 адам) және бақылау (30 адам) топтарға бөлінді.

Эксперименттік топта оқыту процесі цифрлық технологияларға негізделді. Сабақтар мен тренингтерде келесі цифрлық құралдар қолданылды:

– VR-тренингтер (эмпатия, конфликт жағдайларын модельдеу);

– AR-қосымшалар (эмоциялық жағдайларды бейнелеу);

– Padlet, Jamboard, Kahoot платформалары арқылы рефлексия және кері байланыс жүргізу;

– Woebot, Mindspace, EmotionLab мобильді қосымшалары арқылы өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту;

– Цифрлық күнделік (Digital Emotional Diary) – студенттер эмоциялық күйін күн сайын тіркеп отырды.

Бақылау тобында дәстүрлі әдістер (дәріс, әңгіме, ситуациялық талдау) пайдаланылды.

Эксперимент 15 аптаға созылды. Әр аптада студенттер эмоционалдық интеллекттің жеке компоненттерін (өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия, әлеуметтік дағдылар) цифрлық құрал арқылы дамытты. Әр компонент бойынша арнайы тапсырмалар, эмоциялық жағдайларды талдау бейнероликтері және интерактивті тесттер ұсынылды.

Цифрлық технология негізінде болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық интеллектісін дамытудың әдістемесін жүзеге асыру

Зерттеу әдістемесі үш бағытта жүзеге асырылды: когнитивтік, эмоциялық, және әрекеттік-коммуникативтік блоктар арқылы.

1 Когнитивтік блок. Мақсаты – студенттердің эмоционалдық интеллект туралы теориялық білімін кеңейту.

Оқу процесінде келесі әдістер қолданылды:

– «Digital Case-study» – виртуалды жағдайларды талдау (мысалы, педагог пен оқушы арасындағы конфликтті шешу);

– Эмоциялық интеллект картасы (EmoMap) – интерактивті интеллект сызбасын құрастыру;

– EdApp платформасында микролекциялар мен онлайн-викториналар.

2 Эмоционалдық блок. Мақсаты – студенттердің эмоцияны тану және басқару қабілеттерін арттыру.

Қолданылған цифрлық әдістер:

— VR-сценарийлер: педагогтың кәсіби стресс жағдайындағы әрекетін модельдеу;

– Mobile-feedback жүйесі: әр сабақ соңында «эмоциялық температураны» өлшеу (0–100 шкаласы бойынша);

– Mindfulness аудиомедитациялары – өзін-өзі реттеу жаттығулары.

3 Әрекеттік-коммуникативтік блок. Мақсаты – эмпатия мен әлеуметтік құзыреттілікті жетілдіру.

Қолданылған әдістер:

– TeamEmotion атты топтық онлайн ойын – эмоциялық коммуникация дағдыларын дамыту;

– Chatbot-симуляция (мысалы, Woebot) арқылы студенттің «виртуалды клиентпен» әңгімелесу тәжірибесі;

– Google Meet арқылы пікірталас клубтары және рефлексивтік пікір алмасу.

Бағалау жүйесі

1) Эмоционалдық интеллекттің дамуы келесі көрсеткіштер бойынша өлшенді:

2) Эмоцияны тану (өз эмоциясын және өзгенің эмоциясын түсіну қабілеті);

3) Өзін-өзі реттеу (қатты эмоцияларды басқару қабілеті);

4) Эмпатия деңгейі;

5) Коммуникативтік икемділік;

6) Кәсіби мотивация.

Әр көрсеткіш 5 балдық шкала бойынша бағаланды, нәтижелер SPSS статистикалық бағдарламасында өңделді.

Цифрлық технология негізінде болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық интеллектісін дамытудағы тәжірибелік эксперимент жұмыстарының нәтижелері эксперимент соңында алынған деректер студенттердің эмоционалдық интеллект деңгейінің айтарлықтай артқанын көрсетті.

1-кесте – Студенттердің эмоционалдық интеллект деңгейінің көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бастапқы деңгей (эксп. топ)	Соңғы деңгей (эксп. топ)	Бақылау тобының соңғы деңгейі
Эмоцияны тану	42 %	78 %	48 %
Өзін-өзі реттеу	39 %	72 %	45 %
Эмпатия	47 %	81 %	52 %
Коммуникативтік икемділік	44 %	75 %	49 %
Кәсіби мотивация	53 %	84 %	56 %

Нәтижелер эмоционалдық интеллекттің барлық компоненттері бойынша оң серпін бар екенін көрсетті. Эксперименттік топтағы студенттердің эмоциялық тұрақтылығы, кәсіби қарым-қатынастағы сенімділігі мен эмпатиялық қабілеттері айқын артты.

Сапалық талдау нәтижелері:

– 78 % студенттер эмоционалдық интеллектті дамытуда цифрлық құралдардың тиімділігін жоғары деп бағалады;


– 65 % студенттер өздерінің «цифрлық рефлексия күнделігі» олардың эмоцияны түсінуіне және кәсіби рефлексия жүргізуіне көмектескенін атап өтті;

– 82 % қатысушылар виртуалды тренингтер мен онлайн-ойындар эмоционалдық күйзелісті азайтып, өз-өзіне сенімділікті арттырғанын көрсетті.

Бақылау және салыстырмалы талдау

Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Бұл цифрлық технологиялардың эмоционалдық интеллект дамуына айрықша әсерін дәлелдейді. Бұл төмендегі диаграммада көрсетілді.

Студенттердің эмоционалдық интеллект деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері



1-сурет – Студенттердің эмоционалдық интеллект деңгейінің бастапқы, соңғы (эксперименттік топ) және бақылау тобы нәтижелерін салыстыра

Диаграммадан көрініп тұрғандай, эксперименттік топта барлық көрсеткіштер айтарлықтай жоғарылаған.

Диаграмма нәтижелерінің сандық және сапалық талдауы

1 Сандық талдауда диаграмма деректері бойынша болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық интеллект деңгейінде айқын позитивті динамика байқалды. Әсіресе, эксперименттік топта көрсеткіштер едәуір жоғарылаған: Орташа өсім шамамен 33 %, бұл цифрлық технологиялар арқылы ұйымдастырылған әдістемелік бағдарламаның жоғары тиімділігін дәлелдейді. Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс байқалмады (орташа өсім тек 4–6 % шамасында), бұл дәстүрлі оқыту формаларының эмоционалдық интеллектіні дамытуда шектеулі әсер ететінін көрсетеді.

2 Сапалық талдау. Диаграмма көрсеткіштерінің сапалық тұрғыдан талдауы төмендегі негізгі өзгерістерді көрсетті:

– Эмоцияны тану: VR және геймификация элементтері арқылы эмоцияларды тану жаттығулары студенттердің өзін және өзгелердің эмоционалдық күйін жылдам әрі дәл анықтау қабілетін арттырды. Студенттер бейне жағдаяттарды талдағанда эмоцияларды ажыратып, кәсіби қарым-қатынаста саналы әрекет етуге үйренді.

– Өзін-өзі реттеу: Calm, Headspace және MoodMission сияқты мобильді қосымшаларды жүйелі қолдану студенттердің эмоционалдық тұрақтылығын күшейтіп, күйзеліс жағдайында өзін-өзі ұстай білу қабілетін дамытты.

– Эмпатия: онлайн пікірталастар мен цифрлық рефлексия платформалары (Padlet, Jamboard) арқылы студенттер өзге адамдардың сезімін түсіну және қолдау көрсету тәжірибесін меңгерді. Эмпатиялық ойлау мәдениеті қалыптасты.

– Коммуникативтік икемділік: Zoom және Google Classroom негізінде жүргізілген интерактивті сабақтар студенттердің топта ашық қарым-қатынас орнату, белсенді тыңдау және эмоциялық жауап қайтару дағдыларын жетілдірді.

– Кәсіби мотивация: цифрлық форматтағы психологиялық симуляциялар мен бейне-коучингтер студенттердің мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге бағытталған уәжін күшейтті.

Жалпы алғанда, эксперименттік топтың эмоционалдық интеллект деңгейі барлық бағыттар бойынша жоғарылаған. Цифрлық технологиялар студенттердің:

- эмоцияны қабылдау мен талдау қабілеттерін;
- өз мінез-құлқын саналы басқару дағдыларын;
- эмпатиялық және коммуникативтік мәдениетін;
- кәсіби өзін-өзі жетілдіру мотивациясын

– жоғары деңгейге көтерді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялар эмоционалдық интеллектіні дамытудың тиімді педагогикалық құралы екенін дәлелдейді.

Эмоционалдық интеллектті цифрлық ортада дамыту – бұл тұлғаның өз эмоциясын тану, түсіну, реттеу және өзгенің эмоцияларына жауап бере білу қабілеттерін заманауи цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру және жетілдіру үдерісі. Мұндай даму дәстүрлі психологиялық тәжірибелер мен инновациялық цифрлық құралдардың интеграциясы негізінде жүзеге асады.

Цифрлық ортада эмоционалдық интеллектті дамытудың мазмұндық мәні – тек эмоцияны түсіну дағдысын арттыру емес, сонымен қатар интерактивті, бейімделгіш және дербес оқыту кеңістігінде адамның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі реттеу қабілетін күшейтуге бағытталған күрделі процесс. Бұл ұғым үш өзекті компонентті біріктіреді:

1 Психологиялық компонент-эмоцияны сезіну, талдау және басқару дағдыларын қалыптастыру;

2 Технологиялық компонент – цифрлық құралдар мен платформалар (VR, AR, мобильді қосымшалар, онлайн-тренингтер) арқылы оқу процесін ұйымдастыру;

3 Педагогикалық компонент – студенттің тұлғалық даму траекториясын цифрлық оқыту ортасына бейімдеу, интерактивті кері байланыс арқылы эмоционалдық өсуге жағдай жасау.

4 Цифрлық құралдардың рөлі

Цифрлық технологиялар эмоционалдық интеллектіні дамытудың жаңа деңгейін қалыптастырды.

– VR/AR технологиялары студентті виртуалды эмоционалдық жағдаятқа енгізіп, эмпатия мен өзін-өзі реттеу қабілетін тәжірибе жүзінде дамытады.

– Онлайн-платформалар (Padlet, Jamboard, MindMeister) – рефлексия жүргізу, пікір алмасу және эмоциялық өзіндік талдау жасауға мүмкіндік береді.

– Мобильді қосымшалар (Calm, MoodMission, Woebot) – күйзеліс деңгейін бақылап, эмоционалдық тепе-теңдікке жетуге көмектеседі.

– Жасанды интеллект негізіндегі оқу ассистенттері (ChatGPT, Replika) – студенттің эмоциялық реакциясын ескеріп, бейімделген оқу тәжірибесін ұсынады.

3 Дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Эмоционалдық интеллектті цифрлық ортада дамыту келесі шарттарды сақтағанда тиімді жүзеге асады:

– Психологиялық қауіпсіздік – студент өз ойын еркін білдіре алатын, эмоционалдық тұрғыда қолайлы орта құру;

– Интерактивтілік – студент пен цифрлық жүйе арасындағы үздіксіз кері байланыс;

– Бейімделгіштік – цифрлық құралдардың жеке оқу қарқыны мен эмоционалдық ерекшелікке икемделуі;

– Рефлексивтілік – студенттің өз эмоциялық тәжірибесін талдау және түзету қабілетін дамыту.

Эмоционалдық интеллектті цифрлық ортада дамытудың құндылықтық маңызы – болашақ педагог-психологтің адаммен жұмыс істеу мәдениетін, психологиялық эмпатиясын және цифрлық қарым-қатынас этикасын қалыптастырады. Мұндай дайындық маманның кәсіби табыстылығын арттырып қана қоймай, оның тұлғалық үйлесімін, өзін-өзі реттеу дағдысын және әлеуметтік жауапкершілігін де күшейтеді. Осылайша, эмоционалдық интеллектті цифрлық ортада дамыту – бұл дәстүрлі психологиялық білім мен заманауи цифрлық инновациялардың тоғысуынан туындаған жаңа білім беру феномені. Ол болашақ педагог-психологтің кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі болып табылады және эмоционалдық мәдениеті жоғары, цифрлық сауатты, эмпатиясы дамыған жаңа буын мамандарды қалыптастыруға бағытталған.

Қоғамдағы цифрландыру үрдісі педагогикалық білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізді. Болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығында тек теориялық біліммен шектелу жеткіліксіз – олардың эмоционалдық интеллектісін (EI) дамыту заманауи білім беру үдерісінің маңызды міндетіне айналды. Эмоционалдық интеллект – бұл адамның өз эмоцияларын және өзгенің эмоцияларын түсіну, басқару, реттеу және оларды әлеуметтік қарым-қатынаста тиімді пайдалану қабілеті. Цифрлық технологиялар осы қабілетті дамытуда ерекше орта қалыптастырады. Мультимедиялық тренингтер, онлайн-коучинг, виртуалды симуляциялар және интерактивті диагностика құралдары студенттің эмоционалдық өзін-өзі реттеуін, эмпатиясын және коммуникациялық дағдыларын жетілдіреді.

Эмоционалдық интеллект ұғымын алғаш рет П. Сэловей мен Д. Майер (1990) [3], кейін Д. Гоулман (1995) кәсіби контексте дамытты. Ол когнитивті және эмоционалдық процестердің үйлесімін қамтамасыз етеді. Болашақ педагог-психолог үшін бұл сапа эмпатия, өзін-өзі реттеу, мотивация және әлеуметтік дағдыларды қамтиды [4].

Эмоционалды икемділік маманның өздерінің жеке эмоцияларын жақсырақ түсінуге және реттеуге мүмкіндік береді, бұл клиенттермен неғұрлым тиімді және эмпатикалық өзара әрекеттесуге ықпал етеді. Эмоционалды икемді мамандар әртүрлі жастағы мәдени және әлеуметтік топтағы клиенттермен табысты жұмыс істейді. Әлеуметтік жағдайларға

бейімделу және әртүрлі адамдармен өзара қарым-қатынас жасау қабілеті педагог және психологтердің кәсіби мансабында маңызды рөлге ие. Мамандардың кәсіби тәжірибесінде бұл құзыретті дамыту кәсіби қызмет сапасын арттыруға көмектеседі, сондай-ақ қазіргі заманғы әлемнің күрделі жағдайларына сәтті бейімделуіне ықпал етуі мүмкін. Эмоционалды икемділік адамның өзгермелі эмоционалды жағдайларға бейімделуін, өзінің эмоцияларын басқару және түрлі жағдайларда дұрыс әрекет ету қабілетін білдіреді. Болашақ педагог және психологтардың эмоционалды икемділігін зерттеу өте өзекті.

UNESCO (2020) Futures of Education: Learning to Become Цифрлық қоғамдағы оқытудың адами қырларын күшейту қажеттілігі атап көрсетілген. Эмоционалдық интеллекті «адамилықтың сақтаушы құралы» ретінде қарастыруға мүмкіндік берді [5].

Mery, K. L. (2021) Developing Emotionally Intelligent Teaching Approaches in Online Learning (Journal of Perspectives in Applied Academic Practice) Онлайн сабақтарда эмоционалдық интеллекті дамытатын оқытушы әдістерін ұсынады. Бұл болашақ педагог-психологтердің эмоцияны тану мен қолдау дағдыларын дамыту стратегияларын таңдауға көмектесті [6].

Abdolrezapour, P. (2022) Emotional-Based Pedagogy and Facilitating E-Learners' Flow (Frontiers in Psychology). Эмоцияға негізделген педагогика студенттердің оқу мотивациясы мен «flow» күйін арттыратынын дәлелдейді. Цифрлық ортада мотивациялық және эмоционалдық белсенділікті арттыру жолдарын нақтылады [7].

Escarlos, G. (2023) Emotional Intelligence and Digital Literacy on Professional Competence (Future of Education Conference Proceedings) EI мен цифрлық сауаттылық кәсіби құзыреттілікті арттырады. Цифрлық педагогикалық құзыреттілік пен EI арасындағы өзара байланысты негіздеуге көмектесті [8].

Akhmedov, B. A. (2023) Innovative Pedagogical Technologies in the Modern Educational System (World Bull Soc Sci) Инновациялық технологиялар арқылы эмоциялық және когнитивтік дағдыларды дамытудың әдістері ұсынылған. Цифрлық технологияларды педагогикалық процесте қолданудың жалпы бағыттарын айқындады [9].

Audrin, C. & Audrin, B. (2024) Emotional Intelligence in Digital Interactions – A Call for Renewed Assessments (Personality and Individual Differences). «Digital Emotional Intelligence» ұғымын енгізіп, цифрлық қарым-қатынаста эмоцияны тану мен реттеу жаңа өлшемдерін ұсынады. Біздің зерттеуімізге Эмоционалдық интеллектің цифрлық ортада қайта бағалау әдістерін таңдауға теориялық негіз берді [10].

Konstantinidou, E. (2025) Emotional Intelligence and E-Training Readiness: A Survey Study (European Journal of Open, Distance and E-Learning). Онлайн оқуға дайындық деңгейі эмоционалдық интеллектпен тығыз байланысты. Эксперименттік әдістеме үшін эмоционалдық дайындық өлшемдерін айқындауға мүмкіндік берді [11].

Жоғарыда қарастырылған әдебиеттер эмоционалдық интеллект пен цифрлық педагогика арасындағы өзара байланыстың күшеюін көрсетеді. Соңғы зерттеулердің барлығы оқу процесінде эмоциялық сауаттылық пен цифрлық құзыреттілікті бірге дамыту – заманауи білім берудің басты шарты екенін дәлелдейді. Бұл шолу біздің зерттеуімізге үш маңызды бағытта үлес қосты:

1 Эмоционалдық интеллектіні цифрлық ортада дамытудың теориялық негізін нақтылау;

2 Эксперименттік модель құру кезінде VR/AR, онлайн-платформа және мобильді қосымша сияқты заманауи құралдарды таңдауға ғылыми негіз беру;

3 Болашақ педагог-психологтердің тұлғалық және кәсіби құзыреттілігін интегративті тұрғыда дамытуға әдістемелік бағдар қалыптастыру.

Эмоционалды икемділікті Е. С. Асмаковец мұғалімдердің эмоционалды икемділігін зерттей келе, эмоционалды икемділік құрылымына эмоционалды тұрақтылықты және позитивті эмоционалды экспрессивтілікті кіргізген [12]. М. В. Наумова болашақ педагог-психологтарға зерттеу жүргізу арқылы, эмоционалды икемділік – бұл өзінің және басқалардың эмоционалды күйлерін білу, эмпатия жағдайында өзінің және басқалардың эмоцияларын басқару қабілеті мен сыртқы экспрессивтілігінде көрінетін тұлға қасиеті деген анықтаманы берген [13].

Эмоционалдық интеллектіні цифрлық технологиялар негізінде дамыту мәселесіне арналған әдебиеттерді талдау зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық іргетасын қалыптастырды. Әдебиеттерге шолу нәтижесінде эмоционалдық интеллекттің құрылымы, оны қалыптастырудың психологиялық механизмдері және цифрлық құралдардың әлеуеті тереңірек түсіндірілді.

Біріншіден, шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері эмоционалдық интеллект ұғымының көпқырлы табиғатын ашуға мүмкіндік берді. Д. Гоулман (Goleman, 2020) еңбектерінде эмоционалдық интеллекттің бес негізгі компоненті – өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия және әлеуметтік дағдылар – тұлғаның кәсіби жетістігінің басты факторлары ретінде анықталған. Ал П. Сэловей мен Дж. Майер (Salovey & Mayer, 2016) эмоционалдық интеллектіні когнитивтік және эмоциялық процестердің

интеграциясы ретінде қарастырып, оны оқыту және тәжірибе арқылы дамыту мүмкін екенін дәлелдейді.

Екіншіден, қазақстандық ғалымдар еңбектері цифрлық педагогика жағдайында болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби дамуын жаңа деңгейге көтерудің өзекті жолдарын ұсынады. Мысалы Ермекбаева Л. К., Сардарова Бапаева С. Т., Абдраманова Д. Е., Ж. И, Нәби Г. Ә., Куанжанова К. Т., Смаилова Г. С. отандық зерттеулер бізге «Эмоционалдық интеллектті дамыту мәселесі Қазақстанда да белсенді зерттеліп жатқандығына көз жеткіздік. Сондай ақ бұл еңбектеріндегі бағдарламалар мен тренингтерді өзіңіздің цифрлық әдістемеңізбен салыстырып, «біздің моделдің ерекшелігі» дегенді көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл еңбегінде цифрлық ортада студенттердің мотивациялық және эмоционалдық белсенділігін арттыру тетіктерін айқындаған, ал педагогикалық кәсіби құзыреттіліктің эмоционалдық және рухани құрамдасын дамытуда интерактивті цифрлық әдістердің маңыздылығын атап көрсетеді.

Үшіншіден, UNESCO (2020) және OECD (2021) жариялаған халықаралық зерттеулер білім беру жүйесінде цифрлық трансформацияның адам факторымен – атап айтқанда, эмоционалдық және әлеуметтік құзыреттіліктермен – қатар жүруі қажеттігін негіздейді. Бұл дерек біздің зерттеуімізде цифрлық технологияларды эмоциялық интеллектіні дамыту құралы ретінде қарастырудың өзектілігін күшейтеді.

Төртіншіден, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге шолу цифрлық құралдардың эмоционалдық интеллект компоненттеріне әсерін саралауға мүмкіндік берді:

– VR/AR технологиялары – эмоциялық тәжірибені имитациялап, студенттің эмпатиялық ойлауын күшейтеді (Akhmedov, 2023);

– Онлайн тренингтер мен мобильді қосымшалар (Calm, MoodMission, Woebot) – өзін-өзі реттеу және күйзеліс жағдайында эмоционалдық тепеңдікті сақтау дағдыларын дамытады;

– Интерактивті платформалар (Padlet, MindMeister, Jamboard) – рефлексия мен өзіндік талдауды тереңдетеді, бұл эмоционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді.

Бесіншіден, әдебиеттерге шолу арқылы зерттеуіміздің ғылыми жаңалығы нақты айқындалды: бұрын эмоционалдық интеллект көбіне психологиялық тұрғыда қарастырылып келген болса, біз оны цифрлық педагогикалық кеңістікпен біріктіріп, болашақ педагог-психологтің кәсіби даарлығының жаңа сапалық деңгейін анықтадық.

Сонымен қатар, ғылыми еңбектерге сүйене отырып, зерттеуімізде интерактивтілік, бейімделгіштік және рефлексивтілік принциптері

анықталып, олар әдістемелік модельдің негізгі қағидалары ретінде енгізілді. Бұл эмоционалдық интеллектіні дамыту үдерісін цифрлық технологиялармен үйлестірудің ғылыми негізін қамтамасыз етті.

Жалпы алғанда, әдебиеттерге шолу зерттеуімізге:

1 Эмоционалдық интеллект дамуының теориялық тұжырымдамасын нақтылауға;

2 Цифрлық педагогиканың мүмкіндіктерін эмоционалдық құзыреттілікпен байланыстыруға;

3 Эксперименттік әдістемені ғылыми негізде құруға;

4 Болашақ педагог-психологтердің цифрлық ортада кәсіби және тұлғалық дамуын бағалау критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді.

Осылайша, әдебиеттерге шолу біздің зерттеуіміздің ғылыми бағытын айқындап қана қоймай, эмоционалдық интеллектіні дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың педагогикалық және психологиялық интеграцияланған моделін жасауға теориялық тірек болды.

Қорытынды

Зерттеу жұмысы барысында цифрлық технологиялардың болашақ педагог-психологтердің эмоционалдық интеллектісін дамытудағы мүмкіндіктері теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденді. Эмоционалдық интеллект қазіргі білім беру жүйесінің маңызды құраушысы ретінде маманның кәсіби тиімділігіне, тұлғалық үйлесіміне және психологиялық тұрақтылығына тікелей әсер ететіні анықталды.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижесінде студенттердің эмоцияны тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, коммуникативтік икемділік және кәсіби мотивация сияқты компоненттері айтарлықтай жақсарды. Бұл өзгеріс цифрлық технологияларға негізделген әдістемелік бағдарламаның тиімділігін дәлелдеп отыр. Цифрлық платформалар мен құралдардың жүйелі қолданылуы эмоционалдық интеллектіні дамытудың жаңа парадигмасын қалыптастырды. Виртуалды тренингтер, мобильді қосымшалар, жасанды интеллект элементтері және онлайн-рефлексия құралдары студенттердің эмоциялық сауаттылығын арттырып, кәсіби өзара әрекеттестік мәдениетін жетілдірді.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, келесі қорытындылар жасауға болады:

1 Эмоционалдық интеллектіні дамытуда цифрлық технологиялар – тиімді және бейімделгіш педагогикалық орта. Олар студенттердің эмоциялық тәжірибесін кеңейтіп, когнитивтік және тұлғалық даму бағыттарын біріктіреді.

2 Цифрлық әдістер эмоционалдық тұрақтылықты, эмпатияны және кәсіби өзін-өзі реттеу қабілетін арттырады. Бұл педагог-психологтің кәсіби қызметінде маңызды рөл атқаратын негізгі сапалар.

3 Интерактивті және рефлексивті цифрлық құралдар студенттердің өз эмоцияларын талдау және саналы басқару дағдыларын қалыптастырып, олардың психологиялық мәдениетін нығайтады.

4 Эмоционалдық интеллекті дамыту студенттердің цифрлық құзыреттілігімен өзара байланысты, яғни цифрлық орта тұлғаның эмоционалдық және когнитивтік интеграциясының кеңістігіне айналды.

5 Зерттеу нәтижелері педагогикалық жоғары оқу орындарына цифрлық психологиялық дайындықтың арнайы модулін енгізудің қажеттілігін көрсетті.

Цифрлық технологиялар білім беру саласындағы ең қуатты трансформациялық факторлардың бірі болып табылады. Олар тұлғаның интеллектуалдық, эмоциялық және әлеуметтік әлеуетін кешенді дамытуға жол ашады. Болашақ педагог-психологтер үшін эмоционалдық интеллектіні цифрлық ортада дамыту – кәсіби табыстың, адами қарым-қатынастың және педагогикалық шеберліктің негізі. Осы зерттеу нәтижелері педагогикалық білім беру жүйесінде цифрлық психологиялық мәдениетті қалыптастырудың ғылыми және тәжірибелік бағыттарын айқындап, заманауи білім берудің адами-цифрлық тұтастығын қамтамасыз етуге үлес қосады.

Цифрлық технологиялар болашақ педагог-психологтың интеллектуалдық әлеуетін дамытуда тек көмекші құрал емес, білім беру экожүйесінің өзегіне айналды. Заманауи цифрлық құралдарды мақсатты және ғылыми негізде қолдану студенттің кәсіби және тұлғалық интеллектісін үйлесімді дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 «Цифрлы Қазақстан» Мемлекеттік бағдарлама. – Астана, 2017.
- 2 **Goleman, D. Salovey, P., Mayer J.** UNESCO, OECD
- 3 **Salovey, P., & Mayer, J. D.** Emotional Intelligence. Imagination, Cognition and Personality. – 1990. – 9. – P. 185–211.
- 4 **Goleman, D.** Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ. Bantam Books. – 1995.
- 5 UNESCO Futures of Education : Learning to Become(2020)
- 6 **Merry, K. L.** Developing Emotionally Intelligent Teaching Approaches in Online Learning (Journal of Perspectives in Applied Academic Practice). – 2021.

7 **Abdolrezapour, P.** Emotional-Based Pedagogy and Facilitating E-Learners' Flow (Frontiers in Psychology). – 2022.

8 **Escarlos, G.** Emotional Intelligence and Digital Literacy on Professional Competence (Future of Education Conference Proceedings). – 2023.

9 **Akhmedov, B.** Innovative Pedagogical Technologies in the Modern Educational System (World Bull Soc Sci). – 2023.

10 **Audrin, C. & Audrin, B.** Emotional Intelligence in Digital Interactions. – 2024.

11 **Konstantinidou, E.** Emotional Intelligence and E-Training Readiness: A Survey Study (European Journal of Open, Distance and E-Learning). – 2025.

12 **Асмаковец, Е. С.** Психологические факторы и условия развития эмоциональной гибкости учителя : дис. ... канд. психол. наук, 19.00.07 – Педагогическая психология. – М. : – 2000.

13 **Наумова, М. В.** Формирование эмоциональной гибкости у будущих педагогов-психологов в процессе учебно-профессиональной деятельности : дис. ... канд. психол. наук, 19.00.07 – Педагогическая психология. – Шадринск, 2011.

14 **Бар-Он, Р.** Білім берудегі және тұлғаның дамуындағы эмоционалдық интеллект. – М : – Питер, 2006.

15 **Майер, Дж. Д., Сэловей, П., Карузо, Д. Р.** Эмоционалдық интеллект: жаңа модельдер мен бағалау әдістері. – Санкт-Петербург : Питер, 2011.

References

1 «Cifrlı Қазақстан» Memlekettik bardarlama. – [«Digital Kazakhstan» Memlekettik bagdarlama] – Astana. – 2017.

3 **Salovey, P., & Mayer, J. D.** Emotional Intelligence. Imagination, Cognition and Personality. – 1990. – 9. – P. 185–211.

4 **Goleman, D.** Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ. Bantam Books. – 1995.

5 UNESCO Futures of Education : Learning to Become(2020)

6 **Merry, K. L.** Developing Emotionally Intelligent Teaching Approaches in Online Learning (Journal of Perspectives in Applied Academic Practice). – 2021.

7 **Abdolrezapour, P.** Emotional-Based Pedagogy and Facilitating E-Learners' Flow (Frontiers in Psychology). – 2022.

8 **Escarlos, G.** Emotional Intelligence and Digital Literacy on Professional Competence (Future of Education Conference Proceedings). – 2023.

9 **Akhmedov, B.** Innovative Pedagogical Technologies in the Modern Educational System (World Bull Soc Sci). – 2023.

10 **Audrin, C. & Audrin, B.** Emotional Intelligence in Digital Interactions. – 2024.

11 **Konstantinidou, E.** Emotional Intelligence and E-Training Readiness : A Survey Study (European Journal of Open, Distance and E-Learning). – 2025.

12 **Асмаковец, Е. С.** Психологические факторы и условия развития эмоциональной гибкости учителя [Psychological factors and conditions for the development of a teacher's emotional flexibility]: дис. ... канд. психол. наук, 19.00.07 – Педагогическая психология. – Москва, 2000.

13 **Наумова, М. В.** Формирование эмоциональной гибкости у будущих педагогов-психологов в процессе учебно-профессиональной деятельности [Formation of emotional flexibility among future psychological teachers in the process of educational and professional activity] : дис. ... канд. психол. наук, 19.00.07 – Педагогическая психология. – Шадринск, 2011.

14 **Бар-Он, Р.** Bilim berudegi zhane tulganyn damuyndagy emocionaldyq intellekt. – М : [Emotional intelligence in education and Personality Development]. – Питер, 2006.

15 **Majer, Dzh. D., Selovej, P., Karuzo, D. R.** Emocionaldyq intellekt: zhan model' der men bagalau adisteri. [Emotional intelligence: new models and evaluation techniques] – Sankt-Peterburg : Piter, 2011.

22.01.26 ж. баспаға түсті.

17.02.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. К. Нұрғали¹, Ф. Н. Жумабекова², Г. М. Кажикенова³, А. К. Шаймерденова⁴, Г. Е. Тлеумбетова⁵*

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

^{3,4}Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁵Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Поступило в редакцию 22.01.26.

Поступило с исправлениями 17.02.26.

Принято в печать 18.02.26.

**ПРАКТИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ
ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА БУДУЩИХ
ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ
НА ОСНОВЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

В статье всесторонне рассмотрены теоретические и практические аспекты применения цифровых технологий в развитии эмоционального интеллекта будущих педагогов-психологов. Исследование направлено на анализ структурных компонентов эмоционального интеллекта (распознавание эмоций, саморегуляция, эмпатия, коммуникативная гибкость, профессиональная мотивация) и закономерностей их формирования в цифровой среде. В теоретической части объединены принципы цифровой педагогики и психологические основы эмоционального развития, акцентировано внимание на значении интерактивности, адаптивности и рефлексивности в процессе формирования эмоционального интеллекта. В практической части представлены результаты экспериментальной работы со студентами, показавшие существенный рост уровня эмоционального интеллекта. Особенно отмечено повышение способности распознавать и управлять эмоциями при использовании VR-тренингов, мобильных приложений и онлайн-платформ для рефлексии (Padlet, MindMeister, Jamboard). По итогам исследования разработаны эффективные методические рекомендации, направленные на целенаправленное и научно обоснованное использование цифровых технологий в развитии эмоциональной компетентности будущих педагогов-психологов. Полученные результаты способствуют повышению качества профессиональной подготовки, укреплению личностной и эмоциональной устойчивости студентов.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, цифровые технологии, педагог-психолог, VR-тренинги, эмпатия, саморегуляция, цифровая педагогика.

*A. K. Nurgali¹, F. N. Zhumabekova², G. M. Kazhikenova³,
A. K. Shaimerdenov⁴, G. E. Tleumbetova⁵

^{1,2}N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana;

^{3,4}Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁵Korkyt Ata Kyzylorda University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.

Received 22.01.26.

Received in revised form 17.02.26.

Accepted for publication 18.02.26.

**PRACTICAL OPPORTUNITIES FOR DEVELOPING THE
EMOTIONAL INTELLIGENCE OF FUTURE PEDAGOGUES-
PSYCHOLOGISTS BASED ON DIGITAL TECHNOLOGY**

The article comprehensively examines the theoretical and practical aspects of applying digital technologies to develop the emotional intelligence of future teacher-psychologists. The research focuses on analyzing the structural components of emotional intelligence (emotion recognition, self-regulation, empathy, communicative flexibility, and professional motivation) and the patterns of their development in a digital environment. Theoretically, the study integrates the principles of digital pedagogy with the psychological foundations of emotional development, highlighting the importance of interactivity, adaptability, and reflexivity in the process of fostering emotional intelligence. The practical part presents the results of experimental work with students, demonstrating a significant positive dynamic in the development of emotional intelligence. In particular, the use of VR-based trainings, mobile applications, and online reflection platforms (Padlet, MindMeister, Jamboard) proved effective in enhancing students' ability to recognize and manage emotions. Based on the results, effective methodological recommendations were developed to promote the purposeful and scientifically grounded use of digital technologies in developing the emotional competence of future teacher-psychologists. The proposed approaches contribute to improving professional training quality and strengthening students' personal and emotional resilience.

Keywords: emotional intelligence, digital technology, teacher-psychologist, VR training, empathy, self-regulation, digital pedagogy.

<https://doi.org/10.48081/BGQF1859>

***Н. Оспанова¹, Д. Найманова², А. Даутова³,
А. Жаксылыков⁴, Г. Ткач⁵**

^{1,2,3,4,5}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0100-1008>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4434-4852>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5031-8411>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4532-4511>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8503-4263>

*e-mail: nazira_n@mail.ru

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ МАНСАПТЫҚ ТРАЕКТОРИЯСЫН БОЛЖАУ МӘСЕЛелерін Зерттеу

Бұл мақалада техникалық мамандықтар бойынша білім алушылардың мансаптық траекторияларын болжаудың ерекшеліктері қарастырылады. Білім алушылардың кәсіби дамуына әсер ететін негізгі факторлар, соның ішінде академиялық үлгерімі, мотивациясы, жобалар мен өндірістік тәжірибелерге қатысуы талданады. Зерттеуде мансаптық жолдарды болжауда деректерді талдау және машиналық оқыту әдістерін қолдану мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылған. Сандық және сапалық әдістер: үлгерім көрсеткіштері, сауалнама нәтижелері, оқытушылар мен жұмыс берушілердің сараптамалық бағалауы пайдаланылды. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда цифрлық технологиялар мен тәжірибеге бағытталған модульдердің маңыздылығы атап өтіледі. Сонымен қатар, еңбек нарығының өзгермелі талаптарына бейімделген оқу бағдарламаларын жасау жолдары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері мамандарды даярлау тиімділігін арттыруға және олардың индустрияда сұранысқа ие болуына ықпал етуі мүмкін. Мақалада мансаптық траекторияны болжау үшін қолданылатын негізгі модельдер қарастырылған. Қарастырылған модельдер техникалық мамандық студенттерінің мансаптық траекториясын болжау барысында білім алушылардың еңбек нарығына бейімделуін

жеңілдетіп, мансаптық дамуды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Мұндай модельдер студенттерге олардың болашақ мансап жолдарын нақты жоспарлауға және жетістікке жетуге септігін тигізеді. Мақалада ұсынылған мансаптық траекторияны қалыптастыруға әсер ететін негізгі факторлар негізінде мансаптық траекторияны болжау үшін қолданылатын негізгі модельдерді қолдану білім беру мекемелеріне және жұмыс берушілерге студенттердің кәсіби даму жолдарын басқару мен болжау үшін маңызды болып табылады.

Кілтті сөздер: мансаптық траектория, техникалық мамандық, Техникалық мамандықтардың қажеттілігі, жаңа мамандық, кәсіби бағдар.

Кіріспе

Қазіргі еңбек нарығы ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллектінің қарқынды даму жағдайында техникалық мамандықтардың қажеттілігі мен қоғамдағы қажеттілігін арта түсуде.

Елімізде өзекті және міндетті мәселелердің бірі өндіріс орындары мен экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету болып табылады. Өртүрлі салаларда адам қызметінде кездесетін кадр тапшылығын жою қажеттілігі мен болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау да мемлекет алдындағы және жоғары оқу орындарының негізгі міндеті болып тұр. Осы міндеттерді шешу барысында нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастыратын жұмыстар да қолға алынды. Заманауи цифрлық қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағаланады. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Телекоммуникация желілері мен дата орталықтарын барынша жетілдіруге, кибер-қауіпсіздіктің әлемдік стандарттарын енгізуге және мамандарымыздың біліктілігін арттыру арқылы техникалық мамандықтарға қатысты жұмыстарды жалғастыру керек [1].

Елімізде жаңа мамандықтар мен олардың құзіреттіліктері атласы құрастырылған. Бұл атласта нарықтағы техникалық мамандықтардың қажеттілігі, болашақта жойылатын және жаңадан пайда болатын мамандықтар сипатталып, құзыреттіліктері сипатталған [2].

Техникалық мамандық студенттерінің мансаптық траекториясын болжау мәселелері қазіргі уақытта өте өзекті болып табылады. Бұл өзектілік еңбек нарығының жылдам өзгеруіне, атап айтқанда:

– AI, Big Data, IoT және т.б. жаңа технологиялардың дамуымен көптеген дәстүрлі мамандықтардың жойылып, жаңа мамандықтардың пайда болуымен

байланысты. Студенттердің осындай өзгерістер мен жаңалықтарға дайын болуы үшін болашақ мансап жолын алдын ала болжау маңызды;

– білім алушылардың біліктіліктері мен оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптардың өсуі, яғни қазіргі уақытта көптеген жұмыс берушілер тек дипломға емес, soft skills, digital skills сияқты нақты дағдыларға көбірек мән бере бастады. Болашақ мансап траекториясын болжау арқылы студенттердің меңгеру керек дағдылары анықталады;

– бәсекенің күшеюі, яғни жоғары білім алған тұлғалар саны артқан сайын, еңбек нарығындағы бәсеке де күшейетіні анық. Мансаптық траекторияны дұрыс жоспарлаған студенттің жұмыс табу мүмкіндігі де жоғары болады;


– жасанды интеллект пен деректер талдауының мүмкіндіктері – машиналық оқыту, AI сияқты қазіргі заманғы деректерге негізделген модельдер студенттердің академиялық жетістіктеріне қарай болашақ мансабын болжай алады. Бұл университеттерге де, студенттерге де шешім қабылдауды жеңілдетеді;

– мемлекеттік және аймақтық жоспарлау қажеттілігі – елдің экономикалық дамуы үшін сұранысқа ие мамандықтарды алдын ала болжау қажеттілігін анықтауға болады. Бұл мамандарды тиімді даярлау және кадр тапшылығын болдырмау мәселелерін шешуге оң ықпалын береді.

Мансаптық траекторияны болжау тек студенттің ғана емес, бүкіл қоғамның табысты дамуына әсер ететін стратегиялық маңызды бағыт болып саналады.

Материалдар және тәсілдер

Қазіргі қоғамның цифрлық, ақпараттық және өндірістік даму кезеңінде техникалық мамандықтардың қажеттілігі мен ролі маңыздылығы артып жатыр. Себебі техникалық мамандықтар қазіргі заманғы технологиялық және индустриялық дамудың негізі болып табылады. Бұл мамандықтар экономиканың түрлі салаларында маңызды рөл атқарады. Техникалық мамандықтардың қажеттілігі мен атқаратын қызметтерін төмендегі 1-суреттен көруге болады.



1-сурет – Техникалық мамандықтардың қажеттілігі мен атқаратын қызметтері

Зерттеудің мақсаты техникалық мамандық білім алушыларының мансаптық траекториясын болжау мәселелерін зерттеу. Зерттеудің міндеті мансаптық траекториясын болжау мәселелеріне әсер ететін факторларды анықтау және модельдерді зерттеу.

Кез келген жоғары оқу орнының білім алушысы оқуға түскеннен бастап болашақ мамандығы бойынша мансап жолын құруды ойлап, жоспарлап бастайды. Қазіргі уақытта әрбір жоғары оқу орнында «Мансап орталығы»

жұмыс жасайды. Жоғары оқу орны үшін де мансап орталығының болуы маңызды. Мансап орталығы студенттер мен түлектерге кәсіби жолдарын жоспарлауға, жұмысқа орналасуға және табысты мансап құруға көмектесетін маңызды ұйым. Ол білім беру мен бизнес арасындағы көпір ретінде қызмет атқарады. Мансап орталығы – студенттер мен түлектерге кәсіби бағдар беріп, олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына көмектесетін құрылым. Оның негізгі мақсаттары: студенттер мен түлектердің жұмысқа орналасуын қолдау; еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби бағыт-бағдар беру; компаниялармен серіктестік орнатып, жұмыс орындары мен тағылымдамалар туралы ақпарат ұсыну; түлектердің жұмысқа орналасу статистикасын бақылау және талдау; кәсіби дағдыларды дамыту; сұхбатқа дайындық және өзін-өзі таныстыру дағдыларын қалыптастыру; soft skills (коммуникация, уақыт басқару, көшбасшылық) және hard skills (техникалық білім мен тәжірибе) дамыту тренингтерін ұйымдастыру; студенттерді тәжірибемен қамтамасыз ету; өндірістік тәжірибе және тағылымдамаларды ұйымдастыру; компаниялармен бірлескен жобаларға студенттерді тарту; кәсіпкерлік пен өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту.

Мансаптық траекторияны дұрыс жоспарлау жұмысшылардың кәсіби дамуын және еңбек нарығындағы тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Оның маңыздылығы келесілерден көрінеді:

Жеке даму – маман өз дағдыларын жетілдіріп, кәсіби құзыреттілігін арттырады;

Жұмысқа қанағаттану – қызметкер өз мамандығына деген қызығушылығын сақтап, мотивациясын жоғалтпайды;

Ұйым үшін пайдасы – білікті мамандардың болуы компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттырады;

Еңбек нарығындағы икемділік – қызметкер өзгерістерге тез бейімделіп, жаңа мүмкіндіктерді пайдалана алады.

Бұл маңыздылық әр түрлі қырдан сипатталғанымен адамның маман ретіндегі құндылығын қарастырады.

Мансаптық траектория – бұл жеке тұлғаның кәсіби дамуының бағыты мен үрдісі. Ол қызметкердің еңбек жолындағы мақсаттарын, кәсіби өсу сатыларын және жинақтаған тәжірибесін қамтиды. Мансаптық траектория әртүрлі факторларға, оның ішінде білім деңгейіне, жұмыс тәжірибесіне, тұлғалық қасиеттеріне және сыртқы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты қалыптасады [3].

Мансаптық траекторияның бірнеше түрін қарастыруға болады: тікелей мансап – қызметкердің кәсіби өсуі белгіленген жолмен, яғни төменгі қызметтен жоғарғы қызметке дейін сатылы түрде жүреді; көлденең мансап

– белгілі бір салада тәжірибе жинау және әртүрлі рөлдерді атқару арқылы маманның икемділігін арттыруға бағытталған, спиральді мансап – әр түрлі салада немесе мамандықта жұмыс істеп, жаңа білім мен дағдыларды игеру негізінде дамиды; желілік мансап – жұмысшылардың түрлі жобаларда, әртүрлі компанияларда жұмыс істеуі арқылы тәжірибе жинақтауы [4].

Мансаптық траектория ұғымы қызметкерлердің кәсіби даму бағытын, оның кезеңдерін және негізгі факторларын сипаттайды. Мансаптық траекторияның маңызы, оның түрлері мен қалыптасу факторлары қарастырылады. Xtreme Gradient Boosting (XGBoost) шешім ағашы моделін қолданып, Хошимин халықаралық университетінің компьютерлік ғылым және инженерия мектебінің түлектерінің академиялық нәтижелері негізінде мансаптық траекторияны болжау жүйесін құру әдісі ұсынылған. Тестілеу жиыны сәйкес кірістер негізінде әрбір студенттің мансап жолын болжау үшін модельге жүктеледі және модельдің дәлдігін арттыру үшін гипер-параметрлерді баптау қолданылады. Бұл шешімді қолдану арқылы студенттердің университетте оқыған жылдардағы нәтижелеріне негізделген болашақ мансаптық жолын болжауға қатысты мәселені тиісті түрде шешуге және өңдеуге болады. Студенттердің болашақ мансабын болжау үшін машиналық оқыту әдістері қолданылған. Линейлік регрессия, шешім ағашы және кездейсоқ орман алгоритмдері пайдаланылып, нәтижелердің дәлдігін арттыру үшін адаптивті бустинг әдісі енгізілген [5].

Мансаптық траекториялар деректер жиынтығындағы әрбір қадамды бір нүкте ретінде қарастырып, тізбекті модельдеу әдістері қолданылған. Зерттеуде трансформер негізіндегі мансаптық болжау моделі ұсынылған [6].

Инженерлік бакалавриат студенттерінің мансаптық таңдауларын болжау үшін классификациялық модель әзірлеу. Студенттердің академиялық көрсеткіштерімен қатар, олардың қабілеттері мен тұлғалық ерекшеліктері де ескерілген [7].

IT түлектеріне өз дағдыларына негізделген мансаптық жолды таңдауға көмектесетін CareerRec атты ұсыныс жүйесі ұсынылған. Машиналық оқыту алгоритмдері арқылы түлектердің қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес мансаптық ұсыныстар беріледі [8].

Техникалық мамандық студенттерінің мансаптық траекториясын қалыптастыруға әсер ететін негізгі факторлар 2-суретте ұсынылған.



2-сурет – Мансаптық траекториясын қалыптастыруға әсер ететін негізгі факторлар

Осы факторларды нақтырақ техникалық мамандық ретінде Торайғыров университетіндегі 057 Ақпараттық технологиялар білім беру бағдарламалар тобының тәжірибесі негізінде қарастырайық:

1 Білім беру сапасы – жоғары оқу орындарында берілетін білім деңгейі, оқу бағдарламаларының заманауи талаптарға сәйкестігі және тәжірибелік оқытудың болуы.

Аталған білім беру бағдарламасы білім алушылардың барлық оқу кезеңінде (4 жыл оқу формасында) кемінде 240 академиялық кредитті игеруін міндеттейді. Оқу жоспары жалпыға білім беретін пәндер (ЖБП), базалық пәндер (БП) және кәсіптік пәндер (КП) циклдерінен тұрады. Базалық пәндер және кәсіптік пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 176 академиялық кредитті құрайды. Базалық пәндер мен кәсіптік пәндердің элективті пәндер каталогын құрайтын пәндер әр жыл сайын IT индустрия саласының мамандары мен білім алушылардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында қайта қаралып отырады. Әр үш жыл сайын оқу бағдарламасына түзетулер мен жаңарту жұмыстары жүргізіледі.

Теориялық оқудан басқа оқу және өндірістік кәсіби практикалардың түрлері қарастырылған [9].

2 Өндірістік практика – студенттердің нақты өндірістік ортада тәжірибе жинауы болашақ мансабына ықпал етеді. Жоғары оқу орындарының білім алушыларының практикадан өтуі жоғары білікті мамандарды дайындаудың маңызды бөлігі болып табылады. Оқу жоспарына сай әр оқу курсының соңында оқу және өндірістік кәсіптік практика түрлері қарастырылған. 1-ші курстың соңында оқу практикасы жоспарға сәйкес жүргізіледі. Оқу практикасының мақсаты – оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту мен тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын, оқу мамандығына сәйкес практикалық дағдылар мен жұмыс дағдыларын игеруді қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттіліктерді игеру. Оқу практикасы барысында студент бағдарламалау технологиясының негіздерін, жоғары деңгейдегі алгоритмдік тілдерде қарапайым бағдарламаларды әзірлеу, оқыту мамандығына сәйкес қарапайым зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастырады. Өндірістік практиканың мақсаты – кәсіптік құзіреттілікті бекіту, кәсіптік қызметте практикалық дағдыларды және өндірістік ұжымдағы жұмыс практикасын алу. Студент өндірістік практика барысында заманауи ақпараттық технологиялар мен жүйелерді жобалау әдістері мен құралдарын, бағдарламалау және құжаттама әзірлеу дағдыларын, аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу іскерлігін, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен экологиялық талаптарды сақтай отырып, ақпараттық жүйелерді әзірлеу процесінің барлық кезеңдерінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруы тиіс.

3 Кәсіби бағдар және менторлық – тәжірибелі мамандар мен оқытушылардың кеңесі студенттердің дұрыс мансаптық бағыт таңдауына көмектеседі. Зерттеуге алынып отырған білім беру бағдарламасы білім алушыларымен IT өндірісі саласының өкілдерімен митаптар (Meetup) және өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастырылады.

Митап (Meetup) – бұл белгілі бір тақырыпта пікір алмасу мақсатында адамдардың бейресми кездесуі. Митаптар – түрлі кәсіби, әуесқой немесе қауымдастықтар үшін жиі өткізілетін танымал кездесу формасы. Әдетте, митаптар ортақ қызығушылығы бар адамдарды біріктіріп, тәжірибе мен білім алмасуға, сондай-ақ белгілі бір саладағы білімдері мен дағдыларын кеңейтуге мүмкіндік береді [10].

Олар білім алушылармен өздерінің мамандық бойынша практикалық тәжірибелерімен бөлісіп, мансаптық өсу бағыты бойынша ақыл-кеңестерін ұсынады және өндірістік практика мен тағылымдама өтуге шақырады.

Барлық ұйымдастырылған митаптар мен экскурсияларды факультеттің әлеуметтік желідегі парақшасынан толық көруге болады [11].

4 Жеке тұлғалық қасиеттер – мақсат қою, еңбекқорлық, креативтілік және өздігінен даму дағдылары студенттің болашақ мансабында маңызды рөл атқарады. Бұл фактордың жүзеге асырылуы мақсатында зерттеу негізіне алынған білім беру бағдарламасының оқу жоспарында БП циклінде міндетті пән ретінде IT саласындағы көшбасшылық және майнер бағдарламасы бойынша Мансаптық даму, Өзін-өзі таныстыру және тиімді қарым-қатынас дағдылары және Жеке өсу психологиясы пәндері қарастырылған.

5 Еңбек нарығының сұранысы – студенттер белгілі бір техникалық мамандықтарға деген қажеттілік пен жұмыс орындарының қолжетімділігін ескеруі тиіс. Бұл IT өндірісі саласының өкілдерімен ұйымдастырылатын митаптар мен өндіріс орындарына экскурсиялар арқылы анықталады. Өндірістік практика өту алдында әр түрлі кәсіпорыннан келіп түсетін сұраныстар мен түлектер үшін өткізілетін бос орындар жәрмеңкесі арқылы жүзеге асады.

6 Жаңа технологияларды игеру – цифрлық технологиялар мен автоматтандыруға бейімделу, IT дағдыларын жетілдіру студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Еңбек нарығындағы сұраныстарға сәйкес жаңартылған оқу бағдарламаларында Машиналық оқыту және деректерді талдау, Жасанды интеллект, Заманауи программалау тілдері (C++, Python, Java және т.б.), Операциялық жүйелер, Компьютерлік графика және де басқа технологияларды оқытатын оқу пәндері бар.

7 Тілдік дағдылар мен халықаралық тәжірибе – шетелдік компанияларда тәжірибе алу және халықаралық бағдарламаларға қатысу еңбек нарығында кең мүмкіндіктер ашады. Бұл фактордың әсері оқу жоспарындағы ЖБП цикліндегі Шетел тілі, тілдік майнер бағдарламасы бойынша Лексика/Грамматика, Тыңдау/Сөйлеу, Оқу/Жазу, IELTS және TOEFL емтихандарына дайындық пәндері арқылы көрінеді. Сонымен бірге білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде білім алуы барысында қалыптасады. Соңғы 3 оқу жылында зерттеуге алынып отырған 057 Ақпараттық технологиялар білім беру бағдарламалар тобының 12 білім алушысы Кастилия-Ла-Манча (Испания), Лодз университеті (Польша), Палацкий университеті (Чехия), Рига техникалық университеті (Латвия), Ташкент мемлекеттік көлік университеті (Өзбекстан) және т.б. шетел жоғары оқу орындарында білім алды.

Техникалық мамандық студенттерінің мансаптық траекториясын болжау – олардың білім алу, тәжірибе жинақтау, кәсіби даму үдерісін тиімді жоспарлау және еңбек нарығына дайындық деңгейін бағалау үшін маңызды.

Мансаптық траекторияның модельдерін әзірлеу және қолдану арқылы студенттердің мансаптық бағыттарын, потенциалды жұмыс орындарын және еңбек нарығындағы өзгерістерді болжауға болады.

Мансаптық траекторияны болжау үшін қолданылатын негізгі модельдерді қарастырайық:

Құзыреттілік негізіндегі модель. Бұл модель студенттің кәсіби даму траекториясын оның білімінің деңгейі мен дағдыларына негізделген болжауды қамтиды. Техникалық мамандық бойынша студенттер үшін маңызды құзыреттер қатарында аналитикалық ойлау, шығармашылық қабілет, жаңа технологияларды меңгеру, командалық жұмыс және жобаларды басқару дағдылары бар. Құзыреттілік моделінің негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар мен дағдыларды анықтауға болады [12].

Қадамдық даму моделі. Аталған модель студенттің мансаптық өсуін әртүрлі кезеңдерге бөлуге негізделеді. Әр қадам студенттің кәсіби даму жолын білдіреді: бастапқы білім алу, тәжірибе жинақтау, артынша кәсіби деңгейдің өсуі. Техникалық мамандықтарда бұл кезеңдер зертханалық жұмыстар, өндірістік тәжірибелер, жобаларға қатысу арқылы жүзеге асады [13].

Менторлық және кәсіптік бағыттау моделі менторлар немесе тәжірибелі мамандар студенттердің мансаптық жолдарын болжауға көмектеседі. Менторлық бағдарламалар студенттерге кәсіби дағдыларды дамытуда кеңес беріп, олардың еңбек нарығында табысты болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, студенттердің мансаптық траекториясын болжауда менторлар кәсіби кеңес беріп, оларға дұрыс бағыт-бағдар береді [14].

Статистикалық және деректерді талдау модельдері: Техникалық мамандық студенттерінің мансаптық траекториясын болжау үшін еңбек нарығындағы статистикалық деректер мен трендтер талданады. Бұл модельдің көмегімен студенттер белгілі бір саладағы сұранысқа ие мамандықтар мен қызметтер туралы мәлімет алады. Статистикалық талдау арқылы студенттер келешекте қандай дағдылар мен біліктіліктердің маңызды болатынын болжауға мүмкіндік алады [15].

Адаптивті болжау моделі: Бұл модель еңбек нарығындағы және технологиялардағы өзгерістерді ескере отырып, мансаптық траекторияны динамикалық түрде болжауды ұсынады. Адаптивті болжау моделі студенттердің үздіксіз білім алуы мен кәсіби дамуын қолдайды, олардың мансаптық жолында кездесетін өзгерістерге оңай бейімделуін қамтамасыз етеді [16].

Техникалық мамандық студенттерінің мансаптық траекториясын болжау моделін қолдану олардың еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетіп, мансаптық дамуды тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Мұндай модельдер

студенттерге олардың болашақ мансап жолдарын нақты жоспарлауға және жетістікке жетуге септігін тигізеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қарастырылған модельдер еңбек нарығындағы өзгерістерді ескере отырып, тиімді мансаптық жоспарлауды жүзеге асыруға көмектеседі. Мақалада ұсынылған мансаптық траекторияны қалыптастыруға әсер ететін негізгі факторлар негізінде мансаптық траекторияны болжау үшін қолданылатын негізгі модельдерді қолдану білім беру мекемелеріне және жұмыс берушілерге студенттердің кәсіби даму жолдарын басқару мен болжау үшін маңызды болып табылады.

Қаржыландыру

Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен бөлінетін жобаны гранттық қаржыландыру (AP23489805) шеңберінде орындалды.

Қорытынды

Техникалық маман иелерінің кәсіби құзырлылықтары мен мансаптық өсу жолдары жүйелі түрде қайта қарастыруды талап етеді. Мансаптық траектория – бұл жеке тұлғаның кәсіби өміріндегі даму жолын анықтайтын маңызды құбылыс. Оның дұрыс қалыптасуы мен жоспарлануы маманның жеке өсуіне, еңбек нарығындағы табыстылығына және жалпы қоғамның дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, техникалық мамандықтардың қажеттілігі мен олардың экономика мен технологиялық прогреске тигізетін әсері айтарлықтай маңызды. Сондықтан, техникалық бағыттағы білім беру жүйесін жетілдіру және мамандарды қолдау – заманауи қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Мансап құру – бұл кәсіби даму жолын жоспарлау және мақсаттарға жету процесі. Техникалық мамандық студенттері үшін мансап құру – бұл үздіксіз даму мен тәжірибе жинақтау процесі. Белсенділік, дағдыларды жетілдіру және жаңа мүмкіндіктерді пайдалану арқылы табысты мансапқа жетуге болады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Тоқасев, Қ.** Әділетті Қазақстан : құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм [Жолдау]. – 2024. [Электронный ресурс]. – <https://kaz.zakon.kz/kogam-tyynysy/6048484-asymzhomart-toaevty-azastan-khalyna-zholdauy--2024-toly-mtn.html>

2 Агентство стратегических инициатив // Атлас новых профессий. №04: Информационные технологии. – 2020.

3 **Грошева, Т., Выходцев, А. М., Малахова, Е. А.** Технологии развития стратегического мышления в управлении карьерной траекторией // Лидерство и менеджмент. – 2023. – Т.10(3). – С. 741–758.

4 **Сербина, Н. В.** Проблема трудоустройства выпускников вузов: карьерная компетентность как условие их адаптации к рынку труда // Экономика труда. – 2021. – Т. 8(12). – С. 1501–1512.

5 **Nguyen, H. Q., Nguyen, D. D. K., Le, T. D., Mai, A., Huynh, K. T.** Career path prediction using XGBoost Model and students' academic results // CTU Journal of Innovation and Sustainable Development, 15 (Special issue: ISDS). – 2023 – P. 62–75. – <https://doi.org/10.22144/ctujoisd.2023.036>.

6 **Yamashita, M., Li, Y., Tran, T., Zhang, Y., Lee, D.** Looking further into the future: Career pathway prediction // WSDM Computational Jobs Marketplace. – 2022.

7 **Akanksha, P., Maurya, L. S.** Prediction of undergraduate students' career using various machine learning algorithms // International Journal of Innovations in Engineering and Science. – 2022. – Vol. 7. – No. 9. – P. 97–100.

8 **Al-Dossari, H., Nughaymish, F. A., Al-Qahtani, Z., Alkahlifah, M., and Alqahtani, A.** A Machine Learning Approach to Career Path Choice for Information Technology Graduates // Eng. Technol. Appl. Sci. Res. – 2020. – Vol. 10. – No. 6. – P. 6589–6596.

9 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. – 2020. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>

10 Сайт материалы: [Электронный ресурс]. – <https://platrum.ru/blog/mitap-ili-meetup-cho-to-takoe-kak-organizovat-gde-provesti>

11 Кафедраның Instagram парақшасы. – https://www.instagram.com/tou_computer_science

12 **Suthammanon, L., Boonsong, K., Rungmuang, T., Akkakanjanasupar, P.** Designing strategic career pathways: A competency-based approach to progression management in the educational context of a corporate university in Thailand // Educational Administration: Theory and Practice. – 2022. – Vol. 30. – No.5. – P. 489–504. – <https://doi.org/10.53555/kuvey.v30i5.966>

13 **Jo, H., Park, M., Song, J. H.** Career competencies: An integrated review of the literature // European Journal of Training and Development. – 2024. Vol. 48. – No.7/8. – P. 805–832. – <https://doi.org/10.1108/EJTD-04-2023-0052>

14 **Качалов, В. Ю., Дурновцева, Д. В.** Роль наставничества в жизни молодёжи 16–25 лет (на материалах эмпирических исследований) // Международный научно-исследовательский журнал. – 2024. – Т. 3(141).

15 **Chen, Y.** Big data analysis and prediction of college employment based on machine learning // In J. C. Hung, N. Y. Yen, & J. W. Chang (Eds.) // *Frontier Computing. Lecture Notes in Electrical Engineering*. Springer. – 2022. – Vol. 1031. – https://doi.org/10.1007/978-981-99-6515-0_54

16 **Faruque, S. H., Khushbu, S. A., Akter, S.** Unlocking futures: A natural language driven career prediction system for computer science and software engineering students. arXiv. – 2022. – <https://doi.org/10.48550/arXiv.2405.18139>

References

1 **Toqaev, Q.** Adiletta Qazaqstan : quyq tartibi, ekonomikalıq orleu, qogamdyq optimizm [Zholdau] [Fair Kazakhstan : Rule of Law, Economic Growth, Public Optimism] [Text]. – 2024. – <https://kaz.zakon.kz/kogam-tyyny/6048484-asyzmhomart-toaevty-azastan-khalyna-zholdauy--2024-toly-mtn.html>

2 Agentstvo strategicheskikh initsiativ. Atlas novykh professii. №04: Informatsionnye tekhnologii [Atlas of New Professions. No. 04: Information Technology]. – 2020.

3 **Grosheva, T., Vykholdtsev, A. M., Malakhova, E. A.** Tekhnologii razvitiya strategicheskogo myshleniya v upravlenii kar'ernoı traektoriei [Technologies for Developing Strategic Thinking in Career Pathway Management] [Text]. // *Liderstvo i menedzhment [Leadership and Management]*. – 2023. – Vol.10(3). – P. 741–758.

4 **Serbina, N. V.** Problema trudoustroistva vypusnikov vuzov: kar'ernaya kompetentnost' kak uslovie ikh adaptatsii k rynku truda [The Employment Problem of University Graduates: Career Competence as a Condition of Adaptation to the Labor Market]. *Ekonomika truda [Labor Economics]* – 2021. – Vol. 8(12). – P. 1501–1512.

5 **Nguyen, H. Q., Nguyen, D. D. K., Le, T. D., Mai, A., Huynh, K. T.** Career path prediction using XGBoost Model and students' academic results // *CTU Journal of Innovation and Sustainable Development*, 15 (Special issue: ISDS). – 2023 – P. 62-75. – <https://doi.org/10.22144/ctujoisd.2023.036>.

6 **Yamashita, M., Li, Y., Tran, T., Zhang, Y., Lee, D.** Looking further into the future: Career pathway prediction // *WSDM Computational Jobs Marketplace*. – 2022.

7 **Akanksha, P., Maurya, L. S.** Prediction of undergraduate students' career using various machine learning algorithms // *International Journal of Innovations in Engineering and Science*. – 2022. – Vol. 7. – No. 9. – P. 97–100.

8 **Al-Dossari, H., Nughaymish, F. A., Al-Qahtani, Z., Alkahlifah, M., and Alqahtani, A.** A Machine Learning Approach to Career Path Choice for

Information Technology Graduates // Eng. Technol. Appl. Sci. Res. – 2020. – Vol. 10. – No. 6. – P. 6589–6596.

9 Qazaqstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrliги. Zhogary zhane zhogary oqu orynnan keingi bilim berudiń memlekettik jalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly [On Approval of the State Compulsory Standards of Higher and Postgraduate Education]. [Text]. – 2020. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>

10 Sait materialy : [Electronic resource]. – <https://platrum.ru/blog/mitap-ili-meetup-cto-takoe-kak-organizovat-gde-provesti> [site material]

11 Kafedranyn Instagram parakshasy. https://www.instagram.com/tou_computer_science [Department's Instagram page].

12 **Suthammanon, L., Boonsong, K., Rungmuang, T., Akkakanjanasupar, P.** Designing strategic career pathways: A competency-based approach to progression management in the educational context of a corporate university in Thailand // *Educational Administration: Theory and Practice*. – 2022. – Vol. 30. – No.5. – P. 489–504. – <https://doi.org/10.53555/kuey.v30i5.966>

13 **Jo, H., Park, M., Song, J. H.** Career competencies: An integrated review of the literature // *European Journal of Training and Development*. – 2024. Vol. 48. – No.7/8. – P. 805–832. – <https://doi.org/10.1108/EJTD-04-2023-0052>

14 **Kachalov, V. Yu., Durnovtseva, D. V.** Rol' nastavnichestva v zhizni molodezhi 16–25 let (na materialakh empiricheskikh issledovaniı) [The Role of Mentorship in the Lives of Young People Aged 16–25 (Based on Empirical Research)]. *Mezhdunarodnyi nauchno-issledovatel'skii zhurnal [International Research Journal]*. [Text]. – 2024. – Vol. 3(141).

15 **Chen, Y.** Big data analysis and prediction of college employment based on machine learning // In J. C. Hung, N. Y. Yen, & J. W. Chang (Eds.) // *Frontier Computing. Lecture Notes in Electrical Engineering*. Springer. – 2022. – Vol. 1031. – https://doi.org/10.1007/978-981-99-6515-0_54

16 **Faruque, S. H., Khushbu, S. A., Akter, S.** Unlocking futures: A natural language driven career prediction system for computer science and software engineering students. arXiv. – 2022. – <https://doi.org/10.48550/arXiv.2405.18139>

04.06.25 ж. баспаға түсті.

16.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. Оспанова¹, Д. Найманова²,
А. Даутова³, А. Жаксылыков⁴, Г. Ткач⁵
^{1,2,3,4,5}Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Поступило в редакцию 04.06.25.
Поступило с исправлениями 16.01.26.
Принято в печать 18.02.26.

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОГНОЗИРОВАНИЯ КАРЬЕРНОЙ ТРАЕКТОРИИ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

В данной статье рассматривается специфика прогнозирования карьерной траектории студентов технических специальностей. Будут проанализированы основные факторы, влияющие на профессиональное развитие обучающихся, в том числе успеваемость, мотивация, участие в проектах и производственных практиках. Исследование было посвящено возможности использования методов анализа данных и машинного обучения для прогнозирования карьерных траекторий. Использовались количественные и качественные методы: показатели эффективности, результаты опросов, экспертная оценка преподавателей и работодателей. Подчеркивается важность цифровых технологий и практико-ориентированных модулей в формировании компетенции. Кроме того, планируется разработка программ обучения, адаптированных к меняющимся требованиям рынка труда. Результаты исследования могут способствовать повышению эффективности обучения и их востребованности в отрасли. В статье рассматриваются основные модели, используемые для прогнозирования карьерной траектории. Представленные модели позволяют облегчить адаптацию студентов технических специальностей к рынку труда и эффективно управлять их карьерным развитием. Такие модели помогают студентам четко планировать свое будущее профессиональное развитие и достигать успеха. Применение основных моделей, используемых для прогнозирования карьерной траектории на основе ключевых факторов, влияющих на формирование профессионального пути, важно для образовательных учреждений и работодателей с целью управления и прогнозирования профессионального роста студентов.

Ключевые слова: карьерная траектория, техническая специальность, потребность в технических специальностях, новая профессия, профессиональная ориентация.

*N. Ospanova¹, D. Naimanova²,
A. Dautova³, A. Zhaxylykov⁴, G. Tkach⁵
^{1,2,3,4,5}Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 04.06.25.
Received in revised form 16.01.26.
Accepted for publication 18.02.26.

STUDY OF PREDICTING THE CAREER TRAJECTORY OF STUDENTS OF TECHNICAL SPECIALTIES

This article discusses the specifics of predicting the career trajectory of students of technical specialties. The main factors affecting the professional development of students will be analyzed, including academic performance, motivation, participation in projects and internships. The study was devoted to the possibility of using data analysis methods and machine learning to predict career trajectories. Quantitative and qualitative methods were used: performance indicators, survey results, expert assessment of teachers and employers. The importance of digital technologies and practice-oriented modules in the formation of competence is emphasized. In addition, it is planned to develop training programs adapted to the changing requirements of the labor market. The results of the study can contribute to improving the effectiveness of training and their relevance in the industry. The article examines the main models used to predict career trajectories. The presented models facilitate the adaptation of students in technical specialties to the labor market and enable effective management of their career development. Such models help students to clearly plan their future professional paths and achieve success. The application of key models used for predicting career trajectories – based on the main factors influencing career formation – is important for educational institutions and employers in managing and forecasting students' professional growth.

Keywords: career trajectory, technical specialty, need for technical specialties, new profession, professional orientation.

<https://doi.org/10.48081/BGQF1860>

Н. К. Токжигитова¹, *Д. Т. Алибекова², Л. Т. Алдибаева³

^{1,2}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3777-6454>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-8373-0817>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2345-5176>

*e-mail: alibekova_daniya@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ РОБОТОТЕХНИКАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада білім беру робототехниқасын қолдану арқылы оқушылардың жобалық жұмыстарын жетілдіру жолдары зерттеледі. Робототехника оқушылардың техникалық дағдыларын дамытуға, шығармашылық ойлау қабілетін арттыруға және ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Мақалада робототехниканы оқу процесіне интеграциялау әдістері, жобалық жұмыстардың тиімділігін арттырудың педагогикалық тәсілдері және оқушылардың практикалық білімдерін нығайту жолдары қарастырылады. Зерттеу аясында 6-8 сынып оқушыларының жобалық дағдыларын дамытуға бағытталған «Робототехника негіздері» курсы әзірленді. Курс педагогикалық эксперименттің бөлігі ретінде мектептің сабақтан тыс жүйесіне біріктірілді. Нәтижелерді бағалау үшін оқушылардың жобалық дағдыларының дамуын өлшеуге мүмкіндік беретін арнайы бағалау кестесі құрылды. Тәжірибе көрсеткендей, осы курстан өткен оқушылар жобалық жұмыс саласындағы білімдері мен дағдыларын арттырды. Жобалық іс-шаралар оқытудың тәжірибеге бағытталған түрі бола отырып, олар үшін қызықты және мазмұнды болды. Зерттеу нәтижелері білім беру процесінде робототехниканы қолдану оқушылардың оқу мотивациясын жоғарылатып, олардың инновациялық идеяларды жүзеге асыру қабілетін күшейтетінін

көрсетеді. Мектеп бағдарламасында робототехниканы қолдануды кеңейту және оқушылардың жобалау дағдыларын дамыту және оқыту әдістерін одан әрі жетілдіру үшін осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыру ұсынылады.

Кілтті сөздер: білім беру робототехниқасы, жобалық жұмыстар, жетілдіру, дағдылар, оқушылар.

Кіріспе

Ақпараттық технологияларды енгізу арқылы адамның барлық қызмет салаларының қарқынды дамуы білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын айқындайтын білім беру құндылықтарын түсінуге деген көзқарастарды айтарлықтай өзгертеді. Өзгерістер жеке тұлғаны дамытуға бағытталған педагогикалық мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін жаңа оқу құралдары мен технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша өзекті талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістер мен құралдарды іздеу мәселесі ерекше маңызды. Біздің пікірімізше, білім беру робототехниқасының мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін [1, 46 б.].

Робототехника балаларға қосымша білім беру бағдарламалары аясында да игеріледі. Қазіргі уақытта мектептерде робототехника бойынша 1626 үйірме жұмыс істейді, онда 33 мың оқушы оқиды. Мектептерде робототехниканың дамуы отандық ғылым мен технологияның дамуына үлес қоса алатын мамандардың жаңа буынын дайындауда маңызды рөл атқарады.

Білім беру робототехниқасының мүмкіндіктері:

– *шығармашылық және логикалық ойлауды дамыту.* Роботтарды құрастыру және бағдарламалау барысында оқушылар түрлі мәселелерді шешіп, шығармашылық көзқарастарын қалыптастырады. Логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін ұштайды.

– *практикалық дағдыларды қалыптастыру.* Робототехника нақты құрастыру, механика, электроника және бағдарламалау сияқты салаларда практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

– **STEM-білімін интеграциялау.** Робототехника ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering) және математика (Mathematics) салаларын біріктіріп, кешенді білім беру тәсілін ұсынады.

– *командалық жұмыс дағдыларын дамыту.* Робототехника жобаларында оқушылар бірлесе жұмыс істеу арқылы командамен әрекеттесу, мәселені бірлесіп шешу және идеяларды ортақ талқылау дағдыларын меңгереді.

– *мотивацияны арттыру*. Оқушылардың роботтарды құрастыру және олардың қалай жұмыс істейтінін көруі – оқуға деген қызығушылықты арттырады. Мотивация оқушылардың техникалық білімге деген ықыласын күшейтеді.

– *бағдарламалау негіздерін үйрену*. Роботтарды бағдарламалау арқылы оқушылар алгоритмдік ойлау және код жазу сияқты құзыреттерді игереді.

Жобалау дағдыларын дамыту. Роботтарды құру процесі жобалау, модельдеу, сынақтан өткізу және жетілдіру сияқты маңызды дағдыларды қалыптастырады.

Аталған мүмкіндіктер арқылы робототехника білім беру үрдісінде маңызды құралға айналып, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Материалдар мен әдістері

Қазіргі заманғы жағдайларда тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен өзін-өзі дамыту мәселесі айрықша өзектілікке ие болуда. Ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы, өмір ырғағының жеделдеуі және ақпарат көлемінің ұлғаюы физикалық және эмоционалдық жүктемелерге, сондай-ақ психологиялық қиындықтарға алып келеді. Қазіргі адам өз бетінше және шығармашылық тәсілмен шешуді талап ететін көптеген күрделі міндеттерге тап болады [3, 218-б.], [4, 465-б.]. Осыған байланысты балаларда ерте жастан өз бетінше шешім қабылдау, креативті ойлау және өзгермелі ортаға бейімделу дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі айқындала түседі.

Білім беру робототехникасы арқылы жобалық жұмысты жетілдіру әдістері қызықты және практикалық білім беру ортасын құруға бағытталған. Әдістер білім беру робототехникасын оқу үрдісіне біріктіруге мүмкіндік береді, бұл оны қызықты, өнімді және заманауи талаптарға бағытталған етеді. Негізгі қағида – теориялық білімді практикалық іс-әрекетпен байланыстыру, оқушыларға материалды жақсы игеруге және оны іс жүзінде қолдануға көмектеседі.

Ж. К. Нурбекова, Қ. М. Мухамедиева, А. Ж. Асаинова [2, 668-б.] жұмыстарында робототехника бойынша білім беру технологияларын жобалау мен енгізудің кешенді әдістемесі әзірленді, сондай-ақ осы салада Р. М. Токтарғазынова, Е. М. Мухаметов, Р. К. Кусайинов [5, 39 б.] тиімді оқыту үшін цифрлық құралдар мен ресурстар жасалды. Жалпы, аталған зерттеулерді саралау білім берудегі робототехниканың динамикалық және пәнаралық сипатын көрсетеді. Ғалымдар оқушылардың қатысуына, оқу нәтижелеріне және дағдыларды дамытуға әсерін анықтау үшін әртүрлі технологияларды зерттеді. Белгілі бір технологиялық парадигмалармен байланыстыра отырып, олар білім беру робототехникасындағы технологияның құндылығын арттыруға ықпал етеді.

Педагогикалық қызмет дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерінің үйлесіміне негізделген, олардың ішінде жобалық әдіс ең нәтижелі тәсілдердің бірі ретінде ерекшеленеді [4, 463 б.]. Әдіс дидактикалық қағидаттарға негізделіп, бастауыш мектептегі оқу үдерісін ұйымдастыруға дараланған көзқарасты қамтамасыз етеді, балалардың көрнекі-бейнелі ойлауын, қызығушылығын және қоршаған әлемге деген қызығушылығын ескереді. Жобалық жұмыс оқушыларға өз идеяларын жүзеге асыруға, жасырын қабілеттерін дамытуға және өз бетінше таңдау мен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жобалық жұмыстың тиімділігінің негізгі факторларының бірі – жобаның тақырыбын өз бетінше таңдау, оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етеді. Жобаны сәтті жүзеге асыру үшін жеке және әлеуметтік маңызы бар, бастауыш сынып оқушысының жақын даму аймағына сәйкес келетін мәселенің болуы қажет. Жобалар бойынша жұмыс тек жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын ғана емес, сонымен қатар талдау, синтез және сыни ойлау дағдыларын дамытады. Жоба барысында алынған білім оқушының жеке тәжірибесінің бір бөлігіне айналады, өйткені ол өз бетінше қойылған сұрақтар мен сұраныстарға жауап ретінде меңгеріледі.

Қазіргі білім беру бағдарламалары, мысалы, әдістемелік нұсқау хатта [7] оқушыларға оқу қызметін өз бетінше жоспарлау және орындау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, сондай-ақ әртүрлі пәндерден алынған білімді интеграциялау қабілетін меңгеруді талап етеді. Осыған байланысты, мектептегі білім беру робототехникасы ерекше маңызға ие болып, техникалық және шығармашылық ойлау, бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға, сондай-ақ инженерлік құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді [6].

Білім беру робототехникасындағы жобалық жұмыс келесі құзыреттерді дамытуға ықпал етеді [8], [9], [10]:

- 1 Мәселені анықтау және міндеттерді қою қабілеті.
- 2 Жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру дағдылары.
- 3 Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
- 4 Техникалық терминдермен сөздік қорын кеңейту.
- 5 Ұсақ моторика мен кеңістіктік ойлауды дамыту.

6 Конструкторлық модельдермен жұмыс істеу және үшөлшемді модельдерді пайдалану.

Осылайша, білім беру робототехникасындағы жобалық жұмыс оқушылардың заманауи әлемге сәтті бейімделуіне қажетті негізгі

құзыреттерін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады және оларды болашақ кәсіби қызметке дайындауға ықпал етеді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу барысында 6–8 сынып оқушыларына Arduino платформасын қолдана отырып, «Робототехника негіздері» білім беру робототехникасы курсы әзірленді. Оқушыларда жобалау жұмысының негіздерін қалыптастыру қағидаттарын басшылыққа ала отырып, робототехника білім алушылардың техникалық сауаттылығы мен техникалық құзыреттілігін неғұрлым сапалы дамытуға ықпал ететін жобалау жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу Павлодар облысының, Баянауыл ауданы, Майқайың кентінің мектебінің базасында 2025 жылдың қазаны мен 2025 жылдың мамыры аралығында жүргізілді. Экспериментке 11-15 жас аралығындағы 33 оқушы қатысты. Эксперимент бірнеше кезеңнен өтті:

- қазіргі білім беру стандартының талаптарын және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және техникалық әдебиеттерді, робототехникалық жиынтықтарды, робототехникалық құрылғыларды бағдарламалық қамтамасыз етуді талдау;
- робототехника саласындағы жобалармен айналысқысы келетін оқушылар санына алдын ала бағалау жүргізу;
- экспериментке қатысушылардың жобалау жұмысы саласындағы білім мен дағдылардың бастапқы деңгейін анықтау;
- «Робототехника негіздері» курсының оқу бағдарламасын дайындау.



1-сурет – Жобалық жұмысты қайдан білгендігі

Жобалық жұмыс туралы білім алушылар негізінен мектеп мұғалімдерінен біледі – 55%. Сайттан немесе интернет желісінен – 36%.

Жобалық жұмысқа қатысқыңыз келе ме?




■ Иә ■ Жок

2-сурет – Жобалық жұмысқа қатысу

Сұрақ барысында жобалық жұмысқа қатысқысы келетін оқушылардың бар екені анықталды, осы мүмкіндікті пайдаланып, олардың қызығушылығын дамыту үшін келесі қадамдарды қарастыруға болады: жобаның мақсаты мен тақырыбын анықтау, топтарға бөлу, уақыттық жоспар құру, қажетті ресурстарды қамтамасыз ету, жетекшілік пен қолдау көрсету, нәтижелерді бағалау және талқылау.

Жеке немесе топтық жұмысқа қатысқыңыз келе ме?



■ Жеке ■ Топтық

3-сурет – Жобалық жұмысқа жеке немесе топтық қатысуы

Жобаны жасауда оқушылардың көбісі топпен жұмыс жасауды ұнататынын ескерсек, топтық жұмысқа ерекше көңіл бөлу маңызды. Топтық жұмыс арқылы оқушылардың бірлескен әрекет ету қабілеті, жауапкершілігі және коммуникация дағдылары дамиды.



4-сурет – Жобалық жұмыстың болжамды бағыты

Жобалық жұмысты жасауда оқушылар техникалық және гуманитарлық бағыттарды таңдайтынын ескерсек, олардың қызығушылықтарын толықтай қолдау маңызды. Осы мақсатта келесі қадамдарды қарастыруға болады: Оқушыларды техникалық және гуманитарлық қызығушылықтарына сәйкес топтарға бөлу. Олардың өз саласында тереңірек жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Техникалық және гуманитарлық бағыттарды біріктіретін жобаларды ойластыру. Мысалы, технологияның қоғамға әсері туралы зерттеу немесе инженерлік шешімдердің әлеуметтік аспектілері. Әр бағыт бойынша тәжірибелі мамандарды шақырып, оқушыларға кеңес беруін ұйымдастыру. Әр бағытқа сәйкес әдебиеттер, құралдар және оқу материалдарын қолжетімді ету. Техникалық және гуманитарлық топтар өз жұмыстарын бір-біріне таныстырып, пікір алмасулар жүргізсе, олардың көзқарастарын кеңейтуге көмектеседі. Егер кейбір оқушылар екі бағытқа да қызығушылық танытса, оларға екі саланы да қамтитын жобаларда жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Осы тәсілдер арқылы оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттерін толықтай аша алады деп ойлаймыз.

Қорытынды

Зерттеу барысында 6–8 сынып оқушыларының жобалық іс-әрекет дағдыларын жетілдіруге бағытталған «Робототехника негіздері» курсы

құрылды. Курс педагогикалық эксперимент аясында мектептің сабақтан тыс іс-шаралар жүйесіне енгізілді. Алынған нәтижелерді талдау үшін оқушылардың жобалау дағдыларының дамуын бағалауға мүмкіндік беретін бағалау парағы жасалды. Эксперимент нәтижелері «Робототехника негіздері» курсынан өткен оқушылар жобалық жұмыстар саласындағы білімдері мен дағдыларын арттырды. Жобалық жұмыстар оқу процесінің формаларының бірі болып табылады, оның нәтижелері тәжірибеге бағытталған. Робототехниканы үйрену оқушылар үшін қызықты және мағыналы болды; олар жобалық жұмыстың негіздерін сәтті қалыптастырды, нәтижелерді болжауды және оларға жету үшін өз әрекеттерін жоспарлауды үйренді. Зерттеу нәтижелері бойынша мектепте жобалық жұмысты жетілдіру үшін белгілі бір шарттарды орындау қажет екенін атап өткен жөн:

- білікті педагог кадрлардың болуы;
- жобалық жұмысты нақты ұйымдастыру;
- жобаларды құру үшін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- оқушылардың жобалық жұмыспен айналысуға қызығушылығын ынталандыру;
- әлеуетті жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатуды және кәсіпорындарға экскурсиялар жүргізуді қоса алғанда, жобалардың кәсіптік бағдарлану бағыты;
- Жобалық жұмыс шеңберінде жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты орнату, студенттер мен оқушылардың бірлескен жобаларын жүзеге асыру.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Жалпы білім беретін мектепте STEM бағыттары бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар [Текст]. – Астана : БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 32 с.

2 Nurbekova, Zh., Mukhamediyeva, K., Assainova, A. Educational robotics technologies in Kazakhstan and in the world : comparative analysis, current state and perspectives [Текст] // Astra Salvensis. – 2018. – Т. 6. – № 11. – P. 665–686.

3 Tzagaraki, E., Papadakis, S., Kalogiannakis, M. Exploring the Use of Educational Robotics in primary school and its possible place in the curricula [Текст] // Educational Robotics International Conference. – Cham : Springer International Publishing, 2021. – P. 216–229.

4 **Sapounidis, T., Tselegkaridis, S., Stamovlasis, D.** Educational robotics and STEM in primary education: a review and a meta-analysis [Text] // Journal of Research on Technology in Education. – 2024. – Т. 56. – № 4. – P. 462–476.

5 **Токтарғазынова, Р. М., Мухаметов, Е. М., Қусайнов, Р. К.** Современные технологии организации обучения через проектирование образовательной робототехники [Текст] // Вестник Северо-Казахстанского Университета имени М. Козыбаева. – 2023. – № 4 (56). – С. 36–41.

6 **Шекербекова, Ш. Т., Ревшенова, М. И., Жабаяев, Е. Х.** Актуальные вопросы преподавания робототехники в школе [Текст] // Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Физико-математические науки». – 2023. – Т. 83. – № 3. – С. 270–276.

7 «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/2>. – Дата обращения: (12.12.2024 г.).

8 **Kerimbayev, N., Nguyen, N., Akramova, A., Abdykarimova, S.** Educational Robotics: Development of computational thinking in collaborative online learning [Text] // Education and Information Technologies. – 2023. – Т. 28. – № 11. – P. 14987–15009.

9 **Noh, J., Lee, J.** Effects of robotics programming on the computational thinking and creativity of elementary school students [Text] // Educational Technology Research and Development. – 2020. – Т. 68. – № 1. – P. 463–484.

10 **Theodoropoulou, I., Lavidas, K., Komis, V.** Results and prospects from the utilization of Educational Robotics in Greek Schools [Text] // Technology, Knowledge and Learning. – 2023. – Т. 28. – № 1. – P. 225–240.

References

1 Methodological recommendations for the organization of research work of students in STEM areas in a comprehensive school (Jalpy bilim беретін мектепте STEM бағыттары бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынғандар) [Text] (in Kazakh). – Astana : NCA I. Altynsarina, 2018. – 32 p.

2 **Nurbekova, Zh., Mukhamediyeva, K., Assainova, A.** Educational robotics technologies in Kazakhstan and in the world: comparative analysis, current state and perspectives [Text] (in English) // Astra Salvensis. – 2018. – Vol. 6. – № 11. – P. 665–686.

3 **Tzagkaraki, E., Papadakis, S., Kalogiannakis, M.** Exploring the Use of Educational Robotics in primary school and its possible place in the curricula

[Text] (in English) // Educational Robotics International Conference. – Cham: Springer International Publishing, 2021. – P. 216–229.

4 **Sapounidis, T., Tselegkaridis, S., Stamovlasis, D.** Educational robotics and STEM in primary education: a review and a meta-analysis [Text] (in English) // Journal of Research on Technology in Education. – 2024. – Vol. 56. – № 4. – P. 462–476.

5 **Toktargazinova, R. M., Mukhametov, E. M., Kusainov, R. K.** Modern technologies of training organization through the design of educational robotics (Sovremennye tehnologii organizatsii obuchenia cherez proektirovanie obrazovatelnoi robototekhniki) [Text] (in Russian) // Bulletin of the North Kazakhstan University named after M. Kozybaev. – 2023. – № 4 (56). – P. 36–41.

6 **Shekerbekova, Sh. T., Revshenova, M. I., Zhabayev, E. H.** Current issues of training robotics in the school (Aktuälnye voprosy prepodavania robototekhniki v škole) [Text] (in Russian) // Bulletin of KazNPU named after Abaya, Series Physical and Mathematical Science. – 2023. – V. 83. – № 3. – P. 270–276.

7 Letter of methodological guidance “On the peculiarities of the organization of the educational process in secondary education organizations of the Republic of Kazakhstan in the 2022-2023 academic year” («2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат) [Electronic resource] (in Kazakh). – <https://uba.edu.kz/qaz/metodology/2>

8 **Kerimbayev, N., Nguyen, N., Akramova, A., Abdykarimova, S.** Educational Robotics: Development of computational thinking in collaborative online learning [Text] (in English.) // Education and Information Technologies. – 2023. – Vol. 28. – № 11. – P. 14987–15009.

9 **Noh, J., Lee, J.** Effects of robotics programming on the computational thinking and creativity of elementary school students [Text] (in English) // Educational Technology Research and Development. – 2020. – Vol. 68. – № 1. – P. 463–484.

10 **Theodoropoulou, I., Lavidas, K., Komis, V.** Results and prospects from the utilization of Educational Robotics in Greek Schools [Text] (in English) // Technology, Knowledge and Learning. – 2023. – V. 28. – № 1. – P. 225–240.

29.11.24 ж. баспаға түсті.

26.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

Н. К. Токжигитова¹, *Д. Т. Алибекова², Л. Т. Алдибаева³

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Казахский национальный аграрный исследовательский университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 29.11.24.

Поступило с исправлениями 26.01.26.

Принято в печать 18.02.26.

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОЕКТНОЙ РАБОТЫ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ОБРАЗОВАТЕЛЬНУЮ РОБОТОТЕХНИКУ

В данной статье будут изучены пути совершенствования проектной работы учащихся с применением образовательной робототехники. Робототехника позволяет развивать технические навыки учащихся, повышать способность к творческому мышлению и пробуждать интерес к научно-исследовательской деятельности. В статье рассматриваются методы интеграции робототехники в учебный процесс, педагогические подходы к повышению эффективности проектной работы и пути укрепления практических знаний учащихся. В рамках исследования разработан курс «Основы робототехники», направленный на развитие проектных навыков учащихся 6-8 классов. Этот курс был интегрирован во внеурочную систему школы как часть педагогического эксперимента. Для оценки результатов была создана специальная оценочная таблица, позволяющая измерить развитие проектных навыков учащихся. Как показывает практика, учащиеся, прошедшие данный курс, повысили свои знания и навыки в области проектной работы. Проектная деятельность, будучи практико-ориентированной формой обучения, была для них интересной и познавательной. Результаты исследования показывают, что использование робототехники в образовательном процессе повышает учебную мотивацию учащихся и усиливает их способность реализовывать инновационные идеи. Для расширения применения робототехники в школьной программе и развития проектных навыков учащихся и дальнейшего совершенствования методов обучения предлагается продолжить исследования в этом направлении.

Ключевые слова: образовательная робототехника, проектная работа, совершенствование, навыки, школьники.

N. K. Tokzhigitova¹, *D. T. Alibekova², L. T. Aldibaeva³

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Kazakh National Agrarian Research University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 29.11.24.

Received in revised form 26.01.26.

Accepted for publication 18.02.26.

WAYS TO IMPROVE STUDENTS ' PROJECT WORK THROUGH EDUCATIONAL ROBOTICS

This article will explore ways to improve the design work of students using educational robotics. Robotics allows students to develop their technical skills, increase their ability to think creatively and arouse interest in research activities. The article discusses methods of integrating robotics into the educational process, pedagogical approaches to improving the effectiveness of project work and ways to strengthen students' practical knowledge. As part of the research, the course "Fundamentals of Robotics" was developed, aimed at developing the design skills of students in grades 6-8. This course was integrated into the school's extracurricular system as part of a pedagogical experiment. To assess the results, a special evaluation table was created to measure the development of students' project skills. As practice shows, students who have completed this course have improved their knowledge and skills in the field of project work. Project activity, being a practice-oriented form of education, was interesting and informative for them. The results of the study show that the use of robotics in the educational process increases the educational motivation of students and enhances their ability to implement innovative ideas. In order to expand the use of robotics in the school curriculum and develop students' project skills and further improve teaching methods, it is proposed to continue research in this direction.

Keywords: educational robotics, project work, improvement, skills, students.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

FTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.48081/BGQF1861>**А. М. Мубаракоев¹, *Н. Т. Плалов²**

^{1,2}Ж. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8009-282X>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-7476-899X>

*e-mail: nurkhat90@mail.ru

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ҮШІН
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ
НЕЙРОДИДАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ**

Зерттеудің мақсаты – инклюзивті білім беру ортасы жағдайында болашақ информатика педагогтерін даярлаудың нейродидактикалық моделін ғылыми тұрғыда негіздеп, оның тиімділігін эмпирикалық тексеру. Мақаланың тұжырымдамалық негізі заманауи білім беру теорияларына, инклюзивті оқытудың теориялық ережелеріне, сонымен қатар нейробілім берудің соңғы принциптеріне сүйенеді. Зерттеу сипаттамалық, түсіндірмелі және жобалық сипатта болды және көлденең талдаудың эксперименттік әдісіне негізделген. Экспериментке Ақпараттық технологиялар факультеті Информатика кафедрасының «6B01511-Информатика» білім беру бағдарламасының 1 және 2 курстың 102 студенті қатысты. Талдау үшін кездейсоқ іріктеу қолданылды, сауалнамаға 62 студент қатысты. Деректерді жинау құралы 45 мәлімдемені қамтитын өзгертілген Лайкерт шкаласы болды. Эксперименттік құралдың сенімділігі мен жарамдылығы сараптамалық бағалау, нүктелік дискриминантты талдау және Кронбахтың сенімділік коэффициенті арқылы расталды: бірінші пилоттық тестілеу үшін 0,873 (N=20) және қайта сынау үшін 0,880 алынды. Нәтижелер нейродидактикалық тәсілдің тиімділігі дәстүрлі дидактикалық әдіснамамен салыстырғанда өте жоғары деңгейін көрсетті, сондай-ақ олардың арасындағы маңызды байланысын анықтады. Бұл болашақ педагогтерді инклюзивті білім беру ортасында

кәсіби қызметке дайындауға мидың жұмысына бағытталған стратегияларды енгізудің тиімділігін растайды.

Кілтті сөздер: нейродидактика, инклюзивті білім беру, педагогикалық дайындық, болашақ педагогтерді оқыту, білім беру технологиялары.

Кіріспе

Нейродидактика – бұл білім, білік және құзыреттілікті игеру процесі. Ол мидың жұмысын түсіну арқылы білім беру процесін оңтайландыруға бағытталған оқытудың кешенді және инновациялық тәсілі. Нейродидактика (neurodidactics) – ми қызметін ескере отырып оқытуды оңтайландыруды көздейтін пәнаралық бағыт, яғни оқу кезінде ақпаратты қабылдау, өңдеу және есте сақтау механизмдеріне сүйенетін оқыту тәсілі. Ол нейробиологиялық принциптерге (яғни, оқу мен есте сақтауды реттейтін синаптикалық байланыстар мен нейропластикалық процестерге) және дидактикалық импликацияларға (педагогикалық теориядан туындайтын практикалық әдістемелік қорытындыларға) негізделеді. Бұл қазіргі заманғы білім беру практикасындағы пәнаралық байланыстардың табиғаты туралы түсініктерді біріктіре отырып, нейроғылым мен педагогика деректерін байланыстыруға негізделген. Информатиканы оқыту барысында нейродидактика – бұл сандық сауаттылықтың, алгоритмдік ойлаудың және қолданбалы бағдарламалаудың негізгі түсініктері мен дағдыларын игеру кезінде білім алушылардың ми қызметін белсендіруге бағытталған әдістемелік көзқарастар, стратегиялар, тапсырмалар мен процедуралар жүйесі. Мұнда когнитивтік үзілістер, эмоциялық қолдау және нейрокоммуникативті стратегиялар (оқытушы мен білім алушы арасындағы эмоционалдық және когнитивтік байланыстарды тиімді ұйымдастыру тәсілдері) қолданылады. Мұндай тәсілдер оқу материалын тиімді игеруге ғана емес, сонымен қатар тез өзгеретін цифрлық қоғам жағдайында қажетті әмбебап құзыреттіліктерді дамытуға ықпал етеді. Информатика мен цифрлық дағдылардың негіздерін меңгеру бүкіл әлемдегі заманауи білім берудің міндетті компонентіне айналып қана қоймай, барлық оқу пәндеріне өз әсерін беріп жатыр. Осыған байланысты көптеген білім алушылар сандық сауаттылықты, алгоритмдік ойлауды және қолданбалы дағдыларды дамыту мақсатында университеттерге түседі, бұл олардың академиялық және кәсіби жетістіктерінің маңызды шарты болып табылады. Дегенмен, оқытудың бастапқы кезеңінде студенттердің бірқатар қиындықтарға тап болуы сирек емес [1], соның ішінде эмоционалдық кедергілер, жеке когнитивті айырмашылықтар, дерексіз ұғымдарды түсінудегі қиындықтар, оқытудың ескірген әдістерінің тартымсыздығы және

оқытушылардың әртүрлі аудиторияның қажеттіліктеріне жеткіліксіз екенін бізге анық көрсетеді.

Жоғары оқу орындарындағы үлгерімнің төмендігімен және информатиканы оқу кезінде студенттердің мотивациясының төмендеуімен байланысты бұл практикалық дағдарыс қолданыстағы педагогикалық тәжірибелердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізуді талап етеді. Дәстүрлі дидактика әлі күнге дейін нейроғылымдар саласындағы заманауи жаңалықтарды жеткіліксіз деңгейде ескереді, бұл қалыптасқан әдістерді қайта қарауды және оларды ғылыми негізделген нейропедагогикалық принциптермен толықтыруды талап етеді. Бұл тұрғыда нейродидактика мидың жұмысын зерттеуге негізделген және заманауи оқытудың теориялық негізін құруға бағытталған перспективалық бағыт ретінде әрекет етеді [2].

Кейбір зерттеулерге сүйенсек, бірқатар білім беру ұйымдарындағы бірінші курс студенттерінің базалық информатика бойынша орташа үлгерімсіздігі 40–50 %-ға жетеді, ал оқудан шығу деңгейі 20 %-ға дейін жетеді, бұл белгіленген институционалдық нормалардан асып түседі. Мұндай нәтижелердің негізгі себептерінің қатарында студенттердің нейропсихологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ логикалық-математикалық және дерексіз ойлау контекстіндегі пән мазмұнының күрделілігін ескермейтін дәстүрлі оқыту әдістерінің қолданылуымен байланыстыруға болады. Бұл жерде нейробиологиялық процестер, атап айтқанда неокортекст пен лимбиялық жүйенің өзара әрекеттесуі оқыту тиімділігін анықтайтын шешуші фактор ретінде маңызды.

Осы нейропсихологиялық механизмдердің күрделілігіне қарамастан, олар сыртқы педагогикалық жағдайлар мен оқушылардың ішкі нейрондық реакциялары арасында нақты байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл информатика педагогтеріне дидактикалық негізделген және нейробиологиялық қолдау көрсететін білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді, әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін маңызды.

Осылайша, зерттеудің басты мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында болашақ информатика педагогтерін даярлауға арналған нейродидактикалық модельді ғылыми тұрғыдан негіздеу және оның тиімділігін эмпирикалық тұрғыда тексеру болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – инклюзивті білім беру ортасы үшін болашақ информатика педагогтерін даярлауда нейродидактикалық тәсілді бейімдеп, оның тиімділігін эмпирикалық тұрғыда дәлелдейтін модель ұсынумен айқындалады. Алғаш рет нейропедагогикалық және когнитивтік

қағидалар информатика пәні контекстінде жүйеленіп, педагогикалық даярлық процесінің төрт компоненттік (мақсаттық-коммуникативтік, когнитивтік-эмоциялық, процессуалдық-компетенттік, бағалау-рефлексиялық) құрылымына интеграцияланды. Бұл модель инклюзивті білім беру жағдайында когнитивтік және эмоциялық айырмашылықтарды ескеретін педагогикалық стратегияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттері төмендегідей айқындалды:

Нейродидактикалық және нейропедагогикалық қағидаларды талдап, оларды информатиканы оқыту процесіне бейімдеу;

1 Инклюзивті білім беру ортасындағы когнитивтік және эмоциялық факторларды ескере отырып, болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған нейродидактикалық модельдің құрылымын әзірлеу;

2 Әзірленген модельдің тиімділігін сауалнама, сараптамалық бағалау және Кронбах альфа коэффициенті (өлшеу құралының ішкі біртектілігін көрсететін статистикалық көрсеткіш) арқылы эмпирикалық тексеру;

3 Эксперимент нәтижелерін талдау негізінде информатика пәні бойынша оқыту әдістемесіне нейродидактикалық элементтерді енгізудің ғылыми және практикалық ұсыныстарын ұсыну.

4 Бұл зерттеу нәтижесінде алғаш рет инклюзивті білім беру жағдайында болашақ информатика педагогтерін даярлауда нейродидактикалық тәсілдің тиімділігі эмпирикалық тұрғыда тексерілді. Нәтижелер болашақ педагогтердің когнитивтік белсенділігі мен оқу мотивациясының артуын, сондай-ақ эмоциялық тұрақтылық пен ақпаратты өңдеу жылдамдығының жақсарғанын көрсетті ($p < 0.05$). Бұл ғылыми тұрғыдан инклюзивті оқыту үдерісінде нейродидактикалық құралдардың оң әсерін дәлелдейді.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру ортасы жоғары оқу орындарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББК) студенттердің қатысуымен күрделене түсуде. Мұндай студенттер үшін оқыту процесінде ақпаратты қабылдау, есте сақтау және назарды шоғырландыру ерекшеліктері айқын байқалады. Сонымен қатар, оқытушылардың көпшілігі оқыту әдістемесінде когнитивтік және эмоциялық айырмашылықтарды ескеруге дайын емес.

Қазіргі педагогикада нейропедагог ұғымы қалыптасып келеді – бұл оқыту мен тәрбиелеуде нейроғылымның заңдылықтарын қолданатын маман. Нейропедагог оқу процесін оқушылардың когнитивтік және эмоциялық ерекшеліктеріне бейімдейді.

Инклюзивті білім беру жүйесінде ең өзекті мәселелердің бірі – оқу материалын барлық студенттерге тең дәрежеде ұсыну және олардың танымдық мүмкіндіктерін ескеріп, бейімделген дидактикалық құралдарды пайдалану қажеттілігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда,

нейродидактика инклюзивті ортаның психофизиологиялық және когнитивтік мәселелерін шешудің тиімді тетігі ретінде қарастырылады.

Соңғы зерттеулер нейродидактика қағидаларын инклюзивті оқу орталарын жобалауда жүйелі қолданудың өсіп жатқанын көрсетеді. 2024 ж. ракурстық талдауларда нейродидактика қағидалары мұғалімдерді даярлауда ТРАСК-пен ықпалдастырылып, арнайы білім беру контекстінде қолжетімді дизайнға (UDL) сүйенген аралас модельдер ұсынылады [3-4]. Жоғары білімде «миға негізделген оқыту» (BBL) тәсілдері оқу жетістіктері мен жоғары деңгейлі дағдыларды арттыратыны эмпирикалық түрде көрсетілді. Инклюзивті жоғары білім мен нейроэртүрлілік туралы 2025 жылдың салалық деректер білім алушылардың қолдауға сұранысының өсіп, бейімделген педагогикалық шешімдердің өзектілігін айғақтайды [5-6]. Сонымен қатар, UDL бойынша 2024 жылы жинақталған дәлелдер (мета-талдаулар мен ұлттық саясат құжаттары) нейрокогнитивтік айырмашылықтарды ескеретін орта бейімдеулерін оқыту сапасын жақсартудың сенімді тетігі ретінде ұсынады.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік деңгейде стратегиялық бағыт ретінде бекітілген. Бұл саладағы негізгі құқықтық негіздерді «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы, «Кедергісіз келешек» ұлттық жобасы (2023), сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамасы құрайды. Аталған құжаттар ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету, оқу процесін бейімдеу және педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдірудің нормативтік негізін айқындайды. Осы нормативтік база зерттеудің ғылыми өзектілігін және ұсынылып отырған нейродидактикалық модельдің практикалық маңыздылығын нақтылайды.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де инклюзивті білім беру, педагогтердің кәсіби даярлығы және цифрлық білім беру ортасын бейімдеу мәселелері қарастырылған. Бұл зерттеулер инклюзивті ортада оқытудың педагогикалық және психологиялық аспектілерін жетілдіру қажеттігін көрсетеді және ұсынылып отырған нейродидактикалық модельдің ұлттық білім беру жүйесі үшін өзектілігін айқындайды.

Бұл зерттеуде мидың икемділігін сипаттайтын нейропластикалық процестер ұғымы да пайдаланылды. Ол оқыту тәжірибесі нәтижесінде нейрондық байланыстардың күшеюін білдіреді және оқыту мен дағдыны меңгерудің биологиялық негізін құрайды.

Материалдар мен әдістер

Осы зерттеу мақсатына сәйкес нейродидактикалық тәсілдің тиімділігін анықтау үшін сауалнама, эксперттік бағалау және Кронбах альфа сенімділік коэффициенті қолданылды. Эмпирикалық бөлімде модельдің құрылымдық компоненттері нақты көрсетілген және олардың инклюзивті ортадағы практикалық маңыздылығы талданды.

1 Диагностикалық кезең – болашақ педагогтердің инклюзивті ортадағы кәсіби және когнитивтік дайындық деңгейін анықтау (сауалнама, бақылау, сұхбат).

2 Жобалау кезеңі – нейродидактикалық модельдің құрылымдық компоненттерін (мақсаттық, когнитивтік, процессуалдық, бағалау) әзірлеу және бейімдеу.

3 Эксперименттік кезең – модельдің тиімділігін тексеру (екі топ: бақылау және эксперименттік).

4 Қорытынды кезең – статистикалық өңдеу (SPSS 22), салыстырмалы талдау, Кронбах альфа сенімділігін есептеу және сапалық интерпретация.

Бұл зерттеуге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Информатика кафедрасының «6B01511- Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1 және 2 курс студенттері қатысты. Зерттеуге «6B01511- Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 102 студент, әр курстан 51 адам қатысты. Барлық қатысушылар цифрлық білім беру ортасы жағдайында болашақ педагогтердің кәсіби және когнитивтік құзыреттерін дамытуға бағытталған оқытуда нейродидактикалық тәсілді енгізу процесіне тартылды.

Информатика пәні бойынша сабақтарда нейродидактикалық тәсіл келесі элементтер арқылы іске асырылды:

– код жазу кезінде когнитивтік үзілістер қолданылды (5–7 минут сайын визуалды-қозғалыс релаксациясы);

– нейровизуализация тәсілдері – кодтың жұмыс логикасын мидың ассоциативті ойлауымен байланыстыру үшін графикалық ағаштар мен блок-схемалар қолданылды;

– эмоциялық қолдау әдістері ретінде топтық кері байланыс пен қысқа “эмоциялық рефлексия” карталары пайдаланылды;

– жартышарлық мамандану принципін сәйкес тапсырмалар логикалық және көрнекі-кеңістіктік түрде ауыстырылып берілді. Бұл информатикадағы алгоритмдеу мен деректерді өңдеу мазмұнын нейродидактикалық деңгейде бейімдеудің тәжірибелік үлгісі болып табылады.

Студенттерді іріктеу үшін бірінші және екінші курс студенттерінің гендерлік құрамы мен академиялық деңгейін есепке алуға мүмкіндік беретін деңгейленген кездейсоқ іріктеме қолданылды. Осылайша, оқытудың бастапқы кезеңдерінде «Б01511- Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің әрбір тобынан теңдестірілген іріктеме қалыптастырылды. Үлгі мөлшері Сьерра ұсынған соңғы популяция формуласы бойынша есептелді: [7].

$$n = \frac{4 \cdot N \cdot p \cdot q}{E^2 \cdot (N-1) + 4 \cdot p \cdot q} \quad (1)$$

Бұл формуладан:

n = есептелетін үлгі өлшемі

4 = тұрақты p және $q = 50\%$ мәні бар сәттілік немесе сәтсіздік ықтималдығы, осылайша p және $q = 50$

N = популяция мөлшері.

E^2 = зерттеуші таңдаған қате = 8%

Мәндерді орнына қою арқылы, келесі нәтижелерді аламыз:

$$n = \frac{4 \times 102 \times 50 \times 50}{(8)^2 \times (102 - 1) + 4(50) \cdot (50)} = \frac{1020000}{6528 + 10.000} = \frac{1020000}{16528} = 62 \quad (2)$$

$n = 62$ студент (Жалпы үлгі), бұл Сьерра критерийлері бойынша бұл мағыналы және репрезентативті үлгі.

Іріктеме алу үшін ықтималдық типті деңгейленген кездейсоқ іріктеу қолданылды, популяция бір-бірін жоққа шығаратын және жиынтықта жан-жақты топтарға бөлінді, содан кейін әр деңгейдің ішінде қарапайым кездейсоқ іріктеу бөлек таңдалды. Осыған байланысты студенттердің жалпы санынан пропорционалды деңгейге бөлінген үлгі алынды, ол үшін белгілі зерттеуші Чавес [8] қолданған Шиффер формуласы қолданылды;

$$n_h = \frac{N_h}{N} \cdot n \quad (3)$$

бұл формулада:

* N_h – деңгейленген кіші топтағы іріктеу көлемі;

* n_h – осы қабаттағы бас жиынтықтың көлемі;

* N – бас жиынтықтың жалпы көлемі;

* n – үлгінің жалпы көлемі.

Төменде әр қабат үшін үлгі өлшемінің есептелген мәндері берілген:

$$N_1 = \frac{51}{102} \times 62 = 0.5 \times 62 = 31 = 31$$

$$N_2 = \frac{51}{102} \times 62 = 0.5 \times 62 = 31 = 31 \quad (4)$$

1-кесте – Іріктемені деңгейленген топтар бойынша бөлу

Деңгейленген топ	Студенттердің жалпы саны (Nh)	Деңгейленген үлгі
«Б01511- Информатика» білім беру бағдарламасының 1 курс студенттері	61	31
«Б01511- Информатика» білім беру бағдарламасының 2 курс студенттері	61	31
Барлығы	102	62

1-кестеде көрсетілгендей, зерттеуге қатысушылар 1 және 2 курс бойынша тең пропорцияда бөлінді, бұл іріктеменің құрылымдық теңгерімділігін қамтамасыз етті. Мұндай деңгейленген іріктеу нәтижелердің сенімділігін арттырып, әр курс студенттерінің пікірлерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, болашақ информатика педагогтерін даярлаудың «Б01511- Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 102 студент ЕҰУ университетінің АТФ (№ 2) оқу корпусындағы АКТ оқу зертханаларында (410 және 414 аудиториялар) өткен зерттеуге қатысуға шақырылды.

Деректерді жинауды бастамас бұрын барлық қатысушылар қатысудың еріктілігін, сондай-ақ зерттеушінің құпиялылық, ғылыми адалдық және жауапкершілік шарттары туралы хабардар болуын растайтын ақпараттандырылған келісім нысанына қол қойды.

Зерттеуде Клаузердің анықтамасына сәйкес келетін сауалнама қолданылды [9]. Оған сәйкес сауалнама респонденттерден ақпарат алуға бағытталған бірқатар сұрақтардан тұратын зерттеу құралы болып табылады. Сауалнаманың мақсаты студенттер мен оқытушылардың ұсынылған дидактикалық стратегиялардың тиімділігі туралы пікірлерін анықтау және информатика педагогтерін даярлаудың білім беру ортасындағы проблемалар мен қажеттіліктерді диагностикалау болды.

Сауалнама мазмұны студенттердің нейродидактикалық тәсілдің тиімділігі мен инклюзивті білім беру ортасындағы өз рөлін қалай қабылдайтынын анықтауға бағытталды. Төменде қолданылған сауалнама сұрақтарының кейбір мысалдары келтірілген:

1 Сабақ барысында оқытушының нейровизуализация мен когнитивтік үзілістерді қолдануы оқу материалын түсінуге көмектесе ме?

2 Эмоциялық жағдайыңыздың оқыту процесіндегі тиімділікке әсері сезіле ме?

3 Оқыту әдістері сіздің жеке қабылдау ерекшеліктеріңізге бейімделген бе?

4 Инклюзивті ортада оқытудың сапасын арттыру үшін нейродидактикалық әдістер қажет деп санайсыз ба?

Осы сұрақтар бойынша әдеттегі және инклюзивті топтардың жауаптары салыстырылды (2-кесте).

2-кесте – Сауалнама нәтижелерін салыстыру

Орталар	Нейродидактикалық тәсіл тиімді деп санайды (%)	Эмоциялық қолдау сезінеді (%)	Материал түсінікті (%)	Жалпы мотивация деңгейі (%)
Әдеттегі топ	62,5	58,3	66,7	61,1
Инклюзивті топ	84,2	79,6	88,4	82,5

2-Кестеден көрініп тұрғандай, инклюзивті ортадағы студенттер нейродидактикалық тәсілдің оқу мотивациясын арттыруға және материалды қабылдауды жеңілдетуге көбірек ықпал ететінін атап өтті.

Сауалнама респонденттердің нейродидактикалық әдістерге қатынасын және олардың орындылығын көрсететін логикалық реттелген тапсырмалар сериясын қамтыды. Деректерді сандық өңдеу үшін 45 мәлімдемені қамтитын жабық таңдау Лайкерт шкаласы қолданылды. Жауаптар санаттары келесідей болды: «толық келісемін» (5), «келісемін» (4), «шешілмеген» (3), «келіспеймін» (2), «толық келіспеймін» (1). Алынған мәліметтер информатика саласындағы болашақ педагогтерді даярлау жүйесіне нейродидактиканы енгізуге әсер ететін факторларды анықтау мақсатында талданды.

Бұл жауап нұсқалары жоғарыда аталған биполярлық шкала бойынша сандық түрде бағаланды, мұнда максималды мән 5 балл, ал минимум 1 балл болды. Сауалнаманың барлық тармақтары айнымалылар кестесінде берілген айнымалылармен, соның ішінде: құрылым, процедуралар, әдістер, стратегиялар, өзара әрекеттесу, мазмұн, ресурстар, үштік ми моделі, мидың тұтас қолданылуы, жарты шардың мамандануы және бірнеше интеллект теориясы сияқты категориялармен сәйкес келді. Бұл айнымалылар дәстүрлі дидактиканың элементтерін де, болашақ информатика педагогтерін даярлауда қолданылатын нейродидактикалық тәсілдің компоненттерін де көрсетті.

Сонымен қатар, оқу мотивациясы мен когнитивтік белсенділікті арттыру үшін Малемегра әдісі (Malemegra method) қолданылды – бұл нейродидактикада пайдаланылатын когнитивтік модельдеу мен визуализация

тәсілі, ол ойлау, есте сақтау және қабылдау процестерін белсендіру үшін нейрографикалық элементтерді қамтиды.

Сарапшылар зерттеуші ұсынған алдын-ала жасалған бағалау құралын талдап, оның мазмұнды және сындарлы жарамдылығын растады. Әрі қарай, құралдың сенімділігі шкаланың ішкі консистенциясын өлшейтін альфа Кронбах коэффициентімен [10] тексерілді. Коэффициент мәндері 0-ден 1-ге дейін өзгереді, мұнда 0,7-ден жоғары мәндер сенімділіктің жоғары дәрежесін көрсетеді. Осы зерттеу шеңберінде альфа коэффициенті «дидактикалық әдіснама» айнымалысы бойынша 0,873 және «нейродидактикалық әдіснама» айнымалысы бойынша 0,880 құрады, бұл өлшеу құралының жоғары сенімділігін көрсетеді [11].

Бұл нейродидактиканы қолдана отырып, болашақ информатика педагогтерін даярлаудың тиімділігін бағалау үшін қолданылатын әдістеменің ішкі үйлесімділігі жоғары екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді [12]. Нәтижелер алынғаннан кейін деректер SPSS 22 нұсқасының статистикалық бағдарламалық жасақтамасының электрондық кестелеріне енгізілді, бұл тиісті формулаларды қолдана отырып, одан әрі статистикалық талдауға мүмкіндік берді [13].

3-кесте – Кронбахтың Альфа коэффициентін түсіндіру шкаласы (α)

Мән ауқымы α	Сенімділік шамасын түсіндіру
0,81-ден 1,00-ге дейін	өте жоғары
0,61-ден 0,80-ге дейін	жоғары
0,41-ден 0,60-қа дейін	орташа
0,21-ден 0,40-қа дейін	төмен
0,01-ден 0,20-ға дейін	өте төмен

3-кестеде берілген интерпретациялық шкала Кронбах альфа коэффициентінің мәндерін сапалық тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл шкала қолданылған өлшеу құралдарының сенімділік деңгейін бағалауда стандартты әдістемелік негіз ретінде пайдаланылды.

Жобалық зерттеу сипаттау кезеңінен басталды, оның аясында келесі негізгі элементтер қолданылды:

- болашақ педагогтердің қажеттіліктерін анықтау,
- өзгерістерді қажет ететін педагогикалық дайындық аспектілерін анықтау,
- инклюзивті білімге деген сұраныс пен үміттерді талдау.

Сондай-ақ білім беру ортасының шарттары, әлеуетті мүмкіндіктер, балама педагогикалық стратегиялар және нейродидактикалық ұсыныстың

өзін талдау ескерілді. Зерттеудің түсіндірме сипатына басты назар аударылды, бұл болашақ педагогтердің қазіргі дайындық жағдайына әсер еткен себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға мүмкіндік берді және осы негізде ұсынылған өзгерістердің салдарын болжауға мүмкіндік берді.

Эмоциялық жағдайды бақылау үшін эмоционалды шұңқыр (emotional funnel) моделі қолданылды. Бұл модель студенттердің назар мен мотивация деңгейінің уақыт өте өзгеруін көрсетеді және эмоциялық қажуды болжауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу бағыты мен саналы фокусты ескере отырып, біз бұл зерттеудің түпкі мақсаты болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыруға нейродидактикалық тәсілді әзірлеу болды. Осылайша, зерттеу сипаттамалық-түсіндірмелік және жобалық сипатта болды және эксперименттік емес көлденең қима әдісі аясында жүзеге асырылды.

Ақпаратты әрі қарай өңдеу үшін матрицалық кестелер арқылы зерттеу элементтерін, көрсеткіштерін және айнымалыларын жіктеуге және түсіндіруге мүмкіндік беретін орташа арифметикалық, режим және медиана қолданылды. Бұл инклюзивті білім беру ортасы жағдайында педагогикалық мамандық студенттерінің жұмысқа дайындығын қалыптастыруға нейродидактикалық тәсілдің әсерін тереңірек талдауды қамтамасыз етті.

Талдау тиісті өлшемдер мен көрсеткіштермен жұмыс жасай отырып, зерттелетін айнымалылардың сипаттамаларын бағалауға мүмкіндік беретін интервалдық шкалаға сүйене отырып жүргізілді.

4-кесте – Айнымалыларды талдау шкаласы: Нейродидактикалық әдістеме

Мәндер аралығы	Талдау санаты
4.21 < 5.00	өте жоғары деңгей
3.41 < 4.20	жоғары деңгей
2.61 < 3.40	орта деңгей
1.81 < 2.60	төмен деңгей
1.00 < 1.80	өте төмен деңгей

Алынған нәтижелер интерпретациялық талдау және зерттеудің теориялық базасымен салыстыру негізінде жүзеге асырылған мазмұнды талқылауға негіз болды. Бұл кәсіби дайындық процесінде нейродидактикалық тәсілді қолданудың тиімділік дәрежесін де анықтауға, сондай-ақ болашақ

педагогтер үшін білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіру бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

5-кесте – Өлшем: инклюзивті білім беру ортасы үшін болашақ информатика педагогтерін даярлауға нейродидактикалық тәсіл

Индикатор	толығымен келіседі (SA)	келіседі (A)	сенімді емес (U)	келіспейді (D)	орташа
Құрылымы	0,00 %	25,30 %	74,07 %	0,61 %	3,24
Рәсімдер	0,00 %	26,54 %	73,45 %	0,00 %	3,26
Әдістері	0,00 %	24,07 %	75,92 %	0,00 %	3,24
Қабылдау	0,00 %	27,77 %	72,22 %	0,00 %	3,28
Стратегиялар	0,00 %	32,71 %	66,66 %	0,61 %	3,32
Өзара әрекеттесу	0,00 %	14,81 %	77,77 %	7,40 %	3,07
Мазмұны	82,71 %	15,43 %	1,85 %	0,00 %	4,13
Ресурстар	0,00 %	26,54 %	73,45 %	0,00 %	3,26
